

# «Үш негіз және оның дәлелдері» жолдауының түсіндірмесі

شرح الأصول الثلاثة

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخى>



Дайындаған:  
[www.al-hanifiya.kz](http://www.al-hanifiya.kz)  
сайтының редакциясы

[www.al-hanifiya.kz](http://www.al-hanifiya.kz) إعداد: إدارة الموقع



مراجعة: الفريق الكازاخى بموقع دار الإسلام

# «Үш негіз және оның дәлелдері» жолдауының түсіндірмесі

Дайындаған:

[www.al-hanifiya.kz](http://www.al-hanifiya.kz)

сайтының редакциясы

# Үш негіз және оның дәлелдері [1]

**Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен! [2]**

**Біл [3], саған Аллаһтың мейірімі жаусын [4], бізге төрт мәселені үйрену парыз [5]!**

**Біріншісі: Білім [6] – ол Аллаһты [7], Оның пайғамбарын [8] және Ислам дінін [9] дәлелдермен тану [10].**

**Екіншісі: Оған амал ету [11].**

**Үшіншісі: Оған шақыру [12](да`уат ету).**

**Төртіншісі: Осы (жолдағы) қиыншылықтарға сабыр ету [13].**

[1] Бұл – әрбір мұсылманға маңызды болып табылатын жолдау. Ғалымдар оған шарх (түсіндірме) жазуға қатты көңіл бөлген. Себебі онда қабірдің үш сауалына, яғни екі періштенің құлдан Раббысы, діні және пайғамбары туралы сұрақтарына жауап бар. Сондықтан кітап **«Үш негіз және оның дәлелдері»** деп аталады.

[2] Бұл жолдау **«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!»** деген сөздермен басталады, осылайша автор Аллаһтың Кітабы мен Аллаһтың елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлгі алып отыр. Құран беттерін ашқан кезде, адамның көзі ең бірінші **«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!»** сөздеріне түседі. Сол сияқты, пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрбір сөзі мен ісін және елбасшылары мен патшаларға Ислам дініне шақыру мақсатымен жіберген хаттарын осы берекелі сөздермен бастаған. Осыдан түсінетініміз, бұл – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннеті. Одан бұрын Сүлеймен пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сәбә елінің патшасы Билқисқа жіберген хатын **«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!»** сөздерімен бастаған. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді: **«Ол (яғни Билқис) былай деді: “Әй, бастықтар! Расында, маған ардақты бір хат тасталды. Ол Сүлейменнен жетті, әрі аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен басталады. Онда: «Маған ұлықтық қылмай, мұсылман күйде келіңдер!» - делінген”»** (Нәміл сүресі, 29-31-аяттар). Көптеген адамдар осы керемет Сүннетті тастап қойды. Мүмкін осының себебімен олардың кітаптары мен жолдауларында береке мен пайда жоқ шығар.

**«Бисмил-Ләһир-Рохмәнир-Рохим!»** сөздерінің мағынасы:

**«БисмилЛәһи»** - Аллаһтың атымен;

**«әр-Рохмән»** - Кең мейіріммен сипатталған (“қандай?” сұрағына жауап береді);

**«әр-Рохим»** - Мейірімін басқаларға Жеткізуші (“не істейді?” деген сұраққа жауап береді).

Бұл сөйлемде бір етістік жасырылған. Алайда, ол жағдайға, орынға сай өзгере береді. Яғни, егер адам кітап оқуға кірісейін деп жатса, онда ол: **«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен оқимын!»** - дейді. Ал егер ол хат жазса, онда: **«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен жазамын!»** - деп айтады. Сондай-ақ, бұл етістік араб тілінің

ережелеріне сай сөйлемнің басында тұру керек, бірақ бұл жерде біз оны соңына қойып, жасырдық. Осыдан екі пайдаға қол жеткізе аламыз:

- 1) Аллаһтың Есімімен бастап, береке тілеу;
- 2) Шектеу тәсілін қолдану. Өйткені, ереже бойынша алдында тұру керек болған нәрсе, соңына қойылса, онда бұл сөздердің мағынасын шектейді.

Сонымен, «**Бисмил-Ләһир-Рохмәнир-Рохим!**» сөздерінің жалпы мағынасы былай болады: «**Кең Мейіріммен сипатталған, Рахымын басқаларға Жеткізуші Аллаһтың атымен ғана (оқимын, жазамын...)**».

**[3] «Біл!»** – бұл тақырыптың маңыздылығына нұсқайтын сөз. Сондықтан, егер адам сөзін бастар алдында: «**Біл!**» - деп айтса, онда одан кейінгі әңгіме өте маңызды болып табылады. Білім дегеніміз – бұл бір нәрсені ақиқатына сай жетік меңгеру.

Жалпы айтқанда, меңгерудің бірнеше дәрежесі бар:

- **Әл-`илм (білім)** – бір нәрсені ақиқатына сай жетік меңгеру;
- **Әл-жәһл әл-басыит (қарапайым надандық)** – бір нәрсе жайлы мүлдем ештеңе білмеу;
- **Әл-жәһл әл-мураккәб (күрделі надандық)** – бір нәрсе жайлы, оның ақиқатына теріс күйінде меңгеру. (Бұл жағдайды «білмейді, әрі білмейтінін де білмейді» деп те сипаттауға болады);
- **Әл-уәһм (пайымдау)** – бір нәрсені ақиқатынан алыс (қатесіне жақын) күйде меңгеру;
- **Әш-шәкк (күмән)** – бір нәрсені ақиқатына жақын да емес, алыс та емес – орташа меңгеру (50/50%);
- **Әз-зонн (күдік)** – бір нәрсені ақиқатына жақын (қатесінен алыс) күйде меңгеру.

Білім екі түрлі болады:

- 1) *Дорурий* – бұл дәлелдеуді, іздену мен зерттеуді талап етпейтін білім. Мысалы: От күйдіреді.
- 2) *Назорий* – бұл дәлелдеуді, зерттеуді, ой жүгіртуді қажет ететін білімнің түрі. Мысалы: Дәретке ниет ету парыз.

**[4] «Саған Аллаһтың мейірімі жаусын»** – бұл білім ізденушіге айтылған дұға. Автор білім ізденушілерге осы сөздер арқылы Аллаһтан мейірім тіледі. Әрбір ұстаз осылай өз шәкірттеріне жұмсақ әрі мейірімді болу қажет. Егер ол жылы сөздер айтып, ізгі дұғалар тілеп білім үйрететін болса, онда бұл оқушыға міндетті түрде әсер етеді де, ұстаздан ілім қабылдауға үлкен септігін тигізеді.

Ал егер мұғалім қатал әрі орынсыз сөздер айтатын болса, онда бұл адамдарды жалтартады. Сондықтан, әрбір мұғалім, Аллаһқа шақырушы әрбір адам және жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтаратын әрбір мұсылман жұмсақ болу керек, жүрек жылытар сөздер айтып, дұға ету керек.

**«Саған Аллаһтың мейірімі жаусын» (Рахимәкәл-Ләһ!)** сөздерінің мағынасы: Аллаһ сенің бұрын жасаған күнәларыңды жарылқасын, әрі келешекте қате жіберуден сақтасын!

**[5] Парыз (немесе уәжиб)** – бұл Аллаһ және Оның елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) әмір еткен нәрсесі. Оны істеген үшін адамға сауап, ал істемеген үшін күнә жазылады.

Парыздың (немесе уәжибтің) екі түрі бар:

1) **Фард (үәжиб) әл-`айн** – бұл әрбір мұсылманға міндетті болған нәрсе. Мысалы: бес уақыт намаз, Рамазан айында ораза тұту.

2) **Фард (үәжиб) әл-кифая** – бұл мұсылмандардың бір тобына міндетті болған нәрсе: егер оны бір топ адамдар орындаса, басқалардың мойнынан ол түседі, ал егер оны ешкім орындамайтын болса, онда барлығы да күнә алады. Мысалы: сәлемге жауап беру, жаназа намазына қатысу.

Автор айтқан **«төрт мәселені үйрену»** – фард әл-`айн, яғни әрбір мұсылман адамға парыз, міндетті болып табылады. Сол үшін, ол: «кейбірімізге» демей, «бізге» деді, яғни барлығымызға бұл төрт нәрсені үйрену парыз.

**[6] «Білім»** деген сөзбен бұл жерде шарияи білім меңзеліп тұр, өйткені діни білімді ғана үйрену парыз болып табылады. Бұл мәселелерді әрбір мұсылман үйреніп, зерттеу керек: ер кісі де, әйел де; бостандықтағы адам да, құлдықтағы адам да; кедей де, бай да; патша да, қайыршы да. Кез-келген мұсылман адамға осы төрт мәселені үйрену міндетті болып есептеледі.

Ал енді өндірістік, кәсіптік, инженерлік, медицина секілді дүниауи білімдер туралы айтар болсақ, ол мубах (рұқсат етілген) істердің қатарына жатады. Сондықтан, кім оны үйренбесе, ешқандай күнә алмайды. Бірақ егер белгілі бір ғылымды, мәселен медицинаны үйрену Ислам үмметіне қатты қажет болса, онда шамасы келген адамға оны зерттеу парыз болып табылады. Алайда Құран мен Сүннетте мақталған білім – ол шарияи білім. Сол сияқты аяттар мен хадистерде артықшылығы хабарланған ғалымдар да – шарияи білімнің иелері. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары»**, - деп айтты (әл-Бухари 67, Әбу Дәуд 3641, Ибн Мәджәһ 223, әт-Тирмизи 2682). Пайғамбарлар мен елшілерден мұра ретінде қалған білім дүние білімдері емес еді, олардың үйреткені – шарияи білім!

**[7] «Аллаһты... тану»**. Құл өз Раббысын қалай тани алады? Ол Аллаһты шарияи және табиғи нұсқаулар (аят) арқылы тани алады. Егер адам Құран оқитын болса, ол Аллаһ Тағаланы таниды: Оның аспандар мен жерді жаратқанын, тірілтетінін және өлтіретінін, Оның барлық нәрсеге Күші жететінін, Оның аса Қамқор, ерекше Мейірімді екенін біледі. Құран арқылы сен Жаратушыңды әрі Ризықтандырушыңды, сені түрлі нығметтермен жабдықтаған Раббыңды есімдерімен, сипаттарымен және істерімен танысың. Сол сияқты табиғи нұсқауларға қарап, құл осы дүниені жаратқан, даналығы мен біліміне сай реттеген, Раббысын тани алады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Жер бетінде анық сенгендер үшін аяттар (нұсқаулар) бар. Әрі өздеріңде де (нұсқаулар табылады). Неге көрмейсіңдер?»** (Зәрият сүресі, 20-21-аяттар).

**[8] «Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)... тану»**. Ол – Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Не үшін оны тануымыз керек? Өйткені ол – Аллаһ Тағаладан хабар жеткізетін кісі. Ол – Аллаһ пен біздің арамыздағы елшілікті жеткізудегі дәнекер болып табылады.

Сен оның кім екенін білесің бе? Оның шыққан тегін, туған жерін, немен келгенін, оған уахи қалай түсе бастағанын білесің бе? Мекке мен Мәдина қалаларында қалай шақыру (да`уа) жүргізгенін, оның сирасын (өмір жолын) қысқаша болса да білесің бе? Елші болмай тұрып ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалай өмір сүрген, содан кейін пайғамбар



және елші міндеті жүктелген соң не амал жасағанын білесің бе? Бұның барлығын зерттеу, үйрену – парыз. Оны пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сирасы, яғни өмір жолын тану арқылы жүзеге асыруға болады. Мұсылман адам өз пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы ештеңе білмеуі – ұят нәрсе. Өзіңе белгісіз тұлғаның артынан қалайша ересің?! Бұл ақылға сыймайды!

Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) танып қана қоймай, оның артынан еру керек, оның шығарған үкіміне разы болып бойұсыну қажет. Аллаһ Тағала былай деді: **«Раббыңмен ант! Олар сені араларыңда туған келіспеушіліктерде би (үкім шығарушы) қылып алмайынша, сосын жүректерінде шығарған шешіміңнен ақау таппайынша және толық бойұсынбайынша иман келтірмейді»** (Ниса сүресі, 65-аят). Тағы да Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, мүміндерді Аллаһқа және елшісіне араларыңда үкім шығыру үшін шақырғанда, олардың сөздері тек: “Естідік те, бойұсындық!” - еді. Міне солар құтылады!»** (Нұр сүресі, 51-аят). Тағы да Аллаһ: **«Егер Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірсеңдер, тартысқан кез-келген нәрсені Аллаһ пен елшісіне қайтарыңдар. Бұл жақсырақ, әрі соңы да хайырлы!»** - деп айтты (Ниса сүресі, 59-аят). Аллаһ Тағала былай деді: **«Оның әміріне қарсы келгендер, бастарына түсетін фитнадан (бүліктен) немесе ұлы азаптан сақ болсын»** (Нұр сүресі, 63-аят). Имам Ахмад: *«Сен фитнаның (бүліктің) не екенің білесің бе? Фитна – ол ширк. Адам пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір сөздерін кері қайтарып қабылдамауы мүмкін, сол үшін оның жүрегіне ауытқу кіреді де, ол опатқа ұшырайды»*, - деген.

**[9] «Ислам дінін... тану»**, яғни пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), ал одан бұрын Аллаһ Тағаланың Өз құлдарына ұстану керек деп бұйырған дінін тану.

Ислам екі түрлі болады:

1) **Жалпы Ислам (әл-исләм әл-`ам)** – бұл Аллаһқа таухид (жалғыздау) арқылы бойұсыну, әмірлерін орындау арқылы бағыну және ширк (серік қосу) мен мушриктерден (серік қосушылардан) аулақ болу. Бұл барлық елшілердің ұстанған діні. Өз заманында елшіге ерген әрбір адам мұсылман болып табылады.

2) **Жеке Ислам (әл-исләм әл-хос)** – бұл Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген дін. Ол алдындағы бүкіл діндердің күшін жойды. Сондықтан, өз заманында Мұса пайғамбарға ілескен адам, немесе Иса пайғамбардың артынан ерген адам мұсылман болып табылса, қазір – Мұхаммед пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілуінен кейін – тек қана оған ерген адам мұсылман болып саналады. Аллаһ Тағала: **«Оларға: “Егер Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көреді”, - деп айт», - деді** (Әли `Имран сүресі, 31-аят). Ислам – бұл Аллаһ қабылдайтын және өз иесіне пайда әкелетін жалғыз ғана дін. Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Аллаһтың қасындағы дін – Ислам!»** (Әли `Имран сүресі, 19-аят). Тағы да Аллаһ: **«Ал кім Исламнан басқа бір дін іздесе, одан ешқашан ол қабыл болмайды, әрі Ахырет Күні зиянға ұшыраушылардың қатарынан болады»**, - деп айтты (Әли `Имран сүресі, 85-аят).

Осы Ислам – Аллаһ Тағаланың біздің үмметке берген ұлы нығметі. Ол былай деді: **«Бүгін сендерге діндеріңді толық қылдым, нығметімді тәмәмдадым, әрі сендерге Ислам дінімен разы болдым»** (Мәида сүресі, 3-аят).

[10] «**Дәлелдермен тану**», яғни соқыр ілеспей, алайда Құран мен Сүннетте келген дәлелдер арқылы тану. Міне осы нағыз білім болып саналады.

Бір ғалым мынадай өлең жолдарын жазған:

*Бүгінде шешендер көп жанарларда  
Ел біткен сұлу сөзді санар арға.  
Сұлу сөз бірақ әркез дұрыс емес  
Екенінен  
Дүйім жұрт хабардар ма?*

*Сөздің сұлу болғанымен  
Маңызы жоқ  
Болса егер еш дәлелсіз, аңызы көп.  
Пайдасы жоқ білімсіз дін ұстанып,  
Қам – қарекет қылғанның, тамызып от.*

*Мүмкін емес білімсіз іс өнуі,  
Исламға қайтадан күш енуі.  
Білім – ол  
Құран, Хадис, Сахаба мен  
Ғалымдардың бұл дінді түсінуі.*

*Шындық ізде!  
Қуғанды қойып елес,  
Дәлел сұра, себебі дін ойын емес.  
Дінді түсін сахабалар түсінгендей  
Дін деген менің, сенің ойың емес!!!*

Кез-келген адамның пайымдауы Құран мен Сүннетке сай келсе, қабылдап, ал сай келмесе, тастай салу қажет. Имам Мәлик (Аллаһ оны Өз мейіріміне алсын): «Кез-келген адамның сөзі қабылдануы да, қайтарылуы да мүмкін. Тек мына қабірдің иесінен басқа», - деп Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қабірін көрсетті. Дәл осы жолмен мұсылман ғалымдары жүрді – белгілі төрт имам да, басқа да ғалымдардың әрбірі соқыр ерудің қауіптілігінен сақтандырған еді, себебі Аллаһ Тағала Өз Кітабының көптеген жерінде соқыр ілесетіндерді даттайды. Бұрынғы кезде де, қазіргі кезде де кәпір болғандардың көбісі пайғамбарларға ермеген себебі кітапшыларына, монахтары мен ата-бабаларына соқыр ілескендіктен еді ғой.

Әбу Ханифа, Мәлик, әш-Шәфи'и мен Ахмад және т.б. имамдар (Аллаһ оларға разы болсы) үнемі: «Біздің пікірімізге сүйеніп ешбір адамға фәтуә беруге болмайды немесе біздің қайдан алғанымызды білмейінше, біздің сөзімізді алуға рұқсат етілмейді», - деп айтатыны бәрімізге мәлім.

Әрбір имам былай дейтін: «Егер сахих хадис табылса, онда сол менің мазхабым». Сондай-ақ олар әрдайым былай қайталайтын: «Егер саған белгілі бір пікір жетсе, онда сен оны Аллаһтың Кітабы мен Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетімен

салыстыр. Егер пікір оған сәйкес келсе, онда қабылда, ал егер сәйкес келмесе, онда оны қабырғаға ұр!».

Ұлы имамдардың пікірі міне, осындай, Аллаһ Тағала оларды Жәннат бақтарына орналастырсын.

Дәлел деген сөздің мағынасы: талап етілетін нәрсеге бағыттайтын құрал. Дәлелдің екі түрі болады:

1) *Сам`ия* – бұл уахи арқылы бекітілген дәлелдер, яғни Құран мен Сүннет.

2) *`Ақлия* – бұл ойлау және қарастыру арқылы бекітілген дәлелдер.

Аллаһ Тағала Құранда өте жиі дәлелдердің осы түрін келтіреді. Ол Қасиетті Кітабының көптеген аяттарында: «Оның белгілерінен мынау, Оның белгілерінен анау», - деп айтқан. Дәлелдің осы екі түріне мысал келтірер болсақ, онда Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың елшісі екеніне сам`ия делел ретінде, Құрандағы мына аяттарды ұсынсақ болады: «**Мұхаммед – Аллаһтың елшісі!**» (Фатх сүресі, 29-аят), «**Мұхаммед – елші ғана. Одан бұрын да елшілер болған**» (Әли `Имран сүресі, 144-аят). Ал енді оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар екеніне `ақлия делел ретінде ең ұлы - Құран, одан кейін оның көрсеткен мұғжизаларын, кейін расталған, әрі болашақта орын алатын оқиғалар жайындағы хабарларын келтірсек болады.

**[11] «Оған амал ету»**, яғни білімге сай амал жасау. Адамның үйреніп, үйретіп жүргені жеткіліксіз, ол міндетті түрде біліміне амал ету қажет. Артынан амалы жалғаспаған білім, адамға қарсы дәлел болады. Білім – амалсыз пайдалы болып есептелмейді. Үйренген біліміне амал етпеген адамға Аллаһтың ашуы болады, өйткені ол ақиқатты таныды, бірақ оны біле тұра тастап қойды.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Шын мәнінде, Қиямет Күні өз біліміне амал етпеген ғалым Тозаққа ең бірінші отын болады**» (әт-Тирмизи 2382).

Білім амалға байланысты. Амал – білімнің жемісі. Егер ағашта ешқандай жеміс болмаса, оның еш пайдасы жоқ. Білім тек амал ету үшін түсірілген. Аллаһ Тағала: «**Мен жындар мен адамзатты тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым**», - деді (Зәрият сүресі, 56). Демек, амал және құлшылық мақсат болып табылады. Ал оны білімсіз жасауға тыйым салынады. Ол адамды адасу мен ауытқуға апарды. Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Кімде-кім біз бұйырмаған бір іс жасаса, ол өзіне қайтарылады**», - деді, яғни қабыл болмайды (Муслим 18/1718).

Сол үшін біз әр рака`атта Фатиха сүресінің келесі аяттарын оқимыз: «**Бізді тура жолға сала гөр. Нығметке бөленгендердің жолына. Бірақ ашуға ұшарағандардың және адасқандардың жолына емес**» (Фатиха сүресі, 5-7-аят). Осы аяттарда Аллаһ Тағала білімсіз амал еткендерді – адасқандар, ал білімі бола тұра амал етпегендерді – ашуға ұшарағандар деп атады. Осыған көңіл аудар, өйткені бұл өте маңызды!

Білімге амал етпей, оны қалдырудың бір неше жағдайы болады:

1) *Куфр* (дінсіздік), *ширк* (көпқұдайшылық). Мысалы: адам Аллаһ Тағаланың құлшылықта жалғыз екенін біледі, алайда Оған серік қосу арқылы біліміне сай амал етпейді.

2) *Мә`сия* (күнә). Мысалы: адам арақ ішудің, сатудың, құйып берудің, өндірудің харам екенін біледі. Алайда соған қарамастан, амал етпейді, яғни аталған істерді жасайды.



3) **Мәкруһ (ұнамсыз нәрсе)**. Мысалы: егер адам пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазды белгілі кейіпте оқығанын біледі. Бірақ ол біліміне сай амал етуді қалдырады. Сүннеттердің бірін қалдырған адам күнә алмайды, өйткені ол парыз болып есептелмейді.

4) **Мубах (рұқсат етілген нәрсе)**. Мысалы: егер адам пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір киім үлгісі, белгілі бір жүрісі болғанын біледі, бірақ та ол біліміне амал етпейді. Ондай адам күнә алмайды, сондай-ақ сауапқа да ие болмайды. Алайда, адам пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу ниеті үшін сауап алуы мүмкін.

**[12] «Оған шақыру»**, яғни адам үйреніп, сосын өзімен-өзі амал етіп, бірақ ешкімді Аллаһқа шақырмай жүре бергені жеткіліксіз. Ол міндетті түрде басқа кісіні де шақыру қажет, солай ол өзіне де, өзгеге де пайда әкелген болып саналады.

Бұл білім – аманат. Ол сенің сақтап, жинап жүретін, адамдарды одан мақұрым қалдыра алатын мүлкің емес. Адамдар оған мұқтаж. Жеткізу, түсіндіру және адамдарды жақсылыққа шақыру, сенің міндетің болып табылады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Сол кезде, Аллаһ Кітап берілгендерден уәде алды: “Сендер оны әлбетте адамдарға түсіндіресіңдер де, жасырмайсыңдар”»** (Әли `Имран сүресі, 187-аят).

Да`уаны (шақыруды) жүзеге асыру үшін адамның білімі мен анық түсінігі болуы тиіс. Себебі, Аллаһ Тағала былай деді: **«Айт: “Бұл – менің жолым. Мен және артымнан ілескендер Аллаһқа анық білімге сүйеніп шақырамыз. Аллаһ Пәк, ал мен серік қосушылардың бірі емеспін”»** (Юсуф сүресі, 108-аят).

Адам үш нәрсені білу керек:

- 1) Неге шақырып жатқанын, яғни баяндап жатқан амалдың үкімін білу.
- 2) Кімді шақырып жатқанын, яғни да`уа бағытталған адамның түсіну деңгейін білу.
- 3) Қалай шақыру керек екенін білу. Бұл туралы Аллаһ Тағала келесі аятта былай дейді: **«Раббыңның жолына даналықпен және көркем уағыз арқылы шақыр. Әрі олармен ең жақсы түрде тартыс жүргіз»** (Нахл сүресі, 125-аят).

Аллаһқа шақырудың екі түрі бар:

- 1) **Сөз арқылы**. Бұған уағыз айту, үгіт-насихат жүргізу, кездесулер өткізу, сабақ беру кітап жазу жатады.
- 2) **Амал ету арқылы**. Кейде адам үндемей-ақ, өзі білген істеріне амал етеді, соның өзі айналасындағы кісілерге қатты әсер етеді. Ол осы ісімен солай жасау керегін адамдарға нұсқайды.

**[13] «Сабыр ету»**. Жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтаратын және шындықты айтып, Аллаһқа шақыратын кісілер әрқашан өз халықтарының қарсылығына жолығатын еді. Өйткені, адамдардың көбісі жақсылықты қаламайды, олар көңіл-қалауларына жағатын нәрселерді, тыйым салынған істерді жақсы көреді. Сондықтан, оларға Аллаһқа шақыратын кісі келіп, сезімдер мен нәпсіге еруден қайтарса, міндетті түрде сөздер мен істерде көрінісі тапқан тойтарысқа тап болады. Сол үшін Аллаһтың Жүзіне ұмтылып, Оған шақыратын уағыздаушы қиыншылықтарға төзу керек, әрі да`уатын (шақыруын) жалғыстыру қажет. Бұған елшілерді, әсіресе олардың ең соңғысы Мұхаммедті үлгі ретінде алуға болады. Олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Аллаһ Тағала былай деді: «Сенен бұрын да елшілерді өтірікші деп санаған, алайда олар оған сабыр еткен. Біздің көмегіміз келгенше қиыншылықтар көрген» (Өн`ам сүресі, 34-аят). Тағы да Аллаһ былай деген: «Міне осылай, олардан бұрынғыларға қандай елші келсе де, олар міндетті түрде: “Ол – сиқыршы, не жынды!” - дейтін еді» (Зәрият сүресі, 52-аят). Тағы да Аллаһ Тағала: «Осылайша, Біз әрбір пайғамбарға күнәһарлардың ішінен жау істедік», - деді (Фурқан сүресі, 31-аят).

Егер жаратылыстардың ең ардақтысы, адамдардың ең ұлысы болған пайғамбар мен елшілердің өздері осындай ауыртпашылықтарға тап болса, онда біз сияқты қарапайым адамдар туралы не айтуға болады?! Біз елшілер секілді сабыр етуіміз керек. Тіпті пайғамбарымыз Мұхаммедтің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен бұрын жіберілген пайғамбарлардан өнеге алуға бұйырылған еді. Бұл туралы Аллаһ: «Ұлы елшілер сияқты сабыр ет те, оларға (азапты) асықтырма», - деп айтты (Ахқаф сүресі, 35-аят)

Сабырлы бол! Білім алып, оған амал етіп, сосын оған шақырған адам сабырлы болуға өте мұқтаж. Ал егер ол шыдамды болмаса, ол анық сенбейтіндердің кесірінен жеңілтектікке берілген адам болады. Аллаһ Тағала былай деді: «Сабыр ет! Шын мәнінде, Аллаһтың уәдесі – хақ! Анық сенбейтіндер сені жеңілтектікке апармасын» (Рум сүресі, 60-аят). Сол үшін пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларын үнемі: «Алайда, сендер асығушы елсіңдер!» - деп, асығыстықтан сақтандырып отырған.

Аллаһ Тағаланың Өз елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан мына сөздеріне назар аудар: «Расында, біз саған Құран түсірдік» (Инсән сүресі, 23-аят). Осы аяттан соң Аллаһ Тағала: «Сол үшін Раббыңның нығметіне шүкір ет», - деп айтады деген ой келеді. Алайда Аллаһ Өз сөздерін: «Сол үшін Раббыңның үкіміне сабыр ет!» - деп аяқтайды (Инсән сүресі, 24-аят). Осыдан біз, Құранмен өмір сүруге бел байлаған адам сабырлықты талап ететін жағдайларға кезігетінін түсінеміз.

Өз руластарынан соққы алып, бетінен қанын сүртіп жатқандағы пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Әй, Аллаһ! Елімді кешіре гөр, шынында олар білмейді зой!» - деген сөздеріне қарап, шешім қабылдай бер (Бухари).

Сабыр етудің үш түрі бар:

- 1) Аллаһтың әмірлерін орындауда шыдамдылық таныту;
- 2) Аллаһтың тыйымдарынан аулақ жүргенде шыдамдылық таныту;
- 3) Аллаһтың ауыртпашылық әкелетін тағдырына шыдамдылық таныту.

**Бұған дәлел, Аллаһтың келесі сөздері [14]:**

**(Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!)**

**«Уақытпен ант [15]! Шынында, бүкіл адамзат әлбетте зиянда [16]. Тек иман келтірген, ізгі амал жасаған [17], бір-біріне шындықты үгіттеген және өзара сабырға үгітескендерден басқа»** ( `Аср сүресі, 1-3-аяттар).

[14] Яғни, аталған төрт мәселені үйренудің парыз екеніне дәлел Аллаһтың келесі сөздері: «Уақытпен ант етемін! Шынында, бүкіл адамзат әлбетте зиянда. Тек иман келтірген, ізгі амал жасаған, бір-біріне шындықты үгіттеген және өзара сабырға үгітескендерден басқа» ( `Аср сүресі).

«**Иман келтіргендер**» сөздері – білімге дәлел болып табылады. Өйткені, иман білімсіз мүмкін емес. Ол – Аллаһ Тағаланы тану, Оның елшісін тану және Ислам дінін дәлелдермен тану.

«**Ізгі амал жасаған**» сөздері – білімге сай амал етуге дәлел болып табылады.

«**Бір-біріне шындықты үгіттеген**» сөздері – білім және амалға шақыруға дәлел болып табылады.

«**Өзара сабырға үгітескендер**» сөздері – білім және амалға шақыру жолында сабыр етуге дәлел болып табылады.

[15] «**Уақытпен ант!**» Аллаһ Тағала уақытпен ант етті, ал ол жаратылыс болып саналады. Бірақ Аллаһ Тағала қалаған нәрсемен ант етеді, ал жаратылыстар тек Жаратушымен ғана ант ете алады. Өйткені ол тыйым салынған істердің қатарына жатады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Кім Аллаһтан өзге нәрсемен ант етсе, онда күпірлік не ширк жасады*» (Әбу Дәуд 3251, Тирмизи 1535). Тағы да Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Кім ант ететін болса, онда Аллаһпен ант етсін немесе үндемесін*», - деді (Бухари 6107, Муслим 3/1646).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала тек маңызы бар, орны ерекше нәрсемен ғана ант етеді. Осы заманда түн мен күн ауысады, түрлі жағдайлар болып тұрады: жақсысы мен жаманы, қуаныштысы мен қайғы әкелетіні. Зымырап жатқан бұл уақытта көптеген пайдаға қол жеткізуге болады, ал кім оған дұрыс көңіл бөлмесе талай игіліктерден айырылып құр қалады.

[16] Бүкіл адамзат зиянға және опатқа ұшырайды, бірақ аталмыш сүреде айтылған қасиеттерді бойында жинағандар ғана құтылады. Олар:

1) Иман келтіру, ал бұл білімсіз мүмкін емес.

2) Ізгі амал жасау. Оның екі шарты бар: ықылас пен пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу.

3) Дауат ету (шақыру), яғни жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтару. Өйткені пайдалы білім алып, кейін оған сай ізгі амал жасаған адам, елдің арасында жақсылықты таратып, нағандарға ақиқатты үйрету керек.

4) Сабыр ету. Адам өзі ғана сабыр етпей, басқаларды да шыдамдылыққа ұмтылдыру қажет.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: “Өз-өзіңе қарсы жихадтың да төрт деңгейі бар: Біріншісі, оларсыз адам екі дүниеде де не жетістікке, не бақытқа ие бола алмайтын дұрыс жолды және ақиқат дінін біліп-зерттеу үшін өз-өзіңмен күресуге тура келгенде (жалқаулықпен, шаршаумен т.б.) орын алады. Білімі оны тастап кеткенде ол (адам) екі дүниеде де бақытсыз болады.

Екінші деңгей – алған білім негізінде амал ету үшін өзіңмен күресу, өйткені қарапайым білім амалсыз, егер зиянды болмаса, ең жоқ дегенде пайдасыз болады.

Жихадтың үшінші деңгейі – дінге шақыру және оны білмегендерге үйрету ісіндегі күрес болып табылады. Кері болған жағдайда ол (адам) Аллаһтың түсірген басшылығын және айқын аяттарын жасырушы болып қалады, әрі оның білімі оған көмектеспейді және Аллаһтың жазасынан құтқармайды.

Төртінші деңгей – Аллаһқа шақыру барысында туындайтын ауыртпалықтарға, Аллаһтың жаратқандарынан келіп тиетін ренжітулерге сабырлық танытуда және осының барлығына Аллаһтың разылығы үшін төзуде өз-өзіңмен күресу” (Қараңыз: “Зәд әл-Мә’ад” 3/10).

[17] Әһлюл-Сунна уә әл-жәма`а ақидасы (сенімі) бойынша, иман дегеніміз бұл – жүрекпен анық сену, тілмен растау және дене мүшелерімен амал ету. Алайда кейбір адасқан адамдар аятта келген «**иман келтірген және ізгі амал жасаған**» деген сөздерден, амал иман атаулысына жатпайды деп түсінеді. Олардың айтуынша, егер амал иман атаулысына жатқанда еді, онда Аллаһ иман мен амалды «уәу» арқылы жалғамайтын еді. Өйткені, араб грамматикасы бойынша, екі сөздің арасында «уәу» жалғаулығы тұрса, онда бұл сол сөздердің екі бөлек мағына беретінін білдіреді. Бұл күдікке екі жолмен жауап берсе болады:

- 1) Иман – бұл тек амал емес, оған тілдегі сөз бен жүректегі сенім кіреді. Ал амал – бұл тек дене мүшелермен жасалатын істер ғана. Соңдықтан, жалпы айтқанда, иман атаулысы мен амал атаулысы екі бөлек нәрсе. Сол үшін араларында «уәу» жалғаулығы тұр.
- 2) «Уәу» жалғаулығы әрқашан жан-жағындағы сөздердің екі бөлек мағына беретінін білдіре бермейді. Бұған дәлел келесі аяттар: «**Ал кім Аллаһқа, періштелеріне және елшілеріне қас болса және («уәу» жалғаулығы келді) Жәбрейіл мен Микәилға**» (Бақара сүресі, 98-аят); «**Рух (Жәбрейіл) және («уәу» жалғаулығы келді) періштелер түседі**» (Ләйләтул-қадр сүресі, 4-аят).

**Имам әш-Шәфи`и [18]: «Егер де Аллаһ Өз жаратылыстарына бұл сүреден басқа еш дәлел түсірмегенде, бұның өзі жеткілікті болар еді», - деген [19]. Имам әл-Бухари [20] былай жазған: ««Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!»[21] тарауы. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері: «Біл, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, сосын күнәларың үшін жарылқау тіле!» (Мухаммад сүресі, 19-аят) (Аллаһ) сөздер мен амалдардан бұрын, білімнен бастады».**

[18] Оның толық аты-жөні: Әбу `Абдуллаһ Мухаммад ибн Идрис ибн әл-`Аббас ибн `Усмән ибн Шәфи әл-Һашим әл-Қураши. Хижра жыл санағы бойынша 150 ж. Газзада дүниеге келді. Хижра бойынша 204 ж. Мысырда қайтыс болды. Ол төрт ұлы имамның бірі еді.

[19] Бұл сөздерімен имам әш-Шәфи`и, осы сүре адамды иман, ізгі амал, шақыру және сабырлық арқылы дінді мықтап ұстауға ұмтылдыруда жеткілікті болып саналады деп айтқысы келген. Оның сөздерінен, бұл сүре адамзатқа шариғаттың бүкіл үкімдерінің орнын толтыра алады деп түсінбеуіміз керек. Имам: «**Егер де Аллаһ Өз жаратылыстарына бұл сүреден басқа еш дәлел түсірмегенде, бұның өзі жеткілікті болар еді**», - деп айтты. Өйткені, ақылы дұрыс және санасы сау адам бұл сүренің сөздерін еститін болса, зиянға ұшыраудан қашып, одан құтылу жолдарын іздей бастайды. Бірақ оған ол тек келесі төрт қасиетпен ие болған жағдайда ғана қол жеткізе алады: иман, ізгі амал, халықты ақиқатқа шақыру, шыдамды болуды өсиет ету.



[20] Оның толық аты-жөні: Әбу `Абдуллаһ Мухаммад ибн Исма`ил ибн Ибраһим ибн әл-Муғира әл-Бухари. Хижра бойынша 194 ж. Бухара қаласында Шәууәл айында туылды. Ол әкесі қайтыс болған соң, анасының қолында өсті. Ол хижра бойынша 256 ж. Ораза Айтына қараған түнде, Самарқанд қаласынан екі фарсах қашықтықта орналасқан Хартанк жерінде дүниеден озды. Бұл имам – Құраннан кейінгі ең сенімді кітап болып есептелетін «Сахих» атты хадистер жинағының авторы.

[21] **«Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!»** өйткені білімге негізделмеген амал істеушісіне еш пайда әкелмейді. Надандықпен жасалған амал пайда әкелмек түгіл, істеушісіне Қиямет Күні құрдым мен опатқа айналуы мүмкін. Сондықтан, міндетті түрде амал етуден алдын, мұсылман адам білім үйрену керек.

Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері: **«Біл, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, сосын күнәларың үшін жарылқау тіле!»** (Мухаммад сүресі, 19-аят). Аятқа назар аударсақ, Раббымыз әуелі: **«Біл!»** - деді, сосын ғана: **«күнәларың үшін жарылқау тіле!»** - деп бұйырды. Жарылқау тілеу амалға жатады. Демек, амал жасаудан бұрын, тіпті жарылқау тілеуден алдын, адамға білім керек.

Имам Ибн әл-Қайим керемет өлең жолдарын жазып кеткен:

*Білсең егер, бауырым,  
Білімсіздік – ауыру.  
Құран, Сүннет – дәрісі,  
Аурудан керек арылу.*

*Болып жүрсең әбігер,  
Ғалым деген дәрігер.  
Құран менен Сүннеттен,  
Тауып берер дәрілер.*

Надандық – бұл өлімге апаратын дерт. Бұл надандықтан қалай құтылуға болады? Құран мен Сүннеттің мәтіндері арқылы. Ал сені оған бағыттап, анығын түсіндіретін кім? Ол – ғалым «роббәни» (дана, тәрбиелеуші ғалым). Өзін білімдімін деп санап жүрген кез-келген біреу емес, алайда ғалым-роббәни! Аллаһ Тағала былай деді: **«Бірақ тәрбиелеуші (“роббәни”) болыңдар, өйткені сендер Кітапты үйретесіңдер және оны зерттеп үйренесіңдер»** (Әли 'Имран сүресі, 79-аят).

Имам әл-Бухари «роббәни» деген сөзге қатысты Ибн 'Аббәс былай деп айтқанын жеткізеді: *“Яғни дана ғалымдар”*. Имам әл-Бухари: *“Былай айтылды: «тәрбиелеуші» (раббәни) – бұл адамдарды оқыту барысында үлкен білімге көшуден бұрын алдымен ең кішкентай білімнен бастайтын ғалым”, - деді (Қараңыз: “Сахих әл-Бухари” 1/35).*

Егер адам әр амалын тек білімге сүйеніп жасайтын болса, ол аз істің өзінде де мол берекеге қол жеткізеді. Сол уақытта, адамның амалдары таудай болу мүмкін, алайда ол істер білімге негізделмеген соң құрдымға себеп болады. Сондықтан, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы сахабаларының бірі Әбу әд-Дәрда былай деген: *“Ақымақтардың түні бойы ұйықтамай, күні бойы ораза тұтқанынан гөрі, зеректердің ұйқысы*



мен ауызашарлары нендей керемет! Біріншісі екіншісіне тең келмейді. Ізгілік және берік біліммен жасалған құмырсқадай іс – азғыруға ергендердің таудаи амалдарынан да артық!” (Қараңыз: Ахмад «Зухд», Әбу Ну`айм).

**Біл, саған Аллаһтың мейірімі жаусын, әрбір мұсылман ер мен әйел [22] үшін келесі үш мәселені үйреніп, оған амал ету парыз [23]:**

[22] Яғни, бұл мәселелерді үйрену әрбір адамға міндетті: патшаға да, құлға да, еркекке де, әйелге де, байға да, кедейге де. Өз негізінде, Аллаһтың бұйырғандары еркек пен әйелге бірдей қатысты. Ал олардың бірін ерекшелеп нақты мынаған қатысты деу үшін дәлел келтіру қажет. Мәселен, мешіттегі жамағат намазына қатысу міндеттілігі, жұма намазына бару, қабірлерді зиярат ету – бұның барлығы тек еркектерге арналған. Сол үшін егер бізде еркектерді ерекшелейтін дәлел болса, ол істің тек соларға қатысты екенін айта аламыз. Ал ешқандай дәлел таппасақ, онда етілген әмір мен салынған тыйым еркек пен әйелге бірдей қатысты болып табылады.

[23] «**Парыз**» деген сөз - әңгіме қалаулы бір істер туралы болып жатпағанына нұсқайды. Бұл қалаған адам істесін, қаламайтыны қойсын дейтіндей нәрсе емес. Бұл – Аллаһ Тағаланың міндетті түрде орындалу керек болған бұйрықтары.

**Біріншісі: Аллаһ бізді жаратты [24], ризықтандырды [25], әрі бекерге қалдырған жоқ [26]. Ол бізге елші жіберді. Кім сол (елшіге) бағынса – Жәннатқа кіреді, ал кім оған (бағынудан) бас тартса – Тозақта болады [27].**

[24] Сәм`ия (Құран мен Сүннетте келген) дәлелдер:

«Ол сендерді балшықтан жаратып, ажалдарыңды белгіледі. Оның тағы белгілеген мерзімі бар. Ал сендер әлі де күдіктенудесіңдер» (Ән`ам сүресі, 2-аят);

«Расында, Біз сендерді жаратып, сосын бейнеледік» (А`раф сүресі, 11-аят);

«Оның белгілерінен, сендерді топырақтан жаратқаны» (Рум сүресі, 20-аят);

«“Аллаһ – әр нәрсенің Жаратушысы”, - деп айт» (Ра`д сүресі, 16-аят);

«Мен жындар мен адамзатты Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (Зәрият сүресі, 56-аят). Бұдан да басқа аяттарды келтіруге болады.

`Ақлия дәлелдер:

Аллаһ Тағала былай деді: «Олар ешнәрсесіз пайда болды ма, немесе олардың өздері жаратушы ма?» (Тур сүресі, 35-аят). Адам өз-өзін пайда қылмады, себебі пайда болмай тұрып ол ешнәрсе емес еді, ал ешнәрсе болмаған біреу өзін жарата алмайды. Тура сол сияқты, оны әкесі де, шешесі де жаратпады деп айтуға болады, әрі ол кенеттен пайда болмады. Өйткені, әр нәрсенің себебі болады. Егер кез-келген кітаптың жазушысы, кез-келген киімнің тігіншісі, кез-келген ғимараттың құрылысшысы бар болса, онда тамаша тәртіппен жүретін, сымбатты үйлесумен орналасқан мына болмыстың да Жаратушысы бар! Жарататын және әмір ететін – Жалғыз Аллаһ. Ол былай деген: «**Жарату мен әмір ету тек**

**Оның қолында»** (А`раф сүресі, 54-аят). Бұны ешкім теріске шығара алмайды. Жубәйр ибн Мут`им әлі мушрик (көпқұдайшыл) болған уақытта, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына аяттарды оқығанын естиді: **«Олар еш нәрсесіз пайда болды ма, немесе олардың өздері жаратушы ма? Әлде аспандар мен жерді жаратқан олар ма? Жоқ, олар тек анық сенбейді. Әлде оларда Раббыңның қазыналыры бар ма? Немесе олардың өздері иелік етуші ме?»** (Тур сүресі, 35-37-аяттар). Сол туралы Жубәйр: *“Сол сәтте менің жүрегім кеудемнен шығып кете жаздады. Әрі жүрегімде иманның ең алғашқы орныққан кезі де дәл сол еді”* (Бухари).

[25] Сәм`ия дәлелдер:

**«Шын мәнінде, Аллаһ – ризық Беруші, ұлы күш Иесі»** (Зәрият сүресі, 58-аят).

**«“Сендерді аспандар мен жерден кім ризықтандырады?” - деп сұра да: “Аллаһ!” - деп айт»** (Сәбә сүресі, 24-аят).

**«“Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады? Есту, көру қабілеттеріңе кім иелік етеді? Өліден тіріні және тіріден өліні кім шығарады? Әрі істермен басқаратын кім?” - деп сұра. Олар дереу: “Аллаһ!” - деп жауап береді. “Неліктен қорықпайсыңдар?!” - деп айт»** (Юнус сүресі, 31-аят). Бұған тағы да басқа аяттарды келтірсе болады.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: *«Сосын оған (яғни, ана құрсағындағы балаға) төрт нәрсені жазуға бұйырылған періште жіберіледі. (Ол мына нәрселерді жазады): ризығы, ажалы, амалдары және бақытты не бақытсыз болатыны»* (әл-Бухари).

`Ақлия дәлелдер:

Біздің ризығымыз ішіп жүрген су мен жеп жүрген тамақтарымыздан тұратыны бәрімізге мәлім. Ал оларды жаратқан – Аллаһ. Демек, біздің ризығымызды беретін де сол Жаратушымыз.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Егіп жатқан нәрселеріңді көрдіңдер ме? Оны өсіретін сендер ме, әлде Біз бе?! Егер қаласақ, оны қиқымға айналдырып жіберетін едік те, сендер таңданған күйде қалатын едіңдер. “Біз зиянға ұшырадық. Оған қоса ризығымыздан да айырылдық”, - деп айтасыңдар. Ішіп жүрген суларыңа қарадыңдар ма? Бұлттардан оны түсіретін сендер ме, әлде Біз бе? Егер қаласақ, оны ащы қылатын едік. Онда неліктен сондай шүкірсізсіңдер?!»** (Уақи`а сүресі, 63-70-аяттар). Бұл аяттарда Аллаһ Тағала тамақ пен судан тұратын ризығымызды Өзі беретінін бізге анық баяндайды.

[26] Сам`ия дәлелдер:

**«Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлады ма? Ол ағылған бір судың тамшысы емес пе еді?! Сосын ол ұйыған қан болды. Аллаһ оны жаратып, бейнеледі. Кейін одан жұп жаратты: еркек пен әйелді. Енді (бұлардың бәрін жасаған Аллаһ) өліктерді қайта тірілтуге шамасы жетпей ме?!»** (Қиямет сүресі, 26-40-аяттар).

`Ақлия дәлелдер:

Адамдардың осы дүниеге келіп, бұл өмірде мал сияқты рахат көріп, кейін өліп, ал содан соң оларды қайта тірілу де, есеп-қисап та күтпейді деп елестету мүмкін емес. Өйткені, бұл Аллаһтың даналығына сай келмейтін ермек сияқты болатын еді. Аллаһ адамзатты құлшылық үшін жаратып, оларға қуандырушы әрі ескертуші ретінде елшілер жіберіп,

сосын өмірді осымен ғана аяқтап қоятыны мүмкін бе?! Жоқ, артынша бойұсынғандар үшін сый, қарсыласқандар үшін жаза болатыны анық.

**[27]** Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһқа және елшіге бағыныңдар, әлбетте мейірімге бөленесіңдер!»** (Әли `Имран сүресі, 132-133-аяттар).

Тағы да Ол былай деді: **«Кім Аллаһқа және Оның елшісіне бағынса, әрі Аллаһтан қорқып, тақуа болса, міне солар – табысқа жеткендер!»** (Нұр сүресі, 52-аят).

Тағы да Аллаһ: **«Ал кім Аллаһқа және Оның елшісіне бағынбаса, әрі Оның шектегенінен артық шықса, оны (Аллаһ) Отқа кіргізеді, сол жақта олар мәңгі қалады. Оларға қорлайтын азап бар»,** - деді (Ниса сүресі, 14-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: **«Менің үмметімдегі барлық адам Жәннатқа кіреді, тек бас тартқандардан өзге».** Сонда адамдар: **“Әй, Аллаһтың елшісі, ал кім бас тартады?!”** - деп сұрайды. Бұған пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Маған бағынған кісі Жәннатқа кіреді, ал менің тілімді алмаған кісі (Жәннаттан) бас тартқан болып саналады»,** - деп жауап қатты (Бухари).

Аллаһ Тағала адамдарды бір мақсат үшін жаратты. Оларды еш мақсатсыз, ермек үшін, бекер жаратқан жоқ. Аллаһ олардың сипаттағанынан пәк! Алайда, оларды бір мақсат үшін жаратты. Аллаһ Тағала айтқандай: **«Ол Аллаһ өлім мен өмірді, сендерді қайсыларың істеріңмен жақсырақ боласыңдар деп сынау үшін жаратты»** (Мулк сүресі, 2-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала былай айтты: **«Біз сендерді босқа жараттық... деп ойлайсыңдар ма?»** яғни еш мақсатсыз, еш даналықсыз **«әрі Бізге қайтарымаймыз деп ойлайсыңдар ма?»** яғни жаратылғандарыңнан кейін қайта түрілу болмайды деп, Жаратушыларыңа қайта оралмайсыңдар деп. Бұл пікірде кемшілік бар. Аллаһтың даналығында кемшілік бар деген ой. Сол үшін аяттың жалғасында Аллаһ: **«Шынайы Ие Аллаһ – Пәк!»** - деп айтты (Муминун сүресі, 115-116-аяттар). Яғни нағандардың, сенбейтіндердің сипаттағанынан Пәк. Демек, адамдар бір мақсат үшін жаратылған. Бұл не мақсат? Аллаһ бұны, Өзінің келесі сөздерінде баяндайды: **«Мен жындар мен адамзатты тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым. Олардың Маған ризық бергенін де, тамақтандырғанын да қаламаймын. Расында, Ол Аллаһ – ризық Беруші, ұлы күш Иесі!»** (Зәрият сүресі, 56-58-аяттар). Аллаһ жындар мен адамзатты тек бір мақсатпен ғана жаратты. Ол – сынақ. **«Сендерді қайсыларың істеріңмен жақсырақ боласыңдар деп сынау үшін».** Бұл не нәрседегі сынақ? Бұл құлшылықтағы сынақ: ол адам Аллаһқа ғана құлшылық ете ме, әлде Одан басқа бір тәңір таңдай ма? Адам осы мақсат үшін жаратылды. Алайда ол осы жаратылу мақсатын оған үйрететін, түсіндіретін адамға мұқтаж. Аллаһ разы болатын түрде, Оған құлшылық етуге жету жолын көрсететін адамға мұқтаж.

Сондықтан, Аллаһ адамдарға ескертуші, қуандырушы ретінде Жаратушыларына апаратын жолды бағыттайтын елшілерді жіберді. Олар кім ғана жалғыз құлшылыққа лайықты екенін, әрі оларды жаратқан Аллаһ, қай жолмен Оған құлшылық етуге шақырғанын түсіндіріп кеткен еді.

Аллаһ Тағала пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Сені біртұтас адам баласы үшін қорқытушы әрі қуандырушы ретінде жібердік»** (Сәбә сүресі, 28-аят). Тағы да Ол: **«Расында, Перғауынға елші жібергеніміздей, сендерге де куәгер ретінде елші жібердік»,** - деді (Муззәммил сүресі, 15-16-аяттар). Әрбір халықта елші болған еді. Аллаһ Тағала: **«Негізінде, ескертушісі болмаған бірде-бір халық жоқ»,** - деп айтты. Тағы да Аллаһ былай деді: **«Расында, әр үмметке: “Аллаһқа ғана**

құлшылық етіндер және тағуттан аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік» (Нахл сүресі, 36-аят).

Осы аяттардан түсінетіміз: Аллаһ Тағала адамдарды жаратқан соң, оларды тастап қойған жоқ. Керісінше, оларға Аллаһқа апаратын жалғыз ғана жолды үйретіп, бағыттапты, тура жолға нұсқайтын елшілерді жіберді. Бұл жол – жалғыз ғана жол. Фатиха сүресінде: «**Бізде тура жолға сала гөр!**» - деп айтылған (Фатиха сүресі, 5-аят). Ол – бір ғана жол! Алайда, басқа да жолдар бар – адасу мен ауытқу жолдары, өз көңіл-қалауларына ерген адамдардың жолдары. Дегенмен, Аллаһқа жеткізетін жол – Аллаһтың тарапынан келген елшілердің жолы ғана. Бұл – жалпы Ислам діні. Аллаһ Тағала былай деді: «**Расында, Аллаһтың жанындағы дін – Ислам!**» (Әли `Имран сүресі, 19-аят). Аллаһқа ғана құлшылық етіп бойұсыну, әмірлерін орындау арқылы бағыну, Аллаһқа серік қосу мен Оған серік қосушылардан аулақ болу.

Елшілер, адамдарға осы мақсатты түсіндіріп, Аллаһқа ғана, Одан өзге ешкімге емес, құлшылық етуге бағыттаған. Міне, осы негізгі мәселеде халықтар мен елшілердің арасында жаулық туатын-ды. Себебі, адамдар Аллаһқа өздері жақсы көретін жолмен құлшылық етеді, Аллаһ жақсы көретін емес. Сондықтан да ғалымдар: “Сенің жақсы көруің маңызды емес, алайда сені жақсы көру маңызды!” - деп айтқан. Сенің Аллаһты жақсы көргенін маңызды емес, өйткені Аллаһқа деген сүйіспеншілігін мушриктер де (көпқұдайшылар), адасқандар да, оларға елші жіберілген халықтардың барлығы да мәлімдеген. Олар садақаларын да берген, намаздарын да оқыған, дұға да еткен. Алайда, ең маңыздысы – Раббысы құлын жақсы көруі. Ал бұған қалай қол жеткізуге болады? Адам Аллаһтың сүйіспеншілігін іздеу керек. Бұл – пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолы!

Аллаһ Тағала былай айтты: «**(Әй, Мұхаммед! Оларға) былай де: “Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді сүйеді!”**» (Әли `Имран сүресі, 31-аят). Демек, Аллаһтың жақсы көретін жолы – бұл елшіге бағыну, оның артынан еру. Адамдарды Аллаһқа апаратын жалғыз ғана жол бар – ол Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннеті!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Шамсуддин Ибн әл-Қайимнің «Нуниядағы» сөздерімен айтқымыз келіп отыр. Ол былай деді: “*Жалғыз үшін жалғыз жолда жалғыз бол!*”

**Бұған дәлел ретінде [28] Аллаһтың келесі сөздерін келтіруге болады: «Расында, Біз [29] Перғауынға елші жібергеніміздей [30], сендерге де куәгер ретінде елші жібердік [31]. Сонда Перғауын (елшіге бағынудан) бас тартты, сол үшін Біз оны қатты ұстаумен ұстап алдық [32]»** (Музәммил сүресі, 15-16-аяттар).

[28] Яғни, елшінің жіберілгеніне дәлел ретінде.

[29] Араб тілінде «біз» деген сөз, әрқашан көпше түрде, бірінші жақта тұрған есімдікті білдіре бермейді. Оны кейде жалғыз біреу де өзін ұлықтау үшін қолданады. Міне, осы екінші мағынада Аллаһ Тағала «**Біз**» деп айтады, өйткені Ол – Ұлы, аса Үстем.

[30] «**Перғауынға елші жібергеніміздей**». Перғауын – бұл кезінде Мысыр елін басқарған,



әрі өзін құдаймын деп мәлімдеген залым патша. «Перғауын» деген атақ, Мысырды билеген басшыларға берілген. Бірақ, мына жерде, өзін құдай деп жариялаған Перғауын жайында сөз болып тұр. **«Ол: “Мен – сендердің жоғарғы раббыларыңмын”, - деді»** (Нази`ат сүресі, 24-аят).

Оған жіберілген елші – Аллаһпен тікелей, яғни еш дәнекерсіз сөйлескен ұлы пайғамбарлардың бірі Мұса еді.

**[31] «Сендерге де куәгер ретінде елші жібердік»**, яғни жындар мен адамдарға Қиямет Күні елшілік пен дәлел (құжат) жеткізгеніне куәгер болатын Мұхаммедті (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жібердік. Аллаһ Тағала былай деді: **«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы (үзірі) болмас үшін қуандырушы және ескертуші ретінде елшілерді (жібердік)»** (Ниса сүресі, 165-аят). Соңдықтан, Қиямет Күні ешкім: **“Мен құлшылық ету үшін жаратылғанымды білмедім!”**, **“Маған міндетті болған не, тыйым салынған не екенін білмедім”**, - деген түрлі сылтаулар айта алмайды. Өйткені, елшілер (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны оларға жеткізіп қойды. Әрі Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметі алдыңғы халықтарға куәлік береді. Бұл туралы Аллаһ: **«Осылай Біз сендерді ортада тұратын (ұстамды) үммет қылдық. Сендердің адамдарға, ал елшінің сендерге куәгер болуы үшін»**, - деп айтты (Бақара сүресі, 143-аят). Тіпті, Тозақ отына тасталып жатқанда кәпірдердің (имансыздардың) өздері бәрін мойындайды. Аллаһ Тағала былай деді: **«Оған (Отқа) бір топ тасталған сайын, оның күзетшілері: “Сендерге ескертуші келмеген бе еді?” - деп сұрайды. Олар: “Иә, бізге ескертуші келген, бірақ біз оны теріске шығардық. «(Саған) Аллаһ ештеңе түсірмеген, сендер тек үлкен адасудасыздар», - деген едік”, - деп жауап береді»** (Мулк сүресі, 8-9-аяттар). Сонымен, елшілердің жіберілу мақсаты мен даналығы – бұл жаратылыстарға құжат (дәлел) жеткізу.

**[32] «Ұстаумен ұстап алдық»**, яғни азаппен ұстап алдық. Аллаһ Тағала былай деді: **«Залым болған елді қолға алғанда, Аллаһтың ұстауы осындай еді. Шын мәнінде, Оның ұстауы – ауыр, қатты»** (Һуд сүресі, 102-аят).

Аллаһ Тағала перғауын мен оның сыбайластарын суға батыру және отқа салу арқылы ұстап алған болатын. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай айтты: **«Қылмыстарының салдарынан суға батырылды да, отқа салынды»** (Нұр сүресі, 25-аят). Яғни, барзах (осы дүние мен арғы дүниенің арасындағы дүние) әлеміндегі отқа салынды. Бұған дәлел ретінде Аллаһтың мына сөздерін келтірсек болады: **«Олар таңертең және кешке отқа ұсынылады»** (Ғафир сүресі, 46-аят). Бұл Қияметтен бұрын болатын барзах әлемінде. Олар Қиямет Күні келмейінше таңертең және кеш сайын отқа ұсынылады. Осы аят қабір азабына дәлел болып табылады. Әрі қарай Аллаһ былай деді: **«Ал Қиямет Күні: “Перғауынның әулетін одан да қатты азапқа салындар!” - (делінеді)»** (Ғафир сүресі, 46-аят).

Аллаһтың елшісі Мұсаға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлақ аспаған Перғауын үш азапқа тап болды:

- 1) Аллаһ оларды суға батырып, бір сәтте жойып жіберді;
- 2) Олар Қиямет келмейінше барзах әлемінде азапталады;
- 3) Олар Ахыретте қайта тірілгенде, алдыңғы азаптардан ауыр азапқа салынады. Аллаһ бізді одан сақтасын!



Имам Ибн Кәсир былай деді: «(Егер пайғамбарларыңды тыңдамасаңдар) сендер (яғни, Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметі) опатқа ұшырап, жойылып кетуге одан да лайықсыңдар, өйткені сендердің елшілерің Мұса ибн `Имраннан да артық және ұлы болып табылады» («Тәфсир әл-Куран ли Ибни Кәсир» 4/395).

**Екіншісі: [33] Құлшылықта Аллаһқа өзге біреуді серік қосқанға, Ол разы болмайды. Ол (серік) жақындатылған періште болсын, (елдерге) жіберілген пайғамбар болсын – (бәрібір) [34].**

[33] Бұл мәселе оның алдындағы мәселемен тығыз байланысты. Өйткені, бірінші мәселеде Аллаһқа құлшылық етудің және Оның елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағынудың міндеттілігі жөнінде баяндалған. Басқаша айтқанда, “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ, ал Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – Оның елшісі!” деген екі куәліктің мағынасы талқыланған еді. Ал енді екінші мәселеге келер болсақ, онда бұл жерде құлшылыққа ширк (серік қосу) араласса, ол қабыл болмайтыны жайлы сөз өрбітеміз. Өйткені, құлшылық тек Аллаһтың Жүзі үшін ғана, әрі ықыласты түрде орындалуы керек.

Кімде-кім Аллаһқа және Аллаһпен қатар тағы басқа біреуге құлшылық ететін болса, оның ғибадаты жалған болып саналады. Себебі, құлшылық тек қана ықылас пен таухид арқылы қабыл болады. Ал егер оған ширк араласса, онда ол бұзылады. Аллаһ Тағала былай деді: «Негізінде, саған да, сенен бұрынғыларға да: “Егер серік қоссаң, онда амалдарың міндетті түрде жойылып кетеді, әрі өзің де, әлбетте зиянға ұшыраушылардан боласың”, - деп уахи еттік» (Зумәр сүресі, 65-аят).

Тағы да, он сегіз пайғамбардың есімдерін атап болған соң Аллаһ былай деді: «Егер де олар серік қосқанда, олардың істегендерінің барлығы жойылар еді» (Ән`ам сүресі, 88-аят). Таухидсіз (бірқұдайшылықсыз) амал ешқашан да құлшылық болып саналмайды. Намаз да, дәретсіз намаз болып есептелмейтіндей, құлшылық та таухидсіз құлшылық емес. Сондықтан, Аллаһ Тағала көптеген аяттарда, құлшылықты әмір етумен ғана шектелмей, онымен бірге ширкті де тыйым салады:

«Аллаһқа құлшылық етіңдер де, Оған ештеңені серік қоспаңдар!» (Ниса сүресі, 36-аят);

«Оларға тек діндерін шын ықыласпен орындау арқылы Аллаһқа ханиф түрінде құлшылық етуге ғана әмір етілді» (Бәйина сүресі, 5-аят);

«Сенен бұрын қандай елші жіберсек те, оған: “Менен басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ, Маған құлшылық етіңдер”, - деп уахи ететін едік» (Әнбия сүресі, 25-аят);

Аллаһтың «Менен басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ» деген сөздерінде екі нәрсе бар: ширкті теріске шығару және құлшылықты Аллаһқа арнау.

«Раббың: “Одан өзге ешкімге құлшылық етпеңдер”, - деп әмір етті» (Исра сүресі, 23-аят);

«Расында, әрбір үмметке: “Аллаһқа құлшылық етіңдер және тағуттан (ширктен) аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік» (Нахл сүресі, 36-аят).

«Кім тағутқа (ширкке) қарсы болса, әрі Аллаһқа иман келтірсе, онда ол үзілмейтін берік тұтқаны ұстап алды» (Бақара сүресі, 256-аят). Егер адам тағутқа қарсы келмесе, оның Аллаһқа иман келтіргені жеткіліксіз болып табылады. Себебі, мушрикердің

(көпқұдайшылардың) өзі Аллаһқа иман келтірген еді, бірақ Оған серік қосқан. Аллаһ Тағала: «**Олардың көбісі серік қоспай иман келтірмейді**», - деп (Юсуф сүресі, 106-аят), олардың Аллаһқа иман келтіргенін, бірақ оны ширктің себебімен жойып жібергенін түсіндірді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Раббысынан мына сөздерді жеткізді: «**Кімде-кім Маған басқа біреуді серік қосып, бір амал ететін болса, оны да, оның серік қосқанын да (ширкін де) тастаймын**» (Муслим 2985). Қазіргі кезде “*Ла иләһә илләл-лаһ, Мұхаммадур-расулуллаһ!*” деп куәлік беретін, намаз оқитын, ораза тұтатын, қажылық жасайтын адамдар бар, алайда олар қабірлерге, Хасан, Хусайн, Бәдәуи, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб, Бекет ата сияқты өлген адамдарға құлшылық етіп жүр. Олардың істеп жүрген ғибадаттары жалған болып саналады. Өйткені, олар Аллаһқа серік қосып жатыр. Олар құлшылықтарына ширкті (серік қосуды) араластырып, соның себебімен істеген амалдарының барлығын жойып алды.

[34] «**Жақындатылған періште**», яғни Жәбрейіл, Микәил, Исрафил сияқты ең ұлы періштелер. «**Жіберілген пайғамбар**», яғни Мұхаммед, Иса, Мұса, Ибраһим, Нұх (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сияқты ұлы пайғамбарлар. Осылардың өздерін Аллаһқа серік қосса, Аллаһ оған разы болмайды. Әйтеуір кім болса да, Аллаһқа ешкімді серік қосуға болмайды. Егер ең ұлы періштелер мен пайғамбарлардың өздеріне құлшылықты арнау тыйым салынса, онда олардан дәрежелері төмен әулиелер мен ізгі кісілер туралы не айтуға болады?!

Алайда, қабірлерге құлшылық етіп жүрген кейбіреулер былай дейді: “**Біз оларға құлшылық етіп жатқанымыз жоқ! Біз оларды жаратушы, ризық беруші, өлтіруші, тірілтуші деп атағанымыз жоқ қой!**”.

Біз былай жауап береміз: Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманында Аллаһқа серік қосып жүрген мушриктер де өздерінің тәңірін жаратушы немесе ризық беруші және т.с. ұқсас атаулармен атаған жоқ. Олар туралы Құранда былай айтылған:

«“Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады? Есту, көру қабілеттеріңе кім иелік етеді? Өліден тіріні және тіріден өліні кім шығарады? Әрі істермен басқаратын кім?” - деп сұра! Олар: “Аллаһ!” - деп жауап береді. “Неліктен қорықпайсыңдар?!” - деп айт» (Юнус сүресі, 31-аят);

«“Егер білсеңдер, жер мен оның үстіндегі барлық нәрсе кімдікі?” - деп сұра. Олар: “Аллаһтікі”, - деп жауап береді. “Неліктен ойланбайсыңдар?!” - деп айт! Олардан: “Жеті көктің және ұлы `Арштың Раббысы кім?” - деп сұра! Олар: “Аллаһ!” - дейді. “Неліктен қорықпайсыңдар?!” - де!» (Муминун сүресі, 84-87-аяттар)

Осы аяттардан көріп тұрғанымыздай, көпқұдайшылар да жалғыз Аллаһ – Жаратушы, Ризық беруші, Өлтіруші және Тірілтуші екенін мойындаған. Сонда заңды бір сұрақ туады: Онда не үшін олар мұсылман болмады? Не үшін олар серік қосушы болып қала берді? Не үшін олар “*Ла иләһә илләл-лаһ*” сөздерін айтудан бас тартты? Жауабы анық: Өйткені, олар Аллаһтан өзгеге құлшылықтарын арнаған. Аллаһтан өзгеден медет тілеген, Аллаһтан өзгеге құрбандықтарын шалған және т.б. Сондай-ақ, әулиелерге құлшылық ететіндер мынандай күдік айтады: “**Біз әулиелер мен ізгі кісілер арқылы Аллаһқа жақындаймыз. Олар біз бен Аллаһ арасындағы дәнекер ғана. Олар бізге шапағат етеді**”.

Біз былай жауап береміз: Нағандық дәуіріндегі (әл-жәһилия) көпқұдайшылар да дәл осы сөздерді айтқан, алайда бұл олардың ширк істеп жатқандарынан ақтамады. Бұған дәлел келесі аяттар:

«**Ықыласты дін Аллаһқа тән! Ал Одан басқа біреулерді өздеріне әулие етіп алғандар: “Біз оларға тек Аллаһқа едәуір жақындатсын деп қана құлшылық етеміз”, - дейді. Расында, Аллаһ олардың өзара таласқандары жайында үкім етеді. Шын мәнінде, Аллаһ өтірікші және имансыз адамдарды тура жолмен жүргізбейді**» (Зумәр сүресі, 3-аят).

«**Олар Аллаһтан өзге зиян да тигізбейтін, пайда да әкелмейтін нәрселерге құлшылық етеді де: “Бұл – біздің Аллаһтың алдындағы шапағатшыларымыз”, - дейді**» (Юнус сүресі, 18-аят).

Тағы да, Аллаһтан өзгеге құлшылық етіп адасқандар былай мәлімдейді: **“Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы мушриктер (көпқұдайшылар) тастарға, ағаштарға, пұттарға, күн мен айға құлшылық еткен. Әулиелер мен әруақтардан медет тілейтін біз бен оларды шатастырма!”**.

Біз былай жауап береміз:

Біріншіден, мушриктер тек тас пен талға құлшылық етпеген. Олардың ішінде ізгі кісілерге де ғибадаттарын арнаған адамдар бар еді. Мысалы: `Узайрға құлшылық еткен яһудилер, `Иса мен оның анасы Мәриямға құлшылық еткен христиандар, Ләт деген ізгі адамға және Исламды қабылдап қойған жындарға құлшылық еткен арабтар. Екіншіден, пұтқа табынған адам мен әруаққа сиынған адамның не айырмашылығы бар? Олардың екеуі де Аллаһтан өзгеге құлшылық етіп жатқан жоқ па?!

Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық та етпе, дұға да етпе!**» (Жын сүресі, 18-аят). Раббымыздың осы сөздерінен, адам әулиеге құлшылық ете ме, әлде тасқа құлшылық ете ме – бәрібір екенін түсінуге болады ғой!

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен де байқайтынымыз, ол пұтқа құлшылық ететін мушриктер мен ізгі адамға ғибадат ететін мушриктерді ажыратпады. Бәріне бірдей да уат жасап, бәрімен бірдей күрескен.

### **Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:**

**«Расында, мешіттер (мәсәжид) [35] Аллаһқа тән. Сондықтан, Аллаһпен бірге ешкімге [36] ду`а етпеңдер [37]»** (Жын сүресі, 18-аят).

**[35] «Мәсәжид» сөзінің екі мағынасы бар:**

- 1) Мешіттер, яғни мешіт сөзінің көпше түрі (сәжде қылынатын орын);
- 2) Сәжде қылатын мүшелер. Олар жеті мүше: маңдай (мұрынмен бірге), екі алақан, екі тізе, екі аяқтың ұшы.

Мешіттер – бұл Аллаһтың үйлері. Олар – намаз оқуға арналған жер бетіндегі Аллаһтың ең сүйікті орындары. Аллаһтың осы үйлері Оны еске алу үшін тұрғызылған. Сондықтан, бұл жерлерде құлшылық жалғыз Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Онда Аллаһтан өзге біреу үшін ештеңе жасалмау керек.

Мешіттердің ішінде қабір қазуға болмайды. Себебі, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұндайды жасайтын адамдарға лағынет тілеп, бұл істің яһудилер мен

христиандардың әрекеті екенін хабарлады. Тіпті өмірінің ең соңғы сәттерінде, өлім ауызында жатқанда ол бізді бұл ауыр күнәдан қайтарып:

*Расында, сендерден бұрын өмір сүргендер қабірлерді мешітке айналдырған. Сол үшін қабірлерді мешітке айналдырмаңдар, өйткені мен сендерге бұны тыйым саламын»,* - деді (Муслим 532).

Тағы да ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Яһудилер мен христиандарға Аллаһтың лағынеті болсын, олар пайғамбарларының қабірлерін мешітке айналдырған еді»* (Бухари 435, 436, Муслим 531).

Мешітті ширк пен пұтқа табынушылықтың іздерінен тазартуымыз қажет. Онда қабірлерді қазып, мәйіттерді жерлеуімізге болмайды. Ол әрқашан тек Аллаһқа құлшылық етілетін орын болып қалу керек. Намаз орындау, Аллаһтың атын еске алу (зикр), Құран оқу (тиләуа), пайдалы сабақтар өткізу, и`тикәф жасау – мешіт, міне осылар үшін арналған. Мешіттердің ең ұлысы – Меккедегі әл-Мәсжиду әл-Харам. Ол туралы Аллаһ былай деді: *«Біз Ибраһимге Үйдің (Қағбаның) орнын нұсқадық: “Маған ешнәрсені серік қоспа, әрі үйімді тәуәф етушілерге, тұрып (намаз оқушыларға), руку` пен сәжде етушілерге тазартып қой!”»* (Хаж сүресі, 26-аят). Неден тазартып қою керек? Ширктен (көпқұдайшылықтан), бид`аттардан (дінге енгізілген жаңалықтардан), сондай-ақ нәжістер мен қоқым-қоқыстан тазартып қою керек.

**[36] «Ешкімге»** деген сөз, Аллаһтан өзге барлық нәрсені қамтыған, әрі одан ештеңе тыс қалмайды.

Араб тілінде мынандай қағида бар: *“Егер тұйық райындағы сөз тыйым салу, теріске шығару, шарт қою, сұрақ қою сөйлемінде келіп тұрса, онда ол жалпы мағына береді”*. Қарап тұрсақ, аятта «ахадән» (ешкімге) деген сөз, тұйық райындағы сөз болып табылады. Ол «ду`а етпеңдер» деген тыйым салу сөйлемінде келіп тұр. Демек, «ешкімге» деген сөз Аллаһтан басқа барлық жаратылысты: періштені де, елшіні де, тасты да, талды да, кесенені де, әулиені де, әруақты да, жұлдызды да, күнді де, айды да қамтып алады.

**[37] Құран мен Сүннет мәтіндерінде «ду`а» сөзі екі мағынада келеді:**

1) *Ду`а мәс-әлә* (сұрау, тілеу дұғасы). Мысалы: *“Әй, Аллаһ! Пәленшені нәсіп ете гөр!”*, *“Әй, Аллаһ! Түгеншеден сақтай гөр!”*, *“Әй, Аллаһ! Мені жарылқай гөр!”* және т.б.

2) *Ду`а`ибәда* (құлшылық ету). Мысалы: намаз оқу, қажылыққа бару, зекет беру, білім беру және т.б. Құлшылық етуші адам өзінің сол ісі арқылы Аллаһтан сауапты тілеп жатқан себепті құлшылық – дұға деп аталған.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Раббыларың: “Маған ду`а етіңдер, сендерге жауап беремін! Ал кім Маған құлшылық етуден такәшпарланып (бас тартса), Тозаққа қор болып кіреді”, - деді»** (Ғафир сүресі, 60-аят).

Бұл аяттағы «ду`а» сөзі екі мағынада келгендіктен, яғни ду`мәс-әлә (тілеу, сұрау дұғасы) және ду`а`ибәда (құлшылық ету), ғалымдар «жауап беремін» деген сөздерге екі тәфсир (түсінік) берген:

1) **«Маған ду`а етіңдер, сендерге жауап беремін»** - Менен сұраңдар, тілеңдер, сонда сендерге қалағандарыңды беремін;

2) **«Маған ду`а етіңдер, сендерге жауап беремін»** - Маған құлшылық етіңдер, сонда сендерге сауаптарыңды беремін.



Қорытындылай келе, Жын сүресінің 18-ші аятының мағынасын былай аударған дұрыс болады: «Расында, сәжде етілетін жерлер мен сәжде ететін мүшелер Аллаһқа тән. Сондықтан, Аллаһпен бірге ешкімге құлшылық етпеңдер, әрі ешкімнен тілемендер!»

**Үшіншісі: Елшіге бағынған және Аллаһты жалғыздаған адам үшін Аллаһ пен Оның елшісіне қарсы шыққан, тіпті ең жақын адамдарды болса да, сүю (дос тұту) тыйым салынған [38].**

[38] Исламға берген анықтамаларының бірінде, ғалымдар былай деген: «Ислам – бұл Аллаһқа таухид (жалғыздау) арқылы бойұсыну, әмірлерін орындау арқылы бағыну және ширк (серік қосу) мен мушриктерден (серік қосушылардан) аулақ болу». Сондықтан, Исламды ұстанатын адам иман және иман келтіргендерді жақсы көріп, ширк пен ширк етушілерді жек көру керек. Мұсылман Аллаһ жақсы көретін кісілерді жақсы көреді, әрі Аллаһ жек көретіндерді жек көреді. Ал кәпір (имансыз, дінсіз) адам – Аллаһтың жауы. Аллаһ Тағала былай деді: «**Әй, иман келтіргендер, Менің жауымды және өздеріңнің жауларыңды дос тұтпаңдар! Сендер оларға сүйіспеншілік танытасыңдар, ал олар болса сендерге келген ақиқатқа сенбейді**» (Мумтахана сүресі, 1-аят).

Тағы да Аллаһ: «**Расында, Ол кәпірлерді жақсы көрмейді**», - деп айтты.

Аллаһ үшін жақсы көру (дос тұту) және Аллаһ үшін жек көру (аулақ болу) Аллаһқа деген сүйіспеншіктің кемелдігінен болып есептеледі.

Аллаһқа серік қосатын кісілерді жақсы көру (дос тұту) – ауыр күнәлардың бірі. Кейде ол дінсіздікке де апаруы мүмкін. Сондықтан, ғалымдар кәпірлерді жақсы көру мәселесін екіге бөліп қарастырады:

1) *Әт-тәуәлли* – бұл ширкті және мушриктерді (көпқұдайшыларды), куфрды (дінсіздік) және кәпірлерді жақсы көру. Бұл анықтамада «және» жалғаулығына көңіл аудару қажет. Сондай-ақ, *әт-тәуәлли* дегеніміз бұл – адамның ширкті сүймесе де, бірақ дінсіздік Исламды жеңсін деген мақсатпен, мұсылманға қарсы күресінде кәпірлерге көмек көрсетуі. Кәпірлерді жақсы көрудің бұл түрі мұсылманды Ислам дінінен шығарып жібереді, яғни *әт-тәуәлли куфрун әкбәр* (үлкен имансыздық) болып табылады (Аллаһ бізді одан сақтасын). *Әт-тәуәллидің* діннен шығарып жіберетін күнә екеніне дәлел – Аллаһтың келесі сөздері: «**Ал сендерден кім оларды жақсы көрсе (дос тұтса), ол – солардан**» (Мәида сүресі, 51-аят).

2) *Әл-Муалә* – бұл кәпірлер (имансыздар) мен мушриктерді (көпқұдайшыларды) дүние үшін жақсы көру. Мысалы, олардың ақшалары немесе туыстық жақындықтары үшін және т.с.с жақсы көру. Кәпірлерді жақсы көрудің бұл түрі харам (тыйым салынған) болғанымен, адамды діннен шығаратын куфр болып есептелмейді. Бірақ, егер адам кәпірлерді дүние үшін жақсы көретін болса, әрі сол уақытта оларға, Исламды жеңсін деген мақсатпен қолдау және көмек көрсетсе, онда ол *әт-тәуәллиге* айналып кетеді. *Әл-муаләның* діннен шығармайтын күнә екеніне дәлел ретінде, мына аятты келтірсек болады: «**Әй, иман келтіргендер! Менің жауымды және өздеріңнің жауларыңды дос тұтпаңдар! Сендер оларға сүйіспеншілік танытасыңдар**» (Мумтахана сүресі, 1-аят).



Ғалымдар былай деді: “Бұл аятта Аллаһ мушриктерді дос тұтқан немесе сүйіспеншілік танытқан адамдарды **«иман келтірген»** деп атады. Демек, кәпірлерді жақсы көрудің, діннен шығармайтын түрі де бар”.

Сондай-ақ, бұл жерде Хатыб ибн Әби Балта`аның хадисін келтірсек болады. ‘Али ибн Әбу Талиб былай деп хабарлаған: “Бірде Аллаһтың Елшісі (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аз-Зубәйрді, әл-Миқдад ибн әл-Әсуәдты және мені бір істі орындау үшін жіберіп, былай деді: **«Хах бағына қарай аттаныңдар, ол жерде хаты бар әйелді табасыңдар. Одан сол хатты алып қойыңдар»**. Біз аттарымызды баққа жеткенше қуа бердік. Сол жерде біз әйелді көріп, оған: «Хатты бер!» - дедік. Ол: «Менде хат жоқ!» - деді. Ал біз: «Хатты бермесең, сенің киіміңді шешіп тастаймыз!» - дедік. Содан соң ол шашының арасынан хатты алып шықты, ал біз оны алып, Аллаһтың Елшісіне (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайта оралдық. Бұл хатта Хатыб ибн Әби Балта`а Мекке мушриктеріне Аллаһтың Елшісінің (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір жоспарлары туралы жазған болатын. Пайғамбар (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Сені бұған не итермеледі, әй Хатыб?!»** - деп сұрады. Хатыб: «Әй, Аллаһтың Елшісі, маған қатысты қорытынды шығаруға асықпа! Мен құрайшытықтардың арасында тұрдым, бірақ мен олардың біреуі емеспін. Муһаджирлердің Меккеде мал-мүлкі мен жанұяларын қорғайтын қандас туысқандары бар. Ал мен олармен қандас туысқандығым болмағандықтан, олардың арасынан отбасымды қорғайтын өзіме одақтас тапқым келіп еді. Мен мұны істегенімнің себебі - күпірлік, діннен бас тарту, немесе күпірлікке жақын болу емес!» Сонда Аллаһтың Елшісі (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ол сендерге шындықты айтты!»** - деді. Сонда Омар (Аллаһ оған разы болсын): “Маған рұқсат бер, мен бұл екіжүздінің басын шауып тастайын!” - деді. Бұған Пайғамбар (оган Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап берді: **«Ол Бәдр шайқасының қатысқан кісі, сен қайдан білесің, Аллаһ Бәдр шайқасының қатысушыларына қарады да: «Қалағандарыңды істеңдер, өйткені Мен сендерді кешірдім», - деді»**” (әл-Бухари 3007, 3983, 4274, 6259, 6939, Муслим 2494). Ғалымдар былай деді: “Аллаһ Тағала: **«Қалағандарыңды істеңдер»**, - деп, олардың мұсылман күйінде өлетінін біліп айтты”.

Түсінгеніміздей, Хатыб дүние пайдасын көздеп қана мушриктерге көмек көрсетті. Яғни оның дінсіздік Исламды жеңсін деген мақсаты болған жоқ еді.

Аллаһты және Оның елшісін жақсы көретін адам олардың жаулары болып табылған кәпірлерді жақсы көруі мүмкін емес. Бұл ақылға сыймайды!

Бір ғалым былай деген:

Сүйіктіңнің жауларын өзіңе дос, бауыр қып,  
Сөйте тұра Аллаһты сүйем дейсің даурығып.  
Сүйікті Оның құлдары – нағыз жауың, нақ қасың,  
Сеніңше осы махаббат па?  
Әй, шайтанның жақтасы!

Аллаһ Тағала былай деді: **«Әй иман келтіргендер! Егер әкелерің, туыстарың иманнан гөрі куфрды (имансыздықты) жақсы көрсе, оларды дос тұтпаңдар. Ал сендерден кім оларды дос тұтса, онда олар залымдар. (Оларға) былай де: “Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Аллаһтан, Оның елшісінен әрі Оның**

жолында күресуден сүйкімдірек болып көрінсе, Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіндер» Аллаһ бұзық елді тура жолға салмайды» (Тәуба сүресі, 23-24-аяттар).

Тағы да Аллаһ Тағала былай айтты: «Расында, сендерге Ибраһим мен оның қасындағыларда көркем үлгі болды! Олар өз қауымдарына: “Шын мәнінде, біз сендерден де, сендердің Аллаһтан өзге құлшылық еткендеріңнен де бездік. Сендерге қарсы шықтық. Енді, жалғыз ғана Аллаһқа иман келтірмегендеріңше, арамызда қастық пен жек көру әрқашан жалғасады”, - деді» (Мумтахана сүресі, 4-аят).

**Бұған дәлел ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтіреміз:**

**Аллаһқа және Ахырет Күніне иман келтіргендердің арасында, Аллаһ пен Оның елшісіне қарсы шыққан кісілерді жақсы көретін адамдарды таппайсың [39]. Олар (яғни, қарсы шыққандар) әкелері, балдары, бауырлары, туыстары болса да. Олардың [40] жүректеріне (Аллаһ) иман жазып [41], Өз тарапынан рухпен қолдады [42]. Және оларды астарынан өзендер ағатын, онда мәңгі қалатын Жәннаттарға кіргізеді [43]. Аллаһ оларға разы, ал олар Аллаһқа разы [44]. Міне, солар – Аллаһтың тобы [45]. Расында, Аллаһтың тобы жетістікке жетеді» (Мужәдәлә сүресі, 22-аят).**

[39] «**Таппайсың**» – бұл пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағытталған сөздер. Яғни, Аллаһқа және Оның елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман келтірген адамның, кәпірлерге деген сүйіспеншілігі – ешқашан да көрініс таппайтын нәрсе. Ал егер оларды жақсы көрсе, онда ол, қалай мәлімдесе де, иман келтірген болып саналмайды.

[40] «**Олар**», яғни Аллаһ пен Оның елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарсы келгендерді жақсы көруден аулақ болғандар.

[41] «**Жүректеріне иман жазды**», яғни Аллаһ олардың жүректерінде иманды берік қылып орнатты.

[42] «**Өз тарапынан рухпен қолдады**». Құран Кәрімде «рух» сөзінің бір неше мағынасы бар:

1) Ол арқылы адам өмір сүре алатын *жан*. Аллаһ Тағала былай деді: «**Олар сенен жан рух (жан) туралы сұрайды. Оларға: “Рух (жан) – Раббымның әмірінен. Ал сендерге өте аз білім берілді”, - деп айт**» (Исра сүресі, 85 -аят).

2) *Қасиетті Құран*. Аллаһ Тағала былай деді: «**Осылай, Біз саған әмірімізден рух (Құран) уахи еттік**» (Шура сүресі, 52-аят).

3) *Жәбрәйіл періште*. Аллаһ Тағала былай деді: «**Былай айт: “Оны Раббыңнан киелі рух (Жәбрәйіл) ақиқат бойынша, иман келтіргендерді күшейту үшін, сондай-ақ мұсылмандарға тура жол және сүйінші ретінде түсірді”**» (Нахл сүресі, 102-аят). Тағы да Аллаһ былай деді: «**Онымен бірге сенімді рух (Жәбрәйіл) түсті**» (Шу`ара сүресі, 193-аят).

4) Күш, қуат. Аллаһ Тағала былай деді: «**Олардың жүректеріне иман жазды да, Өз тарапынан рухпен (күшпен, қуатпен) қолдады**» (Мужәдәлә сүресі, 22-аят).

[43] «**Онда мәңгі қалатын Жәннаттарға кіргізеді**», яғни олар ол жерден ешқайда ауыстырылмайды. Аллаһ Тағала: «**Олар еш өзгеріс, ауысуды қаламайды**», - деді (Кәһф сүресі, 108-аят). Олар өлімнен де қорықпайды, ол жерден біреу шығарып не қуып жібереді деп те қауіптенбейді. Ал бұл дүниеде басқаша. Адам зәулім сарайларда өмір сүруі мүмкін, бірақ ол өлімнен құтыла алмайды. Сол сияқты ол оны жаулап алып, тұрақтаған жерінен қуып жіберетін кісілерден де аман емес. Осы дүниеде адам үнемі қауіп-қатерде жүреді. Бірақ, егер ол Жәннатқа барса бақыт пен тыныштыққа кенеледі.

Жәннат сөзі араб тілінде бақша деген мағына береді. Бақша ағаштармен жасырылған соң Жәннат деп аталды. Өйткені, “жәнна” етістігі “жасыру, тасалау, бүркеу” дегенді білдіреді. Жындар да, бізге көрінбейтіні себепті, «жиннун, жиннатун» деп аталған. Сол үшін ананың құрсағындағы ұрықтың да арабша баламасы «жәнин, әжинна» сөздері болып табылады. Дәл сол себеппен, арабшасы «жәнән, әжнән» болған жүректің де «жәннә» деген сөзбен түбірлес екенін көреміз.

[44] «**Аллаһ оларға разы, ал олар Аллаһқа разы**». Оларды кәпір (имансыз) болған жақындары мен туыстары жек көріп кеткенде, Аллаһ оларға сый ретінде Өзінің разылығына бөледі. Жаратылыстардың ашуы, Жаратушының разылығымен алмасты. «**Аллаһ оларға разы, ал олар Аллаһқа разы**».

[45] «**Міне, солар – Аллаһтың тобы**», яғни Аллаһ жолындағы жамағат. Ал кәпірлерге келсек, олар Аллаһ Тағала айтқандай: «**Шайтанның тобы**» (Мужәдәлә сүресі, 19-аят), яғни шайтанның жолындағы жамағаты, шайтанның көмекшілері болып табылады.

“Әл-Уәлә уәл-Бәра” (дос тұту және аулақ болу) мәселесі кәпірлерді жек көру және оларды дос тұтумен байланысты. Бұдан біз дүниауи пайда әкелетін істерде де олармен қарым-қатынастың бәрін үзу керек деп түсінбеуіміз қажет. Кәпірлермен мынадай қарым-қатынастарда болу рұқсат етіледі:

1) Біз оларды жек көрсек те, оларды жау деп есептесек те, оларды міндетті түрде Аллаһқа шақыруымыз керек. Оларды тастап қоймай, Ислам қабылдауға шақыру парыз болып саналады. Мүмкін, Аллаһ оларды тура жолға салады.

2) Қажет болса, кәпірлермен уақытша бітім жасауға болады. Мұсылмандар әлсіз болса, әрі дінсіздер тарапынан қауіп төнуден қорықса, олармен уақытша келісімге келудің еш айыбы жоқ. Аллаһ Тағала: «**Егер олар бейбітшілікке бейімдесе, сен де оларға бейімде**», - деп айтты (Әнфал сүресі, 61-аят).

3) Егер олар мұсылмандарға жақсылық істесе, оларға жақсылықпен қайтару тыйым салынбайды. Аллаһ Тағала былай деді: «**Сендермен дін үшін соғыспаған, әрі үйлеріңнен құмаған адамдарға игілік жасап, олармен әділ болуға Аллаһ тыйым салмайды. Расында, Аллаһ әділ болғандарды жақсы көреді**» (Мумтәхана сүресі, 8-аят).

4) Мұсылман бала өзінің кәпір ата-анасына жақсылық жасау керек. Алайда, оларға имансыздықта бағынуға болмайды. Аллаһ Тағала былай деді: «**Адамға ата-анасына (игілік жасауды) өсиет еттік. Анасы оған әлсіздік үстіне әлсіздікпен жүкті болды және екі жылда омырауынан ажыратты. Маған және ата-анаңа шүкір ет, өйткені қайтатын**

жерің Мен жақ. Ал егер ол екеуі, ол туралы білімің жоқ болған нәрсені Маған серік қосуға бұйырса, оларға бағынба. Сонда да олармен дүниеде жақсы жолдас бол. Әрі Маған бет бұрған кісілердің жолына ер!» (Лукман сүресі, 14-15-аяттар). Әке-шешені кәпір болғанымен, олардың сенен ақысы бар. Олардың саған берген тәрбиесі үшін және асырап, баққаны үшін алғысыңды көрсет. Бірақ, имансыз болғандығы үшін оларды жүрегіңмен сүйе болмайды.

5) Дінсіздермен сауда-саттық қарым-қатынас жүргізудің оқасы жоқ. Өйткені, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кәпірлермен мұндай қатынаста болған еді. Мысалы, Хайбардағы яһудилермен экономикалық келісімдері болған. Бұл оларды жақсы көру немесе дос тұтуға жатпайды. Сол сияқты, олардан қарыз алуға болады. Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір яһудиден үй ішіне тамақ алып, оған өз сауытын кепілдікке қалдырып кеткен. Бұл дүниауи істер болып табылады, әрі ол адамның жүрегінде кәпірлерге деген махаббат пен сүйіспеншіліктің бар екенін білдірмейді. Осы нәрсені ажырата білу қажет! Өйткені, кейбір адамдар кәпірлермен жауласу және оларды жақсы көрмеу жөнінде айтылған мәтіндерді көрсе, олармен қарым-қатынаста болмау керек және байланыстың барлығын үзілді-кесілді тоқтату қажет деп түсінеді. Алайда, олай болмау керек. Бұл мәселенің Құран мен Сүннеттен ғалымдар шығарған шарттары бар, соларға назар аударуымыз міндетті.

6) Аллаһ Тағала Кітап Иелерінің (яһудилер мен христиандар) әйелдеріне үйленуге рұқсат етті. Алайда, ол әйелдер ар-намыстары таза, адал, абыройлы болу тиіс. Тағы да Аллаһ, Кітап Иелерінің бауыздаған малдарын жеуге де рұқсат етті.

7) Олар қонаққа шақырса, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сияқты, шақыруына жауап беріп, халәл тамақтарын жеудің ешқандай проблеммасы жоқ.

8) Кәпір көршілерге игілік жасау керек, себебі оларда көршінің ақысы бар.

9) Оларға зұлымдық жасау тыйым салынған. Бұл туралы Аллаһ былай деді: «**Бір елге деген өшпенділіктерің, оларға зұлымдық жасауға итермелемесін. Әділ болыңдар, сол тақуалыққа жақынырақ!**» (Мәйда сүресі, 7-аят).

**Біл, Аллаһ сені Өзіне бағынуға жетелейтін тура жолмен жүргізсін, әл-ханифия [46] – бұл Ибраһимнің діні [47]. (Оның мәні) жалғыз Аллаһқа құлшылық етіп, дінді шын ықыласпен орындау [48]. Бұны Аллаһ барлық адамдарға бұйырып, сол үшін оларды жаратқан еді [49].**

[46] Ханифия дегеніміз бұл – Аллаһқа серік қосудан (ширктен) бет бұрып, таухидке (бірқұдайшылыққа) бейімделу. Ал ханиф – ол ширктен бет бұрып, таухидке қарай бейімделген адам. Бірінші сөз де, екінші сөз де “әл-ханәф” сөзінен шыққан, оның мағынасы: бір нәрсеге қарай иілу, бейімделу.

Ибн `Аббас былай деген: “Бір күні Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): “Аллаһ үшін ең сүйкімді дін қандай?” - деген сұрақ қойылды. Ол былай жауап берді: «**Жеңіл ханифия (бірқұдайшылық) діні!**»” (Ахмад 2107. Хадистің сенімділігін хафиз Ибн Хәжәр, хафиз әл-`Аяли, шейх Ахмад Шәкир, шейх әл-Әлбәни және Шу`айб әл-Арнәут растаған). Бұл жерде “ханафия” деп аталатын имам Әбу Ханифаның мазһабы жайында әңгіме болып жатқан жоқ. Ханифия – бұл Аллаһты жалғыздайтын, өтірік пен жалғаннан таза болған дін.



Имам әс-Синди мен имам әл-Мунәуи айтқандай, Ибраһим және Мұхаммед пайғамбарлардың (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дініне ерген адам ханиф болып табылады (Қараңыз: “әл-Хашия” және “Фәйдул-Қадир” 1/205).

Хадистегі «**жеңіл дін**» сөздері шектен шығушылықтан аулақ болуды білдіреді. Шейх Ибн әл-Қайим былай деген: “Ханифия жеңілдікпен бірге аталған, өйткені ханифия діні – бұл бірқұдайшылық және істердегі жеңілдік. Бұған екі нәрсе қарама-қарсы тұрады, олар: ширк (көпқұдайшылық) пен рұқсат етілгенді тыйым салу” (Қараңыз: “Иғасатул-дәһфан” 1/135). `Абдуллаһ ибн Әбу Язид әл-Әнсари: “Өздеріңді Аллаһ атаған есімдермен атаңдар: ханифия, ислам және иман!” - деді (Ибн Әбу Шәйба. Қараңыз: “әд-Дуррул-мәнсур” 6/81).

[47] Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ханиф, мұсылман болған. Аллаһ Тағала ол туралы: «**Расында, Ибраһим үлгі болған. Ол үнемі Аллаһқа бойұсынып жүрген ханиф еді, әрі серік қосушылардан емес еді**» (Нахл сүресі, 120-аят).

Ханиф – Ибраһим пайғамбардың қасиеттерінің бірі, себебі ол ширктен бас тартып, толығымен жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге бет алған кісі еді. Аллаһ Тағала былай деді: «**Кейін саған: “Ханиф болған Ибраһимнің дініне ер!” - деп уахи еттік**» (Нахл сүресі, 123-аят). Тағы да Ол былай деді: «**Ибраһим яһуди де, христиан да болған жоқ. Ол – ханиф, мұсылман еді. Әрі серік қосушылардан емес еді**» (Әли Имран сүресі, 67-аят).

Ибраһимнің діні – таухид (бірқұдайшылық). Осы дінді ол өз ұрпақтарына қалдырып кеткен. Аллаһ Тағала былай айтты: «**Сол кезде Ибраһим өз әкесі мен еліне: “Шын мәнінде, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын). Бірақ мені жаратқан басқа, Ол мені тура жолға салады”, - деді**» (Зухруф сүресі, 26-27-аяттар). Қарап тұрсақ, «**Сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын)**» сөздерінде теріске шығару, ал «**бірақ мені жаратқан басқа**» сөздерінде бекіту, растау бар. Яғни, осы сөздерімен Ибраһим пайғамбар Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл нәрсені теріске шығарып, құлшылықты тек Аллаһқа ғана арнау керегін растады. Бұл – “*Лә иләһа илләл-лаһ*” сөздерінің мағынасымен толық сәйкес келеді. Өйткені, “*Лә иләһа*” – бұл құлшылық етілетін объектілерінің барлығын теріске шығару, ал “*илләл-лаһ*” – құлшылыққа лайықты тек Аллаһ Тағала екенін растау. Одан кейін Аллаһ Тағала: «**Мүмкін оған оралар деп оны ұрпақтарында қалатын сөз ретінде мұра етті**», - деді (Зухруф сүресі, 28-аят). Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) “*Лә иләһа илләл-лаһ*” сөзін қалдырған еді. Өйткені, ол: «**Мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын). Бірақ мені жаратқан басқа**», - деп айтты. Ал бұның мағынасы “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ” болған сөзбен, толығымен сай келіп тұр.

Ғалымдар “*Лә иләһа илләл-лаһ*” сөзі “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты болған шынай тәңір жоқ” деген мағына береді деген. Себебі, Аллаһ Тағала былай айтты: «**Бұл өйткені, Ол Аллаһ – Шынайы (Хақ), ал Одан басқа құлшылық етілетін нәрселер – жалған**» (Хаж сүресі, 62-аят).

Бүкіл пайғамбарлар таухидке (Аллаһты жалғыздауға) және “*Лә иләһа илләл-лаһ*” сөздеріне шақырған еді. Алайда, Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Мұхаммедтен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейінгі ең ұлы елші болған соң, әрі пайғамбарлардың атасы болып саналған соң, өйткені одан кейінгі келген елшілер мен пайғамбарлардың барлығы Ибраһимнен тараған еді, сондай-ақ басқасы көрмеген сынақты ол көрген соң, Аллаһтың халилі (сүйіктісі) болған соң «**Аллаһ Ибраһимді Өзінің халилі (сүйіктісі) етті**» (Ниса сүресі, 125-аят), ханифияны (Аллаһты жалғыздау дінін) біз оған

теліп, ол пайғамбарды ерекше атап отырмыз. Ал одан кейін жіберілген бүкіл елшілер Ибраһимнің осы дінін ұстанған. Тіпті пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибраһимнің дініне еру бұйырылған: «**Кейін саған: “Ханиф болған Ибраһимнің дініне ер!” - деп уахи еттік**» (Нахл сүресі, 123-аят). Және де Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне де ханифия діні әмір етілген: «**Ол сендерді таңдап, діндеріңде ешқандай қиыншылық жасаған жоқ. Әкелерің Ибраһимнің діні осындай. Аллаһ сендерді мұсылман деп атады**» (Хаж сүресі, 78-аят).

**[48] «Жалғыз Аллаһқа құлшылық етіп, дінді шын ықыласпен орындау».** Біз осы екі нәрсені бірге алып жүруіміз керек: құлшылық және ықылас. Кімде-кім Аллаһқа құлшылық ететін болса, бірақ дінді шын ықыласпен орындамаса, оның құлшылығы ештеңе емес. Адам Аллаһқа құлшылық етеді: намаз оқиды, ораза тұтады, қажылық жасайды, садақа береді және тағы да басқа көптеген ізгі амалдар жасайды, алайда егер ол осыларды шын ықыласпен орындамайтын болса, мысалы рия жасап, адамдардың мақтауын қаласа, оның істеген істері қабыл болмайды. Сол сияқты, егер адам Аллаһтан басқа біреуден тілейтін болса, Аллаһтан басқа біреуден көмек сұрайтын болса, Аллаһтан өзге біреуге құрбандық шалатын болса, ол құлшылығында ықыласты болды деп есептелмейді. Ондай адам – Аллаһқа серік қосушы (мушрик).

Бүгінгі таңда, өздерін Ислам дініне жатқызатын көптеген адамдар Аллаһтан басқаға дұға етеді, қабірлер мен кесенелерге құлшылық етеді, олардан береке тілеп, құрбандық шалады, өліктерден қолдау тілейді. Осындай кісілер пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстанып жүрген Ибраһимнің дінін мүлдем ұқпады немесе оның мәнін біле тұра, қарсы шықты. Ибраһимнің діні – бұл ханифия діні, яғни ширк атаулысынан толығымен бет бұрып, таухидке қарай толығымен иілу. Ол – құлшылықтың барлығын жалғыз Аллаһ үшін шын ықыласпен орындау.

Аллаһ Тағала былай деді: «**Ақымақ біреуден басқа, Ибраһимнің дінінен кім бет бұрады? Біз оны бұл дүниеде таңдаған едік, ал Ақыретте ол ізгілердің қатарында болады. Сол кезде оған Раббысы: “Бойұсын!” - деді. Ол: “Мен әлемдердің Раббысына бойұсындым”, - деп айтты. Осыны, Ибраһим мен Яқуб өз балдарына өсиет етті. (Яқуб былай деді): “Әй, балдарым! Расында, Аллаһ сендерге дінді таңдады. Сондықтан, тек мұсылман күйде ғана өліңдер!”**» (Бақара сүресі, 130-132-аяттар).

**[49]** Бұған дәлел ретінде мына аятты келтірсек болады: «**Әй, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер. Ол сендерге жерді төсеніш етті, көкті төбе қылды. Аспаннан су ағызып, сол арқылы сендерге жемістерден ризық шығарды. Енді біле тұра, Аллаһқа серік қоспаңдар!**» (Бақара сүресі, 21-22-аяттар).

**Аллаһ Тағала: «Мен жындар [50] мен адамзатты тек Маған құлшылық [51] етулері (йә`будун) үшін ғана жараттым [52]», - деді (Зәрият сүресі, 56-аят). «Йә`будун» сөзінің мағынасы - «юаххидун» (жалғыздау) [53].**

**[50]** Жындар – бұл ғайып (көмес, жасырын) әлемдердің бірі. Олар бізге көрінбейді. Бірақ

оларды, көрінбегендіктен жоқ деп есептеуге болмайды. Құлшылық ету олардың да міндеті болып табылады. Адам баласы секілді, олар да ширк етуден (серік қосудан) және басқа да күнә жасаудан қайтарылған.

Адам баласы топырақтан жаратылған болса, жындар оттан жаратылған. Олардың ішінде мұсылмандары мен кәпірлері бар.

**[51] Құлшылықтың екі түрі болады:**

1) *Кәуния* (болмыстық) – бұл бүкіл жаратылыстың Аллаһтың әміріне, ерікті не еріксіз түрде бағынуы. Аллаһ Тағала былай деді: **«Аспандар мен жердегі бүкіл нәрсе ерекше Мейірімдіге құл болып келеді»** (Мәриям сүресі, 93-аят). Бұл мағынада, кәпір де (имансыз да), мүмін де (иманды да) Аллаһтың құлдары болып табылады.

2) *Шәр`ия* (шариғи) – бұл шариғат талаптарына сай, ерікті түрде Аллаһқа бойұсыну. Бұл тұрғыдан, Аллаһқа бойұсынып, Оның елшілері әкелген нәрсеге ерген адамдар ғана Аллаһтың құлдары болып табылады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Ерекше Мейірімдінің құлдары жер бетінде сыпайы жүреді, ал егер оларға надандар тіл тигізсе: “Сәлем!” - деп айтады»** (Фурқан сүресі, 63-аят).

Құлшылықтың бірінші түрі туралы айтар болсақ, ол үшін адам мақталмайды. Өйткені, ол істерде оның қалауы мен ерігі жоқ. Бірақ, сөз Аллаһтың жазған қиыншылықтары жайында болып жатса, онда адам оларға сабыр етіп, Аллаһтың сауабына үміт ете алады. Ал құлшылықтың екінші түріне келер болсақ, ол мақтаулы құлшылық болып табылады.

**[52]** Аллаһ Тағала жындар мен адамдарды тек Өзіне құлшылық етулері үшін ғана жаратты. Аллаһ оларды тек осы мақсат үшін жоқтан бар етті. Бірақ Ол жаратылыстарының ғибадаттарына мұқтаж емес.

Аллаһ Тағала былай айтты: **«Олардың Маған ризық бергенін де, тамақтандырғанын да қаламаймын. Расында, Ол Аллаһ – ризық Беруші, ұлы күш Иесі!»** (Зәрият сүресі, 57-58-аяттар).

Керісінше, Аллаһқа құлшылық ету – жаратылыстарға қажет нәрсе. Оның пайдасы оларға қайтады. Бағынушының бағынуы да, күнәһардың күнәсы да Аллаһқа еш зиян тигізбейді. Аллаһ Тағала былай деді: **«Егер сендер және жер бетіндегі бүкіл нәрсе бірдей кәпір болсаңдар, онда Аллаһ Бай (Мұқтаж емес), Мақтаулы»** (Ибраһим сүресі, 8-аят).

**[53]** Құлшылық дегеніміз – бұл таухид (Аллаһты жалғыздау), ал таухид дегеніміз – бұл құлшылық. Екі сөздің мағынасы бір. Сондықтан да, кім Аллаһты жаратуда, ризық беруде, өлтіру мен тірілтуде ғана жалғыз екенін мойындап, ал құлшылық еткенде Оған серік қосатын болса, ол қандай таухид үшін жаратылғанан түсінбеді. Біз Аллаһты құлшылық етуде жалғыздау үшін жаратылды.

**Аллаһ бұйырған ең ұлы нәрсе [54] – бұл таухид [55]. Ол: Аллаһты құлшылықта жалғыздау [56].**

**[54]** «Аллаһ бұйырған ең ұлы нәрсе – таухид», ең ұлы парыз – бұл Аллаһты жалғыздау, Нұхтан бастап, Мұхаммедке дейінгі бүкіл пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлме болсын) шақырған ең ұлы нәрсесі – таухид. Өйткені, таухид – бұл Аллаһтың құқығы!

[55] Таухид сөзі “*уаххада, йуаххиду*” сөзінен шыққан. Оның мағынасы: бір нәрсені жалғыздау, бірлеу. Ал бұл тек теріске шығару мен бекіту арқылы ғана жүзеге асады. Яғни, құлшылыққа жалғыз Аллаһ қана лайықты екенін айту үшін, алдымен Одан өзге құлшылық етілетін нысандардың барлығын теріске шығару қажет, содан соң жалғыз Аллаһ құлшылыққа лайықты екенін растау керек.

Таухидтің үш түрі бар:

1) *Таухид әр-рубубия* – бұл Аллаһты жалғыз Жаратушы, Иелік етуші, Басқарушы деп мойындау. Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһ – барлық нәрсенің Жаратушысы, әрі Ол – әр нәрсеге кепіл**» (Зумәр сүресі, 62-аят). Тағы да Ол былай деді: «**Әй, адамдар! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Аспан мен жерден сендерге ризық беретін Аллаһтан басқа Жаратушы бар ма? Одан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ! Сонда қалайша тентіреп бара жатсыңдар?**» (Фатыр сүресі, 3-аят).

2) *Таухид әл-улюһия* – бұл Аллаһты құлшылықта жалғыздау. Аллаһ Тағала былай айтты: «**Бұл өйткені, Ол Аллаһ – Шынайы (Хақ), ал Одан басқа құлшылық етілетін нәрселер – жалған**» (Хаж сүресі, 62-аят).

3) *Таухид әл-әсма-и уәс-сыйфат* – бұл Аллаһты, Оның көркем есімдері мен жоғары сипаттарында жалғыздау. Аллаһ Тағала былай деді: «**Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ол – Естуші, Көруші**» (Шура сүресі, 11-аят).

[56] Автор таухид сөзімен, оның екінші түрін, яғни таухид әл-улюһияны меңзеп тұр. Өйткені, таухидтің дәл осы түрін пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соғысқан мушриктер түсінбей, ол жайында адасуға түскен. Аллаһты жалғыздаудың дәл осы түрін адамзатқа жеткізу үшін елшілер жіберілген еді. Аллаһ Тағала былай деді: «**Біз әрбір халыққа: “Аллаһқа құлшылық етіңдер де, тағуттан аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік**» (Нахл сүресі, 36-аят).

Ал *таухид әр-рубубия* туралы айтар болсақ, оны барлық адамдар мойындаған. Аллаһ Тағала: «**Егер олардан: “Аспандар мен жерді кім жаратты?” - деп сұрасаң, олар былай дейді: “Оларды аса Үстем, Білуші жаратқан”**» (Зухруф сүресі, 9-аят). Ешкім ешқашан таухидтің бұл түрін теріске шығармаған, сол сияқты Аллаһқа бұл мағынада серік қоспаған. Тек Перғауын сияқты менмендіктің себебімен сырттай теріске шығарғандар болған. Ол былай деген еді: «**Мен сендердің жоғарғы раббыларыңмын!**» (Нази`ат сүресі, 24-аят), «**Сендерге өзімнен басқа тәңір білмеймін**» (Қасас сүресі, 38-аят). Алайда, ол іштей тек Аллаһтың ғана Тәңір, әрі Жаратушы екенін растаған. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай дейді: «**Олар зұлымдық пен менмендіктің себебімен теріске шығарған еді, ал іштерінде анық сенген**» (Нәмл сүресі, 14-аят). Тағы да Аллаһ Мұсаның Перғауынға айтқан сөздерін жеткізіп: «**Расында, сен бұларды түсірген, аспандар мен жердің Раббысы екенін білесің**», - деді (Исра сүресі, 102-аят).

Сондықтан да, жалғыз таухид әр-рубубияны мойындау, адамға мұсылман болу үшін жеткіліксіз болып саналады. Ол тағы да таухид әл-улюһияны қабылдау керек. Яғни, Аллаһтың Жаратушы, ризық Беруші, Өлтіруші, Тірілтуші екенін растау ғана Жәннатқа кіргізбейді, оған қоса адам Аллаһтың құлшылыққа лайықты жалғыз Тәңір екенін бекітіп растау керек.



**Ал Ол тыйым салған ең ұлы нәрсе – ширк [57], яғни Аллаһтан басқа біреуге құлшылық жасау, дұға ету [58].**

**Бұған дәлел [59] Аллаһтың келесі сөздері:**

**«Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар» [60] (Ниса сүресі, 36-аят).**

[57] Автордың бұл сөздерінен біз ұлы пайда аламыз: ширк – ең ұлы зұлымдық, ең ауыр қылмыс, ең үлкен күнә! Алайда кейбір адамдар ширктен өзге бір істерді ең үлкен күнә, әрі тыйым салынған ең ұлы қылмыс деп есептейді. Олардың айтуынша, рибамен (өсімқорлықпен) айналысу немесе зина жасау, ең үлкен күнә болып саналады-мыс. Сол себептен, ондай адамдар риба, зина сияқты күнәлардан қайтаруға, сондай-ақ, жаман мінез-құлықтарды өзгертуге қатты тырысады да, ширкке дұрыс көңіл бөлмейді. Бұл Аллаһтың шарифатына қатысты нағандықтың ең үлкен көрінісі болып табылады. Ширк – адам өлтіруден де, зина жасаудан да, арақ ішуден де, ұрлық жасаудан да ауыр. Одан асқан қылмыс жоқ!

Аллаһ Тағала былай деді: **«(Әй, Мұхаммед!) былай айт: "Келіңдер, сендерге Раббыларың нені тыйым салғанын оқып берейін: Оған ешнәрсені серік қоспаңдар, әрі ата-аналарыңа игілік жасаңдар. Кедейліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер. Сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз. Сондай-ақ, арсыздықтарға, олар жасырын болсын, жәрия болсын жақындамаңдар. Аллаһ тыйым салған жанды, еш ақысыз өлтірмеңдер. Бұны сендерге Аллаһ әмір етті, әрине түсінесіңдер!"»** (Ән`ам сүресі, 151-аят). Осы аятта, Аллаһ Тағала күнәларды атап өтіп, ең алдымен ширктен бастады.

Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **“Ең ауыр күнә қандай?”** - деп сұрақ қойылғанда, ол былай жауап берді: **«Сені Аллаһ жаратады, ал сен Оған серік қосасың»** (Бухари 6861, Муслим 86).

Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһпен бірге басқа бір тәңірге дұға да етпейтін, құлшылық та жасамайтыңдар, Аллаһ тыйым салған жанды, еш ақысыз өлтірмейтіндер және зина жасамайтыңдар. Ал кім осыларды істейтін болса, азапқа жолығады»** (Фурқан сүресі, 68-аят).

Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: **«Опатқа ұшырататын жеті күнәдан аулақ болыңдар!»** Оған: **“Әй, Аллаһтың елшісі, ол қандай күнәлар?”** - деген сұрақ қойылды. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһқа серік қосу, сиқырлықпен айналысу, Аллаһ тыйым салған жанды еш ақысыз өлтіру...»**, - деп жауап берді (Бухари 2766, Муслим 89). Осы хадисте де байқап отырғанымыздай, ең әуелі ширк күнәсы аталып отыр.

Бұның барлығы, ширктің ең үлкен күнә екеніне дәлел болып саналады. Сондықтан да, Аллаһқа серік қосатын адам ешқашан Жәннатқа кірмейді. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, кім Аллаһқа серік қосса, оған Аллаһ Жәннатты харам етеді, әрі оның орны Тозақта болады. Залымдар үшін еш көмекші болмайды»** (Мәида сүресі, 72-аят).

Аллаһқа серік қосатын кісіні Аллаһ ешқашан кешірмейді. Аллаһ былай айтты: **«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді де, одан кішісін қалағанына кешіреді»** (Ниса сүресі, 48-аят).

Тағы да Ол: **«Шын мәнінде, ширк – ең ұлы зұлымдық!»** - деп айтты (Лукман сүресі, 13-аят).

Тағы да Аллаһ: **«Ал кім Аллаһқа серік қосса, ұлы күнә жасаған болады»,** - деді (Ниса сүресі, 48-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деді: **«Ал кім Аллаһқа серік қосатын болса, өте алыс адасумен адасады»** (Ниса сүресі, 116-аят).

Демек, Аллаһқа серік қосу – бұл ең ауыр күнә. Сол үшін ғалымдар мен білім ізденушілер осы тақырыпқа көбірек көңіл бөлу қажет. Әрі ширк мәселелерінде үндемей, салғырттық танытуларына болмайды.

### Ширктің екі түрі болады:

1) *Әш-ширк әл-әкбар* (үлкен ширк) – оны (сөз немесе амал) Шариғат ширк деп атады, әрі ол адамды діннен шығарып жібереді.

2) *Әш-ширк әл-асғар* (кіші ширк) – оны да (сөз немесе амал) Шариғат ширк деп атаған, сонда да оны істеген адам діннен шығып кетпейді.

Адам ширктің үлкен-кішісіне қарамай, одан аулақ жүру керек. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді де, одан кішісін қалағанына кешіреді. Ал кім Аллаһқа серік қосса, ұлы күнә жасаған болады»** (Ниса сүресі, 48-аят). Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, бұл аят Аллаһқа серік қосудың кез-келген көрінісіне қатысты: үлкеніне де, кішісіне де.

**[58]** Ширк дегеніміз бұл – Аллаһтан басқа біреуге дұға ету немесе құрбандық, нәзір, жәрдем мен медет тілеу, қорқу, үміт ету және т.б. сияқты құлшылықтың қандай да бір түрін Аллаһтан өзгеге арнау.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Шынайы шақыру Оған арналған. Ал, олардың Аллаһтан басқаға дұға ететіндері, оларға ештеңемен жауап бермейді»** (Ра`д сүресі, 14-аят).

Тағы да Ол былай айтты: **«Имансыздарға ұнамаса да, дінді ықыласты түрде орындап, Аллаһқа дұға ет!»** (Ғафир сүресі, 14-аят).

**[59]** Яғни, Аллаһ бұйырған ең ұлы нәрсе – таухид, ал тыйым салған ең ұлы нәрсе – ширк екеніне дәлел.

**[60]** Бұл аяттың толық нұсқасында он құқық туралы айтылған, сондықтан бұл аят «құқықтар аяты» деп аталды. Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар! Ата-аналарыңа игілік жасаңдар, сондай-ақ туыстарыңа, жетімдерге, кедейлерге, жақындарыңан болған көршілер мен жақын емес көршілерге, жандарыңдағы жолдастарыңа, жолаушыларға және қол астыңдағыларға (құлдарға) жақсылық жасаңдар. Негізінде, Аллаһ тәкәппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»** (Ниса сүресі, 36-аят).

Аллаһ Тағала құқықтар тізімінде ең бірінші Аллаһқа ғана құлшылық етуді қойды. Демек, таухид – бұл ең ұлы парыз. Содан соң, Ол ширкті тыйым салды да, сосын ғана қалған нәрселерді әмір етті. Демек, ширк – бұл ең үлкен харам.

**Егер сенен біреу: «Адам білуі парыз болған үш негіз [61] қандай?» - деп сұраса [62], оған былай жауап бер: «Ол адамның өз Раббысын [63], дінін [64] және пайғамбары Мұхаммедті [65] (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) тану».**

[61] Негіз (арабша “*ал-асл*”, оның көпше түрі “*ал-усул*”) дегеніміз бұл – оған басқа нәрсе құралған зат. Мысалы: қабырғаның негізі немесе оның фундаменті (іргетасы), немесе одан бұтақшалары тараған ағаштың діңгегі. Ал “тармақ” (арабша “*ал-фәр*”, оның көпше түрі “*ал-фуру*”) – бұл басқа затқа құралған нәрсе.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһ қалай мысал келтіретінін көрмедің бе? Жақсы сөз жақсы ағаш секілді, оның негізі (“асл”) берік, ал тармақтары (“ал-фәр”) аспанда»** (Ибраһим сүресі, 24-аят).

Бұл сөздерімен автор, әрбір адам қабірінде сұралатын үш негізге нұсқағысы келді. Өйткені, әрбір адамға мына үш сұрақ қойылады: **«Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?»**

[62] Бұл сөйлемді автор (оған Аллаһтың мейірімі болсын), оқырманның көңілін аудару үшін сұрақ түрінде келтірген. Өйткені бұл – маңызы өте зор, діндегі ұлы негіз болып саналады. Аллаһтың құлы қабірге қойылып, үстінде топырағы тегістеліп, адамдар оның қасынан ұзап, өз үйлеріне қайтқанда, оған қабіріне екі періште келеді де, оны қабірінде отырғызып, одан: **«Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім?»** - деп сұрайды. Біз түсіндірмесін беріп жатқан мына жолдау осы үш сауалдың жауабы болып табылады. Дәл осы жерден бастап, жолдаудың соңына шейін оқып шыққан адам, әлгі сұрақтардың жауабын табады. Ал егер ол осы ұлы негіздердің түсіндірмесін жақсылап біліп шықса, қабіріндегі сынақта берік болады. Өйткені, бұл жолдау дәлелдермен бекітілген. Қабірдегі сауалдар туралы сенімді (сахих) хадистердің бірінде, кейбір адамдардың аталмыш үш сұраққа: **«*Һә! Һә! Мен білмеймін! Адамдардың бірдеңе деп айтып жүргенін естіген едім, соны мен де қайталадым*»,** - деп жауап беретіні жеткізіледі. Осыған сүйеніп ғалымдар: **“Ақида мәселелерінде, әсіресе осы үш негізге қатысты мәселелерде, адамға тақлид (соқыр ілесу) көмектеспейді”**, - деп айтқан. Ал жолдаудың авторы жазып кеткен әрбір мәселеден кейін міндетті түрде дәлел келтіреді. Сондықтан, адам әрқашан дәлелдер біліп алуға тырысу керек, сосын ғана өз сенімін (ақидасын) сол дәлелдерге сай құру қажет. Дәлел білу керек дегенімізде, әруақытта оны есте сақтап жүру шарт деп айтқымыз келген жоқ. Алайда, егер адам өмірінде бір рет дәлел естісе, немесе оқыса, сосын соған сай өмір бойы амал етсе, онда ол иман келтірген құл болып қайтыс болады.

[63] **Аллаһ Тағаланы танудың бірнеше себептері бар:**

- Аллаһтың жаратылыстарына қарап ой жүгірту. Осылай адам Раббысын танып, Оның құдыретінің, хикметінің (даналығының) және рахметінің (мейірімінің) кемелдігіне көз жеткізе алады.

Аллаһ Тағала былай айтты: **«Олар аспандар мен жердің мүліктеріне және Аллаһ жаратқан әр нәрсеге қарамай ма?»** (Ағраф сүресі, 185-аят).

Ұлы Аллаһ тағы да былай айтты: **«Оларға былай айт: “Мен сендерді тек бір нәрсеге шақырамын: біреулеп, екеулеп Аллаһ үшін тұрыңдар да, сосын ой жүгіртіңдер”»** (Сәбә сүресі, 46-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, аспандар мен жердің жаратылуында, сондай-ақ түн мен күннің ауысуында ақыл иелері үшін белгілер бар»** (Әли `Имран сүресі, 190-аят).

Тағы да Ол: **«Расында, түн мен күннің ауысуында және Аллаһтың аспандар мен жерде жаратқанында тақуалар үшін белгілер бар»**, - деді (Юнус сүресі, 6-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, аспандар мен жердің жаратылуында, түн мен күннің ауысуында, адам баласына пайдалы нәрселермен теңізде жүзетін кемеде және Аллаһтың аспаннан түсірген, сосын онда түрлі жәндіктерді таратып, өлі жерді ол арқылы тірілткен суда, желдерде және аспан мен жер арасындағы бағынышты бұлттарды басқаруында, әлбетте ойланатын ел үшін белгілер бар»** (Бақара сүресі, 164-аят).

- Аллаһтың уахи арқылы елшілеріне (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірген шарияттағы аяттарға назар аударып, ой жүгірту. Адам осы аяттарға және оның түбінде жатқан ұлы пайдаларға зер салу керек, өйткені оларсыз адамның осы дүниедегі де, ақырет дүниесіндегі де өмірі дұрыс мүмкін емес. Сонымен, егер ол сол аяттарға көңіл аударып, ой жүгіртсе, сондай-ақ, оның қамтыған білімі мен даналығына және адамның пайдасына бейім реттелгеніне көз жеткізсе, онда өз Раббысын тани алады.

Аллаһ Тағала былай айтты: **«Неге олар Құран туралы ойланбайды?! Егер де ол Аллаһтан болмағанда, онда олар оның ішінде көптеген қарама-қайшылықтар табатын еді»** (Ниса сүресі, 82-аят).

- Аллаһ Тағала иман келтірген құлының жүрегіне сондай білім береді, адам ол арқылы өз Раббысын көзбен көріп жатқан секілді дәрежеге жете алады. Жәбрейіл періште пайғамбарымыздан (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Ихсан деген не?»** - деп сұрағанда, ол былай жауап берген: **«Ихсан – бұл Аллаһты көріп тұрғандай Оған құлшылық етуің, ал егер сен оны көрмесең, онда Ол сені көретінін (біліп) құлшылық етуің»** (Муслим).

**[64]** Яғни, екінші негізді немесе Оның дінін тану және соған сай міндетті түрде амал ету. Сонымен бірге, ол дін қамтыған даналықты, мейірімді және адамдарға әкелетін пайданы тану. Егер адам Ислам діні жайында шынайы ойланумен, яғни Құран мен Сүннетті негізге алып ойланатын болса, ол Исламның ақиқат дін екенін және тек ол арқылы ғана адамзат өзіне пайда әкелетін нәрсеге қол жеткізе алатынын түсінеді. Алайда, біз Исламды мұсылмандардың қазіргі жағдайымен салыстырмауымыз керек, өйткені олар ешуақытта салғырттық танытуға болмайтын көптеген үкімдерге немқұрайлы болды. Соның салдарынан, кейбір елдерде мұсылмандар арасында тұратын адам, кәпір елінде өмір сүріп жүргендей болып қалды.

Дегенмен Ислам дін ретінде, Аллаһқа шүкір, одан бұрынғы діндердің барлық пайдаларын жинап алған. Ол кез-келген заманға, кез-келген мекенге және кез-келген халыққа сай келеді. Сондықтан, Исламды ұстану халықтың мүддесіне, ол қай уақытта, қай жерде өмір сүрсе де қайшы келмейді.

**[65]** Бұл – үшінші негіз, пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану. Ол пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірін, оның жасаған құлшылығын, оның мінез-құлығын, оның Аллаһқа шақыруын және өмірінің т.б. жақтарын үйрену арқылы жүзеге асады. Сондықтан, Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы білімін арттырғысы келген адам оның сирасын үйрену қажет. Сол



арқылы, ол қуаныш пен қайғы кезінде, соғыс пен амаңдық заманында өзін қалай ұстау керегін ескеріп жүреді. Аллаһтан бізді іштей де, сырттай да пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еретіндердің қатарынан болуымызды нәсіп етуін сұраймыз! Расында, Ол – әрнәрсеге күші Жетуші!

## Бірінші негіз – Аллаһты тану [66]

**Егер сенен: «Раббың кім?» - деп сұрайтын болса [67], сен оған келесідей жауап бер: «Менің Раббым – мені және бүкіл әлемдерді Өз нығметтерімен тәрбиелеген Аллаһ [68]. Ол құлшылық ететін тәңірім [69]. Одан басқа құлшылығымды арнайтын тәңірім жоқ» [70].**

[66] Автор, оған Аллаһтың мейірімі жаусын, үш негізді жалпылай атап өткен соң, енді әрқайсысына жеке кірісіп, үшеуін бөлек-бөлек, Құран мен Сүннеттегі және Аллаһ жаратқан болмыстағы дәлелдермен, әрі ақылға сай айғақтармен баяндап шығуды қалады. Шын мәнінде, дәл осылай істеген дұрыс! Адамның сенімдері (*`ақида*) Құран мен Сүннеттегі дәлелдерге және Аллаһтың болмыстағы белгілеріне назар аударуға негізделу керек, сонда *`ақида* жүректе берік орнығып, мықты бекітіледі, әрі күдіктердің барлығы да жойылады. Ал түрлі күмәндарға (*аш-шубуһат*), жұрттың пайымдауларына және сөзі дәлел болып табылмайтын біреуге соқыр ілесуге (*тақлид*) негізделген сенімдер шайқалып, босап, ақырында адамды күдіктер мен күмәндарға апарады.

Демек, *`ақида* да, Исламның өзге үкімдері де, Құран мен Сүннетте келген және сау ақылға сай дәлелдерсіз мықты болып тұруы мүмкін емес. Міне сондықтан автор, оған Аллаһтың мейірімі жаусын, жолдауында айтып өткен әрбір негізден соң, міндетті түрде адамның жүрегінде нық сенімді тудыратын дәлелдерді келтірді.

[67] «**Раббың кім?**» – бұл сұрақ саған бұл дүниеде де, Ақыретте де қойылады, сондықтан міндетті түрде сен оның жауабын үйреніп алуға тиіссің. Беретін жауабың дұрыс, әрі дәлелге негізделген болу қажет.

[68] Раббы дегеніміз Ол – Өзінің бүкіл жаратылыстарын нығметтерімен тәрбиелейтін, ризығымен қоректендіретін, ескерілмейтін зат болғаннан кейін, аналарының құрсақтарында жаңа жаратылысқа айналдырып бар ететін, аналарының құрсақтарында болса да оларға ризығын жеткізетін Аллаһ. Сондықтан, құрсақтағы нәресте дамып, өсіп, үлкейіп жатады, себебі оған Аллаһтың ризығы жетіп тұрады.

Сосын оған жан үрленеді, бала қимылдап, Аллаһтың қалауымен, тіріле бастайды – бұл Аллаһтың ананың құрсағында беретін тәрбиесі. Ал нәресте туылған соң, Аллаһ Тағала оны денсаулық, есендік сияқты басқа да нығметтермен тәрбилеуді жалғастырады. Анасына мольнан сүт береді. Уақыт өте келе, бала омыраудан алынып, кәдімгі тамақ жейтін дәрежеге де жетеді. Содан соң, ақырын-ақырын өсіп құлақ, көз сияқты сезім мүшелері дамиды. Осылай адам үлкейіп ер жетеді және қырық жасында күш-қуаттың ең шыңында болады.

Сонымен, анасының құрсағында жаратқан күннен бастап, өлгенге дейін адамды тамақтандыратын кім? Тамағын жегізіп, суын ішкізіп, содан кейін осы қорегін денесіндегі әр

ағзасына апарып, үлестіретін кім? Әлгі тағамы мен сусынына тойдырып, сосын қажетсіз заттарды сыртқа шығарғызатын кім? Осының барлығын жасап, адам баласын тәрбиелейтін кім? Бұл – оны жаратып, тәрбиелеген Раббысы! Міне Сол, мені және бүкіл әлемдерді нығметтерімен ризықтандырған.

Жер бетіндегі барлық нәрсені: адам мен жануар әлемдерін, флора мен фаунаны, ең алып жаратылыстан бастап, ең кішісімен аяқтап, барлығын Аллаһ нығметтері мен несібесімен ризықтандырады.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Егер Ол Өз несібесін бермей қойса, онда кім несібесін береді?»** (Мүлк сүресі, 21-аят).

Тағы да Аллаһ: **«Аллаһ ризығын бермеген жер бетінде бірде-бір жәндік жоқ. Аллаһ олардың болатын жерлерін де, сақталатын орындарын да біледі»**, - деді (Һуд сүресі, 6-аят).

Тағы да Ол былай айтты: **«Өз ризықтарымен қамданбайтын қаншама жәндік бар! Аллаһ оларды да, сендерді де ризықтандырады. Ол – Естуші, Білуші»** (Анкәбут сүресі, 60-аят).

Бұның барлығын жасайтын – біздің Мейірімді Раббымыз ғой! **«Бұл – Аллаһ, сендердің Раббыларың. Сондықтан, Оған құлшылық етіңдер! Неліктен еске алмайсыңдар?»** (Юнус сүресі, 3-аят).

Бізді жаратқан да, ризықтандырған да, нығметтерімен тәрбиелеген де – Аллаһ. Ал түрлі пұттар, әулиелер мен әруақтар бұны жасай алмайды. Сондықтан, оларға емес, бірақ Аллаһқа құлшылықтарымызды арнауымыз қажет. Ал оларға келсек, олар сен сияқты жаратылыс қана.

Ұлы да, Құдыретті Аллаһтың Өз құлдарына берген нығметтері көп болғандығы соншалықты, оларды тіпті санап шығу да мүмкін емес. Аллаһ Тағала былай деді: **«Егер Аллаһтың нығметтерін есептейтін болсаңдар, санына жетпейсіңдер. Ал адам негізінде, залым әрі шүкірсіз»** (Ибраһим сүресі, 43-аят).

**[69] «Ол құлшылық ететін тәңірім»** деген сөздерден, біз «Раббым – Аллаһ! Ол мені ризықтандырды», - деп мойындау ғана, *“таухид әр-рубубияны”* растау ғана жеткіліксіз болып табылатынын түсінеміз. Оған қоса, адам Аллаһқа құлшылық ету керек. Құлшылық еткенде де ықыласты болуға тиіс. Көпқұдайшылар Аллаһты Жаратушы, Ризықтандырушы, Өлтіруші, Тірілтуші екенін растаған еді, алайда құлшылыққа келгенде, Аллаһпен бірге басқа біреуге ғибадаттарын арнайтын. Осы мушрик (көпқұдайшыл) пен муаххидтің (бірқұдайшыл) арасындағы айырмашылық. Муаххид: «Раббым - Аллаһ. Мен Оған ғана құлшылық етемін», - десе, мушрик: «Раббым – Аллаһ!» - деп айтады да, сонымен бірге Аллаһтан басқа тал мен тасқа, әулиелер мен ізгілерге, қабірлер мен кесенелерге құлшылық етеді. Бірақ оның рубубияны (яғни Аллаһтың істеріндегі жалғыздығын) мойындауы, оған ешқандай пайда әкелмейді және Ислам дініне кіргізбейді.

**[70]** Яғни, мен Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпеймін. Оны ғана ұлықтап, оны ғана сүйіп, бұйырғанын барлығын орындаймын әрі тыйым салған барлық нәрсесінен аулақ жүремін. Аллаһтан өзге ешкімге құлшылық етпеймін. Елшілердің ең абзалы болсын, періштенің ең ардақтысы болсын, ешкім құлшылығыма лайықты емес. Аллаһ Тағала былай деді: **«Сенен бұрын қандай елші жіберсек те, оған: “Менен басқа**

құлшылыққа лайықты тәңір жоқ, Маған құлшылық етіндер”, - деп уахи ететін едік» (Әнбия сүресі, 25-аят).

Тағы да Ол былай айтты: «Оларға тек Аллаһқа дінді шын ықыласпен ханиф түрінде орындау арқылы құлшылық ету, намаз оқу және зекет беру ғана бұйырылған еді. Міне, осы – түп-тура дін!» (Бәйина сүресі, 5-аят).

**Бұған дәлел ретінде [71] Аллаһтың келесі сөздерін келтіруге болады: «Әлемдердің Раббысы – Аллаһ барлық мақтауларға лайық» [72] (Фатиха сүресі, 1-аят). Аллаһтан өзге барлық нәрсе әлем болып табылады, әрі мен де сол әлемнің бірімін [73].**

[71] Яғни, болмыстағы барлық нәрсені Аллаһ жаратып, тәрбиелегеніне келесі аят дәлел болады.

[72] «Әлемдердің Раббысы – Аллаһ барлық мақтауларға лайық». Бұл – Құран кітабындағы (мусхаф) ең алғашқы аят. Оның алдында тек «Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!» деген аят қана бар.

Өзіне мақтаулар айтып, Аллаһ жаратылысты бастады: «Аспандар мен жерді жаратқан және қараңғылықтар мен нұрды жасаған Аллаһ барлық мақтауларға лайық» (Ән`ам сүресі, 1-аят).

Өзінің мақтауға лайық екенін баяндап, Ол жаратылысты аяқтады: «Олардың арасында ақиқат бойынша үкім етіледі де, “Әлемдердің Раббысы – Аллаһ барлық мақтауларға лайық”, - деп айтылады» (Зумәр сүресі, 75-аят).

Жәннаттағылардың ең ақырғы сөздері – Аллаһқа мақтау сөздері болады: «Олардың ең соңғы шақыруы: “Әлемдердің Раббысы – Аллаһ барлық мақтауларға лайық” сөздері болады» (Юнус сүресі, 10-аят).

**«Әл-хамду лилЛәһи Роббил-`аләмин»:**

- «әл-хамду» – бұл махаббат пен ұлықтау арқылы мақтау. “Әл” деген артикль сөздің мағынасына жалпы сипат беру үшін қолданылған. Сондықтан, «әл-хамду» сөзі жалғыз ғана мақтауды емес, бірақ айтылып өткен, айтылып жатқан және келешекте айтылатын мақтаулар мен мадақтаудың барлық түрлерін қамтиды.

- «**лилЛәһи**» («ли + Аллаһ») – бұл жерде Жаратушымыздың есімі «Аллаһқа», “ли” сөзі жалғанды. Ал оның мағынасы, жалғанатын сөздеріне байланысты өзгере береді. Егер ол затқа жалғанатын болса, ол “иелік ету” мағынасында келеді. Мысалы: Әд-дәру дифулән (пәленшенің үйі). Ал егер ол мағынаға жалғанатын болса, онда “лайықты болуды” білдіреді. Мысалы: Әл-фахру дифулән (мақтау пәленшенікі, яғни мақтауға пәленше лайық).

[73] Әлемдер көп: адамзат әлемі, жын әлемі, құс әлемі, су әлемі, өсімдіктер әлемі және т.б. Қысқаша айтқанда, Аллаһтан басқа барлық нәрсе әлем деп аталады. “`Аләм” сөзі араб тілінен “белгі” деп аударылады. Шынымен-ақ, бүкіл жаратылыс, өз Жаратушысының бар және бір екеніне дәлел, белгі болып табылады.

Егер де сенен біреу: «Раббыңды не арқылы танысың?» - десе [74], оған: «Аяттары (белгілері) [75] мен жаратылыстары арқылы (танымын)», - деп жауап қат.

Оның аяттарынан (белгілерінен): түн мен күндіз, күн мен ай. Ал оның жаратылыстарынан: жеті қат аспан мен жеті қат жер және олардың бетіндегі мен арасындағы нәрселер [76].

[74] Егер адам бір нәрсені мәлімдесе, ондаа сол мәлімдемесіне дәлел келтіру қажет, әйтпесе оның мәлімдемесі дұрыс болып есептелмейді. Сен: «Менің Раббым – Аллаһ. Ол мені де, бүкіл әлемдерді де Өз нығметтерімен тәрбиеледі», - дедің, ал енді оған қандай дәлелің бар?

[75] “Аят” сөзі араб тілінен “белгі” деп аударылады. Сондықтан, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Мунафиқтың аяты үшеу*», - деді (Бухари 33, Муслим 59), яғни екіжүзді адамның үш белгісі бар.

Аллаһтың аяттары екі түрлі болады:

1) *Кәуния* (болмыстағы аяттар). Бұл – Аллаһ Тағаланың жаратылыстары.

2) *Шар`ия* (шариғаттағы аяттар). Бұл – Аллаһ Тағаланың елшілеріне түсірген уахиі (жасырын хабары).

Осыған сүйеніп, автордың «**аяттары мен жаратылыстары арқылы**» деген сөздердің құрылысы, жекені жалпыға жалғау тәсіліне жатады.

Қалай болса да, Аллаһтың жаратылыстары арқылы Оның кемел құдыреті мен даналығын, ал шариғаттағы аяттары арқылы Оның мейірімділігі мен әділдігін тануға болады.

Аллаһ Тағала былай деді: «**Олар ешнәрсесіз пайда болды ма, немесе олардың өздері жаратушы ма? Әлде аспандар мен жерді жаратқан олар ма? Жоқ, олар тек анық сенбейді**» (Тур сүресі, 35-37-аяттар). Бұл заттар өз-өздерін пайда қылған жоқ, сол сияқты басқа жаратылыстар да оларды жоқтан бар етпеді. Ешкім ешқашан талды да, шыбынды да, масаны да жарата алмайды. Аллаһ: «**Шынында, сендердің Аллаһтан өзге құлшылық және дұға ететіндерің, сол үшін жиналса да шыбынды да жарата алмайды**», - деп айтты (Хаж сүресі, 73-аят).

Бұл әлем осы болмыстың Жаратушысы бар екенінің, бір екенінің белгісі болып табылады. Егер жерде із жатқанын көрсең, оның үстімен біреудің жүріп өткенін білдіреді ғой. Сол сияқты, аспандар мен жер, теңіздер мен өзендер, тау мен тастар – барлығы Аллаһтың бар екенін дәлелдейді. Ендеше, бұл әлемнің Раббысы жоқ деп қалай айтуға болады? Айналамыздағы табиғаттың Жаратушысы жоқ деп қалай мәлімдеуге болады? Аллаһ бар, Аллаһ бір! Одан басқа Жаратушы жоқ! Аллаһ Тағала былай деген: «**Немесе олар Аллаһқа, Ол жаратқандай жарататын, әрі жаратқандары Аллаһтың жаратқанына ұқсайтын серіктер тапты ма? Былай де: “Аллаһ – барлық нәрсенің Жаратушысы. Ол – Жалғыз, Аса Өктем”**» (Ра`д сүресі, 16-аят).

Құран Кәрім де осыны айғақтау үшін түсірілген. Онда Аллаһтың Жалғыз ғана Жаратушы, Басқарушы, Иелік етуші екені туралы айтылған (тәухид әр-рубубия). Сол арқылы Оған ғана құлшылық арнау керектігі дәлелденеді (тәухид әл-улюһия). Бүкіл Құран осы мағынаға негізделген.



[76] Бұлар – Аллаһтың ең ұлы аяттарының бірі. Түнде бүкіл әлем қараңғылығымен қапталады. Күндіз бүкіл әлем жарық болып шығады. Сонда адамдар тірліктерімен жер бетінде тарайды. Аллаһ Тағала былай айтты: **«Былай де: “Егер сендерге Аллаһ Қиямет Күніне дейін ұдайы түн жасап қойған болса, онда Аллаһтан өзге қандай тәңір сендерге жарық әкеледі? Неліктен естімейсіңдер?!” Айт: “Ал егер Аллаһ сендерге Қияметке дейін ұдайы күндізді орнатса, Аллаһтан басқа қандай тәңір сендерге, тынығатын түн келтіреді? Неге көрмейсіңдер?!” Оның мейірімінен – сендерге тынығуларың және Оның кеңшілігін іздеулерің үшін түн мен күндізді жасағаны, әрине шүкір етесіңдер!»** (Қасас сүресі, 71-73-аяттар).

Түн мен күндіз – Аллаһтың ең ұлы аяттарының бірі. Уақыттың барлығы түн емес, уақыттың барлығы күндіз емес. Ал егер де солай болғанда, адамдардың тәртібі бұзылатын еді.

Түн мен күндіз үздіксіз ауысып жатады. Олардың ауысуы тоқтап қалған, үзіліп қалған кездері ешқашан болмаған. Қаншама автокөліктер мен ұшақтардың мықтылығына қарамастан, ақырында бұзылып, жарамсыз болып қалады. Ал түн мен күндіздің ауысуы тоқтаған ба еді? Жоқ, өйткені ол аса Дана, өте Құдыретті Аллаһтың ісі. Аллаһ былай деді: **«Барлығын ең кемел түрде істеген Аллаһтың жаратқаны осындай!»** (Нәмл сүресі, 88-аят).

Күн де Аллаһтың ұлы белгілеріне жатады. Аллаһ оны жаратқаннан бастап, Қияметке дейін керемет жүйемен жылжиды. Ол өзінің орнына қарай барады: **«Күн өз орнына қарай жылжиды. Бұл – аса Үстем, бәрін Білуші Аллаһтың тағдыры»** (Ясин сүресі, 38-аят). Күннің көлемі мен әкелетін пайдасына қарасақ, оның шынымен де Аллаһтың ұлы аяттарының қатарына жататынын аңғарамыз. Пайдасы жайында айтар болсақ, ол өз жылуын денелерге, ағаштарға, өзендерге, теңіздерге жеткізеді. Оның бізден алыс болғанына қармастан, бәрібір де оның ыстығын сеземіз. Сондай-ақ, күн жер бетіне жарық түсіріп, адамзатқа баға жетпес пайда әкеледі.

Сол сияқты, ай да Аллаһтың ұлы аяттарының бірі болып табылады. Аллаһ Тағала ол туралы: **«Айға да, құрманың ескі бұтағы секілді болғанға дейін, орындарын өлшеп қойдық»,** - деді (Ясин сүресі, 39-аят). Осылайша, ай басында кішкентай болып көрінеді, сосын үлкейіп, қайтадан кішірейе бастайды. Бұл жағынан, ол адамның табиғатын еске түсіреді. Адам да бұл дүниеге әлсіз болып келеді, сосын жылдар өте келе күш жинайды, одан кейін әлсіздікке қайта оралады. Жаратушылардың ең жақсысы болған Аллаһ Ұлы!

**Бұған дәлел [77] Аллаһтың келесі сөздері:**

**«Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аяттарынан [78]. Күнге де, айға да табынбаңдар, бірақ оларды жаратқан Аллаһқа ғана табыныңдар, егер сендер Оған ғана құлшылық ететін болсаңдар» [79]** (Фуссиләт сүресі, 37-аят).

**«Расында, сендердің Раббыларың [80] – аспандар мен жерді алты күнде [81] жаратқан [82], сосын `Аршқа көтерілген [83] Аллаһ. Ол артынан қалмай ілесетін күнді түнмен қаптайды. Сондай-ақ, әміріне бағынатын**

**күн мен айды, жұлдыздарды... жарату мен басқару Оған тән! [84] Әлемдердің Раббысы Аллаһ ұлы!»** (А`раф сүресі, 54-аят).

[77] Яғни, түн мен күндіздің, күн мен ай Аллаһтың ұлы аяттары екенін дәлел Аллаһтың келесі сөздері.

[78] Егер адам мұқият ойланып көретін болса, түн мен күндіз өздігінен ауысып жатпайтынын түсінеді. Сол сияқты, күн мен ай да өздігінен жылжымайды. Демек, оларды басқарып тұратын, оларды бір жүйеге келтіретін біреу бар. Ол, әрине – Аллаһ!

[79] Күн мен айдың әкелетін пайдасы қаншалықты зор болғанымен, оларға құлшылық жасауға болмайды. Өйткені, олар Аллаһтың жаратылыстары (махлук) болып қала береді. Ал ғибадатты, әсіресе оның ішіндегі ең ұлысы болған сәждені тек Ұлы Жаратушыға арнау міндетті болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Құлдың өз Раббысына ең жақын болатын уақыты – сәждедегі кезі»** (Муслим 482). Ең ұлы құлшылық – бұл сәжде, өйткені адам денесіндегі ең құрметті жері болған маңдайын, құлшылық етілетін объектіге мойұсынып, денесіндегі ең төмен нәрсесі болған аяғымен бір деңгейге қояды.

[80] Яғни, сендердің Жаратушыларың және нығметтерімен Тәрбиелеушілерің – Ол Аллаһ. Одан басқа бұны ешкім жасаған жоқ.

[81] Аллаһ Тағала осы ұлы жаратылыстарды алты күнде жаратты. Алайда, Ол бұны бір сәтте де істей алады. Бірақ олай Өзі білетін бір даналықпен жасады. Алты күннің біріншісі – жексенбі, ал соңғысы – жұма. Сол үшін ол күндердің мырзасы болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұманың аптадағы күндердің ең ұлығы екенін айтқан (Муслим 854, Әбу Дәуд 1046, Тирмизи 488, Нәсаи 3/90). Себебі, жұма күні жаратылыс аяқталды, Адам ата жаратылды. Ол күні Адам Жәннатқа кіргізіліп, одан қуылды. Қиямет те жұма күні болады.

[82] Бұл – Аллаһтың істеріндегі жалғыздығына (тәухид әр-рубубия) дәлел. Аспандар мен жерді жаратқан жалғыз Аллаһ. Олардың ешнәрсесін Аллаһтан өзге ешкім жаратпаған. Тура сол сияқты, жарату барысында Оған көмектескен де ешкім болмаған. Бұны мушриктердің (көпқұдайшылардың) өздері де теріске шығармайды.

[83] Аспандар мен жерді жаратып болған соң Раббымыз `Аршқа (Тағына) көтерілді. Эл-`Арш – бұл Аллаһ Тағаланың ең ұлы жаратылысы. Ол – Аллаһтың тағы. Аллаһ Тағала былай деді: **«Былай де: “Маған Аллаһ жеткілікті! Одан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Мен оған ғана тәуекел етемін, өйткені ол – ұлы Тақтың Раббысы”»** (Тәубе сүресі, 127-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала былай деді: **«Шынайы Ие Аллаһ барлық нәрседен жоғары! Ардақты Тақтың Раббысы болған Одан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ»** (Муминун сүресі, 116-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала былай деген: **«Тақтың Иесі, Мақтаулы!»** (Буруж сүресі, 15-аят). Имам әл-Қуртуби былай деген: *«Аллаһ Тағала `Аршты (Тақты) басқа жаратылыстарының арасында ең ұлысы болғандығы үшін ерекше атап өтеді»* (“Тәфсир әл-Қуртуби” 8/302).

Әл-`Аббас ибн `Абдул-Мутталиб айтқан: *“Бір күні Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізден: «Сендер аспан мен жердің арасындағы қашықтықты білесіңдер ме?» - деп сұрады. Біз: «Аллаһ және Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсырақ біледі», - дедік. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Олардың арасы – бес жүз жыл. Әр аспаннан келесі аспанға дейін бес жүз жыл. Ал әрбір аспан бес жүз жылға созылады. Жетінші аспан мен Тақтың арасында теңіз бар. Ол (теңіздің) түбінен басына дейінгі қашықтық аспан мен жердің арасы сияқты. Ал Аллаһ Тағала осы Тақтың үстінде, әрі Одан адам баласының еш қандай ісі жасырын емес»*” (Ахмад 1/206, әбу Дәуд 4723, әт-Тирмизи 3320, ибн Мәжәһ 193, әл-Баззар 1310. Сахих хадис). Құран мен Сүннетте айтылғандай, Аллаһ Тағаланың Тағын періштелер алып жүреді: **«Оның Тағын алып жүретіндер және оның қасындағылар Раббыларын мақтаумен пәктейді. Оған иман келтіреді де, мүміндер үшін кешірім тілейді: “Раббымыз! Сен әр нәрсені мейірім және біліммен қамтып алдың. Тәубе етіп, Сенің жолымен ергендерді кешір де, Тозақ азабынан сақта”**» (Ғафир сүресі, 7-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала айтты: **«Оның шетінде періштелер болады және сегізі үстерінде Раббыларының Тағын алып жүреді»** (Хаққа сүресі, 17-аят).

Ал Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: *«Маған Тақты алып жүретін періштелердің бірі жайлы айтып беруге рұқсат етілді. Расында, оның құлағының ұшынан иығына дейінгі қашықтық бес жүз жыл»* (Әбу Дәуд 4727. Хафиз Ибн Хәжәр мен шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деп атаған. Қараңыз: “Фәтхул-Бәри” 8/665, “әс-Силсилә әс-Сахиха” № 151).

Субханаллаһ (Аллаһ пәк)! Егер бұл Аллаһтың Тағын алып жүретін періштелердің бірі туралы айтылса, онда Тақтың өзі қандай екен?! Аллаһ Тағала: **«Олар Аллаһты шынайы түрде бағаламады, бірақ Қиямет Күні бүкіл жер Оның қолында бір уыстай болады, ал аспандар Оның оң қолымен бұралады. Олардың серік қосқандарынан Ол пәк әрі жоғары!»** - деп рас айтқан екен (Зумәр сүресі, 67-аят).

Аллаһ Тағала Өз даналығына сай `Аршқа көтерілді, алайда ол көтерілудің кейіпі жайында біз білмейміз, әрі жаратылыстарының біріне ұқсатпаймыз. Жә`фар ибн `Абдуллаһ былай хабарлаған: *«Біз Мәлик ибн Әнәстың қасында болған кезде, бір кісі келіп одан: «Аллаһтың көтерілгені белгілі, ал бірақ Ол қалай көтерілді?» – деп сұрады. Бұл сауалға ол былай жауап берді: «Көтерілгені – белгілі, қалай көтерілгені – белгісіз. Бұған иман келтіру – парыз, ал бұл туралы сұрақ қою – бид`а (дінге енгізілген жаңалық)»* (Әбу Ну`айм «әл-Хилия» 6/325-326).

Имам Әбу Ханифа былай деген: *“Кім: «Мен Раббымның қайда екенін: аспанда ма, әлде жерде ме, білмеймін», – десе, дінсіздік (куфр) жасады. Бұл: «Аллаһ `Аршқа (Тақ) көтерілген, алайда мен Тақтың қайда екенін: аспанда ма, әлде жер де ме, білмеймін», – деген адамға да қатысты”* («Әл-фиқһ әл-әбсат» 46).

**[84]** Бұл аятта Аллаһ жарату мен әмір ету арасын бөлді. Осыда, *“Құран жаратылған!”* - дейтіндерге қарсы жауап (родд) бар. Өйткені, Құран Аллаһтың әміріне жатады, ал Оның әмірі жаратылмаған. Аллаһ Тағала жарату мен әмір етудің айырмашылығын ашық көрсетті. Демек, егер Құран Раббымыздың әмірі болып табылса, ол Оның жаратылысы болып саналмайды.

Осылай, имам Ахмад жәһмия деген адасқан топқа Құранның жаратылмағанын дәлелдеген еді. Имам олардан: “Құран Аллаһтың жаратылысына жатады ма, әлде әміріне жатады ма?” - деп сұрады. Олар: “Құран – Аллаһтың әмірі”, - деп жауап берді. Сонда ұлы ғалым: “Әмір мер жаратылыс бір нәрсе емес. Аллаһ та ол екеуінің арасын ажыратты”, - деп айтты.

Әмір ету, яғни сөзбен айту. Оның екі түрі бар:

1) *Кәуни* (болмыстағы): Аллаһ Өз жаратылыстарына бұйырады, ал олар Оған бойұсынады. «**Аллаһ оған және жерге: “Ерікті не еріксіз түрде келіңдер”, - деді**» (Фуссиләт сүресі, 11-аят). Бұл Аллаһтың болмыстағы бұйрығы. «**Шын мәнінде, Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы “Бол!” деу ғана. Сонда ол бола қалады**» (Ясин сүресі, 82-аят).

2) *Шар`и* (шариғаттағы): Бұл – Аллаһ тарапынан түсетін уахи (жасырын хабар). Аллаһ құлдарына құлшылық етуді, намаз оқуды, зекет беруді, әке-шешеге жақсылық жасауды және т.б. бұйырады. Бұл – Аллаһтың шариғаттағы әмірі. Оған Құрандағы және пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіндегі бұйрықтар мен тыйымдар жатады.

Егер жарату мен әмір ету Аллаһқа ғана тән болса, онда басқа біреуге не қалды?! Сондықтан, не керек болса да, Одан сұрай берсек болады, өйткені «**әлемдердің Раббысы Аллаһ Ұлы!**» (А`раф сүресі, 54-аят).

**Раббы – ол құлшылық етілетін тәңір (ма`буд) [85].**

**Бұған дәлел: «Әй, адамдар! [86] Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер [87], мүмкін тақуа боласыңдар [88]. Ол Сендерге жерді төсеніш етті [89], көкті төбе қылды [90]. Аспаннан су ағызып [91], сол арқылы сендерге жемістерден ризық [92] шығарды. Енді біле тұра [93], Аллаһқа серік қоспаңдар!» [94]** (Бақара сүресі, 21-22-аяттар).

[85] Раббымыз – Аллаһ! Ол ғана құлшылыққа лайықты, ал Одан басқа ешкім құлшылық етілуге лайықты емес, өйткені олар Раббы емес. Жаратушы, Иелік етуші, Басқарушы тек Аллаһ болған соң, Ол ғана жалғыз құлшылық етілетін объекті болу керек. Сондықтан, адам Аллаһты істерінде жалғыздағаны (тәухид әр-рубубия) жеткіліксіз, мұсылман болу үшін ол Аллаһты құлшылықта да жалғыздау (тәухид әл-улюһия) қажет. Ал Аллаһтың Жаратушы, Ризық беруші, Өлтіруші, Тірілтуші екенін мушриктер де (көпқұдайшылар да) мойындаған. Бірақ, елшілер жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету керек, Одан басқа пұттарға да, талдарға да, пайғамбарларға да, періштелерге де ғибадат жасауға болмайды деп шақырған уақытта, халықтар оларға қарсы шықты да, елшілердің да`уатын теріске шығарды. Сондықтан, қабірінде адам баласына қойылатын «**Раббың кім?**» сұрағын, ғалымдар «**Құлшылық еткен объектің кім?**» - деп түсіндірген. Себебі, сынақ рубубияны мойындауда болған жоқ еді. Оны барлық адам құптаған, алайда улюһияға (құлшылық етуге) келген кезде адамдар қарсылығын білдіріп, бірқұдайшылармен келіспеген. Шын мәнінде, Аллаһтың ғана Жаратушы, Билеуші, Басқарушы екенін растайтын адам, Оның ғана құлшылыққа лайықты екенін мойындауы тиіс болады. Сол үшін де Аллаһ Тағала Құранның көптеген жерінде таухид әр-рубубия арқылы тәухид әл-улюһияны дәлелдейді. Аллаһ Тағала былай айтады: «**Егер сен олардан: “Аспандар мен жерді кім жаратты?” - деп сұрасаң, олар әлбетте:**



“Аллаһ!” - дейді» (Зумәр сүресі, 38-аят). Бұл – тәухид әр-рубубия. Содан соң Аллаһ таухид әл-улюһияны айтады: «**Былай де: “Аллаһтан өзге құлшылық етіп, дұға жасайтындарыңды көрдіңдер ме? Егер Аллаһ маған бір зиян қаласа, олар оны тоқтата ала ма? Ал егер Аллаһ маған мейірім қаласа, олар оны тоса алады ма?” “Аллаһ маған жеткілікті, тәуекел етушілер Оған тәуекел етеді”, - деп айт**» (Зумәр сүресі, 38-аят).

Демек, Құран Кәрімде Аллаһ Тағала “*мушириктер растайтын тәухид әр-рубубия арқылы өздері теріске шығаратын тәухид әл-улюһияны дәлелдеу*” тәсілін жиі қолданады. Сол сияқты мәтіндегі келесі аят та, соның айқын көрінісі болып саналады.

**[86] «Әй, адамдар!»** – бұл барлық адамға бағытталған үндеу. Өйткені, Бақара сүресінде Аллаһ Тағала адамзатты үш категорияға (топқа) бөлген:

1) Иман келтіргендер (*муминун*). Олар ғойб (көмес, жасырын) әлемге және Ахырет Күніне сенетіндер, намаз оқып, Аллаһ жолында дүниелерін жұмсайтындар. «**Олар Раббыларынан келген тура жолда, әрі солар – құтылғандар!**» (Бақара сүресі, 5-аят).

2) Имансыздар (*куффар*). Олар қарсы шығып, қыңырлық көрсеткендер. «**Шынында, имансыздарға ескертсең де сол, ескертпесең де сол – бәрі-бір иман келтірмейді**» (Бақара сүресі, 6-аят).

3) Екіжүзділер (*мунафиқун*). Олар иман келтіргендермен де бірге емес, имансыздармен де емес. «**Екі арада теңселіп жүреді. Не мыналарға емес, не оларға емес**» (Ниса сүресі, 143-аят). Олар сырттай иман келтіргендер, ал іштей имансыздар. Сондықтан, олар имансыздардан да жаман болып табылады. «**Шын мәнінде, екіжүзділер Тозақтың ең төменгі қабатында болады**» (Ниса сүресі, 145-аят). Сол үшін Аллаһ Тағала Бақара сүресінде иман келтіргендер туралы аз ғана аят түсірді және имансыздар туралы екі-ақ аят түсірді. Ал екіжүзділерге келер болсақ, Аллаһ олар жайында оннан астам аят түсірді: «**Адамдар арасында иман келтірдік дейтіндері бар**» (Бақара сүресі, 8-аят) аятынан бастап, «**Найзағай олардың көздерін жұла жаздайды**» аятына дейін (Бақара сүресі, 20-аят). Бұл аяттардың барлығы екіжүзділер туралы, өйткені олардан төніп тұрған қауіп өте қатерлі, ал істері сондай жиеркенішті.

Адамдардың осы үш категориясын атап кеткен соң, Раббымыз: «**Әй, адамдар!**» - деді. Бұл – иман келтіргендерге де, мунафиқтарға да, көпірлерге де бағыттылған үндеу. Ғалымдардың айтуы бойынша, ол – мусхафтағы (Құран кітабындағы) ең алғашқы қаратпа сөз.

**[87] «Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер».** Аллаһ Тағала Өзіне ғана құлшылық етуді бұйырды. Жәй ғана бұйырып қоймай, оның себебін немесе дәлелін баяндап кетті. «**Құлшылық етіңдер**», яғни құлшылықтарыңды Аллаһқа арнап шын ықыласпен орындаңдар. Не үшін? Өйткені, Ол сендердің Раббыларың, ал құлшылық тек Раббыға ғана арналу керек. Ал Оның Раббы екеніне не дәлел бар? Жауап: «**Ол сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан**», яғни бүкіл халықтар мен үмметтерді жаратқан. Ол періштелерді, жындарды, адамдарды және басқа барлық махлұқтарды жаратты.

Осылайша, Раббымыз бүкіл адамзат мойындайтын тәухид әр-рубубия арқылы Өзіне ғана құлшылық етуді бұйырды, яғни тәухид әл-улюһияны растауға шақырды. Сондай-ақ, «**Раббыларыңа құлшылық етіңдер**» сөздерінде, Аллаһтың «Раббы» есімі “құлшылық етілетін объекті” деген мағынада келетініне дәлел бар. Өйткені, араб граммтикасы бойынша, есімдік сөйлемдері (фи`лия) былай құралады: әл-фи`л (ic) + фа`ил

(істеуші) + маф`ул биһ (іс объектісі). Осыған сүйенсек, **«Әй, адамдар!»** – бұл фа`ил (істеуші), **«құлшылық етіңдер»** – бұл әл-фи`л (іс), ал енді **«Раббыларыңа»** – бұл маф`ул биһ (іс объектісі). Осыдан, «Раббы» сөзі құлшылық етілетін объекті мағынасында келетіні анық болды. Сол үшін, қабірдегі «Раббың кім?» сұрағы «Кімге құлшылық етің?» дегенді білдіреді. Әйтпесе, Аллаһтың Жаратушы, Басқарушы екенін барлығы біледі және мойындайды, солай сұраққа жауап беру де қиынға соқпас еді.

[88] *“Әт-тақуа”* сөзі *“уиқоя”* (қорғау, сақтау) сөзінен шыққан. Аллаһтың әмірлерін орындап, Оның тыйымдарынан аулақ болатын кісі тақуа болып саналады. Өйткені, ол Раббысына бойұсыну арқылы, өзін мәңгілік Тозақ отынан сақтап қалды.

Бір күні Талқ ибн Хабиб айтқан: *“Фитна (бүлік) туған кезде, оны тақуалықпен сөндіру керек”*. Одан: *“Ал тақуалық деген не?”* - деп сұрағанда, ол: *“Тақуалық – бұл Аллаһтың нұры арқылы Аллаһтың сауабын үміт етіп, Аллаһқа бағыну. Тақуалық – Аллаһтың нұры арқылы Аллаһтан қорқып, Аллаһтың тыйымдарынан аулақ болу”* (Ибн әл-Мубәрак 1343, Ибн Әби Шәйбә 30356). Сонымен, егер адам өзін жаратқан және өзінен бұрынғыларды да жаратқан кім екенін ойланып көрсе, бұл тақуалыққа апаратын бірден-бір себептері болу мүмкін. Өйткені, барлық адамзатты жаратқан Аллаһқа құлшылық ету арқылы ғана Тозақ отынан сақтануға болады.

[89] **«Жерді төсеніш етті»**, яғни жер астарында төселіп қойған. Солай сендер оның үстімен еш қорықпай жүресіңдер, ұйықтайсыңдар, егін егесіңдер, үй соғасыңдар, сапар шегіп кезесіңдер. **«Жерді де Біз төседік. Нендей жақсы төсеушіміз!»** (Зәрият сүресі, 48-аят).

[90] **«Көкті төбе қылды»**, яғни үстімізде тұратын аспанды күмбез етті. Аспан – қорғаулы бір төбе. Аллаһ Тағала былай деді: **«Біз аспанды қорғаулы төбе еттік»** (Әнбия сүресі, 32-аят).

[91] **«Аспаннан су ағызды»**, яғни Ол сендерге биікте жүзетін бұлттардан тап-таза су түсірді. Ол сендерге сусын болады, ол арқылы ағаштарыңды суарасыңдар. **«Ол сендерге аспаннан жаңбыр жаудырып, одан сусын және ол арқылы малдарыңды жаятын өсімдіктер шығарды»** (Нахл сүресі, 10-аят).

[92] Ризық дегеніміз – бұл адамға пайда әкелетін нәрсе. Ризықтың екі түрі бар:

- 1) Дененің өмірін қамтамасыз ететін ризық: тамақ, су, киім, баспана, көлік және с.с.
- 2) Дін өмірін қамтамасыз ететін ризық: білім мен иман.

[93] **«Біле тұра»**, яғни Аллаһқа тең ешкім жоқ екенін, жарату, ризық беру, басқару Оның қолында екенін біле тұра, Одан өзге біреуге құлшылық етпеңдер!

[94] **«Аллаһқа серік қоспаңдар!»**, яғни сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан, аспаннан су ағызып ризықтандырған, жерді төсек еткен Аллаһқа серік қоспаңдар. Бұл – шариғат заңдарына да, ақылға да сыймайтын нәрсе!

**Ибн Кәсир [95] (оған Аллаһтың мейірімі жаусын): «Осыларды жаратқан – құлшылыққа лайықты болады!» - деп айтты.**

[95] Ибн Кәсир – Имам әд-Дин Әбул-Фида Исма`ил бин `Умар әл-Қурайши әд-Димәшқи, Құран түсіндірмешісі (муфәссир) және тарихшы, шейхул-ислам Ибн Тәймияның шәкірттерінің бірі. Ол хижра жыл санағы бойынша, 774 жылы қайтыс болды.

Автор, Раббы – бұл құлшылық етілетін объект екенін баяндап кеткен соң және дәлел ретінде Аллаһтың: **«Әй, адамдар! Сендер мен сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер, мүмкін тақуа боласыңдар»** (Бақара сүресі, 21-аят), - деген сөздерін келтіргеннен кейін, Ибн Кәсирдің (оған Аллаһтың мейірімі жаусын) тәфсирде айтқан сөздерімен бекітті.

Әрі қарай автор құлшылықтың түрлері мен әрқайсысының дәлелін түсіндіруге кіріседі.

**Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түріне [96] Ислам, Иман, Ихсан жатады [97]. Сондай-ақ, оларға мыналар кіреді: әд-ду`а, әл-хоуф, әр-рожә, әт-тәуәккул, әр-роғба, әр-роһба, әл-хушу`, әл-хошия, әл-инәба, әл-исти`ана, әл-исти`аза, әл-истиғосә, әз-зәбх, ән-нәзр және де басқа Аллаһ бұйырған құлшылық түрлері. Олардың барлығы тек Аллаһқа ғана арналу керек [98]. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері:**

**«Расында, сәжде жасайтын орындар мен мүшелер Аллаһқа тән. Сондықтан, Аллаһпен бірге ешкімге құлшылық та, дұға да етпеңдер»** (Жын сүресі, 18-аят).

[96] “Әл-`ибәда” (құлшылық) сөзінің араб тіліндегі мағынасы: мойынсұну, бас ию. Сол түбірден “ториқ му`аббәд” (“ториқ” - жол, “му`аббәд” – мойынсұнған) тіркесі құралады, өйткені үстінен жүре беріп, оны адамдар әбден таптап, қорлап тастады. Ал құлшылық сөзіне, Ислам ғалымдарының берген шариғи анықтамалары әртүрлі болды. Біреулер былай деген: *“Рахманға құлшылық ету – бұл Оны шексіз жақсы көру, толығымен мойынсұну”* (Қараңыз: «Нуния»).

Усул әл-фиқһ (фиқһ негіздері) ғылымының мамандары болса: *“Құлшылық – бұл ақылға сыятынына не сыймайтынына, әдет-ғұрыпқа сай келетініне не келмейтініне қарамайтын, Шаригат бұйырған амалдар”*, - деп айтады. Өйткені, құлшылық бекітіліп қойылған, оны ақылға салудың немесе салт-дәстүрмен салыстырудың қажеті жоқ. Бұл дұрыс анықтама болып есептеледі.

Сонда да, бізге *“әл-жәми` әл-мәни”* деп сипатталатын анықтама керек. Яғни, құлшылық болып саналатын барлық нәрсені қамтып алған (әл-жәми`) және құлшылық атаулысына кірмейтін барлық нәрсені тыс шығаратын (әл-мәни`) анықтама керек. Ал ондай анықтаманы ұлы ғалым шейхул-ислам Ибн Тәймия берген. Одан кейінгі ғалымдардың барлығы дерлік оның анықтамасына ерекше көңіл бөліп, кітаптарында дәл соны жазып кетуді ұйғарған.

Шейхул-ислам Ибн Тәймия (оған Аллаһтың мейірімі жаусын) былай деген: *“Құлшылық дегеніміз – бұл Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық жасырын немесе жария сөздер мен істерді қамтыған есім”* (Қараңыз «`Убудия», «Мәжму`ул-фәтәуә» 10/149).

Бұл анықтама, біріншіден, түсінуге өте оңай, екіншіден, Құран мен Сүннет мәтіндеріне өте жақын болап есептеледі.

“Құлшылық - ... қамтыған есім”, яғни көп нәрсені қамтыған, ал ол нені қамтиды екен? Жауап: “... Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық ... сөздер мен істерді”. Ал енді, белгілі бір сөз немесе істі Аллаһ жақсы көреді ме, жоқ па – оны қалай біліп алуға болады? Жауап: Аллаһ оны әмір ету керек немесе оған разы болатынын хабарлау қажет.

Құлшықтың екі түрі ғана болады:

1) Сөздер;

2) Істер.

Өз кезегінде, сөздер де екіге бөлінеді:

1) Жасырын сөздер (жүрек сөздері): ниет ету және т.б;

2) Жария сөздер (тілмен айтылатын сөздер): Аллаһты еске алу (зикр), Құран оқу (тиләуәт), жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю (әмр бил-мә`руф уән-нәһи `анил-мункәр) және т.б.

Ал енді, амалдардың түрлеріне келер болсақ:

1) Жасырын істер (жүрек амалдары): тәуекел ету, қорқу, үміт ету, жақсы көру және т.б.;

2) Жария істер (дене мүшелермен орындалатын амалдар): намаз оқу, зекет беру, ораза тұту, қажылық жасау және т.б.

Сондай-ақ, құлшылықты мал-дүниемен және дене мүшелермен жасалатын істер деп бөлсе болады. Мысалға, зекет – бұл дүниені жұмсау, ал намаз – дене мүшелерді іске асыру. Қажылық болса, денемен де, дүниемен де орындалатын құлшылыққа жатады.

[97] Осы жерден бастап автор құлшылықтардың түрлерін атап өтеді. Оларды тек мысал ретінде келтіреді. Себебі, кішкентай ғана жолдауда құлшылықтардың барлығын атап беру мүмкін емес.

Мәселен, құлшылықтарға Ислам, Иман Ихсан жатады. Бұл үшеуі – құлшылықтың ең ұлы түрлері. Олардың кең түсіндірмесін (шарх) біз екінші негізге кіргенде береміз. *Ислам*: екі куәлік (шәһадәтан), намаз (соләт), ораза (соум), зекет, қажылық (хаж) – денемен және дүниемен жасалатын ғибадаттар.

*Иман*: Аллаһқа, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіру – жүрек істері.

*Ихсан*: Аллаһты көріп тұрғаныңдай, Оған құлшылық ету, ал егер оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын біліп құлшылық ету – бұл құлшылықтардың ең ұлы түрі болып саналады.

Сондай-ақ, осы үш нәрсе діннің барлығын қамтып алған. `Умар ибн әл-Хаттабтан жеткен хадисте былай айтылған: “Бірде біз пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отырған кезде, киімдері аппақ, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның үстінде сапар іздері байқалмады, бірақ арамызда оны ешкім танымады. Ол пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына тізесін оның тізесіне тигізіп, қолдарын өз сандарына қойып отырды.

Сосын: «Әй, Мұхаммед, маған Ислам туралы хабар бер!» - деді. (Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: «Бұл – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, ал Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан айында ораза тұтуың және шамаң келсе (Қазбаға) қажылық жасауың». Соған (әлгі кісі): «Рас айттың!» - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таңқалдық. Кейін ол: «Маған Иман туралы хабар бер!» - деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Ол –



Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің және тағдырға: жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің», - деп жауап берді. (Әлгі адам қайтадан): «Рас айттың!» - деді. Содан соң ол: «Маған Ихсан туралы хабарла!» - деді. Соған (Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай жауап берді: «(Ихсан дегеніміз – бұл) Аллаһқа, оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын (біліп құлшылық етуің)». Кейін (әлгі адам): «Маған Қиямет туралы хабарла!» - деді. (Бұл сұраққа пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деп жауап қатты. Сонда (әлгі адам): «Онда маған оның белгілерін атап бер», - деді. (Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: «Күң (құл әйел) өзінің ханшайымын туатынын; жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің». Содан соң, ол кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менен: «Әй, Умар, сен сұрақ қойған кім екенін білесің бе?» - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол: «Бұл – діндеріңді үйрету үшін келген Жәбрейіл», - деді» (Бухари 4777, Муслим 8,9,10).

[98] Яғни, осы аталғандар және де құлшылықтардың бұдан өзге түрлері тек Аллаһқа ғана арналу міндетті. Оның серігі жоқ, сол себепті тек Аллаһ разылығы үшін ғана ғибадат ету керек.

Аллаһ Тағала былай деген: «Бұл Кітап, аса Үстем, өте Дана Аллаһтан түскен. Расында, саған Кітапты ақиқатпен түсірдік. Енді, дінді шын ықылыспен орындап, Аллаһқа құлшылық ет! Расында, ықыласты дін Аллаһқа тән» (Зумәр сүресі, 1-3-аяттар).

Тағы да Ол: «“Мен дінді шын ықыласпен орындай отырып, Аллаһқа ғана құлшылық етемін”, - деп айт», - деді (Зумәр сүресі, 14-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтты: «Әй, адамдар! Раббыларыңа құлшылық етіңдер!» (Бақара сүресі, 21-аят).

**Кімде-кім олардың біреуін де Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мушрик (серік қосушы) және кәфир (имансыз) болады [99].**

**Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері [100]:**

**«Ал кімде-кім Аллаһпен бірге, оған еш дәлелі жоқ бір тәңірге [101] ду`а етсе [102], оның есебі Раббысымен болады. Расында, имансыздар құтылмайды! [103]» (Мүминун сүресі, 117-аят).**

[99] Яғни, құлшылық атаулысына кіретін қандай да бір сөзді немесе істі Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол үлкен ширк еткен дінсіз болады.

Ширк дегеніміз не? Ол – Аллаһқа ғана тән ерекшеліктерде, Оған біреуді теңеу. Ширктің түрлері бар. Ғалымдар оны әрқилы жолдармен бөлген.

Біреулерінің айтуынша, ширк: үлкен және кіші болып бөлінеді. Басқалар айтқандай, ширк: жасырын және жария болып бөлінеді. Ал кейбіреулері, ширкті: үлкен, кіші және жасырын деп бөлген. Ширкті түрлеріне қалай бөлсе де, ғалымдардың көздеген мақсаты бір болған. Себебі, ширкті жасырын және жария деп бөлген ғалымдар әрқайсысын үлкен және кішіге

тағы бөлген. Ал ширктің үлкен және кіші түрлері бар деген ғалымдар, олардың әрқайсысы, сонымен бірге, жария және жасырынға бөлінетінін айтқан.

Бірақ егер ширк түрлерінің кестесін былай сызсақ, ең анық әрі түсініктірегі болады:

- 1) Үлкен ширк (әш-ширк әл-әкбар): Аллаһтан өзгеге құрбандық шалу, Аллаһтан басқа біреуден жәрдем тілеу, Аллаһтан басқа біреуге тәуекел ету және т.б.;
- 2) Кіші ширк (әш-ширк әл-асғар): Аллаһтан басқа біреумен ант ету яки қасам ішу, тұмарлар тағу және т.б.;
- 3) Жасырын ширк (әш-ширк әл-хофий): рия (көзбояушылық) және т.с.с.

Сонымен, автор: **“Кімде-кім олардың біреуін де Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мушрик (серік қосушы) және кәфир (имансыз) болады”**, - деген сөздерімен, діннен шығарып жіберетін үлкен ширк жасаған адамды меңзеп тұр. Егер бір кісі құлшылық болып есептелетін сөз не істі Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол ширк (серік қосу) және куфр (имансыздық) жасады. Мысалы: егер Аллаһтан басқа біреуден ауыр жағдайда көмек тілесе (әл-истиғосә), Аллаһтан басқа біреуге құрбандық шалса (әз-забх), өлгендерден медет тілесе және т.б.

Ширк (серік қосу) пен куфр (имансыздық) арасында айырмашылық бар. Куфр ұғымы ширктен кеңірек. Әрбір мушрик (серік қосушы) – кәфир (имансыз), бірақ әрбір кәфир мушрик емес. Мысалы: қабір айналасында тәуаф (айналу) қылып жүрген немесе өлікке дұға еткен адам – мушрик. Ол кәпір деп те аталады. Ал енді дін үкімдерінің бірін мазақ ететін кісі кәпір болса да, мушрик деп аталмайды. Өйткені, ол Аллаһқа ешкімді серік қоспады, бірақ куфр жасады.

Дегенмен, мушриктің де (Аллаһқа серік қосушы, көпқұдайшы), кәфирдің де (имансыз, дінсіз) Ахыреттегі үлесі бірдей. Екеуі де мәңгілік Тозақта болады.

Кәфирлер туралы Аллаһ: **«Расында, Аллаһ кәпірлерді (имансыздарды) лағынет етті де, оларға Тозақ әзірледі»**, - деп айтты (Ахзаб сүресі, 64-аят). Ал мушриктер жайында Ол былай деді: **«Расында, кімде-кім Аллаһқа серік қосса, оған Аллаһ Жәннатты харам етеді, әрі оның орны Тозақта болады. Залымдар үшін еш көмекші болмайды»** (Мәида сүресі, 72-аят).

[100] Яғни, құлшылықтың қайсы бір түрін Аллаһтан басқаға арнаған кісі діннен шығып кәпір болатынына дәлел келесі аят болып табылады.

[101] **«Оған еш дәлелі жоқ бір тәңірге»**, деген сөздерден біз, нақты белгілі бір тәңірге ғана құлшылық етуге еш дәлел жоқ деп ойлап қалмауымыз керек. Керісінше, Аллаһтан басқа кез-келген біреуге құлшылық етуге ешқандай дәлел, айғақ жоқ! **«Оған еш дәлелі жоқ бір тәңірге»** деген сөздердің мағынасы: Аллаһтан басқаға құлшылықтарын арнайтын адамның ісіне ешқандай дәлел және дәйек жоқ.

[102] Алдында, біз “ду`а” сөзінің Құран мен Сүннет мәтіндерінде екі мағынасы бар екенін түсіндіріп кеткен болатынбыз. Кейде ол “тілеу, сұрау, талап ету, дұға жасау” деген мағынада келетін, ал кейде “құлшылық етуді” білдіретін сөз екен. Әрі егер белгілі аят немесе хадисте, нақты бірінші мағынасы айтылғанына, я болмаса тек екінші мағынасы түспалданып тұрғанына дәлел жоқ болса, онда “ду`а” терминін екі тәфсирмен де түсіндіре беруімізге болады. Сонда, аталмыш аяттың мағынасын былай аударамыз: **«Ал кімде-кім Аллаһпен**

бірге, оған еш дәлелі жоқ бір тәңірге құлшылық етсе және дұға жасаса, оның есебі Раббысымен болады. Расында, имансыздар құтылмайды!» (Мүминун сүресі, 117-аят).

**[103]** Аяттың басында Аллаһ: «Ал кімде-кім Аллаһпен бірге, оған еш дәлелі жоқ бір тәңірге құлшылық етсе және дұға жасаса», - деп айтты, ал соңында: «имансыздар құтылмайды!» - деді (Мүминун сүресі, 117-аят). Бұл – құлшылықтың қандай да бір түрін Аллаһтан өзгеге арнаған адамның мушрик (Аллаһқа серік қосушы) және кәфир (имансыз) болып табылатынына дәлел.

Осы жерден бастап, автор мысал ретінде атап өткен құлшылықтардың түрін Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайтынын дәлелдей бастайды.

Ол үшін біз, дәлел келтірудің екі тәсілі бар екенін еске түсірейік:

Біріншісі (жалпы дәлел): сен белгілі бір істің құлшылық екенін дәлелдеуің керексін. Мысалға, қорқу (хоуф) құлшылыққа жататынын дәлелдейсің, үміт ету (рожә) құлшылыққа жататынын дәлелдейсің. Олардың құлшылық екенін дәлелдеп берген соң, Аллаһтан басқа біреуге құлшылығын арнаған адам серік қосушы (мушрик) болады деген кез-келген дәлелдерді әкелесің! Мысалы: «Аллаһтан басқа ешкімге ду`а (тілеу, құлшылық) етпе» (Жын сүресі, 18-аят), «Кімде-кім Аллаһтан басқа, ол туралы еш дәлелі жоқ біреуге ду`а (тілеу, құлшылық) етсе, онда оның есебі Раббысымен болады. Расында, кәпірлер құтылмайды» (Мүминун сүресі, 117-аят) және т.с.с.

Екінші тәсіл (жеке дәлел): әрбір амалға оны Аллаһтан өзге арнауға болмайды деген жеке дәлел әкелесің. Мысалы: «Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер, егер иман келтірген болсаңдар!» (Мәида сүресі, 23-аят) немесе «Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар!» (Бақара сүресі, 150-аят), немесе «Аллаһтан басқаға құрбандақ шалған адамды, Ол лағынет етті» (Муслим) және т.с.с.

Толиб әл-`илм (яғни білім ізденуші) дәлел келтірген кезде осыған қатты көңіл бөлу керек. Себебі, қабірге құлшылық ететін (Аллаһқа серік қосатын) адамдарға дәлелдерді түрлі әдістермен келтіру сенің құжаттыңды күшейте түседі. Кейде қысқаша дәлел келтір, басқа уақытта талқылап бер. Кейде, жалпы дәлел келтір, басқа уақыттары жеке дәлел көрсет. Сонда сенімен тартысып жатқан адам, сенің келтіре алатын жалғыз ғана дәлелің бар екен деп ойлап қалмайды. Сондықтан, егер дәлелдерің түрлі жолдармен, тәсілдермен келтірсең, олар күштірек және әсерлірек болады.

Тағы да атап кететін бір жәйт: білім ізденуші, кітаптардағы не сабақтардағы, не фәтуә бергендегі, ғалымның айтқан сөздерін және келтірген дәлелін дұрыс түсінуі үшін, әрі оның шығарған үкімі мен келтірген дәлелінің арасындағы байланысты сезу үшін төрт нәрсені ұғып алғаны жөн:

- 1) Мәселенің кейіпі, суреті, бейнесі (*суротул-мәс-әлә*);
- 2) Мәселенің үкімі (*хукмул-мәс-әлә*);
- 3) Мәселенің дәлелі (*далилул-мәс-әлә*);
- 4) Дәлелдің жүзі (*уәжһул-истидлал немесе уәжһуд-диләлә*).

Мысалы: Бір кісі қабір басына келіп, онда жерленген өлікке арнап құрбандық шалады. (Бұл - мәселенің бейнесі, суреті). Ол кісінің істегені – ширк. (Бұл – мәселенің үкімі). Себебі, Аллаһ Тағала былай деген: «Расында, менің намазым мен құрбандығыма... Аллаһ лайықты», -

деп айт» (Ән`ам сүресі, 162-аят). (Бұл – мәселенің дәлелі). Құрбандыққа тек Аллаһ лайықты болған соң, оны басқа біреуге арнау – ширк болып табылады. (Бұл – дәлелдің жүзі).

**(Әд-ду`аның құлшылық екеніне дәлелдер):**

**Хадисте былай делінген: «Дұға – құлшылықтың өзегі» [104].**

**Аллаһ Тағала былай айтты: «Раббыларың: “Маған ду`а етіңдер, сендерге жауап беремін! [105] Ал кімде-кім Маған құлшылық етуден [106] тәкаппарланып (бас тартса), Тозаққа қор болып кіреді”, - деді» (Ғафир сүресі, 60-аят).**

[104] Бұл хадисті имам әт-Тирмизи 3371-ші нөмірмен келтірген. Шейх әл-Әлбәни оны да`иф деп атаған (Қараңыз: «Мишкәт» 2231, «Раудун-надир» 2/289). Себебі, хадистің иснадында (жеткізушілер тізбегінде) Ибн Луһи`а деген адам бар. Ол туралы шейх әл-Әлбәни: «*Есте сақтау қабілеті нашар болғандықтан, ол әлсіз (жеткізуші) болып табылады*», - деген (Қараңыз: «Әхкәм әл-жәнәиз»).

Ну`мән ибн Бәшир (оған Аллаһ разы болсын) жеткізген басқа бір хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: «*Дұға – бұл құлшылық*» (Әбу Дәуд 1479, әт-Тирмизи 2969, Ибн Мәжәһ 3828. Шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деген).

Осы хадистен, дұға – құлшылықтардың ең ұлы түрлерінің бірі болып табылатынын түсінеміз. «*Дұға – бұл құлшылық*» дегеннен, құлшылықтың тек бірі түрі ғана бар, ал ол – дұға деп ойлап қалмауымыз керек. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Қажылық – бұл Арафатта (тұру)*», - деп айтқан (Әбу Дәуд 1949, Тирмизи 889, Нәсаи 3016, Ибн Мәжәһ 3015. Шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деп атаған). Бірақ, енді біз бұдан, қажылықтың бір ғана рәсімі бар, ал ол – Арафатта тұру деп есептемейміз ғой. Бұл хадистердің мағынасы: дұға – құлшылықтардың ең ұлы түрі, ал Арафат тауында тұру – қажылықтың ең ұлы тіректерінің (рукн) бірі.

[105] Аллаһ Тағала Өзіне дұға етуді бұйырды да, жауап беремін деп уәде етті. Бұл Аллаһтың бізге деген мейірімділігінен! Ол дұғаларымыздан Бай, керісінше біз Оған дұға етуге мұқтажбыз. Қарасақ, Раббымыз өзімізге пайда болатын және бізге қажет болған нәрселерді бұйырады. Тіпті, Әбу Һурайрадан жеткен хадисте, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқаны хабарланады: «*Аллаһтан сұрамайтыңа, Ол ашуланады*» (Тирмизи 3373, Ибн Мәжәһ 3827. Сенімділігін шейх әл-Әлбәни растаған).

[106] Назар аударыңыз! Аллаһ Тағала аят басында: «**Маған дұға етіңдер!**» - деп бұйырды да, соңында: «... **Ал кімде-кім Маған құлшылық етуден бас тартса**», - деп айтты. Осыдан түсінетініміз: дұға – бұл құлшылық!

Адамдардың үш түрі болады:

- 1) Аллаһқа, өз негізінде, дұға етпейтін адам. Ол – Аллаһқа құлшылық етуден тәкаппарланып, бас тартқан кісі;
- 2) Аллаһқа дұға ететін адам, бірақ ол Аллаһпен бірге тағы басқа біреуге дұға етеді;
- 3) Аллаһқа шын ықыласпен дұға ететін адам. Ол – бірқұдайшыл (муаххид).



**Әл-хоуфтың [107] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер иман келтірген болсаңдар! [108]» (Әли `Имран сүресі, 175-аят).**

**[107]** Әл-хоуф – бұл құлшылық түрлерінің бірі. Ол жүрек амалдарына жатады. Тура сол сияқты, әл-хошия, әр-роғба, әр-роһба, әр-рожә, әт-тәуәккул – барлығы жүрек амалдарына жатады.

Әл-хоуф дегеніміз – ұнамсыз, зиян мен залал келтіретін нәрседен қауіптену. Оның үш түрі бар:

1) *Әл-хоуфус-сирр* (жасырын қорқу): тек Аллаһтың ғана құдыреті жететін нәрселерде, Аллаһтан өзге біреуден қорқу. Яғни, жаратылыстың бірінен, анық себепсіз бір қауіп төнеді деп қорқу. Мысалы: Аллаһтан басқа біреу (әулие, аруақ) ауру, бәле, я болмаса өлім жібереді деп есептеу; Аллаһтан басқа біреу, адамды бақытсыз етеді деп сену және т.б. Бұл қорқудың үкімі – ширк.

Аллаһтан өзге құлшылық етіліп жатқан тәңірлер жалған екенін түсіндіріп жүрген Ибраһимді, оның халқы құдайларынан қорқуға шақырған кезде, ол былай деді: **«Сендер, ол туралы еш дәлел түспеген заттарды Аллаһқа серік қоссаңдар да қорықпайсыңдар, онда мен сендердің серік қосқандарыңнан қалайша қорқамын? Егер білсеңдер, онда екі топтың қайсысы амандықта болуға лайықты? Иман келтіріп, сосын имандарын зұлымдықпен (ширкпен) қаптамағандарға амандық болады, әрі дәл солар тура жолмен жүреді»** (Ән`ам сүресі, 81-82-аяттар). Тағы да Аллаһ, һуд пайғамбарға халқы не деп айтқанын жеткізеді: **«Біз: “Саған кейбір тәңірлеріміздің зияны тиген”, - деп қана айта аламыз»** (һуд сүресі, 54-аят). Осылайша, олар Аллаһтың ғана шамасы келетін нәрселерді, Одан басқа біреу істейді деп қорыққан. Ал біз тек Аллаһтан ғана қорқуымыз міндетті. **«Мен сендердің Одан өзгеге құлшылық еткендеріңнен аулақ екеніме Аллаһ куә болсын, әрі өздерің де куәлік етіңдер. Барлықтарың бірге маған айла жасаңдар да, мерзімін кейінге шегермеңдер. Расында, мен өзімнің, әрі сендердің Раббыларыңа тәуекел еттім»** (һуд сүресі, 54-56-аяттар). Өйткені, барлық нәрсе Аллаһтың қолында, барлық істермен Аллаһ басқарады, Ол – барлық заттың Иесі.

Ал көптеген адамдар қабірлерден, әулиелерден, шайтандардан, жындардан қорқады, соның салдарынан, зияндарынан аман қалу үшін оларға құрбандық шала бастайды, қабірлеріне барып ақша қалдырып кетеді.

Шейх Солих Әли шейх Аллаһтан басқа біреуді қорқу ширк болып табылатын жағдайға керемет бір мысал келтіреді: *“Білім ізденушілердің бірі маған өзімен болған бір оқиганы айтып берген еді. Бірде ол бүкіл Мысырға танымал Бәдәуи деген кісінің қабірі бар Танта қаласына аттанады. Қала тұрғындары Бәдәуиді қатты ұлықтап, оған Аллаһқа тән кейбір сипаттарды таңады. Тантаға жеткен соң, әлгі талапкерге бір жас бала келіп садақа ретінде ақша сұрайды. Ол береді. Сонда жаңағы бала Бәдәуидің атымен ант етіп, көбірек ақша сұрайды. Ал олардың дәстүрлері бойынша, Бәдәуимен ант етіп сұралған нәрсе міндетті түрде берілу керек. Әйтпесе, ол әулиенің құқығын кеміткен болып есептеледі-мыс. Сонда білім ізденуші жігіт (ол таухидті жүзеге асыруға тырысып жүргендердің бірі еді): «Саған берген ақшамды қайтып өзіме берші онда», - деп айтады. Садақаны көбірек берейін деп жатқан шығар деп ойлап, бала оның ақшасын*

қайтарады. Сол кезде ол: «Бәдәуимен ант еткенің үшін саған ештеңе бермеймін. Себебі, Аллаһтан өзге біреумен ант ету – бұл ширк», - деп айтады.

Бұл мысалды мен жәй қисса айту үшін емес, керісінше жасырын қорқудың (хоуфус-сирр) не екенін ашық түсіндіру үшін келтіріп жатырмын.

(Осы оқиганың куәгері болған) таксистті қатты қорқыныш пен үрей жаулап алады. Ол жол бойы: «Жасыра көр! Жасыра көр!» - деп қайталай береді. Сонда білім ізденуші жігіт: «Сен кіммен сөйлесіп жатырсың?» - деп сұрайды. Жүргізуші: «Сен Бәдәуді қорладың! Енді мен одан, бізді жасырсын деп тілеп отырмын. Ал егер ол... онда басымызға бәле келеді», - деп жауап берді. Солай, екеуі жүз шақырымнан астам жол жүрді, алайда таксист тек «Жасыра көр!» сөздерін қайталай берді. Жол тартқан орындарына аман-есен жеткен кезде, талапкер жігіт оған былай деді: «Ал сенің уәде еткен нәрсең қайда? Бәдәуиің былай да, былай жасайды дегенің орындалмады ғой?» Сонда әлгі жүргізуші жеңілдікпен демін шығарып: «Негізі, Бәдәуи кішіпейіл, мейірімді ғой», - деп жауап қатады" («Шәрх сәләситил-усул уә әдилләтиһа», 36-35).

2) Әл-хоуфут-тоби`и (табиғи қорқу): қауіпі анық болған нәрселерден қорқу. Мысалы: от күйдіреді, қасқыр жеп қояды немесе қылмыскердің кезеп тұрған қарумен өлтіріп қояды деп және т.б. қорқу. Бұндай қорқу рұқсат етілген. Егер сен, шамасы келетін біреуден төніп тұрған анық себептерден қорқатын болсаң, онда бұл ширк деп аталмайды.

Сондықтан, Аллаһ Тағала Мұса пайғамбар туралы былай деді: «Сонда ол **қорқып, жан-жаққа қарап қаладан шықты да: “Раббым! Мені залым елден құтқара гөр!”** - деді» (Қасас сүресі, 21-аят).

3) Әл-хоуфул-мухаррам (тыйым салынған қорқу): жаратылыстардан қорқамын деп, Аллаһ бұйырған бір істі орындамай қою. Мысалы: бір кісі адамдардан қорқып, намаз оқымайды. Өйткені, егер ол намаз оқуға тұратын болса, адамдар оны қаралап, тіл тигізеді, тәлкекке салады. Бұл қорқудың үкімі – харам. Аллаһ Тағала былай деген: «**Оларға адамдар: “Жұрт сендерге қарсы жиналды. Олардан қорқыңдар!”** - деді. Алайда, бұл олардың имандарын одан сайын арттыра түсті, сол кезде олар былай айтты: **“Бізге Аллаһ жеткілікті, Ол нендей жақсы Қамқоршы”**» (Әли `Имран сүресі, 173-аят).

**[108]** Бұл аятта, Аллаһтан басқа біреуден қорқу тыйым салынғанына дәлел бар. Аллаһ: «**Олардан қорықпаңдар**», - деп, Одан өзге біреуден қорқуды харам етті. Сосын: «**Менен қорқыңдар!**» - деп, Өзінен ғана қорқуды бұйырды. Ал егер Раббымыз бір істі бұйырса, оның құлшылық болып табылатынын білуіміз керек. Себебі, Аллаһ тек жақсы көретін нәрсесін ғана бұйырады. Ал құлшылық – Аллаһ жақсы көретін істер. Демек, әл-хоуф – құлшылық, сондықтан оны Аллаһтан өзгеге арнау – ширк (Аллаһқа серік қосу).

Аллаһтан қорқу әрқашан мақтаулы болып саналмайды. Ол тек жақсы амалдарға ұмтылдырып, күнә жасаудан тосып жатса ғана мақтаулы болады. Ал егер адамның қорқуы, Аллаһтың мейірімінен күдер үзуге себеп болса, онда ондай қорқу – даттаулы.

**Әр-рожәнең [109] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала: «Кімде-кім өз Раббысымен жолығуды [110] үміт етсе, ізгі амал жасап [111], құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын [112]», - деді** (Кәһф сүресі, 110-аят).

[109] Әр-рожә – бұл қалаулы нәрсеге қол жеткізуді үміт ету. Ол да жүрек құлшылықтарының бірі болып саналады. Адам Аллаһтың әмірлерін орындап, Оның сауабына үміт ету керек және Аллаһқа бойұсынбаған үшін кешірім сұрап, Оның мейіріміне үміт ету қажет.

Әр-рожаның екі түрі бар:

- 1) *Әр-рожа ат-тоби`и* (табиғи үміт): оған иелік ететін бір кісінің қолындағы затқа үміт ету. Мысалы: сен келесің деп үміттенемін (өйткені сен келуге мүмкіншілігің бар), сен осыны істейсің деп үміттенемін (өйткені сен оны істей аласың). Бұл рұқсат етілген.
- 2) *Рожа ал-`ибәда* (құлшылық үміті): тек қана Аллаһтың құдыреті жететін нәрсеге үміт ету. Мысалы: ауру-сырқаттан айығуды, Жәннатқа кіруді, Тозақтан құтқаруды және т.с.с. үміт ету. Мұндайды тек Аллаһтан ғана үміт ету міндетті.

[110] **«Раббымен жолығу (әл-лиқо)»** сөздеріне ғалымдар екі тәфсир (түсіндірме) берген:

- 1) Кездесу, жолығу;
- 2) Жүзін көру. Бұл екі кең тараған тәфсир ізгі ата-бабаларымыздан (сәләф әс-салих) келген.

[111] Яғни, үміт етіп, жата бермеу керек. Адам үміт етіп қана қоймай, оған қоса себептер де жасауға тиіс. Сонда ғана әр-рожә мақтаулы болады. Ал ізгі амалмен жалғаспайтын үміт даттаулы болып саналады.

Амал ізгі болу үшін оның екі шарты орындалуы қажет:

- 1) Аллаһ үшін ықыласты болу;
- 2) Аллаһтың елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу.

Егер амал Аллаһтың разылығы үшін жасалмаса және ықыласты болмаса, ол амал ізгі болмақ түгіл, қабыл етілмейді де. Сол сияқты, егер амал пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне сай орындалмаса, бид`а (дінге енгізілген жаңалық) болып табылса, істеушісіне қайтарылады. Хадисте: **«Кімде-кім біз әмір етпеген қандай да бір істі жасаса, ол ісі кері қайтарылады»**, - делінген (Муслим 17/718).

[112] Бұл аятта Аллаһ Өзіне үміт етуді мақтады. Аллаһтың мақтауы, Оның сол істі жақсы көретінін білдіреді. Ал енді **“Құлшылық дегеніміз – бұл Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық жасырын немесе жария сөздер мен істерді қамтыған есім”**, - деген анықтаманы еске түсірер болсақ, онда әр-рожаның құлшылық болып табылатынын анық байқаймыз. Бұл – дәлелдің жүзі (уәжһул-истидләл немесе уәжһуд-диләла).

**Әт-тәуәккулдің [113] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Егер иман келтірсеңдер, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер! [114]»** (Мәида сүресі, 23-аят).

**Тағы да Аллаһ былай деді: «Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жеткілікті болады [115]»** (Әнбия сүресі, 90-аят).

[113] Әт-тәуәккул дегеніміз – ол екі нәрсенің жиынтығы: 1) барлық істерді Аллаһқа тапсыру және 2) себептер жасаған соң, оларға көңіл бөлмеу.

Істерді Аллаһқа тапсыру мен себептер жасаған соң, оларға назар аудармау – жүрек амалдары. Сондықтан, тәуекел ету – бұл жүрекпен жасалатын құлшылық. Мұсылман адам себептерді жасау керек. Алайда, оларға жүрегі байланып қалмасын. Өйткені, мақсатқа жету үшін жалғыз себептің өзі жеткіліксіз. Ол үшін тағы да төрт нәрсе орындалу қажет:

- 1) Себеп жасау;
- 2) Себепті орынды жерге қолдану;
- 3) Кері әсер беретін факторлардың жоқтығы;
- 4) (Ең ұлы нәрсе!) Себеп нәтижеге жеткізсін деп Аллаһтың рұқсат беруі.

Мысалы: Адамның басы қатты ауырады. Сол үшін ол бас ауруына қарсы арналған дәрі ішеді. (Бұл - себеп). Оны езіп, сандарына жақпайды, бірақ жұтып, артынша су ұрттап жібереді. (Бұл - себепті орынды жерге қолдану). Егер дәрінің белгілі түріне адамның аллергиясы байқалса, ол дәрінің басқа түрін қолданады. (Бұл - кері әсер беретін факторлардың жоқтығы). Егер Аллаһ құлының жазылып кетуін қаласа, сонда ғана оның бас ауруы тоқтайды (Бұл - себеп нәтижеге жеткізсін деп Аллаһтың рұқсат беруі).

Аллаһқа тәуекел ету, себептер жасауға кедергі етпеу керектігін білуіміз қажет. Мұсылман тәуекел мен себепті бірге алып жүруі тиіс. Себеп алу – парыз. Бұған, Құран мен Сүннетке келген дәлелдер жетерлік.

Аяттар:

«**Құрма ағашының бұтағың өзіңе қарай сілкі, сонда саған жаңа піскен құрмалар түседі**» (Мәриям сүресі, 25-аят). Аллаһ Тағала бір бұйрығымен-ақ құрмаларды түсіре алатын еді, соған қарамастан Мәриямға сілкі арқылы себеп жасауды нұсқады.

«**Расында, сендердің Раббыларың – аспандар мен жерді алты күнде жаратқан**» (А`раф сүресі, 54-аят). Аллаһ Тағала қаласа оларды бір сәтте жарата алатын еді, алайда Ол даналығына сай себептер мен нәтижелерді байланыстырды. Бұдан да басқа аяттарды келтіруге болады.

Хадистер:

«**Әй, Аллаһтың құлдары, емделіңдер!**» (Ахмад, Әбу Дәуд, Тирмизи, Нәсеи, Ибн Мәжаһ. Имам әт-Тирмизи хадистің сенімділігін растаған).

«**(Түйеңді) байла да, тәуекел ет**» (Тирмизи. Шейх әл-Әлбәни хадисті хасан деген. Қараңыз: «Мушкиләтул-фақр» 1/23). Бұдан да басқа көптеген хадистерді келтіруге болады.

Алайда, себептер жасаймын деп адам оларға сеніп қалмау керек. Ол істердің барлығын Аллаһқа тапсырып, себеп жасағанына назар аудармау тиіс. Сен жер жыртасың, дән егесің – бұл себептер ғана. Өзіңнің еккеніңе, төккен теріңе сеніп қалма. Аллаһқа ғана тәуекел ет!

Аллаһ Тағала былай деді: «**Егіп жатқан нәрселеріңді көрдіңдер ме? Оны өсіретін сендер ме, әлде Біз бе?!**» (Уақи`а сүресі, 63-64-аяттар).

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні: “*Себеп алып, тәуекел етпейтін адамның таухиді кеміс. Тәуекел еттіп, себеп алмайтын адамның ақылы кеміс*”.

Тәуекел етудің бірнеше түрі бар:

- 1) *Аллаһқа тәуекел ету*. Ол – иманның кемелдігінің, әрі оның шыншылдығының белгісі. Бұндай тәуекел міндетті болып табылады.
- 2) *Жасырын тәуекел (тәуәккул әс-сир)*: ол пайда не зиян әкеле алады ғой деп сеніп, өлген адамға тәуекел ету. Бұның үкімі – үлкен ширк. Өйткені, бұл іс адамның өлген кісі болмыста жасырын басқару күшіне ие деген сенімі бар екенін білдіреді.
- 3) Басқа адамға, оның мүмкіншілігі бар нәрседі тәуекел ету, әрі сол уақытта тәуекел етуші әлгі адамды аса жоғары, ал өзін өте төмен бағалайды. Бұл, несібе көздерін іздеуге де, соған



ұқсас басқа жағдайларға да қатысты. Бұның үкімі – кіші ширк. Өйткені, мұндай адам басқа біреуге жүрегін тым қатты байлап алған, әрі оған қатты сенеді. Алайда, егер сен бір кісіні себеп ретінде ғана қарастырсаң, әрі ол арқылы тапқан нәрсең Аллаһтың жазғаны деп білсең, онда бұның еш айыбы жоқ. Бірақ, ол кісі шынымен де оған шамасы жетуі шарт.

4) *Біреуді өкіл ету (әт-таукил, әл-уикәлә)*: оған күші жететін бір кісіге істерді тапсыру, міндеттеу, өкіл ету. Тәуекел етудің мұндай түрі Құранмен, Сүннетпен және ғалымдардың бірауызды келісімімен (ижма`) рұқсат етілген.

**[114]** Аллаһ Тағала: «**Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!**» - деп әмір етті. Бұл – тәуекелдің Аллаһ жақсы көретін істердің бірі болып табылатынына дәлел. Демек, тәуекел – құлшылық. Оның құлшылық екеніне осы аятта тағы да бір дәлелдің жүзі (уәжһуд-истидләл) бар: «**егер иман келтірсеңдер**». Яғни, иман тек тәуекелмен ғана болады. Сондай-ақ, бұл аятта Аллаһ шектеу тәсілін қолданып: «**Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер**», - деді. Бұл тәуекел деген құлшылық түрін Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайтынына жеке дәлел. Алдында біз, жалпы дәлел мен жеке дәлел жайында әңгіме қозғаған едік.

**[115]** Бұл аят та тәуәккулдің құлшылық екеніне дәлел болып табылады. Ал дәлелдің жүзі (уәжһуд-диләлә) туралы айтар болсақ, Аллаһ Өзіне тәуекел етушілерді мақтап, оларға жеткілікті болатынымен қуандырды. Осыдан түсінетініміз, тәуәккул – ұлы құлшылықтардың бірі, әрі оны Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайды.

**Әр-роғба [116], әр-роһба [117], және әл-хушу`тың [118] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деген: «Расында, олар [119] үміт пен қорқу [120] арқылы құлшылық және дұға етіп жақсылықтарға асығатын еді [121]. Әрі Бізге мойынұсынған [122]»** (Әнбия сүресі, 90-аят).

**[116]** Әр-роғба деген сөздің мағынасы: мақтаулы бір нәрсені талап ету. Ол – үміт етудің ерекше түрі. Әр-роғба мен әр-роғбаның арасындағы айырмашылық: әр-роғба – бұл қалаулы нәрсеге қол жеткізуді үміт ету, ал әр-роғба деген – мақтаулы бір нәрсені талап ету. Мәселен, егер адам Жәннатқа кіруді үміт етсе, оның осы үміті әр-роғба болып табылады. Ал жәннатқа кіруді қалап, оны ізгі амал ету арқылы талап ететін болса, оның осы ұмтылысы әр-роғба деп аталады (Қараңыз: «Мәдәрижус-сәликин» 2/55).

**[117]** Әр-роһба деген сөздің мағынасы: қауіпті нәрседен қорқып, одан қашу. Ол – қорқудың ерекше түрі. Себебі, әр-роһба – амалмен байланысты қорқу (Қараңыз: «Мәдәрижус-сәликин» 1/512).

**[118]** Әл-хушу` – бұл Аллаһтың ұлықтығы алдында бас ию, Оған жүрекпен де, дене мүшелерімен де толығымен мойынсұну, Оның алдында тыныштық сақтау. Аллаһ Тағала былай деді: «**Оның белгілерінен – сенің жерді тып-тыныш (яғни, құрғақ) күйінде көруің (хоши`а)**» (Фуссиләт сүресі, 39-аят), яғни онда өсімдіктердің ешқандай

әрекеті мен қимылы жоқ, мүлдем өмір жоқ. **«Ал Біз оған су ағызған соң, қозғалысқа келіп, өсіп-өнеді»** (Фуссиләт сүресі, 39-аят).

Егер сен мушриктердің өз тәңірлері алдындағы қандай күй кешіп жатқанына көңіл бөлсең, қабірлерге құлшылық ететін кісілердің кесенелерді аралап жүрген жағдайларына назар аударсаң, олардың қандай мойынсұну мен тыныштықта болатынын байқайсың. Артық қимылдамайды, көп сөйлемейді, жәй тыныс алады. Тіпті әулиелер жатқан молалардан шығып бара жатқанда, артымен бұрылмай шығып кетеді. Бұл мойынсұнудың барлығы, осындай хушу` , тек Аллаһқа ғана арналу керек қой! Мұсылман адам намаз оқыса, үміт ету мен қорқуды бірге алып жүреді. Ол **«аса Қамқор, ерекше Мейірімді»** (Фатиха сүресі, 2-аят) сөздеріне жеткенде, оған үміт есіктері ашылады. Ал **«Қиямет Күнінің Иесі»** (Фатиха сүресі, 3-аят) сөздеріне жеткенде, оны қорқу мен үрей қоршап алады. Хушу` туралы айтсақ, онда мұсылманның тұрысы да, дауысы да өте тыныш болады. Аллаһ тағала айтқандай: **«Дауыстар Рахман үшін бәсеңдетіледі, әрі сыбырдан басқа ештеңе естімейсің»** (Таһа сүресі, 108-аят). Намаз оқушының халі осындай болу қажет.

Жалпы айтқанда, мұсылман әрқашан қорқу мен үмітті бірдей алып жүру керек. Өйткені, оның үміті қорқынышынан артық болса, онда ол «Аллаһ кешіреді ғой» деп күнәға батып кетуі мүмкін. Ал егер оның қорқынышы басым болса, онда ол «Аллаһ менен қабыл етпейді ғой» деп құлшылығын тастап қою мүмкін. Бірақ кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, адамның денсаулығы мықты кезінде, ол қорқу жағын күшейтіп, сырқат кезінде үміт жағын күшейту керек. Себебі, науқас адамның ажалы жақын шығар, ал ол Аллаһ Тағала туралы жақсы ойда болып өліп кетуге тиіс. Ал дені сау кісінің үміті көп болса, әлі ұзақ өмір сүремін деп ойлап Аллаһқа бағынуды кейінге қалдырып, үлгермей де қалу әбден мүмкін. Ал басқа ғалымдар, күнә кезінде қорқынышын артырып, ізгі амал істеу барысында үмітін арттыру керектігін алға тартады.

**[119]** Яғни, пайғамбарлар (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Өйткені, бұл аят «Әнбия» («Пайғамбарлар») сүресінде келген. Ол сүреде Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен елшілердің қиссаларын баяндайды.

**[120]** Яғни, Аллаһтың сауабына үміт ету арқылы және Оның азабынан қорқу арқылы дұға, құлшылық етеді.

**[121]** Яғни, пайғамбарлар ерінбеген, жалқауланбаған, керісінше асығып, ізгі іс жасағанда бір-бірімен жарысатын еді.

Әр-роғба, әр-роһба, әл-хушу` – бұл пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасиеттері, сипаттары. Әр-роғба, әр-роһба, әл-хушу` – бұл құлшылықтың ең ұлы түрлерінің бірі.

Осы жерде біз, сопылардың *“Біз Аллаһқа, Оның сауабын үміт етіп те емес, Оның азабынан қорқып та емес, тек Оны жақсы көргеніміз үшін гана құлшылық етеміз”* деген сөздерінің жалған екенін аңғарамыз. Себебі, елшілердің өздері, Аллаһқа үміт, қорқу және мойынұсыну арқылы ғибадат еткен.

**[122]** Бұл аятты, автор (оған Аллаһтың мейірімі болсын) әр-роғба, әр-роһба, әл-хушу` істерінің құлшылық екеніне дәлел ретінде келтірді. Ал енді аяттың ішінен дәлелдің жүзін

(уәжһул-истидләл) табатын болсақ, Аллаһтың аталмыш істерді жасаған үшін пайғамбарлар мен елшілерді мақтағаны – олардың Аллаһ разы болатын құлшылық болып есептелетінін білдіреді. Бұл – дәлел келтірудің жалпы түрі.

Ал дәлел келтірудің жеке түріне келер болсақ, онда «**әрі Бізге мойынсұнған**» сөздерінде, араб тілі жағынан, шектеу тәсілі қолданылған. Сондықтан, хушу` тек Аллаһқа ғана арналатын құлшылық болып саналады.

**Әл-хошияның [123] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала: «Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар! [124]» - деді** (Бақара сүресі, 150-аят).

[123] *Әл-хошия* – бұл қорқудың ерекше бір түрі. Оның хоуфтан айырмашылығы: ол біліммен байланысты қорқу болып табылады («Әт-тибьян» 88). Мысалы: егер сен біреуді, оның мүмкіншіліктерін білмей қорықсаң, ол хоуф болады. Ал егер сен біреуді, оның мүмкіншіліктері мен келтіре алатын зиянын біліп тұрып қорықсаң, онда ол хошия деп аталады. Сондықтан, Аллаһ Тағала: «**Расында, құлдарының ішінде, Аллаһты тек білімділері ғана қорқады**» (Фатыр сүресі, 28-аят), - дегенде “хошия” сөзін қолданды. Хошияның түрлеріне келер болсақ, ол хоуфтың түрлері сияқты. Сол үшін хоуф тақырыбын шолып шықсаңыз болады.

[124] Дәлелдің жүзі (уәжһуд-дилләлә): Аллаһ Тағала: «**Менен қорқыңдар!**» - деп бұйырды. Ал Аллаһ Тағала разы болатын нәрсесін ғана бұйырады. Демек, хошия – құлшылық, себебі құлшылық – Аллаһ разы болатын сөздер мен істер. Бұл дәлелдің жалпы түрі. Ал хошияның, Аллаһтан басқа ешкімге арналуға болмайтын құлшылықтың түрі екеніне жеке дәлел туралы айтар болсақ, Аллаһ Тағала «**олардан қорықпаңдар**», - деп, олардан қорқуға болмайтынын, әрі олардың оған лайықты емес екенін баяндаған. Ал Өзінің: «**Менен қорқыңдар!**» - сөздерімен тек Өзінен ғана қорқып, Аллаһқа ғана хошия құлшылығын арнау міндеттілігін түсіндірді.

**Әл-инәбәның [125] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала: «Раббыларыңа қайтыңдар да, Оған бойұсыныңдар [126]», - деді** (Зумәр сүресі, 54-аят).

[125] *Әл-инәбә* сөзінің мағынасы: қайту, оралу. Ол тәубе сөзіне ұқсайды. Алайда кейбір ғалымдар, инәбаның тәубеден де ауқымдырақ мағына беретінін айтқан. Олардың бір-бірінен айырмашылығы мынада: егер адам күнә жасап, ол үшін өкінсе, тыйым салынған істі тастап, Аллаһтан кешірім сұраса – тәубе етуші болады. Ал егер адам тәубесімен шектелмей, оған қоса Аллаһқа қарай ұмтылатын болса, әрі құлшылықтарын арттырса, ол – муниб (инәбә жасаушы) болады. Яғни, инәба дегеніміз жәй ғана оралу емес, тағы да Аллаһқа бет бұрып, Оған қарай ұмтылысын арттыру. Сондықтан да, Аллаһ былай деді: «**Раббыларыңа қайтыңдар да, Оған бойұсыныңдар**» (Зумәр сүресі, 54-аят), яғни Раббыларыңа оралыңдар да, Оған қарай бет бұрып, ұмтылыңдар. «**Бастарыңа азап түспейінше, содан соң сендер жәрдемсіз қаласыңдар**» (Зумәр сүресі, 54-аят), яғни егер жоюшы азап келсе, онда

тәубелерің мен қайта оралғандарың қабыл болмайды, **«тек Юнустың елінен басқа, олар иман келтіргенде Біз оларды масқаралы азаптан құтқардық»** (Юнус сүресі, 96-аят), алайда бұл ережеден тыс оқиға. Әйтпесе, жоюшы азап басқа түскен кезде, тәубе қабыл етілмейді.

Көптеген адамдар Аллаһқа оралудың орнына, әулиелерге, пайғамбарларға, өліктерге бет бұрып, оларға қарай ұмтылады. Ал инәба дегеніміз – басқа барлық нәрсені тастап, жүрегін бүкіл нәрседен босатып, біреуге қарай оралу. Бұған тек қана Аллаһ лайықты болғанына және Раббымыз Өзіне ғана инәба жасауды бұйырғанына қарамастан, әлгі адамдар жүректерін жалған тәңірлерге байлап алды. Себебі, инәба дегеніміз бұл – жалғыз ғана оралу емес, ол – жүректі Аллаһпен байланыстыру, қорқу, үміт ету, жақсы көру және т.с.с. құлшылықтарды көбейту.

**[126]** Аллаһ Тағала: **«Раббыларыңа қайтыңдар да, Оған бойұсыныңдар»**, - деп бұйырды. Осыдан түсінетініміз, әл-инәба – бұл құлшылық түрлерінің бірі. Оны Аллаһтан басқа біреуге арнау тыйым салынады.

Инәбаға тек Аллаһ қана лайықты екеніне жеке дәлел де бар. Шу`әйб пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен Оған ғана тәуекел етемін, әрі Оған ғана ораламын (униб)»**, - деген (Һуд сүресі, 88-аят). Осы аятты араб тілінің қағидаралы жағынан қарастырсақ, онда сөйлемде шектеу тәсілі қолданылғанын көреміз.

**Әл-исти`ананың [127] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деген: «Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз [128]»** (Фатиха сүресі, 4-аят).

**Хадисте: «Егер көмек сұрайтын болсаң, Аллаһтан сұра! [129]» - деп айтылған.**

**[127]** Әл-исти`ана сөзінің тілдік мағынасы: жәрдем сұрау, көмек талап ету (толәбул-`аун). Жалпы араб тілінде, «син» мен «тә» (яғни, “ист...”) әріптеріне басталатын көптеген сөздер “сұрауды, талап етуді” білдіреді. Мысалы: *истигосә, истисқо, исти`аза* және т.б. Алайда, бұл ережеден тыс жағдайлар да көрініс табуы мүмкін. Мысалы: *истагнаЛлах* (Аллаһ мұқтаж емес), бұл жерде «син» мен «тә» (яғни, “ист...”) әріптері талап етуді білдірмейді.

Көмек сұраудың (исти`ана) бірнеше түрі бар:

1) Аллаһтан көмек сұрау: толығымен Оған мойынсұнып, істердің барлығын Оған тапсырып, осыны жеткілікті болады деп есептеп, Одан жәрдем тілеу. Бұған тек Аллаһ қана лайықты. Өйткені, Ол былай деді: **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** (Фатиха сүресі, 4-аят). Бұл аят жөнінде, әрі оның дәлел жүзі туралы біз төменірек айтамыз. Жалпы, исти`ананың бұл түрін адам Аллаһтан басқа біреуге арнаса, діннен шығаратын ширк жасаған болып табылады.

2) Оған шамасы келетін істе, бір адамнан көмек сұрау. Бұл жағдайда, жәрдем сұраушы қандай көмек талап етіп жатқанына назар аударуымыз қажет. Егер ол игі іс болса, ол кісіге көмек көрсету міндетті болып табылады. Өйткені, Аллаһ: **«Игілік пен тақуалықта, бір-біріңе көмектесіңдер»**, - деп бұйырды (Мәида сүресі, 2-аят). Сондай-ақ, пайғамбарымыз



(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: «**Құл өзінің бауырына көмектесіп жүргенінше, Аллаһ та Өз құлына көмектеседі**» (Муслим 2699). Ал егер күнәлі істе жәрдем талап етіліп жатқан болса, оны сұрауға да, оған жауап беруге де тыйым салынады. Аллаһ Тағала былай деді: «**Күнә мен жауласуда бір-біріңе көмектеспендер**» (Мәида сүресі, 2-аят). Ал енді, сұралып жатқан нәрсе жәй рұқсат етілген істерден болса, оны сұрауға да, оған жауап беруге де болады. Сонымен бірге, мұндай жағдайда көмек көрсетуші адам сауапқа үміт етуге құқылы. Аллаһ Тағала былай айтқан: «**Жақсылық жасаңдар! Расында, Аллаһ жақсылық жасаушыларды жақсы көреді**» (Бақара сүресі, 195-аят).

3) Қасыңда тұрған тірі, бірақ өтінішіңді орындауға мүмкіншілігі жоқ кісіден жәрдем сұрау. Бұл – бос, еш пайдасыз іс болып саналады. Мысалы: әлі жоқ біреуден өте ауыр затты көтерісуге көмек сұрау.

4) Өлген кісілерден немесе тірі, бірақ қасыңда жоқ адамдардан жәрдем тілеу. Бұл – ширк. Өйткені, бұны жасайтын адам, әлгі сұралушылардың осы болмыстағы жасырын басқару күштері бар деп сенеді.

5) Аллаһ жақсы көретін қасиеттер мен амалдар арқылы көмек сұрау. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді: «**Сабыр ету және намаз оқу арқылы Аллаһтан көмек сұраңдар**» (Бақара сүресі, 45-аят).

Автор (оған Аллаһтың мейірімі жаусын) көмек сұраудың бірінші түрі жөнінде айтпақшы болған. Яғни, Аллаһтың ғана шамасы келетін нәрседе, жаратылыстан көмек сұрау. Мысалы: ризық беруде, зияннан құтқаруда және т.с.с. Көптеген адамдар осыған ұқсақ нәрселерде Аллаһтан емес, өліктерден, жын-шайтандардан немесе есімдерін атау арқылы қасыңда жоқ кісілерден жәрдем сұрайды. Бұл – үлкен ширк. Себебі, сен оған мүмкіншілігі жоқ біреуден көмек сұрап жатсың.

**[128] «Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** - деген аятты, автор исти`ананы Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайтынын дәлелдеу үшін келтірді. Ал енді дәлелдің жүзі (уәжһуд-дилләла) қандай?

Жауабы: араб тілінің ережелері бойынша, сөйлемде әуелі іс (*әл-фи`л*), сосын іс объектісі (*маф`ул биһ*) орналасу керек. Алайда, біз талқылап жатқан аятта бірінші іс объектісі, ал содан кейін іс келіп тұр. Сол үшін біз, "Артында тұру керек болған сөз, алдында тұрса, ол – мағынасын шектеу тәсілі" - деген қағидаға сүйеніп, құлшылық та, исти`ана (көмек сұрау) да Аллаһқа ғана арналу керек болған істер екенін түсінеміз.

**[129]** Бұл хадисті имам әт-Тирмизи 2516-ші нөмірмен келтірген, ал шейх әл-Әлбәни оны сахих деп атады (Қараңыз: «Сахих әл-жәми`» 7957, «Мишкәт» 5302).

Бұл хадисте Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Аллаһтан көмек сұра!**» - деп бұйырды. Ал Аллаһтың елшісі Раббысы жек көретін нәрсені әмір етуі мүмкін емес. Сонымен, егер исти`ананы Аллаһ жақсы көрсе, оның құлшылық екені анық. Оны тек Аллаһқа ғана арнау міндетті.

**Әл-исти`азанның [130] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай айтты: «Таңның Раббысынан пана тілеймін», - де!**

**[131]»** (Фаләк сүресі, 1-аят).

**Тағы да Аллаһ былай деді: «Адамдардың Раббысынан пана тілеймін», - де! [132]»** (Нәс сүресі, 1-аят).

[130] Әл-исти`азә дегеніміз бұл – саған зиян әкелетін нәрседен, одан сақтап қала алатын біреуден пана тілеу, қорғаныш іздеу. Ол – Аллаһқа ғана арналу керек болған құлшылықтардың бірі.

Пана тілеудің бір неше түрлері бар:

1) Аллаһтан қорғаныш іздеу: үнемі Оған мұқтаж екеніңді сезіп, Одан әрдайым пана тілеп, Оның осы көмегі саған жеткілікті болатынына анық сену. Ол бүгін де, ертең де, кіші мен үлкеннен де, адамнан да, басқа біреуден де сақтай алады.

2) Аллаһтың сипаттарынан пана тілеу: Оның сөздерінен, Оның құдыретінен, Оның күшінен және т.б. Бұған дәлел ретінде пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен көптеген хадистерді келтірсек болады: *«Аллаһ жаратылыстарының жамандығынан, Оның кемел сөздеріне сиынамын»* (Муслим 2708), *«Асты жағымнан өлтірілуден, Сенің ұлықтығыңа сиынамын»* (Ахмад 2/25, Нәсәи 8/677), *«Сезіп және сескеніп жатқан нәрсемнен, Аллаһтың күші мен құдыретіне сиынамын»* (Ахмад 4/217, Әбу Дәуд 3891, Ибн Мәжәһ 2522), *«Сенің ашуыңнан, Сенің разылығыңа сиынамын»* (Муслим), *«Сенің жүзіңнен пана тілеймін»* (Бухари).

3) Өліктерден және қасыңда жоқ адамдардан пана тілеу. Бұл – ширк, өйткені олар адамға қорғаныш қамтамасыз ете алмайды. Аллаһ Тағала былай деді: **«Адамдардың ішіндегі еркектер жындар арасындағы еркектерден пана тілейтін. Алайда олар тек қорқуларын одан сайын арттырған»** (Жын сүресі, 6-аят).

4) Қорғауға шамасы жететін жаратылыстардан: адамдардан, мекендерден және т.с.с. пана тілеу. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүліктер уақыты туралы хабарлап: *«Ал кімнің паналайтын жері болса, соны ұстансын»*, - деді (Бухари). Сондай-ақ, бір хадисте Бану Махзум тайпасынан шыққан ұры әйел туралы айтылады. Оны пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген кезде, ол Умм Саләмәдан пана сұрайды. Сонда Умм Саләмә оған көмектесіп, ал пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жазаламайды деп ойлайды. Алайда, Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтады: *«Расында, егер Мұхаммадтың қызы Фатима ұрлық жасағанда, мен оның қолын кесетін едім»* (Муслим 1689).

Ал егер адам біреудің зұлымдығынан пана тілейтін болса, оған мүмкіндігінше қорғаныш қамтамасыз ету қажет, бірақ егер адам міндетінен қашып не харам істеу үшін пана тілесе, оған көмек көрсетуге болмайды.

Автор исти`азәның бірінші түрі туралы айтып, Аллаһтан басқа ешкімнен пана тілеуге болмайтынын дәлелдеген. Кімде-кім қабірден, не пұттан, не Аллаһтан өзге басқа нәрседен пана тілейтін болса, діннен шығаратын ширк жасаған серік қосушы болады. Баяғыда арабтар бір мекенде тұрақтаса араларындағы біреуі: *«Осы ойпаттың мырзасынан (яғни, үлкен бір жыннан) қорғаныш тілейміз»* - деп, жындар қауымының ақымақтарынан пана тілейтін еді. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл істі теріске шығарып, оны керемет дұғамен алмастырды: *«Кім бір мекенде тұрақтайтын болса: “Аллаһтың жаратылыстарының жамандығынан, Оның кемел сөздеріне сиынамын”, - деп айтсын. Сол мекеннен аттанбайынша, оған ешнәрсе зиян тигізе алмайды»* (Муслим 2708).

Имам әл-Қуртуби (оған Аллаһтың мейірімі жаусын) былай деген: “Бұл сенімді хабар және шынайы сөз. Оның рас екенін біз дәлел мен тәжірибе арқылы білдік. Осы хабарды естігелі бері, мен оған амал етіп жүретінмін. Бірақ бір түні, Мәһдия қаласында мені шаян шағып алды. Ойланып көрсем, мен әлгі сөздер арқылы исти`азә жасауды (пана сұрауды) ұмытып кеткен екенмін” («Фәтхул-Мәжид» 190).

**[131]** «Фалақ» сүресінде Аллаһ Тағала былай дейді:

1 - «**Айт: Таңның Раббысынан пана тілеймін**»: Таң аттыратын – Аллаһ. Ол былай деген: «**Таңды әшкерелеп ашушы**» (Ән`ам сүресі, 96-аят), яғни түннің түнегінде, қараңғыны ашып таңды әшкерелеуші. Бұған Аллаһтан өзге кімнің шамасы жетеді?! Ол ғана иелік етіп, басқарады.

Араб тілінде “*фаләқа*” етістігі бір нәрсені жару, қақ айыру дегенді білдіреді. Бұл аятта Раббымыз дән мен ұрықты жарып, өсімдікті шығарғандай, Оның таң қараңғылығын қақ айыратындығы арнайы айтылуда.

2 - «**Оның жаратқандарының жамандығынан**»: бұл бүкіл жаратылыстардың жамандығын қамтып алады. Адам барлық мақлұқтардың жамандығынан Аллаһқа сиынады. Одан кейін Аллаһ жаратқандарының ішінен кейбірінің зиянын айрықша атады.

3 - «**Қараңғылығы басқан кезде, түннің жамандығынан**»: өйткені, ол уақытта жабайы хайуандар мен жан-жануарлар шығады. Адамдарды ұйқы баурап, ал жер бетінде жын-шайтандар мен зиянды мақлұқтар жүретін қараңғы түннің жамандық-зияндарынан сақтап, қорға деп.

4 - «**Түйіндерге үрлейтін әйелдердің жамандығынан**»: адамдарға дем салып, адамдарды дуалайтын бақсы-балгер, дуакеш, т.б. сиқыршылардың зиян-кесірлерінен сақта деп.

5 - «**Күншілдің күндеген кезіндегі жамандығынан**»: өзге адамның қандай да бір игілігінен айырылып қалуын қалап, әрі сол үшін барынша әрекет етуші күншіл-қызғаншақтардың кесірінен. Сондықтан, Аллаһ Тағала осындай жаман адамдардың бұзық пиғылдары мен айлакерліктерін бұзып, жоққа шығару үшін Раббымыздың қамқорлығына жүгініп, жәрдем тілеуіміз қажет. Күншілдердің қатарына көзі тигіш адамдар да жатады. Өйткені, көзтигіштік іші тар, пейілі бұзық адамдарда болады. Бұл сүре мұсылмандарды жалпы жамандықтан және оның жекеленген түрінен сақтанып, құтылу үшін тек Аллаһтан қорғаныш тілеп, пана іздеуге үйретеді. Сонымен бірге, бұл сүре сиқырдың – ақиқат, бар екендігін, әрі одан сақтану қажеттігін, сол үшін сиқырдың қай түрінен болса да, әрі оны істеушілерден де Аллаһ Тағалаға сиынып, Одан пана іздеп, Оған ғана сиыну керектігіне дәлел болады (Қараңыз: «Тәйсир әл-Кәрим әр-Рахмән»).

Осы аяттар исти`азәның құлшылық екеніне дәлел болып табылады. Оның Аллаһтан өзге ешкімге арнауға болмайды. Жаратылыстан пана іздеме! Ал кім жаратылысқа сиынса, Аллаһқа серік қосқан болып есептеледі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибн `Аббасқа: «**Көмек сұрайтын болсаң, оны Аллаһтан сұра!**» - деп бұйырды (Тирмизи, 2516-ші. Шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деген).

**[132]** «Нәс» сүресінде Аллаһ Тағала былай деді:

1, 2, 3 – «**Айт: “Адамдардың Раббысына, адамдардың Патшасына, Тәңіріне пана іздеп, сиынамын”**»: Бұл сүреде адамдардың Раббысы, Иесі және Тәңірінен барлық жамандық атаулының басы болған шайтанның азғыруынан пана тілеу әмір етіледі. Сондай-ақ, бұл аяттарда таухидтің үш түріне дәлел бар: «**адамдардың Раббысы**» сөздерінде тәухид әр-

рубубияға, «**адамдардың Патшасы**» сөздерінде тәухид әл-әсма-и уәс-сифатқа және «**адамдардың Тәңіріне**» деген сөздерде тәухид әл-улюһияға.

4 – «**Жасырынушы, азғырушының жамандығынан**»: ол адамдарды азғырып, көкейлеріне уәсуәс салады және олардың көзінде жамандықты жақсылық кейпінде көрсетеді, әрі олардың күнә жасау құмарлығын қоздырады. Сол секілді адамдарға жақсылықты теріс көрсетіп, оларды игі амалдардан тосып тұрады.

Шайтан әрдайым адамдарды азғырып тұрады. Бірақ Аллаһтың құлы Раббысын есіне алып, қас жауына қарсы жәрдем тілесе, шайтан одан шегініп, жасырынып қалады. Сондықтан, біз Кім адамдарды және қалған барлық жаратылыстарды жаратса, әрі басқарса, олар Оның билігінде болып және Оған ғибадат ету үшін жаралған болса – біз Соның қамқорлығы мен жәрдеміне жүгінуіміз керек.

5, 6 – «**Жындар мен адамдардың ішіндегі, адамдардың көкейлеріне уәсуәс етуші**»: Адамдар өздерінің жауларының зиянынан құтылмайынша, істерінің соңынын игілікпен аяқталғанын көре алмайды. Өйткені, дұшпаны оларды барлық игіліктерден тосып айыруға, әрі олардың ортасына кіріп, бөліп, өзі секілді тозақтықтардан етуі үшін өз тобына қосуға бар айласы мен мүмкіншіліктерін салып тырысады. Сондықтан адам баласы шайтанның жамандығынан қорғанбайынша, жақсылыққа қол жеткізе алмайды. Негізінде, азғыру уәсуәсы тек шайтанның ықпал-әсерінен ғана емес, сондай-ақ, жындар мен адамдардың әсері, ықпалымен де болады.

Бұл туралы Аллаһ Тағала бізге ескертіп: адамдар мен жындардан сақтанып, Аллаһтың қамқорлығы мен қорғанышын іздеп, ұмтылуға шақырады (Қараңыз: «Тәйсир әл-Кәрим әр-Рахмән»).

Бұл ұлы сүрелердің маңызы өте зор. Пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде, ол екі сүреге тең пана сұрайтын зікір, дұға жоқ екенін айтқан (Ахмад 28/530, Әбу Дәуд 1463, Нәсәи 8/253. Шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деп атаған). Сондықтан, мұсылман осы сүрелерді әр намаздан соң оқу керек. Ал таң (фәжр) мен ақшам (мағриб) намаздарынан кейін үш реттен қайталап оқу керек. Сонымен қатар, ұйқыға жатар алдында «Әят әл-Курсиді», «Ықылас» сүресін және осы екі сүрені оқыған абзал.

Соңында, исти`азәның құлшылық екеніне дәлер ретінде келтірілген осы екі сүредегі дәлел жүзін (уәжһул-истидләл) тауып алайық. Бұл – Аллаһтың, Өзінен пана тілесін деп бұйыруы. Өйткені, Ол жақсы көрген істерін орындауды ғана бұйырады. Ал егер исти`азә Раббымызға ұнамды болса, онда ол – құлшылық, әрі оны Аллаһтан басқа ешкімге арнамау керек.

**Әл-истиғосәның [133] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деген: «Қашан Раббыларыңнан ауыр жағдайда көмек тілесендер, Ол сендерге жауап береді [134]» (Әнфәл сүресі, 9-аят).**

[133] Әл-истиғосә дегеніміз бұл – Аллаһтан жәрдем тілеу. Ал оның исти`анадан айырмашылығы, мұндай тілектің тек өте қиын, зәру жағдайларда ғана болатынында. Адам ауыр жағдайға тап бола қалса, Аллаһтан көмек пен құтқаруды сұрайды, міне осы – истиғосә.

Аллаһтан қиын жағдайларда жәрдем сұрау, Аллаһ разы болатын құлшылықтардың бірі болып табылады. Сондықтан, оған басқа ешкім лайықты емес. Бірақ, Құрандағы Мұса пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қиссасында былай делінген:



«**Оның тайпасынан болған біреу одан (яғни, Мұсадан) өзінің жауына қарсы көмектесуін сұрады (истифосә)**» (Қасас сүресі, 15-аят). Бұл аят Аллаһтан басқа біреуден қиын кездерде жәрдем сұрауға болатынына дәлел болып табылады ғой. Тура сол сияқты, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде, Қиямет Күні адамзат пайғамбарларға барып көмек сұрайтыны жайлы айтылған. Бұл хадис те жаратылыстан зәру жағдайда көмек сұрауға болады дегенді білдіреді ғой. Олай болса, алдында айтылған “Аллаһтан басқа ешкімнен қиын жағдайда көмек сұрауға болмайды” деген сөздер мен осы мәтіндерді қалай сәйкестендіреміз?

Жауап: Аллаһтан басқа бәреуден жәрдем тілеу үшін мына төрт шарттың орындалуы тиіс. Сонда ғана, жаратылысқа арналған истифосә ширк болып табылмайды. Олар:

1) *Сұралушы тірі болу керек.* Ал егер біреу өлген кісілерден, әруақтардан қиын жағдайда жәрдем сұрап, қолдау тілейтін болса, Аллаһқа серік қосты деп есептеледі.

2) *Сұралушының тілекті орындауға шамасы жету керек.* Ал егер тірі болған кісінің өзі, ол тілекті орындауға мүмкіншілігі болмаса, онда одан жәрдем сұрау – ширк. Себебі, тілеп жатқан кісі, әлгі адамның осы болмыста істерді басқара алатын жасырын күші бар деп сенеді.

3) *Сұралушы көмек тілеп жатқан адамның қасында болу керек.* Ал егер ол мүлдем басқа жерде болса немесе періште, жын сияқты жасырын әлемнің өкілі болса, олардан жәрдем сұрауға тыйым салынады.

4) *Сұралушы тілекті есту керек.* Ал егер ол тірі болса, көмек тілеп жатқан адамның қасында орналасқан және тілекті орындауға мүмкіншілігі жететін болса, бірақ естімейтін болса, мысалға, ұйықтап жатқан адам секілді, оған истифосәны арнау рұқсат етілмейді.

Міне, осы шарттарды орындаған адамның жаратылыстардан көмек сұрауға құқығы бар. Әрі оларға сүйеніп, біз жоғарыдағы аят пен хадистегі истифосәнің мәнісін түсіне аламыз. Мұса пайғамбар әлгі кісінің қасында болған, тірі, әрі шамасы жететін еді және оны естіген. Сол сияқты, Қиямет Күні жәрдем сұрап жүгірген адамдар өліктерден емес, керісінше қайта тірілген пайғамбарлардан жәрдем талап еткен.

**[134]** Бұл аят истифосәнің құлшылық екеніне дәлел болып табылады. Әрі онда, Аллаһ «**Қашан Раббыларыңнан ауыр жағдайда көмек тілесендер**», - деп мақтау түрінде айтты. Тағы да Ол: «**Ол сендерге жауап береді**», - деп уәде етті. Мұның барлығы истифосәнің Аллаһ разы болатын іс екенін дәлелдейді. Бұл – автор келтірген аяттағы дәлелдің жүзі (уәжһул-истидләл).

**Өз-зәбхтың [135] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Айт: “Расында, менің намазым мен құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән [136]! Оның серігі жоқ [137]. Осы маған әмір етілген еді [138], әрі мен ең әуелгі мұсылманмын!”»** (Ән`ам сүресі, 161-163-аяттар).

**Сүннеттен мына дәлелді келтірсек болады: «Аллаһтан өзге үшін мал бауыздаған адамды, Аллаһ лағынет етсін! [139]»** (Муслим, 1978).

[135] *Әз-зәбх* дегеніміз бұл – қан шығару арқылы белгілі тәсілмен мал бауыздау. Ол – жүрек пен дене амалдарын қамтыған құлшылықтың түрі. Оны тек қана Аллаһқа арнау керек.

Мал бауыздаудың бір неше түрі бар:

1) *Біреуге жақындау және оны тағзым ету үшін құрбандық шалу*. Бұны Аллаһтан басқа біреуге арнау тыйым салынады. Өйткені, ол дүниемен жасалатын құлшылықтар тобына жатады. Құрбандықты жындарға да, шайтандарға да, патшалар мен бастықтарға да тағзым, ұлықтау ретінде жасауға болмайды. Өйткені, бұл Аллаһқа ғана арналатын құлшылық болып есептеледі. Жындардың зарарынан аман қалу үшін оларға құрбандық шалу – діннен шығарып жіберетін үлкен ширк болып саналады. Сонымен бірге, бұған бақсылар мен тәуіптердің нұсқауымен науқастардың жазылуы үшін жасалатын құрбандық та жатады. Олар адамдарға былай бұйырады: “Аурауларың емделсін деп мынаны құрбандық ретінде шалыңдар! Әрі мал сойып жатқанда Аллаһтың есімін атамаңдар!” Міне осыны ескертіп Аллаһ: **«Айт: “Расында, менің намазым мен құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән!»** - деп айтты (Ән`ам сүресі, 162-аят). Тағы да Ол былай деді: **«Раббың үшін намаз оқы да, құрбандық шал!»** (Кәусәр сүресі, 2-аят).

2) *Етінен жеу үшін мал бауыздау*. Мұның еш айыбы жоқ. Өйткені, адам оны біреуге жақындау үшін немесе оны ұлықтау үшін істеп жатқан жоқ. Оны тек қажет болған соң, онымен тамақтану үшін жасайды. Бұда ешқандай проблемма жоқ, себебі ол құлшылықтың бір түрі емес.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Олар үшін қолдарымызбен жасаған нәрседен, өздері иелік ететін мал жаратқанымызды көрмей ме? Біз оларға оны бағындырдық; кейбіреулеріне мініп, кейбіреулерін жейді»** (Ясин сүресі, 71-72-аяттар).

3) *Қуаныш бен шаттық себебімен мал бауыздау*. Мысалы: үйлену, жаңа үйге көшіп келу, қонақ күту және т.б.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқан: **«Кім Аллаһқа және Ахырет Күніне иман келтірсе, қонағына құрмет көрсетсін»** (Бухари 6135, 6136, 6138, Муслим 47, 48).

Тағы да ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Бір қоймен болса да, уәлима (той асын) жаса!»** - деп бұйырды (Бухари, Муслим).

Осылайша, адам туыстарын жинап, қуаныш пен шаттығын көрсетіп мал бауыздайды. Бұл – рұқсат етілген іс. Өйткені, бұл жағдайда ешкім тағзым етілмейді, ешкімге жақындау мақсатымен құрбандық шалынбайды, бұл тек өмірдегі қуанышты сәттерді атап өту ниетімен істеледі.

4) *Кедейлер мен міскіндерге садақа беру үшін мал бауыздау*. Бұл – сүннет болып саналады, ол құлшылық атаулысына кіреді.

[136] **«Айт: “Расында, менің намазым мен құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән»:** бұл сөйлемдегі «тән» сөзі, арабша «ли» деп айтылады. Оның бірнеше мағынасы бар. Мысалы: лайықты болу, иелік ету және т.б. Намаз бен құрбандық туралы айтар болсақ, онда «лиЛәһи» сөзінің мағынасы «Аллаһ лайықты» деп аударылады. Ал өмір мен өлімге келер болсақ, онда «лиЛәһ» сөзінің мағынасы «Аллаһтікі» деп аударылады.

Мұқият болсақ, Аллаһ Тағала пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрбандыққа Өзі лайықты екенін айтқызып жатыр. Демек, құрбандық Аллаһтың сүйікті істерінің бірі, яғни құлшылық болып саналады. Аяттағы дәлелдің бірінші жүзі осы. Сондай-ақ, сөйлемде рубубия (Аллаһтың істеріндегі жалғыздығы) мен улюһия (Аллаһтың құлшылықтағы жалғыздығы) таухидтерін байқаймыз. Рубубия – «**өмірім мен өлімім Аллаһтікі**», улюһия – «**намазым мен құрбандығыма Аллаһ лайықты**».

**[137] «Оның серігі жоқ»** – бұл да таухид әл-улюһия. Ал одан алдын Аллаһ: «**әлемдердің Раббысы**» - деді, яғни таухид әр-рубубияны атап кетті.

**[138]** Бұл – аяттың ішіндегі дәлелдің екінші жүзі (уәжһуд-диләла). Яғни, намаз бен құрбандықты Аллаһқа арнау пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрылған екен. Демек олар – құлшылық, әрі оларды Аллаһтан өзгеге арнауға болмайды. Құрбандық шалу – өзіне жүрек пен дене амалдарын жинаған құлшылық. Адам мал бауыздағанда жүрегінде келесі нәрселер орын алады:

- 1) Раббысына толық мойынсұну мен бас ию;
- 2) Оған тағзым етіп, Оны ұлықтау;
- 3) Құрбандық шалып жатқанда, Оның қасындағы сауапқа үміт ету;
- 4) Береке тілеу, өйткені ол тек Аллаһ үшін құрбандық шалды.

**[139]** Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Аллаһтан өзге үшін мал бауыздаған адамды, Аллаһ лағынет етсін!**» (Муслим, 1978). Дәлелдің жүзі: егер Аллаһтан өзгеге құрбандық шалған кісі малғұн (яғни, лағынет етілген) болса, онда жалғыз Аллаһқа құрбандық шалған адам, Оның разылығына бөленеді. Ал Аллаһтың жақсы көріп, разы болатын істері құлшылық деп аталады. Сонымен, әз-забх – бұл құлшылық, оны Аллаһтан басқа біреуге арнаған адам, Оған серік қосқан болып саналады.

**Ән-нәзрдың [140] құлшылық екеніне дәлел:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Олар нәзірлерін орындайды, әрі жамандығы шашырайтын Күннен (Қиямет күні) қорқады [141]»** (Инсән сүресі, 7-аят).

**[140]** *Ән-нәзр* дегеніміз – бұл шарифат міндеттемеген нәрсені өзіне міндет етіп алу. Мысалы: адам бір күні ораза тұтам деп нәзір береді, пәленше теңге садақа беремін деп нәзір береді және т.б. Нәзірді берген адамға, оны орындау парыз болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Кім Аллаһқа бағынамын деп нәзір берсе, нәзірін орындасын!**» (Бухари 6696, Муслим 6700). Нәзір – құлшылық түрлерінің бірі, сол үшін оны Аллаһтан басқа біреуге арнауға болмайды. Кімде-кім қабірге не пұтқа нәзір беретін болса, Аллаһқа серік қосқан болып есептеледі. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Кім Аллаһқа қарсы істе нәзір берсе, онда Оған қарсы шықпасын!**» деп айтты (Бухари 6696, Муслим 6700).

Нәзір берудің екі түрі бар:

1) *Жалпы нәзір (эн-нәзір әл-мутләқ)* – бұл ешқандай айырбастаусыз нәзір беру. Мысалы: «Әй, Аллаһ, ертең ораза тұтамын деп нәзір беремін!», «Әй, Аллаһ, пәленше кісіге осыншама ақша беруге нәзір беремін!» және т.с.с. Нәзір берудің мұндай түрі рұқсат етілген.

2) *Шартты нәзір (эн-нәзір әл-муқойяд)* – бұл бір нәрсеге айырбастап нәзір беру. Мысалы: «Әй, Аллаһ, егер мен осы емтиханды беске тапсырсам, ертең ораза тұтамын деп нәзір беремін!», «Әй, Аллаһ, егер менің әкем мына дертінен айығып кететін болса, мен садақа таратуға нәзір беремін!» және т.с.с. Бұлай нәзір беру – макруһ (қайтарылған іс). Нәзір берудің мұндай түрін Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай сипаттаған: «**Ол тек сараң кісіден ғана шығарылады**» (Бухари, Муслим). Дегенмен, нәзірді осы екі түрдің қайсысымен де берген адам, оны орындауы тиіс. Әрі оның жалпы немесе шартты түрде берген нәзірін орындағаны құлшылық болып саналады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Кім Аллаһқа бағынамын деп нәзір берсе, нәзірін орындасын! Ал кім Аллаһқа қарсы істе нәзір берсе, онда Оған қарсы шықпасын!**» деп айтты (Бухари 6696, Муслим 6700). Сондықтан, Аллаһ Тағала мәтінде келтірілген аятта нәзір берушілерді емес, нәзірлерін орындаушыларды мақтады: «**Олар нәзірлерін орындайды, әрі жамандығы шашырайтын күннен қорқады**» (Инсән сүресі, 7-аят).

Сонымен, нәзір екіге бөлінеді: нәзір беру және нәзір орындау. Нәзір беру кейде рұқсат етілген, ал кейде қайтарылған іс болып саналады. Ал нәзірді орындау болса, құлшылық болып есептеледі.

[141] Нәзірдің құлшылық екеніне дәлел ретінде, автор «Инсән» сүресіндегі аятты келтірді. Аллаһ Тағала нәзірлерін орындайтын кісілерді мақтайды. Осыдан түсінетініміз: нәзірды орындау – бұл Аллаһқа ұнамды іс. Ал олай болса, оны құлшылық деп атауға да құқылымыз. Бұл – дәлелдің жүзі (уәжһул-истидләл).

**Екінші негіз – Ислам дінін дәлелдермен тану [142].**

**(Ислам) – бұл Аллаһқа таухид арқылы бойұсыну [143], итағат ету арқылы бағыну [144] және ширк пен оны жасайтындардан безу [145].**

**Оның үш деңгейі бар [146]: Ислам [147], Иман [148] және Ихсан [149]. Әр деңгейдің өз тіректері бар [150].**

[142] Автор, оған Аллаһтың мейірімі жаусын, бірінші негізді тәмамдаған соң, келесі негізге көшті. Ол – Ислам дінін дәлелдермен тану.

Аллаһқа шүкір, ата-бабаларымыз Ислам дінін қабылдап, ұрпақтарына соны жеткізген. Алайда, Аллаһтың бұл дінін біз ата-бабаларымыз ұстанған соң емес, бірақ дәлелдерге көз жеткізгеннен кейін, білім алғаннан кейін ұстануымыз міндетті. Соқыр ілесу дін негіздерінде ешқандай пайда бермейді. Сол үшін қабірде қойылатын сұрақтарға кейбір адамдар: «*Һә! Һә! Мен жұрттың былай да, былай айтқанын естіген едім, соны қайталадым*», - деп жауап береді. Олар айналасындағы адамдарға соқыр ілескен, дәлел сұрамаған еді, ақырында ұлы сынақтан өте алмай, құрдымға жолығады. Мұсылман елінде туып өскен соң ғана мұсылман болу жеткілікті емес. Ол осы үш негізді білімге, дәлелге сүйеніп үйреніп алу қажет. Дәлелді



өмірінде бір рет болса да, көріп не естігені жетеді. Міндетті түрде оны жаттау қажет деп жатқанымыз жоқ.

Ал енді «**Үш негіз және оның дәлелдері**» атты мына жолдауға қарайтын болсақ, онда әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің дәлелге негізделгенін табамыз. Аллаһ Тағала оның авторына мол сауаптар жазсын, Өзінің мейіріміне алып, Жәннатына кіргізсін!

«Дін» сөзінің араб тілінде екі мағынасы бар:

1) Амал ету діні: «**Сендерге Ислам дінімен разы болдым**» (Мәида сүресі, 3-аят).

2) Жаза беру діні: «**Дін күнінің Иесі**» (Фатиха сүресі, 3-аят).

Ислам екі түрлі болады:

1) Жалпы ислам (*әл-ислам әл-`ам*) – бұл Аллаһқа таухид (жалғыздау) арқылы бойұсыну, әмірлерін орындау арқылы бағыну және ширк (серік қосу) мен мушриктерден (серік қосушылардан) аулақ болу. Бұл барлық елшілердің ұстанған діні. Өз заманында елшіге ерген әрбір адам мұсылман болып табылады.

2) Жеке ислам (*әл-ислам әл-хос*) – бұл Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген дін. Ол алдындағы бүкіл діндердің күшін жойды. Сондықтан, өз заманында Мұса пайғамбарға ілескен адам, немесе `Иса пайғамбардың артынан ерген адам мұсылман болып табылса, қазір – Мұхаммед пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілуінен кейін – тек қана оған ерген адам мұсылман болып саналады. Аллаһ Тағала: «**Оларға: “Егер Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көреді”, - деп айт», - деді** (Әли `Имран сүресі, 31-аят). Біз зерттеп жатқан мәтінде «**Ислам дінін дәлелдермен тану**» сөздерімен жалпы Ислам тұспалданып тұрған жоқ. Адамдардан талап етілетін Ислам – бұл пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген ақидасы (сенім жүйесі) мен шарифаты (амалдар жүйесі).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «**Қолында Мұхаммедтің жаны болған (Аллаһпен) ант етемін, осы үмметтегі яһуди болсын, христиан болсын, мен туралы естіп, сосын иман келтірмей қайтыс болған, қандай да бір адам От мекендеушілерінен болады**» (Муслим 153). Яғни, жалпы Исламды ұстанған адам Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген жеке Исламды қабылдамаса, алдыңғысы оған көмек бермейді. Өйткені, ол Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы естіп, оған иман келтірмей қойды.

**[143]** Яғни, Аллаһ Тағаланы құлшылық жасағанда жалғыздау. Бұл – таухидтің мағынасы. Кімде-кім жалғыз Аллаһқа, Оған ешкімді серік қоспай құлшылық етсе, Аллаһқа бойұсынған болады.

**[144]** Яғни, Аллаһ бұйырған нәрсені орындау, Аллаһ қайтарған нәрседен тыйылу арқылы Оған бағыну.

**[145]** Безу (*әл-баро*) деген сөздің мағынасы: қарым-қатынасты үзу, алыстау, Аллаһқа серік қосудан да, оны жасайтындардан да аулақ жүру. Аллаһ пен Оның елшісінің жауларын жау деп біліп, оларды дос тұтпау. Ширк пен мушриктерден безбейіңше, Аллаһқа бойұсынып, айтқандарын орындауың жеткілікті емес, онымен шектеліп мұсылман болып саналмайсың. Исламды ұстанушы деп аталу үшін адам осы төрт сипаттарды бойына сіңіру керек:

1) Аллаһқа таухид арқылы бойұсыну;

- 2) Аллаһқа итағат арқылы бағыну;
- 3) Таухид пен итағат деген ұғымдарға қайшы келетін ширктен аулақ болу, безу;
- 4) Серік қосушылардан безу.

Міне осыларды орындаған адам ғана мұсылман болып есептеледі. Ал егер олардың біреуі де адамның бойында табылмаса, ол мұсылман болуы мүмкін емес. Исламның анықтамасы осындай! Бірақ, өкінішке орай, қаншама адамдар нағыз Исламның мәнісін білмейді. Егер олардан: «Ислам деген не?» - деп сұрасаң, ол дұрыс жауап беруге шамасы жетпейді.

**[146]** Дін Исламның үш деңгейі, дәрежесі бар екен. Бірі, екіншісінен жоғары. Иман Исламнан жоғары, Ихсан Иманнан жоғары. Осы деңгейлердің ішінде, бәрінен де кеңірегі Ислам. Иман шеңбері одан тар, ал Ихсан Иман шеңберінен де тар.

**[147]** Ислам шеңбері өте кең. Егер Исламға иланса, оның үкімдерін сырттай орындаса, оған екіжүзділер де кіреді. Олар мұсылман деп аталады. Дүниеде олармен мұсылмандармен болу керек қатынастармен мәміле жасаймыз. Алайда Ахыретте олар Тозақтың ең төменгі қабатында болады. Өйткені, оларда иман жоқ, оларда тек сырттай Ислам ұстанғандары болған.

**[148]** Иман келтіргендер біркелкі емес. Олардың ішінде Аллаһқа жақындатылғандары бар, одан төмен болған ізгілер бар, одан да төмен болған өздеріне зұлымдық жасағандары да бар, яғни ширктен кіші күнәлар жасап қойғандар. Соңғы топ иманы толық емес мүміндер болып табылады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Сосын Біз кітапты таңдаулы құлдарымызға мұра еттік. Олардың ішінде жанына зұлымдық жасағаны бар, тағы да біреулер ортада тұрады. Сондай-ақ, олардың ішінде Аллаһтың рұқсатымен жақсылықтарға ілгерілеушілер бар. Ол – ұлы нығмет!»** (Фатыр сүресі, 32-аят).

**[149]** Ихсан (игілік жасау) – бұл құлдың өзі мен Раббысы арасындағы қарым-қатынасты жақсы қылу. Құлшылықтың сапасын арттыра түсу. Пайғамбарымыз (оған Аллаһты игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«(Ихсан дегеніміз – бұл) Аллаһқа, Оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын (біліп) құлшылық етуің»** (Бухари 50, Муслим 9,10), яғни сенде, Аллаһ сені әрдайым қайда болсаң да көріп тұратыны жайлы анық білімің болу керек.

**[150]** Тірек («рукн», көпше түрі «әркән») – онсыз бір нәрсе орын алу мүмкін емес. Тура сол сияқты, шартсыз да (көпше түрі «шурут») бір нәрсенің орын алуы мүмкін емес. Екеуінің айырмашылығы: тірек (рукн) ішінде, ал шарт сыртында болады. Мысалы: намаздың шарттарына дәрет, уақыттың кіруі және т.б. жатады, ал тіректеріне «Фатиха» сүресін оқу, руку`пен сәжде ету және т.б. жатады.

**Бірінші деңгей: Ислам.**

**Исламның бес тірегі бар: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, әрі Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беру; намаз оқу (әс-соләт);**

зекет беру (әз-зәкәт); Рамазан айында ораза тұту (әс-соум) және Аллаһтың үйі «Харамға» қажылық жасау (әл-хажж) [151].

«Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің дәлелі:

Аллаһ Тағала былай деді: «Аллаһ, періштелер және әділет үстінде тұрушы білім иелері Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне куәлік берді. Ұлы, Дана Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ! [152]» (Әли `Имран, 18).

[151] Бұл сөздер жалпы пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздерінен алынған: «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне және Мұхаммед – Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, Үйге (Ка`баға) қажылық жасау және Рамазанда ораза тұту» (Бухари 8, Муслим 16). Ал әрқайсын жеке қарастырып дәлелді әрі қарай автордың өзі келтіреді.

[152] Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне Аллаһтың Өзі куәлік берді, сондай-ақ періштелер мен білім иелері куәлік берді. Әрі бұл аятта білім иелерінің ұлы артықшылығы көрсетілген. Имам Ибн Жәмә`а айтады: “Аллаһ Тағала Өзінен бастап, кейін періштелерді, кейін ғалымдарды атады. Бұның өзі ғалымдарға деген құрмет пен артықшылық ретінде жеткілікті” (Қараңыз: «Тазкирату-ссами’» 27). «Білім иелері» деп Аллаһтың шариятын меңгерген адамдар меңзелген. Аллаһ Тағала: «Расында, құлдарының ішінде Аллаһтан қорқатындары ғалымдар ғана», - деп айтты (Фатыр сүресі, 28-аят). Білім иелерінің қатарына ең алдымен, әрине ардақты пайғамбарлар мен елшілер кіреді. Бұл аятта берілетін куәлік – ең ұлы куәлік. Себебі, куәлік берушілер де ұлы, куәлік етілетін нәрсе де ұлы болып табылады. Куәлік берушілер: Аллаһ, сондай-ақ періштелер мен білім иелері. Куәлік етілетін нәрсе: таухид, яғни Аллаһтың құлшылықта жалғыз екеніне сену. Бұл «Ұлы, Дана Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ!» - сөздерімен расталады.

**Оның мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылық етілетін шынайы тәңір жоқ!» [153] «Лә иләһа» сөзі Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл нәрсені теріске шығарады (нәфий). «Илләл-лаһ» сөзі құлшылықтың тек Аллаһқа ғана тән екенін растайды (исбәт) [154]. Аллаһтың иелік етуінде еш серігі жоқ болғандай, құлшылықта да Оның еш серігі жоқ [155].**

[153] Үмметіміздегі көптеген адамдардың жасаған ең үлкен қатесі – бұл «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің мағынасын дұрыс түсінбеуі.

«Лә иләһа илләл-лаһ» сөзі, надандардың айтқанындай: «Аллаһтан басқа Құдай жоқ», «Аллаһтан басқа Жаратушы жоқ», «Аллаһтан басқа Ризықтандырушы жоқ» деген мағына бермейді. Өйткені бұл – тәухид әр-рубубия, әрі оны көпқұдайшылар мойындаған. Сонда да, олар «Лә иләһа илләл-лаһ» деп айтудан бас тартушы еді. Аллаһ Тағала былай деді: «Расында, оларға “Лә иләһа илләл-лаһ” деп айтылса, менменсінетін еді де: “Біз тәңірлерімізді жынды бір ақын үшін тастап қоямыз ба?!” - деді» (Саффат сүресі, 35-36-аяттар). Тағы да оларға «Лә иләһа илләл-лаһ» деп айту ұсынылған кезде олар: «Тәңірлерді

жалғыз тәңір етті ме? Шын мәнінде, бұл таңқаларлық нәрсе», - деп айтты (Сад сүресі, 5-аят). Осыдан түсінетініміз, «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің мағынасы «Аллаһтан басқа Жаратушы, Ризықтандырушы жоқ» емес. Өйткені, көпқұдайшылар оны мойындаған, растаған.

Аллаһ Тағала былай айтты: «**“Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады? Есту, көру қабілеттеріңе кім иелік етеді? Өліден тіріні және тіріден өліні кім шығарады? Әрі істермен басқаратын кім?”** - деп сұра. Олар: **“Аллаһ!”** - деп жауап береді. **“Недіктен қорықпайсыңдар?!”** - деп айт» (Юнус сүресі, 31-аят).

«**Лә иләһа илләл-лаһ**»:

«**Лә**» - «жоқ» (“лә нәфия лил-жинс” (бүкіл жынысты, түрді теріске шығаратын лә));

«**Иләһ**» - махаббатпен, қорқумен және үмітпен құлшылық етілетін объект;

«**Иллә**» - басқа;

«**Аллаһ**» - Аллаһтың ең ұлы, ең басты есімі. Сонымен, куәліктің аудармасы: «Аллаһтан басқа құлшылық етілетін ешнәрсе жоқ».

Алайда, бұл аударма да дұрыс емес екен. Өйткені, Аллаһтан басқа құлшылық етілетін ешнәрсе жоқ деген ұғым қате ғой! Аллаһтан өзге адамдар қаншама нәрселерге құлшылық етеді, неше түрлі нәрселерді тәңір тұтып алды. Аллаһтың Өзі олардың құлшылық етілетін заттарын «тәңірлер» деп атаған: **«Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Аллаһтан өзге сиынған тәңірлері ештеңемен көмектесе алмады»** (Һуд сүресі, 101-аят). Демек, Аллаһтан басқа да тәңірлер бар, Аллаһтан басқа да құлшылық етілетін объектілер бар. Онда барлық пайғамбарлардың өз халықтарына айтқан мына сөздерін қалай түсінуге болады екен: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер, Одан басқа тәңірлерің жоқ»** (А`раф сүресі, 59-аят)?

Бұған жауап келесідей: «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің мағынасы «Аллаһтан басқа құлшылық етілетін ешнәрсе жоқ» емес, бірақ «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешнәрсе (немесе: шынайы тәңір) жоқ». Сондықтан, Аллаһтан өзге тәңірлер бар деген күнде де, біз олардың жалған, құлшылыққа лайықты емес екенін атап жүруіміз қажет. Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел:

**«Бұл өйткені Аллаһ – шынайы. Ал Одан өзге құлшылық ететін нәрселері жалған. Әрі өйткені, Аллаһ – Жоғары, Үлкен»** (Хаж сүресі, 62-аят).

**«Сендер Ләт пен `Уззаны және үшіншісі қор болған Мәнәтты көрдіңдер ме? Сендерге ер жыныстылар, ал Оған әйел жыныстылар ма? Бұл әділетсіз бөлісу болар еді. Олар – тек сендердің және аталарыңның берген есімдерің ғана. Олар туралы Аллаһ еш дәлел түсірмеген»** (Нәжм сүресі, 19-23-аяттар).

**«Одан өзге сендер, өздерің және аталарың атаған есімдерге ғана құлшылық етесіңдер. Ол туралы Аллаһ еш дәлел түсірмеген»** (Юсуф сүресі, 40-аят).

Қорыта келгенде, «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің мағынасы былай аударылса ғана дұрыс болады: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешнәрсе жоқ».

Араб тілінің граммтикасына жүгінсек те, осы аудармамыздың дұрыстығы айғақталады. Куәліктегі «Лә» сөзінің баяндауышы (хобәр) міндетті түрде болу керек екен. Бірақ «Лә иләһа илләл-лаһ» сөйлемінде оның баяндауышын таппаймыз. Неге? Өйткені, ол баяндауыш (хобәр) жасырылған. Араб граммтикасының ең беделді ғалымдарының бірі Ибн Мәлик өзінің атақты кітабы «Әлфияда» былай дейді: *“Егер баяндауыш (хобәр) оны жасырған соң түсінікті, анық болып тұрса, оны жасыруға болады”*. Ал «лә» сөзінің жасырылған баяндауышы – бұл біз жоғарыда түсіндіріп берген «лайықты» немесе «шынайы» сөздері.



[154] «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің екі тірегі бар:

- 1) *Нәфий* (теріске шығару): Аллаһтан өзге біреу құлшылыққа лайықты екенін теріске шығару;
- 2) *Исбәт* (растау, бекіту): Аллаһтың құлшылыққа лайықты екенін растау. Ғалымдар айтқандай, сөйлемнің мағынасын шектеу немесе бір заттың жалғыздығын көрсету, тек нәфий мен исбәт арқылы жүзеге асады.

[155] Осы сөздер – біздің бұрыннан бері айтып жүрген мына ережеміздің тағы да бір рет құпталуы: “*Тәухид әр-рубубия – тәухид әл-үлюһияның дәлелі!*”.

Аллаһ Тағала былай деді: «**Айт: “Расында, менің намазым мен құрбандығым, өмірім мен өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән”**» (Ән`ам сүресі, 161-163-аяттар). Яғни, қалай Аллаһ өлім мен өмірдің жалғыз Иесі болса, дәл солай Ол құлшылыққа лайықты жалғыз Тәңір болып табылады.

**Оның мағынасын тереңірек ашатын түсіндірмесі ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсек болады:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Сол кезде Ибраһим өз әкесі мен еліне: “Шын мәнінде, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын). Бірақ мені жаратқан басқа, Ол мені тура жолға салады”, - деді. Мүмкін оған оралар деп, оны ұрпақтарында қалатын сөз ретінде мұра етті [156]»** (Зухруф сүресі, 26-28-аяттар).

**Тағы да Аллаһ былай айтты: «(Оларға) айт: «Әй, кітап иелері! Арамызда ортақ болған бір сөзге келіңдер: Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық етпейміз де, Оған ешкімді серік қоспаймыз. Бір-бірлерімізді Аллаһтан басқа өзара тәңір тұтпаймыз». Ал егер олар бет бұрса, онда оларға: «Біздің мұсылман екенімізге куәлік беріңдер!» - деп айтыңдар [157]»** (Әли`Имран сүресі, 64-аят).

[156] Қарап тұрсақ, «**Сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын)**» сөздерінде теріске шығару, ал «**бірақ мені жаратқан басқа**» сөздерінде бекіту, растау бар. Яғни, осы сөздерімен Ибраһим пайғамбар Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл нәрсені теріске шығарып, құлшылықты тек Аллаһқа ғана арнау керегін растады. Бұл – “Лә иләһа илләл-лаһ” сөздерінің мағынасымен толық сәйкес келеді. Өйткені, “Лә иләһа” – бұл құлшылық етілетін объектілерінің барлығын теріске шығару, ал “илләл-лаһ” – құлшылыққа лайықты тек Аллаһ Тағала екенін растау. Одан кейін Аллаһ Тағала: «**Мүмкін оған оралар деп, оны ұрпақтарында қалатын сөз ретінде мұра етті**», - деді (Зухруф сүресі, 28-аят). Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) “Лә иләһа илләл-лаһ” сөзін қалдырған еді. Өйткені, ол: «**Мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен бездім (аулақпын). Бірақ мені жаратқан басқа**», - деп айтты. Ал бұл, мағынасы “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ” болған сөзбен толығымен сай келіп тұр.

[157] «Әли ʿИмран» сүресіндегі бұл аят пайғамбарымызға келіп, онымен тартысып, оған түрлі сауалдар қойған араб христиандарының делекациясы жайлы түскен. Олар мен Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арасында ұзақ әңгіме болды. Соңында, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан өзара лағынеттесуді талап етті. Аллаһ Тағала былай деді: **«Айт: “Сендердің де, біздің де балдарымызды, сендердің де, біздің де әйелдерімізді, сендердің өздеріңді де, өзімізді де шақырайық. Сосын өзара қарғыс айтайық: Өтірікшілерге Аллаһтың лағынеті болсын!”»** (Әли ʿИмран сүресі, 61-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан өзара қарғыс айтуды талап еткенде, олар қорқып кетті де, Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жизия төлейтін болды.

Автордың айтуы бойынша, мәтінде келтірілген аятта «Лә иләһа илләл-лаһ» куәлігінің мағынасы бар. Аллаһтың: **«Ешкімге құлшылық етпейміз»**, - деген сөздерінде нәфий (теріске шығару) айтылған, ал Оның: **«Аллаһтан басқа»** деген сөздерінде исбәт (бекіту) айтылған. Міне осы аспандар мен жерді ұстап тұратын әділдік болып табылады.

Аспандар мен жер бірқұдайшылықпен, әділдікпен тұр. Сосын аятта: **«Оған ешкімді серік қоспаймыз»**, - делінген. Яғни, өздерің тәңір деп санаған Иса пайғамбарды да, Мұхаммед пайғамбарды да (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын).

**«Бір-бірлерімізді Аллаһтан басқа өзара тәңір тұтпаймыз»**, яғни христиандар өз ғалымдары мен монахтарын тәңір тұтып алғандай, арамызда ешкімді тәңір тұтпаймыз. Аллаһ Тағала: **«Олар өз ғалымдары мен монахтарын, әрі Мәриямның ұлы ʿИсаны, Аллаһтан өзге тәңір етіп тұтып алды. Ал негізінде, оларға тек жалғыз Тәңірге құлшылық ету әмір етілген еді»**, - деп айтты (Тәуба сүресі, 31-аят). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсіндіріп кеткендей, олардың ғалымдары мен монахтарын тәңір ретінде тұтулары, әлгілер Аллаһ тыйым салған нәрсені рұқсат еткенде, Аллаһ рұқсат еткенді тыйым салғанда бағынуларында көрініс тапты (Тирмизи 3095. Шейх әл-Әлбәни хадисті хасан деп атады).

Аяттың соңында былай айтылған: **«Ал егер олар бет бұрса»**, яғни таухид (бірқұдайшылық) шақыруын қабылдамай қойса, **«онда оларға: «Біздің мұсылман екенімізге куәлік беріңдер!» - деп айтыңдар»**, яғни бұлардың бірқұдайшыл, ал аналардың имансыз екеніне куәлік беріңдер. Осыдан түсінетініміз: Аллаһқа серік қосушылардың жалған діндерін әшкерелеп, олардың адасуы жайында үнсіздік танытпау керек.

«Лә иләһа илләл-лаһ» деген ұлы куәліктің екі тірегі бар: нәфи (теріске шығару) және исбәт (растау, бекіту). Сондай-ақ, оның шарттары да бар. Адам өзін Ислам дінін қабылдағандығының белгісі болатын осы ұлы сөздер, айтушыға пайда әкелуі үшін ол жеті шарт орындау керек. Олардың барлығына Құран мен Сүннетте дәлелдер бар, алайда мәселе бұл шарттарды жаттап алуда емес, мәселе – олардың мағынасын ұстанып жүруде. Өйткені, кейбіреулер бұл шарттарға амал етіп жүргенімен, оларды жатқа айтып бере алмайды, ал басқалары оларды жаттап алса да, бұларға қарсы өмір сүреді.

Біріншісі: Білім (надандықпен сәйкес келмейтін білім).

Яғни, куәлік берушінің нені теріске шығарып, нені бекітетінін білу.

Аллаһ Тағала былай деді:

«**Енді біл! Шын мәнінде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ...**»,  
(Мухаммад сүресі, 19-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деді:

«**...бірақ ақиқатты біліп, куә болғандар басқа**» (Зұхруф сүресі, 86-аят).

Мұндағы «**ақиқатты біліп, куә болғандар**» деген сөз тілімен айтқанның мағынасын жүрегінде берік ұстап «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ» деп куәлік беру дегенді білдіреді.

Тағы Аллаһ Тағала айтты:

«**Аллаһ, періштелер және әділет үстінде тұрушы ғылым иелері, расында тым Үстем, хикмет Иесі Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқтығына куәлік берді**» (Әли Имран сүресі, 18-аят).

Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

«**Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ екендігін жақсы білген халде өлсе, Жәннатқа кіреді**», - деген (Муслим 26).

Екіншісі: *Айқын сенім (күмәнмен сәйкес келмейтін сенім).*

Яғни, осы сөздерді айтып жатқан адам оларға толығымен сеніп, еш күдіктенбеуі керек.

Аллаһ Тағала былай айтты:

«**Шынайы мүміндер сондай Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтіріп, одан соң күдіктенбегендер...**» (Хужурат сүресі, 15-аят).

Осымен, Аллаһ Тағала олардың күмәнданбауларын, Аллаһқа және Оның елшісіне иман келтірудің шарты болып табылатынын хабарлады.

Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

«**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі мен Аллаһтың елшісі екеніме куәлік беремін. Аллаһқа осы сөздерге қатысты күдіктенбей кездесетін пенде міндетті түрде Жәннатқа кіреді**» (Муслим 27).

Үшіншісі: *Қабылдау (теріске шығарумен сәйкес келмейтін қабылдау).*

Яғни, осы куәлік талап ететін нәрселерді, ол тілмен айтылған сөз болсын, дене мүшелермен жасалған іс болсын, шын жүрекпен қабылдау.

Өз Пайғамбарларына қарсы келген халықтар осылай істемеген еді, бұл туралы Аллаһ былай айтты:

«**Осылайша сенен бұрын бір мемлекетке пайғамбар жіберген болсақ, олардың беделділері: «Расында біз ата-бабаларымызды бір жол үстінде таптық. Бізде солардың ізіне түсеміз» - деді**» (Зұхруф сүресі, 23-аят).

Кәпірлер туралы Аллаһ Тағала басқа аятта былай деді:

«**Расында оларға: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ» делінген кезде, менменсіген еді. Олар: «Жынды бір ақын үшін тәңірлерімізді тастайық па?» - десті**» (Саффат сүресі, 35-36-аят).

Әбу Муса әл-Аш`ариден келтірілген бір хадисте, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтқаны хабарланады:

«**Аллаһтың мені тура жол және іліммен жіберілгенінің мысалы жерге жауған нөсерлі жаңбырдың мысалындай. Сол (жердің) бір бөлігі құнарлы болды да, суды өз бойына сіңіріп көптеген өсімдіктер мен шөптер өсірді. (Жердің кейбір бөлігі) қатқақ болды да, ол суды (сіңірмей) өзінде ұстап қалды, Аллаһ оны адамдардың пайдасына айналдырып (адамдар**

одан) ішін, (малдарын) суарып, егіс екті. Жаңбыр болса жердің суды ұстамайтын және еш нәрсе де өспейтін тегісіне де жауды. Жердің алғашқы екі бөлігі, Аллаһтың дінін терең түсініп, Аллаһ мені жіберген нәрсені пайдаланған, өздері білім игеріп, (басқаларға да) үйреткен (адамдарға) ұқсайды. (Ал үшінші бөлігі) оған мойын бұрмаған және Аллаһтың мен арқылы жіберген тура жолын қабылдамаған (адамдарға) ұқсайды» (Бухари 79, Муслим 2282).

Төртіншісі: Бойұсыну (бас тартумен сәйкес келмейтін бойұсыну).

Яғни, куәлік сөздері бағыттайтын бір Аллаһқа ғана шын ықыласпен құлшылық етуде бағыну мен өзге нәрселерге құлшылық етуден бас тарту.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Раббыларыңа қайтыңдар да, оған бой ұсыныңдар...» (Зумәр сүресі, 54-аят).

Тағы да Ол былай деді:

«**Кімде-кім ихсан қылушы болған түрде жүзін Аллаһқа тапсырса, расында ол берік тұтқаны ұстаған болады**» (Лұқман сүресі, 22-аят).

Бұл жердегі «**берік тұтқа**» дегеніміз «Лә иләһә илләл-лоһ» сөздері, ал «жүзін тапсырса» дегені Аллаһқа бойұсынып, игілік жасауды білдіреді.

Ихсан дегеніміз Аллаһты көріп тұрғандай Оған құлшылық ету. Сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұрғанын сезініп құлшылық ету. Және де пайғамбарлар көрсеткен жолмен ғана Аллаһқа құлшылық ету.

Бесіншісі: Шыншылдық (өтірікпен сәйкес келмейтін шыншылдық).

Яғни, бұл сөздерді айтып жатқан адамның жүрегіндегі, тіліндегісімен сәйкес болу қажет.

Аллаһ Тағала айтты:

«Әлиф, ләм, мим. Адамдар «иман келтірдік» деумен сыналмай қалдырылады деп ойлай ма? Рас, олардан бұрынғыларды да сынаған едік. Сондай-ақ Аллаһ, әлбетте шыншылдарды да біледі, өтірікшілерді де біледі», (Анкәбут сүресі, 1-3 аят).

Ал мұнафиқтер туралы болса Аллаһ Тағала былай деді:

«Адамдардың кейбіреулері: «Аллаһқа, Ахырет Күніне сендік», - дейді. Ал негізінде олар сенбеді. Олар Аллаһты және иман келтіргендерді алдайды. Бірақ олар өздерін ғана алдағандарын сезбейді. Олардың жүректерінде дерт бар. Сонда Аллаһ олардың дертін арттыра түсті. Сондай-ақ оларға өтірікшіліктерінің салдарынан күйзелтуші азап бар» (Бақара сүресі, 8-10-аяттар).

Му`аз ибн Жәбәлдән келтірілген бір хадисте, Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

«**Кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне өз жүрегінде шынайы сеніммен куәлік берсе, Аллаһ Отқа (мұндай адамның түсуін) міндетті түрде харам етеді**» (Бухари 128, Муслим 32).

Алтыншысы: Ықылас (ширкпен сәйкес келмейтін ықылас).

Яғни, ізгі ниет пен білімді ширктің араласуынан тазарту.

Аллаһ Тағала айтты:

«**Олар құлшылықты нағыз Аллаһқа шын ықыласпен ханиф түрінде орындаулары үшін ғана әмір етілген**» (Бәйина сүресі, 5-аят).

Аллаһ Тағала тағы айтты:



«Аллаһқа дініңді ықыласты болып ұстанған күйде құлшылық қыл. Көңіл бөліңдер! **Ықылысты дін Аллаһқа тән»** (Зумәр сүресі, 2-3-аят).

Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты:

«*Кім шын жүректен «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ» десе, Қиямет Күні менің шапағатыммен ең бақытты адам болады»* (Бухари 99).

Жетіншісі: Сүйіспеншілік (жек көрумен сәйкес келмейтін сүйіспеншілік).

Яғни, осы куәліктің өзіне, оның талап ететін нәрселеріне, оның барлық шарттарын орындап амал етушілерге деген сүйіспеншілік. Сондай-ақ, бұл осы куәлікке сәйкес келмейтін ширк пен оны жасаушы мүшриктерді жек көру.

Аллаһ Тағала айтты:

«**Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгені теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді. Ал иман келтіргендер, Аллаһты артығырақ сүйеді»** (Бақара сүресі, 165-аят).

Әбу Һурайрадан келтірілген хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«*Сендер мені өз балаларыңнан, өз әкелеріңнен және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше, иман келтірмейсіңдер»* (Бухари, Муслим).

Әнәстан келтірілген хадисте, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты:

«*Мына үш қасиет кімде болса, сол адам иман ләззатын сезеді. (Бұл үш қасиет мыналар):*

1. *Аллаһты және Оның елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық нәрселерден де артық жақсы көру;*
2. *(Қандай да бір) адамды тек Аллаһ үшін жақсы көру;*
3. *Аллаһ Тағала оны дінсіздіктен құтқарған соң, отқа түсуді қандай қаламаса, дінсіздікке қайтуды да сондай қаламау»* (Бухари 16, Муслим 43).

**«Мухаммадур-расуллаһ» куәлігінің дәлелі:**

**Аллаһ Тағала былай айтты: «Расында, сендерге өз араларыңнан елші келді. Оған сендердің бастарыңа төнген қиыншылық ауыр тиеді, сендер үшін тырысады. Әрі мүміндерге өте жұмсақ, мейірімді [158]»** (Тәубе сүресі, 128-аят).

[158] Аяттың басында «ләқод» сөзі келген. Оның «ләм» әріпі “ләмул-қосәм” (ант беру ләмі) деп аталады. Өйткені, оның қасында ант жасырылған. Сонда сөздің түпкі мағынасы: «Аллаһпен ант, расында сендерге өз араларыңнан елші келді». «**Сендерге келді**»: бұл барлық адамдарға бағытталған сөздер. Өйткені, оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігі бүкіл адамзат пен жындарды қамтыған. «**Елші**» - оған шарифат уахи етіліп, оны жеткізу әмір етілген кісі. Оның елші деп аталуының себебі, өйткені ол Аллаһ тарапынан елшілікпен жіберілді.

«**Өз араларыңнан**», яғни ол сендер сияқты адам. Ол періштелердің бірі емес. Бұл Аллаһ Тағаланың заңы: кімге елші жіберетін болса, солардың өздерінен елші шығарады. Сонда елшінің халқы онымен араласады, оны көре алады, одан үлгі ала алады. Ал егер елші

періште болғанда, біз оны көре алмайтын едік, онымен мәміле жасау да мүмкін болмайтын еді. Сондықтан, Аллаһ Тағала Мұхаммед пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың арасынан шығарып, оған қоса оны араб етіп, тағы да арабтардың ең беделді тайпасынан, ең ұлы шаңырақ астынан шығарды. Ол жақсылардың ең жақсысы! Бәрі оның тұлғасын біледі, бәрі оның шыққан тегін біледі, бәрі оның туған елін біледі, ал егер оны ешкім танымағанда қалайша оған адамдар сенетін еді, қалайша оның айтқандарын растай алатын еді?! Ал егер ол бөтен бір тілде сөйлеп тұрса, қалайша оны халқы түсінер еді?! Аллаһ Тағала: **«Ол сауатсыздарға өз араларынан елші жіберді. Оларға ол Оның аяттарын оқиды, оларды тазартады, оларға Кітап пен даналықты үйретеді. Ал бірақ одан бұрын олар анық адасуда еді»**, - деп айтты (Жум`а сүресі, 2-аят).

**«Оған сендердің бастарыңа төнген қиыншылық ауыр тиеді»**, яғни пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметі үшін қайғырған. Ол үмметіне тек жеңілдік пен оңайлықты қалайтын. Сондықтан шарият бізге жеңіл болып келген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Жеңіл ханифия (бірқұдайшылық) дінімен жіберілдім!»** (Ахмад 2107. Хадистің сенімділігін хафиз Ибн Хәжәр, хафиз әл-Аляи, шейх Ахмад Шәкір, шейх әл-Әлбәни және Шу`айб әл-Арнәут растаған). Аллаһ Тағала көптеген аяттарда былай деген:

**«Ол сендерге діндеріңде қиыншылық жасаған жоқ»** (Хаж сүресі, 78-аят).

**«Аллаһ сендерге ауыртпашылық қылуды қаламайды»** (Мәида сүресі, 6-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеңілдікті жақсы көретін. Күнә болып табылмайтын екі істің қайсы жеңілірек болса, соны таңдайтын. Кейде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір іс жасауды ұнатса да, оны өз үмметіне ауыр болмасын деп қалдыратын. Бұл Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасиеттерінің бірі: үмметі үшін қуанады, үмметі үшін қайғырады, оған жеңіл болғанды қалайды. Енді осындай қасиеті бар адамнан жақсылық пен мейірімнен басқа не күтуге болады?!

**«Сендер үшін тырысады»**, яғни сендердің тура жолда болуларың үшін, қараңғылықтардан жарыққа шығуларың үшін. Солай жасаймын деп ол дауат барысында неше түрлі қиыншылықтарға жолықты. Аллаһ Тағала айтқан: **«Әрине сенің жаның олардың иман келтірмегеніне күйіп барады»** (Шу`ара сүресі, 3-аят). Бұл пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кемел ықыласына нұсқайды.

**«Әрі мүміндерге өте жұмсақ, мейірімді»**, яғни оның мінезі қатал емес. Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһтың мейірімімен сен оларға жұмсақ болдың. Ал егер сен қатал, тас жүректі болғаныңда олар маңайыңнан тарқап кетер еді»** (Әли`Имран сүресі, 159-аят). Алайда, пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмсақтылығы мүміндерге ғана тән болған. Ал кәпірлер мен мушриктерге ол қаталдық танытқан. Өйткені, оның Раббысы былай бұйырды: **«Әй, пайғамбар! Имансыздар мен екіжүзділермен күрес те, оларға қатты бол! Олардың орны Тозақта, ал ол нендей жаман орын»** (Тәуба сүресі, 73-аят). Сол сияқты мүміндер де бір-бірімен сондай қатынаста болады: **«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар имансыздарға қатты, өзара тым мейірімді»** (Фатх сүресі, 29-аят).

Қорыта келгенде, мәтінде куәліктің дәлелі ретінде келтірілген осы аяттан, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бес қасиетін таптық:

1) Ол адамдардың арасынан шыққан;

- 2) Оларға қиыншылық әкелетін нәрсе, оған ауыр тиеді;
- 3) Олар үшін ынталы;
- 4) Мүміндерге жұмсақ;
- 5) Мейірімді.

**«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы: бұйырғандарына бағыну, хабарлағандарына сену, тыйған және қайтарғандарынан аулақ жүру, сондай-ақ, Аллаһқа тек ол көрсеткендей ғана құлшылық ету [159].**

[159] «Мухаммадур-расулюл-лаһ» куәлігінің мәнісі мен талаптары бар. Ол тілмен айтылатын жәй ғана сөз емес. Оның мәнісі: тіліңмен де, жүрегіңмен де оның Аллаһтың елшісі екенін мойындауың. Ал егер сен тіліңмен ғана айтып, ал жүрегіңде оған сенбейтін болсаң, екіжүзділердің жолына ергенің. Аллаһ Тағала бізге олар туралы былай хабарлады: **«Саған екіжүзділер келсе: “Сен – Аллаһтың елшісі екеніңе куәлік береміз”, - дейді. Аллаһ, сен – Оның елшісі екеніңді біледі. Сондай-ақ, Аллаһ олардың өтірікші екеніне куәлік береді. Олар өз анттарын қалқан етті»** (Мунафиқун сүресі, 1-2-аяттар). **«Қалқан етті»**, яғни өз куәліктерінің артында жасырынады.

Тура сол сияқты, жүрекпен сеніп, бірақ тілімен, оған шамасы жете тұра, жүрегіңдегіні жарияламау жеткіліксіз. Көпқұдайшылар оның Аллаһ елшісі екенін білген, алайда қасарысқан. Аллаһ Тағала былай деді: **«Біз білеміз, сені олардың айтқандары қайғыртады. Олар сені жасынға жығарып жатқан жоқ, алайда залымдар Аллаһтың белгілеріне қарсы келеді»** (Ән`ам сүресі, 33-аят). Олар жүректерімен елшілікті мойындаған, оның Аллаһтың елшісі екенін білген, бірақ оларға менмендік пен қасарысу елшілікті ашық растауға кедергі болды. Сонымен қатар, кейбір кәпірлерге, атап өткенде яһудилер және араб мушриктеріне күншілдік пен қызғаныш кедергі болды. Мысалы, Әбу Жәһл ` Бәну Һәшим тайпасына деген қызғанышының себебімен пайғамбарымызды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) теріске шығарды («Сиратун-нәбәуия либни Һишәм» 1/251). Әбу Толиб те былай дейтін: “Мен Мұхаммедтің діні – адамзатта бар діндердің ішіндегі ең жақсысы екенін білемін”. Алайда, ол өз жұртының сөгісінен, өсегінен қорқып, атасы Әбдул-Мутталибтің пұтқа табынушылық дінінен бас тартпай қойды. Демек, жүрекпен ғана мойындау жетпейді, тағы тілмен де айту міндетті.

Енді адам тілмен және жүрекпен Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың елшісі екенін растайтын болса, осы оның мұсылман болуына жеткілікті ме? Жоқ! Ол, сонымен қатар, амал ету керек, яғни пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу қажет. Аллаһ Тағала былай деді: **«Оған иман келтіргендер, оны құрметтеп, оған қолдау көрсететіндер және оған түсірілген нұрға ілескендер – құтылушылар»** (Ә`раф сүресі, 157-аят). Яғни, тіпті пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Әбу Талиб секілді қолдау көрсетсе де, бірақ артынан ермесе, мұсылман болып саналмайды. Ал енді «Мухаммадур-расулюл-лаһ» куәлігінің шарттарына келсек, онда олар, автор атағандай, төртеу:

- 1) Бұйырғандарына бағыну;

Аллаһ Тағала былай айтты: **«Елшіге бағынған – Аллаһқа бағынған»** (Ниса сүресі, 80-аят). Тағы да Аллаһ: **«Біз қандай да бір елшіні тек оған Аллаһтың рұқсатымен бағыну үшін ғана жібердік»**, - деді (Ниса сүресі, 64-аят). Тағы да Ол былай деді: **«Кім Аллаһқа және**

елшісіне бойұсынбаса, оған ішінде мәңгі қалатын Тозақ оты болады» (Жын сүресі, 23-аят). Тағы да Ол: «Егер оған бағынсаңдар, тура жолда боласыңдар» - деп айтты (Нур сүресі, 54-аят). Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай айтты: «Елшіге бағыныңдар, әрине рахымға бөленесіңдер» (Нур сүресі, 56-аят).

2) *Хабарлағандарына сену;*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген жасырын нәрселер туралы хабарлап кеткен. Ол Аллаһ туралы, періштелер туралы хабарлаған. Болашақта орын алатын оқиғалар жайында, Қиямет Күні қалай өтетіні жайында және оның белгілері жайында хабарлады. Сол сияқты, ол алдымызда өткен үмметтер мен халықтардың қиссаларын хабарлап кетті. Міндетті түрде, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаған нәрселердің бәрінде оған сенуіміз керек. Өйткені, ол жеткізген хабарлардың барлығы шындық, ешқандай өтірігі жоқ. Аллаһ Тағала былай деді: «Ол өз көңіл-қалауынан сөйлеп жатқан жоқ. Ол тек беріліп жатқан уахи ғана» (Нәжм сүресі, 3-4-аят).

3) *Тыйған және қайтарғандарынан аулақ жүру;*

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған нәрседен аулақ жүру керек. Өйткені, біріншіден, ол Аллаһтан келген тыйым, ал екіншіден, ол қандай сөздерден, істерден және қасиеттерден тыйым салса, тек зиян, зарар әкелетін нәрселерден тыяды. Қалайша адам Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың елшісі екеніне куәлік береді де, сосын оның тыйым салғанынан қашпайды? Аллаһ Тағала: «Сендерге елші не берсе оны алыңдар, ал неден тыйса одан аулақ болыңдар», - деп айтты (Хашр сүресі, 7-аят). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Егер мен сендерге бір нәрсені тыйым салсам, одан аулақ болыңдар. Ал егер бір нәрсені бұйырсам, одан шамаларың келгенін ғана орындаңдар» (Бухари 7288, Муслим 1337).

4) *Аллаһқа тек ол көрсеткендей ғана құлшылық ету.*

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңдастырып кеткен жолмен ғана Аллаһқа құлшылық ет! Ол көрсетпеген кейіпте ешқашан құлшылық етуші болма. Тіпті егер сенің ниетің дұрыс, ал үмітің тек сауап қана болса да, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне ер! Ниет жеткілікті емес, оған қоса ілесу де міндетті.

Құлшылықтардың барлығын бекітіліп қойылған, сондықтан Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңдастырмаған құлшылықтар түрлерін жасауға болмайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Кім біздің бұйрығымыз болмаған бір амалды істесе, онысы кері қайтарылады*» (Бухари 7350, Муслим 17/1718). Тағы да ол былай айтты: «*Менің Сүннетімді және менен кейінгі тура жолдағы, ізгі халифалардың сүннетін ұстаныңдар! Оған азу тістеріңмен жабысыңдар. Жаңа енгізілген істерден аулақ жүріңдер, расында әрбір жаңалық – бид`а, ал әрбір бид`а – адасу*» (Әбу Дәуд 3607, Тирмизи 2676, Ибн Мәжәһ 42,43, Ахмад 28/373. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растаған. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 2549).

**Намаздың, зекеттің дәлелі және таухидтің түсіндірмесі ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсек болады:**



«Оларға тек Аллаһқа дінді шын ықыласпен ханиф түрінде орындау арқылы құлшылық ету [160], намаз оқу және зекет беру [161] ғана бұйырылған еді. Міне, осы – тұп-тура дін! [162]» (Бәйина сүресі, 5-аят).

**Оразаның дәлелі Аллаһтың келесі сөздері:**

«Әй, иман келтіргендер! [163] Сендерден бұрынғыларға ораза тұту бұйырылғандай, сендерге де ол бұйырылды [164]. Әрине тақуа боласыңдар! [165]» (Бақара сүресі, 183-аят).

**Қажылықтың дәлелі ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсе болады:**

«Адамдардан кімнің шамасы келсе, Аллаһ үшін қажылық жасаулары міндетті. Ал кім қарсы келетін болса, Аллаһ әлемдерге мұхтаж емес [166]» (Әли `Имран сүресі, 97-аят).

[160] Бұл аят құлшылықтардың барлық түрін қамтып алған. Оларды орындағанда ықыласты болу қажет, бірқұдайшылықтан ауытқымай, Оның шариятына ілесу керек.

[161] Намаз оқу да, зекет беру де құлшылықтың қатарына жатады. Алайда, Аллаһ олардың маңыздылығын көрсету үшін ерекше атап өтті. Намаз денемен жасалатын құлшылыққа жатса, зекет мал-дүниемен жасалатын құлшылыққа жатады. Аллаһтың Кітабында олар үнемі бірге келеді.

[162] Яғни, тура жолмен жүрген үмметтің діні. Бұл діннің еш қисықтығы жоқ, өйткені ол – Ұлы да, Жоғары Аллаһтың діні. Аллаһ Тағала былай деді: «Бұл – Менің тура жолым. Оған ілесіңдер! Басқа жолдарға ермеңдер, әйтпесе олар сендерді Оның жолынан адастырады» (Ән`ам сүресі, 153-аят).

[163] Ораза тұту әмірі тек иман келтіргендерге арналғаны бекер емес. Имансыздардан ораза да, басқа да құлшылықтар да ешқашан қабыл болмайды. Тек егер олар «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, ал Мұхаммед – Оның елшісі» деп куәлік берсе ғана, жасаған ізгі істері қабылданады.

[164] «Сендерден бұрынғыларға да» деген сөздерден бірнеше пайда шығаруға болады:

- 1) Оразаның маңыздылығы мен оны Аллаһ жақсы көретіндігі. Өйткені, Аллаһ оны тек бізге емес, бізден бұрын да бұйырған.
- 2) Біздің үмметке деген жеңілдік пен мейірім. Өйткені, бізден бұрын да, дене мен жанға ауыр болған бұл құлшылық біреулерге парыз етілген еді.
- 3) Аллаһ біздің дінімізді толық, кемел етті. Өйткені, Ол бұрынғы үмметтердің діндерінде болған ең жақсы жақтарын біздің дінде жинады.

[165] Құдыретті әрі аса Дана Аллаһ Өз құлдарына бір үкімді әмір еткенде немесе парыз қылғанда, онда Ол әдетте тек бұйрықтың өзін ғана атап, оның даналығын баяндамай кетеді. Өйткені, Аллаһтың жалпы даналығы, Өз құлдарына оларды сынап, Оған бағынатындар мен бағынбайтындарды айқындайтын бір міндет жүктейтінінде. Алайда, аталмыш аятта Аллаһ

Құранда жиі кездесе бермейтін бір нәрсені атап өтті. Ол – ораза тұту әмірінің даналығының түсіндірмесі: **«әрине тақуа боласыңдар»**.

Бір күні Талқ ибн Хабиб айтқан: "Фитна (бүлік) туган кезде, оны тақуалықпен сөндіру керек". Одан: "Ал тақуалық деген не?" - деп сұралғанда, ол: "Тақуалық – бұл Аллаһтың нұры арқылы Аллаһтың сауабын үміт етіп, Аллаһқа бағыну. Тақуалық – Аллаһтың нұры арқылы Аллаһтан қорқып, Аллаһтың тыйымдарынан аулақ болу", - деді (Ибн әл-Мубәрак 1343, Ибн Әби Шәйбә 30356).

Тура сол сияқты Са`ид ибн Жубайр да керемет сөздер айтты: "Расында, Аллаһтан қорқу дегеніміз – бұл сенің және күнәларыңның арасында тұратын нәрсе. Міне осы нағыз қорқу! Аллаһты еске алу (зикр) – бұл Аллаһқа бағыну. Сондықтан, кім Аллаһқа бой ұсынса, Аллаһқа бағынған боп саналады. Ал кімде-кім Аллаһқа бағынбаса, онда ол Құранды көп оқып, Аллаһты жиі мақтаса да, еске алушы боп есептелмейді" (Әбу Ну`айм "Әл-Хилья" 4/276).

[166] Бұл аят Хижа жыл санағы бойынша 9-шы жылы түскен. Содан кейін мұсылмандарға қажылық жасау парыз болды. Соған қарамастан, Аллаһ аятта: **«кімнің шамасы келсе»**, - деп айтты. Осыдан түсінетініміз, кімнің қажылық жасауға шамасы жетпейтін болса, оны жасамауына рұқсат.

**Екінші деңгейі: Иман [167].**

**Оның жетпістен астам тармағы бар. Олардың ең жоғарғысы: «Лә иләһә илләл-лаһ» сөзі. Ал ең төмені: жолдан кедергілерді алып тастау [168]. Сондай-ақ, ұялу да – иманның бір тармағы [169].**

[167] Яғни, дін деңгейлерінің екіншісі бұл – иман. «Иман» сөзінің тілдік мағынасы: қабылдау мен бойұсынуды талап ететін сенім, мойындау. Ал оның шарифаттағы мағынасы: тілмен айтылған сөз, дене мүшелерімен жасалған іс және жүрекпен бекітілген айқын сенім. Иман артады да, азаяды.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһ имандарыңның жойылуына жол бермейді»** (Бақара сресі, 143-аят). Тәфсир ғалымдары: **“«Имандарыңның», яғни Бәйтул-мақдисқа қарай оқыған намаздарыңның”,** - деді. Бұл – амалдың иман атаулысына кіретініне дәлел.

[168] Бұл – өтіп бара жатқан адамдарға кедергі болатын кез-келген нәрселер: тастар, таяқтар, иісі жаман қоқыстар және т.б.

[169] Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: **«Иман жетпістен астам тармақтан тұрады. Оның ең биігі – “Лә иләһа илләл-лаһ” сөзі. Ең төмені – жолдан кедергілерді алып тастау. Ұялу да иманның бір тармағы болып табылады»** (Бухари 9, Муслим 35). Бұл хадистен ұғатынымыздай, иманның үш негізі бар: жүректегі берік сенім, тілдегі сөз және дене мүшелермен жасалатын істер. Себебі: **«“Лә иләһа илләл-лаһ” сөзі»** : тілмен айтылған сөз.

**«Жолдан кедергілерді алып тастау»:** дене мүшелерімен жасалатын іс.

**«Ұялу»:** жүрек амалы.

**Хадисте айтылғандай, оның алты тірегі бар: «...Аллаһқа [170], періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің».**

[170] Аллаһ Тағалаға иман келтіру мына төрт нәрсені қамтиды.

Біріншісі: **Аллаһ Тағаланың бар екендігіне иман келтіру.**

Аллаһ Тағаланың барлығына болмыс, ақыл, шариғат және сезім дәлел бола алады. Ал енді, осыларға жеке-жеке тоқталып өтейік.

### **1-Болмыстың дәлелі:**

Барлық адам пікірлеспей-ақ, тәлім-тәрбие алмай-ақ өз Жаратушысына сенуге бейімделген. Тек жүрегіне сол нәрсені кетіретін ұғымды кіргізіп алған адам ғана болмаса.

Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *“Кез-келген нәресте таза болмыспен (мұсылман табиғатымен) туылады. Кейін оны яһуди ететін де, христиан ететін де немесе отқа табынушы ететін де әке-шешесі”* - деген (Бухари).

### **2-Ақылдың (ой-сананың) дәлелі:**

Бүкіл болмыстың әу бастан Жаратушысы бар. Ешнәрсе өзін-өзі жарата алмайды. Өйткені, ол бар нәрсеге айналадан бұрын өзі жоқ нәрсе еді. Сонда ол қалайша жаратушы болады?! Сондай-ақ ешнәрсе кездейсоқ жаратылып немесе кездейсоқ бар болып қалмайды. Бүкіл әлем ғажайып үйлесімділікте, ғаламшарлардың бір-бірімен керемет жүйе бойынша байланыста орналасуы – оның кездейсоқ пайда болғандығын үзілді-кесілді жоққа шығарады. Өйткені, кездейсоқ пайда болған нәрсе пайда болуы кезінде белгілі бір жүйеге сүйенген жоқ-ты. Ендеше, ол өзінің өсуі мен көркейуінде қалайша жүйелі болмақ?

Ендеше барлық жаратылыс, бүкіл мақлұқтар өзін-өзі жарата алмаса, сондай-ақ кездейсоқ жаратыла алмаса, демек, бұларды жоқтан бар етуші болғандығы анықталды. Ол – бүкіл әлемнің жаратушысы Аллаһ.

Аллаһ Тағала қасиетті Құран Кәрімнің “Тур” сүресінде бұл туралы былай деп айтқан: **«Олар ешнәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Әлде жаратушы өздері ме?»** (Тур сүресі, 35-аят). Яғни олар ешбір жаратушысыз өздерін-өздері жаратқан жоқ. Ендеше осының өзі Аллаһ Тағаланың Жаратушы екендігін көрсетпей ме? Сондықтан да Жубәйр ибн Мут`им айтқан: *“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Тур» сүресін оқып: “Немесе олар ешнәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Әлде жаратушы өздері ме?”. Яки олар, көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар нанбайды. Немесе Раббыңның қазыналары олардың қасында ма? Әлде олар игеруші ме?”* (Тур сүресі, 35-37-аяттар) деген аяттарға жеткен кезде, жүрегім ұшып кете жаздады”. Ол: *“Менің жүрегіме алғаш иман ұялаған кез сол кез болатын”* - деген (Бухари).

Ал енді жай ғана мысал келтірейікші.

Бір кісі сізге келіп, айналасы бау-бақшамен қоршалған, ішінде өзен ағып жатқан, дивандар мен кілемге толы, күшейтіп кемелдендіріп, барлық зейнет түрлерімен безендірілген зәулім сарай туралы әңгімелеп, сосын сізге сол сарай әрі оның ішіндегі нәрселерді ешкім жасаған жоқ немесе өзінен-өзі ешкімсіз пайда болып қалды десе, дереу сіз оның сөзін теріске шығарып, өзін өтірікшіге айландырып, әңгімесін де сандыраққа санар едіңіз. Олай болса,

мына шексіз ғалам жері, көктерімен, аспан әлемдерімен және олардың керемет жүйелерімен өзінен-өзі пайда болды немесе кездейсоқ пайда боп қалды деу шындыққа жанаса ма?

### **3-Аллаһтың бар екендігіне шариги тұрғыдағы дәлел:**

Көктен жіберілген кітаптардың ешбірі “Құдай жоқ” - демейді. Керісінше барлығы Құдайдың бар екендігі туралы хабар береді. Сондай-ақ, сол кітаптардағы халықтың (жаратылыстың) пайдасын қамтыған үкімдер Өзі жаратқан нәрселердің пайдасын толық білетін Дана Жаратушыдан түскендігін көрсетеді.

### **4-Аллаһтың бар екендігіне сезімнің дәлелі:**

Бұл екі жолмен болады:

А) Біздер Аллаһ Тағаланың бар екеніне кесімді түрде дәлел болатындай дұға жасаушылар мен қайғылылардың тілегінің қабыл болғандығын көріп те, естіп те жүрміз. Сондай-ақ Құрандағы мына аяттарды да білеміз: **«Бұрын жалбарынған Нұхтың тілегін қабыл етіп, оны әрі үй-ішін зор апаттан құтқарған едік»** (Әнбия сүресі, 76-аят).

**«Сол уақытта Раббыларыңа қатты қиналғанда жалбарыңа едіңдер. Сонда Ол сендерге жауап берді»** (Әнфәл сүресі, 9-аят)

Бухаридың сахихында Әнәс ибн Мәликтен риуаят еткен хадисте Әнәс айтады: Жұма күні Пайғамбар хұтпа оқып тұрған кезде бір бәдәуи келіп: *“Әй Аллаһтың елшісі! Мал қырылып, бала-шаға аш қалды, біз үшін Аллаһқа дұға етіңіз”* - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көтеріп дұға етті. Сонда таулар көлеміндей бұлттар келіп, жаңбыр жауды және ол мінберден түспей-ақ оның сақалынан жаңбыр ағып жатқанын көрдім. Кейінгі жұмада сол бәдәуи немесе басқасы тұрып: *“Үйлер бұзылып, малдар суда қалды. Біз үшін Аллаһқа дұға етіңіз”* - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолын көтеріп: **«Әй, Аллаһ! Үстімізге емес, жан-жағымызға жаудыр»** - деп дұға етті. Қолмен қай жақты көрсетсе, сол жақтағы бұлт кететін еді.

Шынайы қабыл болу шарттарын дұрыс орындап, Аллаһтан сұрағандардың тілектерінің қабыл болғандығы бүгінгі күнімізге дейін жалғасып келеді.

Ә) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) “мұғжизалар” деп аталатын кереметтері. Мұны адамдар көзбен көрген немесе құлақпен естіген. Бұл олардың жіберушісінің Хақ екендігін білдіретін кесімді айғақ. Әрине олардың жіберушісі Аллаһ Тағала. Өйткені, бұл мұғжизалар елшілерді (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолдап, оларға жәрдем болу үшін Аллаһтың оларға берген (адамдар құдіретінен тыс) ерекше қасиеттері.

Мысалы, Мұса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кереметі; Оған Аллаһ аса таяқпен теңізді ұр деп бұйырып, ол Оның айтқанын бұлжытпай орындаған кезде теңіз он екі құрғақ жолға қақ жарылған.

**«Мұсаға: таяғыңмен теңізді ұр! – деп уахи еттік. Сонда (теңіз) жарылып, әр бөлімі асқар таудай болды»** (Шу`ара сүресі, 63-аят).

Тағы бір мысал, `Исаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұғжизасы; Аллаһтың нұсқауымен ол өліктерді тірілтіп, қабірлерінен шығаратын еді. Бұл жөнінде Құран Кәрімде айтылған:



«... Шын мәнінде сендерге Раббыларыңнан мұғжизамен келдім. Сендерге құстың мүсіні сияқты жасап, оны үрлеймін. Сонда Аллаһтың бұйрығы бойынша құс болады» (Әли `Имран сүресі, 49-аят).

«**Және сол уақытта Менің бұйрығыммен балшықтан құстың бейнесі ұқсаған жасап, оның ішіне үрлегеніңде, Менің бұйыруыммен құс болатын еді**» (Мәида сүресі, 110-аят). Тағы бір мысал, Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұғжизасы; Құрайш руы одан керемет көрсет деп талап еткенде, ол айға ымдаған. Сонда ай екіге бөлініп, адамдар оны көрген. Бұл да Құранда айтылған: **«Қиямет жақындады, ай жарылды. Олар бір мұғжиза (керемет) көрсе бет бұрады да: “Жалғасты түрдегі бір сиқыр” - дейді**» (Қамар сүресі, 1-2-аяттар).

Міне осындай Аллаһ Тағаланың пайғамбарларын қолдап, қуаттап, оларға берген сезімдік (көз-көрген) мұғжизалары – Оның хақ екендігіне кесімді дәлел.

Екіншісі: **Аллаһтың рубубиясына иман келтіру.**

Яғни Өзі ғана Раббы, серігі және жәрдемшісі жоқ.

Раббы дегеніміз – жарату, иелік ету, басқару құдіретіне ие зат. Аллаһтан басқа ешқандай Жаратушы да, Ие де жоқ, Басқару да тек Оған тән. Құран Кәрімде былай деп айтылған: **«Расында, жарату мен басқару тек Оған тән»** (А`раф сүресі, 54-аят).

**«Міне осы – Раббыларың Аллаһ. Иелік Соған тән. Ал Одан өзге дұға етіп, құлшылық қылғандарың құма дәнінің қабығына да ие емес»** (Фатыр сүресі, 13-аят).

Адамдардын ешқайсысы Аллаһтың рубубиясын (Жаратушы, Иелік етуші, Басқарушы екенін теріске) теріске шығармаған. Тек өз айтқанын ұқпай, дандайсып айтуы мүмкін. Айталық, Перғауын өз қауымына былай деді: **«Мен сендердің жоғарғы раббыларыңмын»** (Нази`ат сүресі, 24-аят). **«Әй, бастықтар! Мен сендер үшін өзімнен басқа тәңір барлығын білмеймін»** (Қасас сүресі, 38-аят).

Бірақ бұл олардың жүректеріндегі сенімі емес еді. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Іштерінде анық сенген бола тұра зұлымдық және менмендікпен теріске шығарды»** (Нәмл сүресі, 14-аят).

Аллаһ Тағала бізге жеткізген аятта Мұса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Перғауынға былай деген:

**«Мұса: “Расында сен бұлардың көктер мен жердің Раббысы түсірген көрнеу мұғжизалары екенін білесің! Әй, Перғауын, шын мәнінде мен сені опатқа ұшырайсың деп ойлаймын” - деген еді**» (Исра сүресі, 102-аят).

Ал көпқұдайшылар өздерінің құлшылықтарын Аллаһқа серік қосқандығына қарамай, Аллаһтың рубубиясын мойындайтын. Мына бір аятқа назар аударайық:

**«“Егер білсеңдер, жер мен оның үстіндегі барлық нәрсе кімдікі?” - деп сұра. Олар: “Аллаһтікі”, - деп жауап береді. “Неліктен ойланбайсыңдар?!” - деп айт! Олардан: “Жеті көктің және ұлы `Арштың Раббысы кім?” - деп сұра! Олар: “Аллаһ!” - дейді. “Неліктен қорықпайсыңдар?!” - де! “Егер білсеңдер әр нәрсенің иелігі кімнің қолында? Әрі Өзі қорғайтын, бірақ Одан қорғайтын ешкімі жоқ кім?” - деп сұра. Олар: “Аллаһ!” - деп жауап береді. Оларға айт: “Қаншылықты алдандыңдар”»** (Муминун сүресі, 84-87-аяттар).

Раббымыздың басқаруы болмыстағы және шарифаттағы үкімдерді де қамтиды. Мысалға: Ол ғаламды басқарып қозғалтушы, даналығымен қалағанынша төреші болса, сол сияқты даналығымен құлшылықтар мен мәміле үкімдерін заңдастырушы. Ендеше кімде-кім Аллаһ

Тағалаға құлшылықтарды заңдастырушы, мәмілелерге төрелік етуші деп біреуді қосса, ол серік қосқан саналып, иманын жүзеге асырмаған болады.

Үшіншісі: **Аллаһтың улюһиясына иман келтіру.**

Яғни Ол Өзі ғана хақ (шынайы) Тәңір (иләһ), басқа ешкім емес. Тәңір (иләһ) дегеніміз – сүю және ұлықтау арқылы құлшылық етілетін зат.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Тәңірлерің – бір-ақ Тәңір. Одан өзге Тәңір жоқ. Ол аса Қамқор, ерекше Мейірімді» (Бақара сүресі, 163-аят).

«Аллаһ Тағала, періштелер және әділет үстінде тұрушы білім иелері, расында тым Үстем, хикмет Иесі Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқтығына куәлік берді» (Әли `Имран сүресі, 18-аят).

Аллаһтан өзге тәңір деп есептелініп, табынылып жатқан нәрселердің тәңірлігі жалған. «Бұл өйткені, Ол Аллаһ – Шынайы (Хақ), ал Одан басқа құлшылық етілетін нәрселер – жалған» (Хаж сүресі, 62-аят).

Олардың тәңірлер деп аталуы шынайы тәңірлікті білдірмейді. Аллаһ Тағала адамдар тарапынан тәңір деп есептелген Лат, `Узза, Мәнәт деген мүсіндер жөнінде былай дейді: «Сендер Ләт пен `Уззаны және үшіншісі қор болған Мәнәтты көрдіңдер ме? Сендерге ер жыныстылар, ал Оған әйел жыныстылар ма? Бұл әділетсіз бөлісу болар еді. Олар – тек сендердің және аталарыңның берген есімдерің ғана. Олар туралы Аллаһ еш дәлел түсірмеген» (Нәжм сүресі, 19-23-аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Юсуфтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) абақтыдағы екі досына айтқан сөзін Құранда келтірген: «Әй, менің абақты жолдастарым! Бөлек-бөлек раббылар жақсы ма? Немесе әр нәрсеге Өктем жалғыз Аллаһ жақсы ма? Одан өзге сендер, өздерің және аталарың атаған есімдерге ғана құлшылық етесіңдер. Ол туралы Аллаһ еш дәлел түсірмеген» (Юсуф сүресі, 40-аят).

Сондықтан барлық пайғамбарлар өз қауымдарына: «Аллаһқа құлшылық етіңдер. Сендер үшін одан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ» - дейтін.

### **Теріс сенімдерге қарсы жауап (роад)**

Бірақ көпқұдайшылар бұдан бас тартып, сол баяғы әуендеріне салып, көп тәңірлерден жәрдем сұрап, соларға жалбарынды.

Аллаһ Тағала олардың бұл істерін төмендегі екі ақыли дәлелмен теріске шығарады. Сондай-ақ олардың бұл істері шынымен де қисынға келмейді.

1. Олардың тәңір деп қабылдаған тәңірлерінде ешқандай тәңірлік қасиет жоқ. Олар біреуді жаратпаған, керісінше өздері жаратылған. Өзіне құлшылық еткендерге пайда келтіре алмайды. Сондай-ақ олардан зиянды кетіре де алмайды. Олар тіршілік беруші де, ажал жеткізуші де емес. Көктердің бір нәрсесіне иелік ете алмайды. Тіпті оған серіктесе де алмайды. Бұл жөнінде Аллаһтың сөзі төмендегідей: «Олар (Аллаһтан) өзге ештеңені жаратпайтын, керісінше өздері жаратылған. Әрі өздеріне пайдамен де, зиянмен де, өлім және өмірмен, сондай-ақ қайта тірілумен иелік етпейтін тәңірлерді алып алды» (Фурқан сүресі, 3-аят).

«(Әй, Мұхаммед! Оларға) айт: “Аллаһтан өзге құлшылық ететін нәрселеріңді шақырыңдар! Олар аспанда да, жерде де кішкентай құмырсқаның салмағындай да еш

нәрсеге ие бола алмайды. Олардың онда ешқандай серіктестігі жоқ, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбіреуі көмекші де емес”», - деді (Сәбә сүресі, 22-аят).

«Олар ештеңені жаратпаған, бірақ өздері жаратылған, сондай-ақ оларға көмек бере алмайтын, тіпті өздеріне де жәрдемдесе алмайтын нәрселерді серік қосты ма?!» (А`раф сүресі, 191-192-аяттар).

Олардың тәңір деп есептендерінің жағдайы осындай болса, оларды құлшылық етуге лайықты тәңір деп қабылдау нағыз ақымақтық әрі бекершілік.

2. Аталмыш көпқұдайшылар Аллаһ Тағала жалғыз Өзі бүкіл нәрсенің басқаруы қолында болған жаратушы Ие, Ол қорғайды, ал Одан қорғаныш жоқ деп мойындайтын еді. Олардың мұнысы Аллаһ Тағаланы рубубияда жалғыздағандықтай, оларды Оны тәңірлікте де (құлшылық етуде) солай жалғыздауларын міндеттейді. Бұл жөнінде Аллаһ бүкіл адамзат баласын саналылыққа шақырып былай деді: «Әй, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер. Ол сендерге жерді төсеніш етті, көкті төбе қылды. Аспаннан су ағызып, сол арқылы сендерге жемістерден ризық шығарды. Енді біле тұра, Аллаһқа серік қоспаңдар!» (Бақара сүресі, 21-22-аяттар).

Аллаһ Тағала: «Егер олардан: “Аспандар мен жерді кім жаратты?” - деп сұрасаң, олар былай дейді: “Оларды аса Үстем, Білуші жаратқан”» (Зухруф сүресі, 9-аят). Аллаһ Тағала былай айтты: «“Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады? Есту, көру қабілеттеріңе кім иелік етеді? Өліден тіріні және тіріден өліні кім шығарады? Әрі істермен басқаратын кім?” - деп сұра. Олар: “Аллаһ!” - деп жауап береді. “Неліктен қорықпайсыңдар?!” - деп айт» (Юнус сүресі, 31-аят).

Төртінші: **Аллаһтың есімдері мен сипаттарына иман келтіру.**

Аллаһтың есімдері мен сипаттарына сену дегеніміз – Аллаһ Тағала Өз кітабында немесе елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисінде Өзіне бекіткен есімдер мен сипаттарды бұрмаламастан, жоққа шығармастан, қалай деп сұрамастан, ұқсатпастан Оған лайықты түрде бекіту. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай дейді: «Ең жақсы есімдер Аллаһқа тән. Оған сол аттармен дұға етіңдер. Аллаһтың атында қиғаштық істейтіндерді қойып қойыңдар. Олар істегендерінің сазайын тартады» (А`раф сүресі, 180-аят).

«Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте Үстем, хикмет Иесі» (Рум сүресі, 27-аят).

«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ол – Естуші, Көруші» (Шура сүресі, 11-аят).

### **Теріс сенімдерге қарсы жауап (родд)**

Осы мәселеде екі топ адасты.

1) *Му`аттила* (жоққа шығарушылар). Олар Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарын немесе солардың кейбірін жоққа шығарып, оларды Аллаһқа тағу – Аллаһты Өзінің жаратқан нәрселеріне ұқсату дегенді білдіреді.

Ал бұл ойлар бірнеше жолдармен теріске шығарылады.

Біріншіден: Аллаһтың сөзінде кемшілік бар дегенді білдіреді. Өйткені, Аллаһ Өзіне сипаттар мен есімдерді тағып, Өзіне ұқсас ешнәрсе жоқ екендігін айтты. Бұлардың айтуы

бойынша, сол сипаттарды Аллаһқа тағу – Оны бір нәрсеге ұқсату болатын болса, онда Аллаһтың сөзінде кемшілік болып, бір сөзі бір сөзіне қайшы келеді деген ұғым шығады. Екіншіден: екі нәрсенің бір есімде немесе бір сипатта сәйкес келуі сол екеуінің бірін-біріндей екендігін білдірмейді. Мысалы: сіз екі кісіні естуші, көруші, сөйлеуші адам екендігін көрдіңіз. Бірақ сол нәрсе ол екеуінің адамгершілікте, естуде, көруде сөз саптауында бірдей екендігін білдірмейді ғой. Сондай-ақ жан-жануарлардың да қолдары, аяқтары, көздері бар. Міне осылар бәрінде бірдей деген ұғымды білдірмейді. Жан-жануарлар арасында сәйкес келетін есімдер мен сипаттардың айырмашылығы көрініп тұрса, Жаратушы мен жаратылыстардың арасындағы айырмашылық неге көрінбеске ?!

2) *Мушаббихә* (ұқсатушылар). Бұлар Аллаһтың есімдері мен сипаттарын Аллаһқа таққанда бір нәрсеге ұқсату арқылы тағады. Сондай-ақ олар өз ойларын аяттар мәтінінің көздегені сол, өйткені, Аллаһ құлдарына олар түсінетіндей сөйлейді деп дәлелдемекші болады. Бұл ой да бірнеше жолмен теріске шығарылады:

Біріншіден: Аллаһты жаратылыстың бір нәрсесіне ұқсату ақыл да, дін де қабылдамайтын теріс іс. Мәтіннің көздеген нәрсесі болуы да мүмкін емес. Екіншіден: Аллаһ Тағала пенделеріне негізгі мағыналарын түсінетіндей етіп сөйлейді. Ал Өзінің бейнесіне және сипатына байланысты оның шынайы болмыстық ақиқатын білдіретін мағынасын ғойб (көмес) әлемінде жасырып қойды.

Мәселен, Аллаһ Тағала Өзін толық Естуші деді. Ал енді есту дегеніміз – түпкі мағынасы жағынан алғанда дауыстарды білу дегенді білдіреді. Бірақ Аллаһ Тағаланың естуіне байланысты оның түпкі кейіпі белгісіз. Өйткені, тіпті жан-жануарлардың естуінің өзінде айырмашылық бар. Ал Жаратушы мен жаратылыстың есту қабілеті тіпті басқаша.

Тағы да Аллаһ Тағала Өзі жайында, Өзінің `Аршқа (Тақ) көтерілгенін айтқан. Ал енді “көтерілу” сөзінің түпкі мағынасы белгілі. Бірақ Аллаһтың `Аршқа көтерілгенінің шынайы көрінісі мен кейіпі белгісіз. Мысалы, мықты жайласқан орындыққа көтерілу, үркек, асау түйенің ер-тоқымына көтерілу сияқты емес. Міне қарасаңыздар, мақдұқаттардың өзіндегі айырмашылық бар екен, ал Жаратушы мен жаратылыстардың арасындағы айырмашылық туралы не айтсақ болады?!

### **Аллаһ Тағаланың сипаттарына иман келтіру мүміндерге тәтті жеміс береді.**

- 1) Өзгеден үміт етпей, өзгеден қорықпай, өзгеге құлшылық етпейтіндей дәрежеде Аллаһтың жалғыздығын жүзеге асыру.
- 2) Аллаһ Тағаланы көркем есімдері мен жоғары сипаттарына сай ұлықтап, кемел түрде жақсы көру.
- 3) Ол бұйырған нәрселерді орындап, Ол қайтарған нәрселерден тыйылып, Оған шынайы құлшылық жасау.

**«...Аллаһқа, періштелеріне [171], кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің»**

[171] Періштелер – көмескі әлем, олар да жаратылыстарға жатады. Яғни олар да Аллаһтың құлдары. Оларда улюһиялық (құлшылыққа лайықты болатындай) немесе рубубиялық



(әлемдегі істерді басқаратындай) қасиеттерінің ешбірі жоқ. Аллаһ оларды нұрдан жаратып, оларға Өзінің бұйрықтарына толық бағынып, бұлжытпай орындайтын қабілет берген.

**«Оның қасындағылар Оған құлшылық етуден дандайсымайды да шаршамайды. Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды»** (Әнбия сүресі, 19-20-аяттар).

Олардың сандары өте көп. Оны тек Аллаһ қана біледі. Әнәс риуаят еткен сахих хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ми`ражда көктегі Бәйтул Ма`мурға көтерілгені жайлы айтылады. Онда әр күні жетпіс мың періште намаз оқиды. Бір мәрте намаз оқып шыққан періштеге қайта намаз оқуға кезек жетпейді (періштелердің көптігі соншалықты - кезек қайта келмейді).

Періштелерге иман келтіру төрт нәрсені қамтиды:

**1. Олардың бар екеніне иман келтіру.**

**2. Есімдерін білгендеріміздің есіміне иман келтіру (Жәбірейіл тәрізді). Ал есімдерін білмегендерімізге жалпылай иман келтіру.**

**3. Олардың сипаттарына иман келтіру.** Мысалы Жәбірейілдің сипаты.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны өз бейнесінде көріп, оның көкжиекті түгел жапқан алты жүз қанаты бар екендігін көрген. Кейде періште Аллаһтың әмірімен адам бейнесіне ауыса алады. Мысалы: Жәбрейіл періштенің Мәриямға адам түрінде келгені. Сондай-ақ, оның сахабаларының арасында отырған Мұхаммед пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам бейнесінде келуі. Сол сияқты, Ибраһимге және Лутқа (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген періштелер де еркек кейіпінде болған-ды.

**4. Аллаһ Тағаланың әмірімен олардың орындайтын бізге белгілі істеріне иман келтіру.** Мысалы: тәсбих айту, ертелі-кеш жалықпастан құлшылық ету және т.б. Олардың кейбірінің арнайы істері де болуы мүмкін. Айталық:

- Жәбірейіл (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарларға Аллаһтың уахиін (хабарын) жеткізуші.

- Микәил (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаңбыр, өсімдік сияқты табиғат істеріне жауапты.

- Исрафил (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ақыр Заман мен адамдардың қайта тірілу кезінде сұр үрлеуге міндетті.

- Өлім періштесі жан алуға міндеттелген.

- Мәлик – Тозаққа жауапты (Тозақтың күзетшісі).

- Жатырдағы баланың ризық-несібесін жазуға жүктелген періштелер.

Бала анасының жатырында төрт айлық болса, Аллаһ Тағала бір періште жіберіп, оның ризық-несібесін, ажалын және амалын сондай-ақ бақытты немесе бақытсыз болуын жазуға бұйырады.

- Мәйіттен сұрақ алу ісі жүктелген періштелер. Мәйіт қабірге қойылса, екі періште келіп, Раббысы, діні, пайғамбары жайында сұрайды.

- Адамды қорғап жүретін періштелер.

- Пенденің істеген амалдарын, айтқан сөздерін жазып жүретін періштелер.

## Періштелерге иман келтірудің жемістері:

1. Аллаһтың ұлылығын, құдіреттілігін және оның салтанатын білу. Өйткені, жаратылыстың күштілігі Жаратушының құдыретін көрсетеді.
2. Аллаһ Тағаланың адам баласына деген қамқорлығына шүкір ету. Өйткені, Раббымыз сол періштелердің ішінен адамдарды қорғайтын және олардың амалдарын жазатын, және тағы басқа сол сияқты олардың пайдаларын іске асыратын періштелерді тағайындады.
3. Аллаһқа құлшылық ретінде орындаған ғибадаттары үшін періштелерді жақсы көру.

## Теріс сенімдерге қарсы жауап (роад)

Адасқан бір қауым періштелердің денесі болуын теріске шығарып: “Олар жаратылыстардағы жасырын жақсылық күшінен (энергия) тұрады”, - деген.

Бұл пікір Аллаһтың Кітабы мен пайғамбарының хадисін теріске шығару болып табылады.

«Көктерді және жерді жасаған, сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші еткен Аллаһқа барлық мақтаулар лайық» (Фатыр сүресі, 1-аят).

«Періштелер қарсы болғандардың беттеріне, арқаларына ұрып: “Күйдіретін азапты татыңдар”, - деп жандарын алғанын көрсең» (Әнфәл сүресі, 50-аят).

«Егер залымдарды өлім қиналысында, періштелер қолдарын созып: “Жандарыңды шығарыңдар. Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарын менсінбегендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар” дегенін көрсең» (Ән`ам сүресі, 93-аят).

«Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, өзара: “Раббың не айтты?” - десе: “Хақты айтты”, - деседі. Ол Аллаһ – аса Жоғары, тым Үстем» (Сәбә сүресі, 23-аят).

«Періштелер әр есіктен олардың үстеріне кіреді. Сабыр еткендерің үшін Аллаһтың есендігі сендерге болсын! Соңғы мекен нендей жақсы» (Ра`д сүресі, 23-24-аяттар).

Бухаридың «Сахихында» Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Әбу һурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) риуаят етілген хадисінде: «Аллаһ пендені жақсы көрсе, Жәбірейілді шақырып: “Мен пәленшені жақсы көремін сен де оны жақсы көр” - дейді. Сонда Жәбірейіл оны жақсы көріп, ол Көктегі тұрғындарға: Аллаһ пәленшені жақсы көреді. Сендер де оны жақсы көріңдер деп үндейді. Сонда көктегі тұрғындар да оны жақсы көреді. Сосын жерде оның сөзі мақұлданатын болады», - дейді.

Бухаридың «Сахихында» осы кісіден риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Жұма күні мешіт есіктерінің әрбірінде періштелер келгендерді ретімен жазатын болады. Ал имам отырғанда, олар тізім кітабын жауып, зікір тыңдауға келеді».

Міне осы мәтіндер періштелердің адасқандар айтқандай мәндік күш емес, дене екендігіне ашық дәлел. Сондай-ақ осы мәтіндердің талабына мұсылмандар бірауыздан келіскен.

**«...Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына [172], елшілеріне [173], Ахырет Күніне иман келтіруің. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің»**

[172] «*Китәб*» (көпше түрі «кутуб») деген сөз – жазылған («мәктуб») деген мағынаны білдіреді. Ал бұл жердегі кітаптардан мұрат – адамзатқа мейірім әрі тура жол болу үшін, сөйтіп, адамдар бұл дүние мен Ақыретте бақытқа жетуі үшін Аллаһтың пайғамбарларға түсірген кітаптары.

Бұл иман төрт нәрсені қамтиды:

1. **Сол кітаптар шынымен Аллаһтан түскен деп иман келтіру.**

2. **Атын білетіндерімізге жекелей аттарымен иман келтіру.**

Мысалы: Мұхаммедке (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түскен Құран, Мұсаға (оған сәлем болсын) түскен Тәурат, Исаға (оған сәлем болсын) түскен Інжіл, Дәуітке (оған сәлем болсын) түскен Зәбур. Ал атын білмегендерімізге жалпылай иман келтіру.

3. **Құранның хабарлары сияқты, бұрынғы кітаптардың бұрмаланбаған, өзгертілмеген хабарлары сияқты сенімді хабарларын растау.**

4. **Үкімдерінен күші жойылмағандарына амал ету.**

Сол мансух (күші жойылған) болмаған үкімнің сырын түсінсек те, түсінбесек те ризалық білдіріп, бойұсыну. Барша бұрынғы кітап Қасиетті Құранның келуімен мансух болды. Яғни сол бұрынғы кітаптардың Құранның келуімен жарамдылығы тоқталды, күштері жойылды. Аллаһ Тағала былай деді: **«Саған шынайы түрде Құранды өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы және оларды қорғаушы түрінде түсірдік»** (Мәида сүресі, 48-аят).

Яғни сол кітаптарға төреші ретінде түсірген, соған байланысты, бұрынғы кітаптардың, Құран растамаған әрі сенімсіз бірде-бір үкіміне амал жасауға болмайды.

**Аллаһтың кітаптарына иман келтірудің жемістері:**

1. Аллаһ Тағаланың құлдарына деген қамқорлығын білу. Өйткені Ол әр қауымға тура жолға бастайтын кітап түсірген.

2. Аллаһтың шарифатындағы даналығын білу. Өйткені Ол әр қауымға өздеріне сай келетіндей заңдар орнатқан. Аллаһ Құранда былай айтқан: **«Сендердің әрбіреулерің үшін бір шарифат пен жол (минһәж) орнаттық»** (Мәида сүресі, 48-аят).

3. Аллаһтың осындай нығметіне (жақсылығына) шүкір ету.

[173] Елші арабша “расул” (көпше түрі “русул”) деген сөз. Оның тілдік мағынасы: бір нәрсені жеткізу үшін жіберілген біреу. Ал шариғи мағынасы: оған уахи арқылы шарифат берілген әрі соны жеткізуге бұйырылған адам.

Елшілердің ең алғашқысы Нұх, ал соңғысы Мұхаммед (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын).

Бұған дәлел ретінде Құран мен Сүннеттегі келесі мәтіндерді келтірсек болады. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Біз Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да уахи еттік»** (Ниса сүресі, 163-аят).

Бухаридың «Саихында» Әнәстан жеткен шапағат жөніндегі хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Өздеріне шапағат ету үшін адамдар Адам атаға келеді. Ол болса сылтаурата бастайды да: “Аллаһ жіберген ең әуелгі елші – Нұхқа барыңыздар”, - дейді»**. Аллаһ Тағала Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы былай деген: **«Мұхаммед сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңғысы»** (Ахзәб сүресі, 40-аят).

Оларға дербес шарифат әкелген елшісі жоқ немесе алдыңғы елшілердің шарифатын жаңғыртып келмеген пайғамбары жоқ халық болмаған.

Аллаһ Тағала: **«Расында, әр үмметке: “Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер және тағуттан аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік», - деп айтты** (Нахл сүресі, 36-аят).

Тағы да Аллаһ Тағала: **«Негізінде, ескертушісі болмаған бірде-бір халық жоқ», - деп айтты** (Фатыр сүресі, 24-аят).

Елшілер – Аллаһтың жаратылыстары ғана. Оларда рубубиялық (әлемдегі істермен басқаратындай) және улюһиядан (құлшылыққа лайықты болатындай) ешқандай қасиеттері жоқ. Біздің пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілердің мырзасы, Аллаһтың қасында ең беделдісі болса да, Аллаһ ол жөнінде былай деген: **«“Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда да, зиян да келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі (ғойб) білген болсам, әрине, жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді қорқытушы, қуандырушы ғанамын” - деп айт»** (А`раф сүресі, 188-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтты: **«“Расында мен сендерге зиян келтіре алмаймын да, игілік те істей алмаймын. Расында ешкім мені Аллаһтан сақтай алмайды да, мен де Одан өзге пана таба алмаймын”, - деп айт»** (Жын сүресі, 22-аят).

Сондай-ақ оларға ауру, өмір, ішіп-жеуді қажет ету сияқты пенделік қасиеттер тиесілі. Аллаһ Ибраһимның (оған сәлем болсын) Раббысын сипаттағандығы жөнінде былай дейді: **«Ол маған жегізеді де, ішкізеді. Ол қашан ауырсам, маған шипа береді. Ол мені өлтіреді де, сосын тірілтеді»** (Шу`ара сүресі, 79- 81-аяттар).

Пайғамбарымыз да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мен сендер секілді адаммын. Сендер ұмытқандай, мен де ұмытамын. Егер ұмытып қалсам, есіме салыңдар»**.

Аллаһ Тағала пайғамбарларды мақтап, оларды құлшылық етудің ең жоғарғы деңгейінде сипаттаған. Мысалы: Нұх (оған сәлем болсын) жөнінде: **«Ол шүкір етуші құл еді», - деді** (Исра сүресі, 3-аят).

Ал Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жөнінде: **«Бүкіл әлемге ескертуші болуы үшін құлына Фурқанды (Құранды) түсірген Аллаһ өте жоғары»** (Фурқан сүресі, 1-аят).

Ал Ибраһим, Исхақ және Я`қуб (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жөнінде: **«Құлдармыз Ибраһим, Исхақ және Я`қубты есіңе ал. Олар мықты да, қырағы еді. Расында біз оларды Ақыретті нағыз еске алғандары үшін таңдадық. Сөз жоқ, олар қасымызда таңдаулы, ең жақсылардан еді»** (Сад сүресі, 45-47-аяттар).

Мәриямның ұлы `Иса (оған сәлем болсын) жөнінде: **«Ол `Иса Біз өзіне игілік берген, сондай-ақ Израил ұрпақтарына бір мысал қылған құл ғана»** (Зухруф сүресі, 59-аят).

Аллаһтың елшілеріне иман келтіру төрт нәрсені қамтиды:



### 1. Олардың елшілігі Аллаһ Тағаладан екендігі хақ деп сену.

Кімде-кім олардың біреуінің елшілігін теріске шығарса, ол барлығының елшілігін теріске шығарған болады. Аллаһ Тағала былай айтты: «**Нұхтың елі де елшілерді жасынға шығарды**» (Шу`ара сүресі, 105-аят). Нұхтың елі оны жасынға айналдырғанда (оны мойындамағанда) Нұхтан басқа пайғамбар жоқ еді. Соған қарамастан Аллаһ оларды барлық елшілерді жасынға айналдырды деп тұр. Соған байланысты пайғамбарымыз Мұхаммедті (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойындамай теріске шығарып, оның ізімен ілеспеген христиандар Мәриям ұлы `Исаны да теріске шығарып, оның жолымен жүрмеген болып саналады. Оның үстіне `Иса (оған сәлем болсын) оларға өзінен кейін Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбардың келетінін хабарлаған. Мұның мағынасы олардың адасушылықтан құтқарылып, тура жол табуы Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жүзеге асады деп сүйіншілегені.

### 2. Есімін білген елшілерге есімдерімен иман келтіру.

Мысалы: Мұхаммед, Ибраһим, Мұса, `Иса, Нұх (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Және осы бесеуі пайғамбарлардың ең беделділері. Аллаһ Тағала оларды Құранның екі жерінде атап өткен: «**Сол уақытта пайғамбарлардан, сенен, Нұхтан, Ибраһимнен, Мұсадан және Мәриям ұлы `Исадан берік уәде алған едік**» (Ахзәб сүресі, 7-аят).

«**Аллаһ Нұхқа өсиет еткен нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Мұса, `Исаға өсиет еткен нәрселерімізді сендерге шарифат етті: дінді мықты орындаңдар да, онда бөлінбеңдер**» (Шура сүресі, 13-аят).

Ал олардың есімдерін білмейтін елшілерге жалпылай иман келтіреміз. Аллаһ Тағала: «**Расында сенен бұрын да елшілер жібердік. Олардың кейбірін саған баян еттік те, кейбірін баян етпедік**» (Ғафир сүресі, 78-аят).

### 3. Олардан жеткен сенімді хабарларды растау.

4. **Олардың ішінен бізге жіберілген пайғамбардың шарифатымен амал ету.** Ал ол - барша халыққа жіберілген пайғамбарлардың соңғысы болған Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Аллаһ Тағала былай деді: «**Раббыңмен ант! Олар сені араларыңда туған келіспеушіліктерде би (үкім шығарушы) қылып алмайынша, сосын жүректерінде шығарған шешіміңнен ақау таппайынша және толық бойұсынбайынша иман келтірмейді**» (Ниса сүресі, 65-аят).

### Аллаһтың елшілеріне иман келтірудің жемістері:

1. Аллаһтың құлдарына деген мейірімі мен қамқорлығын білу. Өйткені Аллаһ оларды тура жолға бастау үшін және Өзіне қалай құлшылық етуді баяндау үшін оларға пайғамбар жіберді. Себебі, адам баласының санасы мұны білуде дербес күй кеше алмайды.

2. Аллаһ Тағалаға осы ұлы нығмет үшін шүкірлік ету.

3. Елшілерді сүю, құрметтеу және оларды лайықты түрде мақтау. Өйткені, олар Аллаһтың құлшылығын орындап, Оның дінін жеткізіп, Аллаһтың құлдарына адалдық танытты.

**Теріс сенімдерге қарсы жауап (родд)**

Кейбір қасарысушылар елші адам баласынан болуы мүмкін емес деп өз елшілерін жасынға айналдырған. Аллаһ Тағала олардың бұл қате пайымдауларына Құранда қысқаша былай жауап берді: «Адам баласына тура жол келген кезде иман келтірулеріне тек олардың “Аллаһ елші етіп адамды жібереді ме екен?!” – деген сөздері ғана бөгет болды. Айт: “Егер жер жүзінде періштелер бейбіт жүргенде еді, әрине оларға көктен періштені елші қылып жіберер едік”» (Исра сүресі, 94-95-аяттар). Аллаһ Тағала бұл ойды пайғамбар міндетті түрде адам болу керектігімен қатеге шығарды. Өйткені, пайғамбар жер тұрғындарына, яғни адамдарға жіберілген. Егер де жер тұрғындары періштелер болғанда, Аллаһ Тағала елші ретінде өздері тәрізді періште жіберер еді. Осылайша Аллаһ пайғамбарларды жасынға айналдырушылар әңгімесін жалғастырып былай деп суреттеген: «“Сендер де біздей-ақ пендесіңдер. Бізді ата-бабаларымыздың табынған нәрселерінен тосқыларың келе ме? Бізге ашық бір дәлел келтіріңдер” - деді. Сонда елшілері оларға: “Әрине біз сендерге ұқсаған адам баласымыз. Бірақ Аллаһ құлдарынан кімді қаласа, соны сыйлыққа бөлейді. Аллаһтың әмірісіз біздің сендерге бір мұғжиза келтіруіміз мүмкін емес...”, - деді» (Ибраһим сүресі, 10-11-аяттар).

**«...Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің [174]. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің»**

[174] Ахырет Күні – адамдардың сый не жаза алу үшін және есепке тартылу үшін қайта тірілетін Қиямет Күні. Оның бұлай аталуының себебі, өйткені одан кейін күн жоқ, ол – Ақырғы Күн. Яғни жәннәттықтар – өз мекеніне, тозақтықтар өз мекеніне қоныстанатын күн деген сөз.

Ахырет Күніне иман келтіру үш нәрсені қамтиды:

### 1. Қайта тірілуге иман келтіру.

Яғни ол күні екінші рет Сүр үрленгенде өлілер тіріліп, аяқ киімсіз, жалаңаш, сүндетке отырғызылмаған күйде бүкіл әлемнің Жаратушысының алдында тұрады. Аллаһ Тағала былай деген: «Әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл Бізге бір міндет. Шынында Біз (оны) орындаймыз» (Әнбия сүресі, 104-аят).

Қайта тірілу – Құран мен Сүннетте дәлелі келген, сондай-ақ бүкіл мұсылмандар бірауыздан келіскен хақ, ақиқат болып табылады.

«Бұдан кейін әрине сендер өлесіңдер. Сосын Қиямет Күні әлбетте тірілесіңдер» (Муминун сүресі, 15-16-аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын): «Адамдар Қиямет Күнінде сүндетсіз, жалаң-аяқ жиналады», - деген. (Бухари, Муслим)

Бұл – мұсылмандарда айтыс-тартысы жоқ шешімді мәселе. Ахырет Күнінің болуы даналықтың сұранысы десек те болады. Өйткені пайғамбарларының тілімен Аллаһтан

міндеттелген бұйрықтарды орындаған, орындамағанына қарай, оларды сауапқа бөлейтін немесе жазаға тартатын қайта тірілетін Күн адамзатқа керек.

Аллаһ Тағала былай деді: «**Біз сендерді босқа жараттық, әрі Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?**» (Муминун сүресі, 115-116-аяттар). Тағы да Ол пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Расында саған Құранды парыз еткен (Аллаһ) сені өмірге қайта келтіреді»*.

## 2. Есеп-қисап және сый мен жазаға иман келтіру

Әрбір пенде істеген амалына қарай есеп беріп, соған қарай сый не жазасын алады. Бұған Құран да, хадистер де, мұсылмандардың бірауызды келісімі де дәлелі болады. Аллаһ: **«Расында, олардың қайтатын жері Біз жақ. Шын мәнінде, Біз оларды есепке аламыз»**, - деп айтты (Ғашия сүресі, 25-26-аяттар).

Аллаһ Тағала былай деді: **«Кім бір жақсылықпен келсе, оған сондайдың он есе сыйы беріледі. Ал кім бір жамандық істесе, сондай ғана жаза алады. Әрі олар зұлымдыққа ұшыратылмайды»** (Ән`ам сүресі, 160-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтқан: **«Қиямет Күні туралық таразысын орнатамыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз»** (Әнбия сүресі, 47-аят).

Ибн Омардан риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Аллаһ Тағала мүмінді жақындатып, оған пердесін қойып, оны жасырады. Сөйтіп: “Мына күнәні білесің бе? Ана күнәні білесің бе?” – дейді. Ол “Иә, Раббым!” – дейді. Ақыры оған күнәларын мойындатып, оның “Құрыдым зой енді” - дегенін көргенде, Ол: “Расында, Мен сол күнәларды саған дүниеде жасырдым. Ал бүгін сен үшін соларды кешірдім”, - дейді. Сөйтіп, оған жақсылықтарының кітабы беріледі. Ал кәпірлер мен екіжүзділерге бүкіл халайықтың алдында: “Мыналар Раббыларына өтірік сөйлегендер, Аллаһтың лағынеті залымдарға жаусын!” – деп үш рет айтылады»* (Бухари, Муслим).

Мұсылмандар есеп-қисаптың істеген амалдарға қарай болатындығына бір ауыздан келіскен. Сондай-ақ, ол даналыққа да жатады. Өйткені, Аллаһ кітаптар түсіріп, пайғамбарлар жіберіп, пенделеріне солар алып келген шарифатпен жүруді парыз етті. Егер де есеп-қисап болмағанда Дана Раббыға жараспайтын еріккеннің ермегі болар еді. Аллаһ Тағала Құранда осы мағынаға меңзеп былай деген: **«Өздеріне елші жіберілгендерді сұраққа тартамыз, әрі елшілердің өздерін де сұраққа тартамыз. Әрине оларға біліммен баян етеміз. Негізінде ешқашан жоқ болмадық»** (А`раф сүресі, 6-7-аяттар).

## 3. Жәннат пен Тозаққа иман келтіру

Бұл екеуі адамзаттың мәңгілік қалатын орны. Жәннат – бұл Аллаһтың сенуді міндет еткен нәрселеріне сеніп, Аллаһқа шын ықыласпен ғибадат жасап, елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолымен жүрген тақуа мұсылмандарға арнайы дайындалған рахат орны. Ол жерде алуан түрлі рахат және ләззәт түрлері бар. Хадисте былай айтылғандай: *«Адамның көзі көрмеген, құлағы естімеген, адамзаттың ойына келмеген жақсылықтар бар»*.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Күдіксіз сондай иман келтіріп, түзу іс жасағандар, міне солар жаратылғандардың ең жақсысы. Олардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары: астарынан өзендер ағатын `Адн Жәннаттары. Олар онда мәңгі қалады.**

Аллаһ олардан разы, олар да Аллаһтан разы. Осы сыйлық Раббысынан қорыққан кісі үшін болады» (Бәйина сүресі, 7-8-аяттар).

Тағы да Аллаһ былай айтты: «Істегендері үшін сый ретінде көзайым болатын қандай нәрселер әзірленіп қойылғанын ешбір адам білмейді» (Сажда сүресі, 17-аят).

Ал Тозақ – бұл Аллаһтың Өзіне қарсы келіп, пайғамбарларына бойұсынудан бас тартқан залым имансыздарға арнайы әзірленген азап орны. Ол жерде алуан түрлі азап және адам баласының ойына келмеген қинау түрлері бар. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай айтқан: «Имансыздарға әзірленген Тозақ отынан сақтаныңдар» (Әли `Имран сүресі, 131-аят).

Тағы да Аллаһ: «Расында біз залымдар үшін дуалдары жан-жағынан қоршап алатын Тозақ отын әзірледік. Егер олар су сұрап жалбарынса, еріген кен тәрізді беттерді күйдіретін бір су беріледі. Ол нендей жаман су, әрі (орын) нендей жаман орын», - деді (Кәһф сүресі, 29-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтты: «Расында Аллаһ кәпірлерді лағынеттеді де, оларға жалындаған Тозақ әзірледі. Олар онда мәңгі қалады. Не дос, не көмекші таба алмайды. Олардың беттері от ішінде аударылатын (өзгеретін) күні: “Әттең! Аллаһқа бойұсынып, елшісіне бағынғанда еді” - дейді» (Ахзәб сүресі, 64-66-аяттар).

Ахырет Күніне иман келтіруге тағы да өлімнен кейінгі болатын барлық нәрсеге сену жатады. Олар:

### **Қабір сынағы.**

Мәйіт жерленгеннен кейін, одан Раббысы, діні және пайғамбары жайында сұрақ қойылады. Аллаһтың сөзіне сенгендерді Аллаһ табанды етеді. Сөйтіп, ол “Раббым – Аллаһ, дінім – Ислам, пайғамбарым – Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)” - деп жауап береді. Ал залымдарды Аллаһ шатастырып, нәтижесінде имансыз адам: “Һә-Һә! Білмеймін”, - деп жауап берсе, екіжүзділер немесе күдіктенгендер: “Білмеймін, адамдардың айтқанын есітіп, мен де соны айттым ғой”, - дейді.

### **Қабір азабы мен рахаты.**

Қабір азабы екіжүзділер мен кәпірлерден құралған залымдарға болады. Бұл жөнінде Аллаһ Құранда былай деді: «Егер залымдарды өлім қиналысында, періштелер қолдарын созып: “Жандарыңды шығарыңдар. Бүгін Аллаһқа қарсы орынсыз сөйлегендерің, Оның аяттарын менсінбегендерің себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар” дегенін көрсең» (Ән`ам сүресі, 93-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтты: «Олар таңертең және кешке отқа ұсынылады. Ал Қиямет Күні болған кезде: “Перғауын әулетін азаптың ең қаттысына кіргізіңдер”, (- делінеді)» (Ғафир сүресі, 46-аят).

Муслимнің «Сахихында» Зәйд ибн Сәбит риуаят еткен хадисте былай делінген:

“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Егер де сендер бір-бірлеріңді жерлемегендеріңде, сөзсіз өзім естіп тұрған қабір азабын сіздерге де естіртуді Аллаһтан тілер едім», - деді. Сосын сахабаларына бет бұрып: «Тозақ азабынан Аллаһқа сыйыныңдар», - деді. Олар: “Тозақ азабынан Аллаһқа сыйынамыз” - деді. Ол: «Қабір азабынан Аллаһқа сыйыныңдар», - деді. Олар: “Қабір азабынан Аллаһқа сыйынамыз” - деді. Ол: «Ашық және жасырын бүліктен Аллаһқа сыйыныңдар», - деді. Олар: “Ашық және жасырын бүліктен



Аллаһқа сыйынамыз” - деді. Ол: «Дәжжалдың фитнасынан (сынағынан) Аллаһқа сыйыныңдар», - деді. Олар: “Дәжжалдың сынағынан Аллаһқа сыйынамыз” – деді” (Муслим 2767). Ал қабір рахаты иман келтірген шыншыл мұсылмандарға бұйырады. Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай деген: «“Раббымыз – Аллаһ!” - деп, сосын мықты тұрғандарға періштелер түседі де: “Қорықпаңдар да қайғырмаңдар! Сендерге уәде етілген Жәннат арқылы қуанышқа бөленіңдер”, - дейді» (Фуссиләт сүресі, 30-аят).

Тағы да Аллаһ былай деді: «Ал жан жұтқыншаққа келіп қалған сәтте, сол уақытта сендер қарап қаласыңдар. Негізінде оған (өліп бара жатқанға) Біз жақынырақпыз, алайда сендер оны көрмейсіңдер. Ал енді егер жазаланбайтын болсаңдар, онда айтқандарың рас болса, оның жанын неге қайтармайсыңдар?! Егер өлген кісі Аллаһқа жақындардан болса, сонда оған рахат, шаттық, әрі нығметті Жәннат бар» (Уәқи`а сүресі, 83-96-аяттар).

Бәра ибн `Азиб жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірде екі періштенің сұрағына жауап берген мұсылман адам жөнінде былай деген: «Бір үндеуші аспаннан: “Құлым шындық айтты! Оған Жәннаттан төсеніш төсеңдер, оны Жәннаттан киіндіріңдер, ол үшін Жәннатқа есік ашыңдар”, - деп үн қатады. Ол оған Жәннат дамылы мен хош иісінен әкеледі және оған көзі жеткен жерге дейін қабірі кеңейтіледі» (Ахмад, Әбу Дәуд).

### Ахырет Күніне иман келтірудің жемістері:

1. Сол Күнгі сауапты үміт етіп, Аллаһқа бойұсынуға ұмтылып, соған ынта-жігер қосу.
2. Күнә істеуден әрі оған көнігуден сақтану, қорқу.
3. Қол жеткізе алмаған нәрсенің орнына үміт еткен Ахырет рахаты және сауабымен мүміннің жұбануы.

### **Теріс сенімдерге қарсы жауап (родд)**

Имансыз адамдар (кәпірлер) оның мүмкін емес екенін айтып, өлгеннен кейін қайта тірілуді теріске шығарады. Бұл пайымдаудың қате екеніне шарифат, сезім, ақыл дәлел бола алады.

#### **1-Шарифаттың дәлелі**

«Имансыздар әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. Оларға былай де: “Жоқ, Раббыммен ант етемін. Сөзсіз, өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің түсіндіріледі. Бұл Аллаһ үшін оңай”» (Тағабун сүресі, 7-аят). Көктен түскен бүкіл кітаптар қайта тірілудің ақиқат екенінде бірауыздан келіскен.

#### **2-Сезімнің дәлелі**

Аллаһ Тағала пенделеріне өліктерді осы дүниеде-ақ тірілткенін көрсеткен. Бақара сүресінде осыған бес мысал бар:

Бірінші мысал : Мұсаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қауымы. Олар: «Әй Мұса! Аллаһты әшкере көрмейінше саған әсте сенбейміз» - дегенде, Аллаһ Тағала оларды өлтіріп, сосын қайтадан тірілткен. Құранда Аллаһ Тағала Исраил ұрпақтарына былай деген: «Сендерді бір найзағай алды (немесе: опатқа ұшырадыңдар), әрі соны көріп тұрдыңдар. Сосын өлгендеріңнен кейін қайта тірілттік, мүмкін шүкір етесіңдер!» (Бақара сүресі, 55-56-аяттар).

Екінші мысал: Исраил халқы өлтірілген адам жайлы оны кім өлтірген деп дауға түскенде, Аллаһ оларға бір сиыр сойып, сол сиырдың белгілі бір бөлігімен мәйітті ұрсаңдар, ол тіріліп өзін кім өлтіргендігін айтатындығын бұйырған: **«Сол уақытта біреуді өлтірдіңдер де, сол жөнінде таластыңдар. Бірақ Аллаһ жасырғандарыңды әшкерелейді. Сөйтіп: “Өлікті оның кейбір мүшелерімен ұрыңдар”, - деді. Аллаһ осылайша өлікті тірілтіп, сендерге белгілерін көрсетеді. Әрине ойланарсыңдар!»** (Бақара сүресі, 72-73-аят).

Үшінші мысал: Мыңдаған адам болып өлімнен қашып, өлкелерінен кеткен қауымның әңгімесі. Сонда Аллаһ оларды өлтіріп, қайта тірілткен. Бұл жөнінде Аллаһ былай дейді: **«Мыңдаған адамдардың өлімнен қорқып, үйлерін тастап кеткендер туралы білмейсің бе? Аллаһ оларға: “Өліңдер!” - деді. Сонсоң оларды тірілтті. Күдіксіз Аллаһ адамдарға Мейірімді, бірақ адамдардың көбі шүкірлік етпейді»** (Бақара сүресі, 243-аят).

Төртінші мысал: Өлі (тіршілік жоқ) ауылдан өтіп, сол ауылға Аллаһтың жан беруін ұзаққа санаған кісінің қиссасы. Сонда Аллаһ сол кісіні өлтіріп, жүз жылдан кейін қайта тірілткен. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай деген: **«Немесе түбімен қираған бір кенттің жанымен өткен адамды білмейсің бе? Ол: “Аллаһ мұны өлгеннен кейін қалайша қайта тірілтеді?!” - деді. Сонда Аллаһ оны жүз жылға өлтіріп, кейін тірілтіп: “Қанша (өлі күйде) болдың?” - деді. Ол: “Бір күн немесе күннің бір бөлігі болдым”, - деді. (Аллаһ): “Олай емес, сен жүз жыл (өлі күйде) болдың, енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі болу үшін осылай еттік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, оның үстіне ет қаптаймыз”, - деді. Бұл оған көрсетілген кезде, ол: “Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білдім”, - деп айтты»** (Бақара сүресі, 259-аят).

Бесінші мысал: Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан өліктерді қайтып тірілетінін көрсетуді сұраған уақытта, Аллаһ оған төрт құсты сойып, оларды айналасындағы тауларға бөлшектеп бөліп тастап, сосын оларды шақыруға бұйырған. Нәтижеде әр жерде жатқан бөлшектердің бәрі бір-бірімен қосылып, Ибраһимге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дереу жетіп келген. Осы туралы Аллаһ Тағала былай баяндаған: **«Сол уақытта Ибраһим: “Раббым, өлікті қайтіп тірілетініңді маған көрсетші”, - деді. (Аллаһ): “Ал сен сенбейсің бе?” - деді. Ол: “Әрине сенемін. Бірақ жүрегім орнықсын”, - деді. (Аллаһ): “Құстардан төртеу ұста да, өзіңе қысып сой, сонсоң әр таудың басына бір бөлшегін қой да, сонан кейін оларды шақыр, дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз, Аллаһтың өте Үстем, хикмет Иесі екенін біл”, - деді»** (Бақара сүресі, 260-аят).

Міне осылар өліктерді қайта тірілтудің мүмкін екеніне куәлік болатын іс жүзінде болған сезімдік мысалдар. Сондай-ақ Мәриям ұлы Исаға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың берген кереметімен оның Аллаһтың рұқсатымен өліктерді тірілтіп, оларды қабірлерінен шығарғандығына біз жоғарыда сілтеме жасап өттік.

### **3 - Ақыл-ойдың дәлелі**

Оның екі жолы бар:

а) Аллаһ Тағала жер мен көктерді және ол екеуінің ішіндегі нәрселерді жоқтан бар етіп жаратқан. Жоқтан жаратқанға құдіреті жеткен Аллаһқа барды қайтадан тірілту қиынға соқпасы анық. Бұл жайында Аллаһ бізге Құранда былай деп түсіндіреді: **«Ол жаратылысты бастап, сосын оны қайтарады. Бұл оған оңай. Әрі көктер мен жердегі ең жоғары сипат Оған тән. Ол өте Үстем, хикмет Иесі»** (Рум сүресі, 27-аят).

“Тозаңға айналып кеткен сүйектерді қалай тірілтеді?” – дегендерге Аллаһ тойтарыс ретінде мына аятты түсірді: «Олар өз жаратылысын ұмытып, Бізге мысал келтіріп: “Міне шіріген сүйектерді кім тірілтеді?”, – деді. Оларғы айт: “Оны сондай алғаш Жаратқан тірілтеді. Ол барлық жаратылысты біледі”» (Ясин сүресі, 78- 79-аяттар).

ә) Жер кейде көк орайлы ағаштар жоқ, қураған, өлік болады. Сонда Аллаһ жаңбыр жаудырады. Нәтижесінде жерге жан бітіп, көк орай шалғындар тіріле бастайды. Осындай өлі жерді қайта тірілтуге құдіреті жеткен Аллаһ өлілерді де тірілтуге күші жетеді. Аллаһ былай деді: «Оның белгілерінен – сенің, жерді тып-тыныш (яғни, құрғақ) күйінде көресің, ал Біз оған су ағызған соң, қозғалысқа келіп, өсіп-өнеді. Күдіксіз, оны тірілткен Аллаһ өлілерді де тірілтеді. Өйткені Оның әр нәрсеге толық күші жетеді» (Фуссиләт сүресі, 39-аят).

Тағы да Ол былай айтқан: «Аспаннан берекелі жаңбыр жаудырып, ол арқылы бақшалар мен орылатын астық өсірдік. Қауашақтары шоғырланған ұзын құрма ағаштарын өсірдік. Құлдарға қорек үшін. Сондай-ақ жаңбырмен жансыз жерге жан бердік. Шығу да (яғни, қайта тірілу де) сол тәрізді» (Қаф сүресі, 9- 11-аяттар).

### Теріс сенімдерге қарсы жауап (родд)

Тағы да бір адасқан топ қабір азабы мен рахатының болуы мүмкін емес деген. Ол шынайы өмірде көріп жатқанымызға қайшы келіп тұр ғой деп сылтауратады. Олардың айтатын дәлелдері: “Қабірді ашсаңыз, өліктің болары болып, қабір кеңдігі немесе тарлығы жағынан өзгермеген болады” - дейді. Бұл ойды шарифат, сезім, ақыл-ой жоққа шығарады.

#### 1. Шарифаттың дәлелі

Қабір азабы мен рахатының растығының дәлелі ретінде, жоғарыда біз Құран мен Сүннеттен мәтіндер келтірген едік. Имам Бухаридің «Сахихында» Ибн Аббастан риуаят етілген хадисте ол былай дейді: “Пайғамбарымыз Мәдина қабірлерінде азапталып жатқан екі кісінің даусын естіді... «Бірі зәрінен сақтанбай жүрген, ал екіншісі өсек таратып жүрген»” (Бухари).

#### 2. Сезімнің дәлелі

Мысал ретінде ұйқыдағы адамды келтірелік. Ол ұйқысында рахаттанатындай кең, мамық жерде екендігін немесе күйзелетіндей тар, дөңбек жерде екендігін көреді. Кейде осындай жағдайда ұйқысынан оянып кетуі мүмкін, қараса бөлмесінде төсек үстінде жатыр екен. Сонда ол әлгі жағдайды сезеді. Ұйқы – өлімнің бауыры. Сондықтан да, Аллаһ ұйқыны кіші өлім деп атаған: «Аллаһ жандарды өлер уақытында алады. Ал әлі өлмейтіндердің жанын ұйқыда алады. Сосын өлуіне үкім берілгендердікін тоқтатады да, басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін жібереді. Расында, мұнда түсінетін елге ғибраттар бар» (Зүмәр сүресі, 42-аят).

#### 3. Ақыл-ойдың дәлелі

Адам ұйықтап жатқанда өмірде шынымен орын алған нәрсе туралы түс көреді. Тіпті пайғамбарымызды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаты бойынша көруі мүмкін. Кімде-кім оны сипаты бойынша көрсе, оны шын көргені (Бухари, Муслим). Бірақ сол түсті көруші көргенінен алыстағы бөлмесіндегі төсек үстінде ғой. Осындай жағдайлар осы дүниенің өзінде болып жатса, Ахырет жағдайларында болуы мүмкін емес пе?!

Ал енді қабірді ашсақ өлік сол күйі, қабір де кеңеймеген немесе тарылмаған деп айтатындарға бірнеше жолмен жауап беруге болады:

1 - Құран және Сүннетте келген дәлелдерге түсініксіз күмәндармен қарсылық білдіруге болмайды. Өйткені, ол күдіктерін келтіріп жатқан адам, сол жайында жақсылап ой жүгіртсе, олардың түкке тұрмайтын дәйектер екенін аңғарады. Тура сөзді айыптаушылар қаншама?! – Бірақ проблема қыңыр түсінікте!

2 - Адамның өлімі мен Қиямет Күнінің арасында болатын жағдайлар сезім жетпейтін көмескі (ғоиб) істерден болып табылады. Егер де олай болғанда, онда ғоибқа (көмеске) сенудің пайдасы қалмай, ғоибқа сенгендер мен сенбегендер тең болып қалар еді.

3 - Қабір азабы мен рахаты, қабір кеңдігі мен тарлығы – бұларды өзге біреу емес, тек өліктің өзі ғана сезеді. Бағанағы тар жерде немесе кең, мамық жерде көрген ұйқыдағы адамның мысалы осыған дәлел. Ал шын мәнінде ол басқа біреудің көзқарасында, оның ұйықтап жатқан жерінде ешқандай өзгеріс болған жоқ. Сол бөлмесіндегі көрпесінің ішінде жатыр. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалар арасында болған кезде де уахи түсетін еді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уахиды естіп, ал сахабалар оны естімейтін. Кейде оның алдына періште келетін, сонда оны ол өзі көріп, сахабалар болса көрмейтін, әрі періштенің сөздерін де естімейтін еді.

4 - Жаратылыстың сезімі Аллаһ Тағала берген мүмкіншілікпен ғана шектеледі. Барлық нәрсені сезіп білулері мүмкін емес. Жеті көк, жер, сондай-ақ ондағы болғандар, әрі ол екеуінің арасындағы тірі жандар мен барлық нәрселер Аллаһты пәктейді, мадақтайды, тәсбихтер айтады. Бірақ, олардың зікірлерін Аллаһ қалаған адамдардан басқа ешкім естімейді.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Жеті көк және жер, сондай-ақ ондағы болғандар Аллаһты пәктейді. Оны пәктеп, мақтамайтын еш нәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың тасбихтарын (пәктеулерін, дәріптеулерін) түсінбейсіңдер. Шынында, Аллаһ өте Жұмсақ, аса Жарылқаушы»** (Исра сүресі, 44-аят).

Сол сияқты шайтандар мен жындар жер бетінде ары-бері кезіп жүреді. Тіпті жындар пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасына келіп, оның оқыған сүресін тыныш қана тыңдап, өз қауымдарына естіртіп (хабарлап) барған. Сондай болса да бұл бізге көрінбейді, жасырын нәрсе. Аллаһ Тағаланың мына сөзіне құлақ салайық: **«Әй адам баласы! Шайтан, ата-аналарыңның ұятты жерлерін көрсету үшін киімдерін шешіп, Жәннаттан шығарған сияқты сендерге де сұмдық жасамасын. Өйткені, ол және оның елі, сендер оларды көрмеген жерде көреді. Шайтандарды иман келтірмейтіндерге жолдас еттік»** (Ағраф сүресі, 27-аят). Ендеше адамдар барлық нәрсені сезіп біле алмайтын болса, өздері білмеген көмес істерді жоққа шығарудың қажеті не?!

**«...Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің [175]».**



[175] Тағдыр дегеніміз – Аллаһтың алдын болған білімі мен даналығына сай бүкіл тіршілікке арнап өлшеген мөлшері.

Тағдырға иман келтіру төрт түрлі нәрсені қамтиды:

1. **Аллаһ Тағаланың барлық нәрсені жалпылама да, егжей-тегжейлі де әзелден, мәңгі білетініне иман келтіру.** Бұл нәрселер Аллаһтың Өз істеріне де, пенделерінің істеріне де қатысты.

2. **Соны Аллаһ «Ләухул-Махфузға» (Сақтаулы Тақтаға) жазып қойғандығына иман келтіру.** Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай дейді: «Аллаһтың жер мен көктегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Расында, бұлар кітапта жазулы. Күдіксіз, бұл Аллаһқа оңай» (Хаж сүресі, 70-аят).

Муслимнің «Сахих» жинағында Абдуллаһ ибн `Амр ибн әл-Әстан риуаят етілген хадисте: *“Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһ Тағала бүкіл халайықтың тағдырларын көктер мен жерді жаратудан елу мың жыл бұрын жазып қойған», - деп айтқанын естідім”, -* дейді ол (Муслим 1862).

3. **Барлық болатын нәрселер тек Аллаһтың қалауымен ғана болады деп иман келтіру.** Өзінің ісіне қатысты болсын, жаратылыстарының ісіне қатысты болсын, бәрібір. Аллаһ Өзінің ісіне байланысты былай дейді: «**Раббың қалағанын жаратады да, таңдау жасайды**» (Қасас сүресі, 68-аят). «**Сондай-ақ, Аллаһ қалағанын істейді**» (Ибраһим сүресі, 27-аят). «**Ол Аллаһ сендерді жатырларда қалағанындай бейнелейді**» (Әли `Имран сүресі, 6-аят). Енді жаратылыстардың істеріне байланысты Аллаһ былай деді: «**Раббың қалағанда еді, олар оны жасамас еді. Оларды жасанды сөздерімен қойып қой**» (Ән`ам сүресі, 112-аят). «**Егер Аллаһ қаласа, оларды сендерге өктем қылар еді. Сонда олар сендермен міндетті түрде, соғысар еді**» (Ниса сүресі, 90-аят).

4. **Бүкіл жаратылыстар өз бейнесіменен, суретіменен, қимылдарыменен Аллаһтың жаратылыстары болып табылады деп иман келтіру.**

Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһ барлық нәрсені жаратушысы, әрі Ол әр нәрсеге кепіл**» (Зүмәр сүресі, 62-аят). «**Сондай-ақ, әр нәрсені жаратып, оның тағдырын белгіледі**» (Фурқан сүресі, 2-аят).

Аллаһ Тағала Ибраһимның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қауымына айтқан сөзін бізге мына аятпен жеткізді: «**Аллаһ сендерді де, амалдарыңды да жаратты**» (Саффат сүресі, 96-аят).

Біз түсіндірген анықтама бойынша, тағдырға иман келтіру – адамның ерікті істерінде қалаудың және соны істеу қабілетінің бар болуына қарама-қайшы емес. Бұған Құран мен Сүннеттегі мәтіндер дәлел болып табылады. Сондай-ақ, күнделікті тіршілігімізді де соған дәлел деп айтсақ болады.

*Шариғаттың дәлелі*

Аллаһ Тағала былай деді: «Сол күн – шындық! Ендеше кім қаласа, Жаратқан иесіне барар жол тұтсын» (Нәба сүресі, 39-аят). «Егіндіктеріңе қалай қаласаңдар келіңдер» (Бақара сүресі, 223-аят). «Аллаһтан шамаларың келгенше қорқыңдар. Әрі тындаңдар да, бойұсыныңдар» (Тағабун сүресі, 16-аят). «Аллаһ Тағала адамға шамасы келетін міндетті ғана жүктейді. Істеген жақсылығы өз пайдасына, жамандығы зиянына» (Бақара сүресі, 286-аят).

### Өмірдің дәлелі

Ал енді күнделікті өмірдің дәлеліне келсек, әрбір адам өзінің қалауы және күші бар екенін біледі. Осы екеуіне сәйкес ол, бір нәрсені істейді немесе істемей-ақ қояды. Сондай-ақ ол жүруі сияқты өз қалауымен орындалып жатқан нәрсе мен дірілдеу сияқты өз қалауынсыз орындалып жатқан нәрсені айыра алады. Бірақ, адамның қалауы мен күші Аллаһтың қалауы мен құдіреті арқылы іске асады. Құрандағы мына аятқа назар аударайық: «Әлемдердің Раббысы – Аллаһ қаламайынша, сендер де қаламайсыңдар!» (Тәкуир сүресі, 28- 29-аяттар).

Бүкіл ғаламның бәрі Аллаһтың мүлкі болғандығы себепті, сол мүлкіндегі ешбір нәрсе Оның білімінсіз, қалауынсыз жүзеге аспайды.

### Теріс сенімдерге қарсы жауап (родд)

Біз түсіндірген анықтама бойынша, тағдырға иман келтіру – “Пешенеме Құдай соны жазса, мен не істей аламын?!” - деп тыйым салынған істерді жасап немесе міндетті амалдарды орындамауына сылтау болмайды. Осыған байланысты, оның сылтауы бос сандырақ болады. Мұны бірнеше себебі бар:

*Біріншісі:* Аллаһ Тағала былай айтты: «Аллаһқа серік қосқандар: “Егер Аллаһ қаласа еді, біз де, аталарымыз да серік қоспас едік, әрі ешнәрсені харам қылмас едік”, – дейді. Осы сияқты бұлардан бұрынғылар да, бейнетімізді татқанға дейін жасынға шығарған. Былай деп айт: “Сендердің Бізге қарсы келтіре алатын білімдерің бар ма? Негізінде сендер ойларыңа ғана ілесесіңдер де, өтірік айтасыңдар”» (Ән`ам сүресі, 148-аят).

Демек, егер оларға күнә жасап, тағдырмен сылтауратуға рұқсат етілгенде, Аллаһ оларға бейнетін татқызбас еді.

*Екіншісі:* Аллаһ тағала былай айтты: «Елшілерді қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік. Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін. Аллаһ Тағала – аса Үстем, әрі хикмет Иесі» (Ниса сүресі, 165-аят).

Бұл аятта айтылғандай, пайғамбарлар жіберілгеннен соң, адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы қалмайды. Егер “Құдай пешенеме соны жазса мен не істей аламын?!” - деу адамдарға сылтау болғанда, пайғамбарларды жіберудің пайдасы жоқ болып қалатын еді.

*Үшіншісі:* `Алидан жеткен хадисте былай делінген: Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Әрбір адамның Тозақтан немесе Жәннаттан орны жазылып қойылған*» - деді. Сонда адамдардың бірі: “(Осыған) сүйеніп қалсақ бола ма?” – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Жоқ, амал қылыңдар! Өйткені, бәрі оңтайластырылған*», - деп мына аятты оқыды: «*Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) берсе, тақуалық істесе, жақсылықты дұрыс деп білсе, сонда оның жолын оңтайластырамыз*”. Ал Мұслимнің мәтінінде: «*Бәрі о баста неге арнап жаратылған болса, соған оңтайластырылған*» (Ләйл сүресі, 5-7-аяттар), - делінген.

Осылайша, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) амал істеуге бұйырды да, тағдырға сүйенуге тыйым салған.

*Төртіншісі:* Аллаһ Тағала адамға бұйрық беріп, тыйым салған. Сонымен қатар оған оның шамасы келетінді ғана міндеттеген: «**Аллаһтан шамаларың келгенше қорқыңдар**» (Тағабун сүресі, 16-аят). «**Аллаһ адамға шамасы келетін міндетті ғана жүктейді**» (Бақара сүресі, 286-аят).

Егер де адам істерді мәжбүрлі түрде істейтін болғанда, шамасы келмейтін істі де істеуге міндеттелген болар еді. Ал мұның болымсыздығы белгілі. Сондықтан да адам бір күнәні білместен немесе ұмытып, немесе біреудің мәжбүрлеуімен істесе, оған күнә жазылмайды. Өйткені, ол адам үзірлі жағдайда.

*Бесіншісі:* Аллаһ Тағаланың тағдыры – ешкім білмейтін құпия сыр. Ол тек сол тағдыр орындалғаннан кейін ғана білінеді. Ал адамның істейтін нәрсесін қалауы, сол істі істеуінен алдын болады. Сондықтан, оның бір істі қалауы Аллаһтың тағдырын білмей тұрып орын алады. Міне осымен оның тағдырға сылтау айтуы орынсыз болады. Өйткені, адамның білмеген нәрсесіне сылтау айтуына жол жоқ.

*Алтыншысы:* Біз адамдардың дүние ісі бойынша өзіне пайдалы іске қатты беріліп ұмтылып, одан өзіне зиян беретін іске ауытқымайтынын көреміз. Сөйтіп ол “тағдыр” деп сылтау қылмайды. Ал дін бойынша пайдалы істерге ұмтылмай, керісінше зиянды нәрсеге ұмтылады. Сөйте тұра, тағдырға сылтау айтады. Әңгімеміз ашық түсінікті болу үшін мысалдар келтірейік.

Мысалы, алдымызда екі жол жатыр, оның бірі бейбастық, кісі өлтіру, зорлық-зомбылық, қауіп-қатер, кедейшілік жайлаған жаққа алып барады. Ал екіншісі тәртіп, жүйе, тыныштық, рахат өмір, адам құрметі бар жаққа алып барады. Енді сіз осы екі жолдың қайсысымен жүрер едіңіз? Міндетті түрде тәртібі бар, тыныштық орнаған жаққа алып баратын жолмен жүресіз. Ешқандай ақылды адам бассыздық, тынышсыздық жайлаған жаққа барып, сөйте тұра тағдырға сылтау айтуы мүмкін емес. Онда неге сіз о дүниеге қатысты мәселелерде, Тозақ отына апаратын жолды басасыз да, бау-бақшалы Жәннатқа жетелейтін жолға бұрылмайсыз? Сөйте тұра тағдырмен сылтауратасыз ба?

Тағы бір мысал: Ауру адам өзіне жазып берілген дәрі-дәрмекті өзі қаламаса да ішіп, зияны тиетін тамақтардан өзі қалап тұрса да тыйылады. Тағдыр деп сылтау айтып, дәрілерді ішпей, зиянды деген тамақтарды жеуін жалғастыра беруі мүмкін емес. Ендеше адам дүние ісі бойынша бұйырылған істі орындап, тыйым салған істен тыйылады. Ал дін ісі бойынша неге Аллаһ пен Оның елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған істі орындамай, тыйым салған істен тыйылмайды? Сосын тағдырды сылтау еткені несі?

*Жетіншісі:* Парыз, уәжіп болған істерді орындамай, күнә істеп, тағдырды сылтау етіп жүрген адамға біреу күш көрсетіп, теңгесін тартып алып: мені кінәлама (қапа болма) тағдыр бойынша істедім деп тағдырға сылтау етсе, ол оның сылтауын қабыл алмайды. Ол біреудің өзіне қоқан-лоққы көрсетуінде тағдырды сылтауратуын қабыл алмайды да, өзі Аллаһтың қақысын бұзған кезде тағдырды сылтауратады. Мұсылмандардың әміршісі `Умар ибн әл-Хаттабқа жазалануы тиіс болған ұрыны алып келеді. Сонда ол оның қолын кесуге бұйрық береді. Сол кезде әлгі ұры: “*Әй, мүміндердің әміршісі! Мен Аллаһтың тағдырымен ұрлық жасадым ғой!*” - дейді. Сонда `Умар: “*Біз де Аллаһтың тағдырымен қолыңды кескелі тұрмыз!*” - деп жауап қатады.

**Тағдырға иман келтірудің жемістері:**

1. Бір нәтижеге жету үшін себептер жасағанда сол себептерге емес, Аллаһ Тағалаға жүгіну, Оған сүйену. Өйткені, барлық нәрсе Аллаһтың тағдырымен болады.

2. Кісі мұратына жеткенде өзіне-өзі таңданбауы. Өйткені, оның мақсатқа жетуі Аллаһтың оған тағдыр етіп жазған хайырлы әрі табысты себептерімен болған Аллаһтың нығметі. Оның өзіне-өзі таңдануы сол жақсылыққа шүкір етуді ұмыттырады.

3. Аллаһтың оған жазған тағдырынан болып жатқан нәрсемен көңіл тыныштығы. Ендеше ол жақсы көрген нәрсесіне қол жеткізе алмағанына немесе оған жағымсыз нәрсенің болғанына уайымдамайды. Өйткені, ол көктер мен жердің билігіне ие болған Аллаһтың тағдырымен орын алды. Ол шарасыз болады.

Аллаһ тағала былай деді: **«Жер жүзінде, сондай-ақ сендердің бастарыңа бір бейнет (қайғы) келетін болса, ол жаратылмас бұрын Кітапқа жазылып қойылған. Бұл Аллаһқа жеңіл. Осы өткенге өкінбеулерің, өздеріңе берілгенге сүйсінбеулерің үшін. Аллаһ бүкіл тәкәппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»** (Хадид сүресі, 22-23-аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мұсылманның ісіне таң қаласың! Оның ісінің бәрі жақсылық. Осы қасиет мұсылмандардан басқа ешкімде жоқ: егер оған қуаныш келсе, шүкір етеді. Мұнысы өзіне жақсылық болады. Ал егер жамандық келсе, сабыр етеді. Бұл да оған жақсылық болады»** (Муслим).

### **Осы алты тіректің дәлелдері [176]:**

**Аллаһ Тағала былай деді: «Игілік тек жүздеріңді шығыс пен батысқа жөңелтулеріңде емес [177], бірақ (нағыз) игілік – кім Аллаһқа, Ахырет Күніне, періштелеріне, кітапқа және пайғамбарларға иман келтірсе...»** (Бақара сүресі, 177-аят).

**Тағдырға (иман келтірудің) дәлелі, Аллаһтың келесі сөздері: «Расында, біз әрбір нәрсені тағдырмен (өлшеумен) жараттық [178]»** (Қамар сүресі, 49-аят).

[176] Автор иманның алты тірегін атап шыққан соң, олардың дәлелдеріне кірісті. Себебі, дінге қатысты қандай да бір нәрсе, ол сенім болсын, құлшылық болсын, шариғи үкімдер болсын дәлелді қажет етеді. Ал егер оған дәлел болмаса, онда ол дұрыс болып есептелмейді. Автор иманның алты тірегіне, әуелі Құраннан, сосын Сүннеттен дәлелдер келтірді.

[177] Аллаһтың әмірісіз жүздеріңді түрлі жаққа жөнелте берулеріңде игілік жоқ. Алайда, игілік – бұл Аллаһқа бағыну. Егер Ол бір нәрсе бұйырса, оны орындау міндетті болып табылады. Міне, осы – игілік! Басында мұсылмандарға «Бәйтул-мақдиске» жүздерін бұру әмір етілген еді, сол уақытта сол жақты құбыла тұту игілік болып саналған. Ал қашан Қағбаға жүз жөнелту бұйырылғанда, сол кезде Қағбаны құбыла ретінде алу игілік болып табылды. Бұл аят құбыланы «Бәйтул-мақдистен» Қағбаға ауыстыруды жақтырмаған яһудилерге қарсы жауап (родд). Олар тәккаппарлықтың, пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көреалмаушылықтың себебімен құбыланың ауыстырылуына қарсылығын білдірді.

[178] Яғни, Аллаһ жаратқан әрбір нәрсе Оның білімінде, жазуында, қалауында өлшеулі



және есептеулі. Ештеңе өздігінен, кездейсоқ болмайды. Барлығын Раббымыз алдын-ала білген, жазып қойған, қалаған.

### **Үшінші деңгей: Ихсан.**

**Оның бір ғана тірегі бар. Хадисте айтылғандай: «(Ихсан дегеніміз – бұл) Аллаһқа, Оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын (біліп құлшылық етуің)» [179].**

**Оған дәлел ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсе болады:**

**«Расында, Аллаһ тақуалармен, әрі ихсан құлушылармен бірге» (Нахл сүресі, 128-аят).**

**«Аса Үстем, ерекше Мейірімдіге тәуекел ет! Ол сені (намазда) тұрып тұрғаныңда көреді. Әрі сәжде етушілердің арасында жасаған қимылдарыңды (көреді). Шын мәнінде, ол Естуші, Көруші» (Шу`ара сүресі, 217-220-аяттар).**

**«Қандай іс жасасаң да, Құраннан нені оқысаң да, қандай амал істесеңдер де, оған кіріскенде біз сендердің үстерінде куәгерміз» (Юнус сүресі, 61-аят).**

[179] «Ихсан» сөзінің мағынасы: жақсылық істеу, игілік жасау. Ол жамандық жасау, зиян келтіру деген сөздердің антонимы. Ихсан қылушы кісі – бұл жақсылық жасауға, пайда әкелуге үлкен ынта танытатын, жамандық жасаудан, зиян келтіруден барынша тыйылатын адам. Ол кісі Аллаһтың құлдарына мал-дүниесімен, мәртебесімен, білімімен және денесімен көмектесіп, пайда әкеледі.

### **Мал-дүниемен пайда әкелу**

Бұған адамның садақа беруі, зекет төлеуі жатады. Ақшалай жасалатын игіліктердің ең жақсысы – бұл зекет төлеу, өйткені ол Ислам тіректерінің әрі ұлы негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан, оған шамасы келетін адамның Исламы, зекетсіз толық болып есептелмейді. Дүние жұмсаудың Аллаһқа ең сүйікті түрі – бұл тағы да зекет. Оған қоса адам өз әйеліне, бала-шағасына, ата-анасына және т.б. дүние жұмсауы қажет. Бұдан кейін кедейлер мен пақырларға және ақшалай көмекке лайықты болған адамдарға, мысалы білім ізденушілерге жәрдемдесу кіреді.

### **Мәртебемен пайда әкелу**

Адамдар әртүрлі дәрежеде болады. Олардың кейбіреуі патшаның қасында орынға ие болуы мүмкін. Сондықтан, ол өзінен көмек сұрап келгенге ықпалын жұмсау арқылы пайда келтіре алады не төнген зияннан құтқарады.

### **Біліммен пайда әкелу**

Бұған жеке және жалпы кездесулерде адамдарға насихат айту, уағыз жүргізу жатады. Бұл шәйға жиналған кісілерге де қатысты. Адамдарға үйрету, оларға өсиет беру Аллаһтың құлдарына игілік жасау болып саналады. Егер сен көп адам жиналған жерге келсең, онда оларды жақсылыққа үндеп, дұрысын үйреткенің игілік және пайда әкелу болып табылады.

Бірақ уағыз айтқанда даналықты ұстану керек. Адамдарды шаршатпай, жеңіл әрі қысқа да, нұсқа түрде сөз сөйлеуің керек. Бұған пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уағыз-насихаттары дәлел. Адамдардың жандары тез шаршап қалуға бейім келеді. Ал сен сөзіңді тоқтатпай, уағзыңды созып жіберсең, олардың жақсылықты жақтырмауына себеп болып қалуың мүмкін.

### *Денемен пайда әкелу*

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Адамдардың (денесіндегі) әрбір буыны күн шығатын әрбір күні садақа беруге тиіс: екі (адам) арасында (жанжал туындағанда) сенің әділ болуың – садақа және кісіге мініс көлігіне жәрдемдесуің; оны көлігіне демеп мінгізіп жіберуің немесе жүгін әперуің – садақа, сол секілді әрбір жақсы сөзің – садақа және намазға бара жатқандағы әрбір қадамың үшін де (саған) садақа (жазылады), (адамдарға) зарар жеткізетін нәрсені жолдан алып тастауың да - садақа»* (Бухари, Муслим).

Ал енді құлшылықтағы ихсанға келер болсақ, онда оның мәнісі – Аллаһқа, Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Бұлай құлшылық ету, ұмтылу мен қалаудан туған болып саналады. Себебі, тек қатты жақсы көріп, ұмтылған адам ғана Аллаһты көріп тұрғандай, Оған құлшылық етеді. Ал егер адам Аллаһты көрмесе, онда ол Аллаһтың көріп тұрғанын ұмытпай, Оған ғибадат жасауы қажет. Бұлай құлшылық ету қорқу мен Оның азабынан қашудан туған болып саналады. Сондықтан, ихсанның екі дәрежесі бар:

- 1) Жақсы көру мен ұмтылу: Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету;
- 2) Қорқу мен қашу: Аллаһтың көріп тұрғанын сезіп, Оған құлшылық ету.

Осындай ықыласпен ғибадаттарын орындаған кісі Аллаһтың разылығынан басқа ештеңені қаламайды. Оны адамдардың ол туралы айтқаны да, мақтағаны қызықтырмайды. Нағыз ықылас – бұл құлшылықтың куәгері ретінде Аллаһтың ғана болуын қалау. Тек егер құлшылықты көрсетіп істеуде пайда болса, сонда ғана оны жария жасаған абзал. Мысалы, адамнан үлгі алатын кісілер болса. Сонда әлгі адамның берген садақасын, қасындағылар да беретін болады. Ал егер құлшылықты жасырын жасау адамның жүрегіне тыныштау, әрі амандау болса, онда солай жасағаны дұрыс. Қысқаша айтқанда, мүмін адам қай жағдайда қандай іс дұрысырақ болатынын қарау керек, себебі ғибадаттың пайдасы көбірек болған сайын, ол ғибадат күштірек әрі хайырлырақ болып есептеледі.

**Сүннеттен дәлел ретінде `Умар ибн әл-Хаттабтан жеткен Жәбрейілдің әйгілі хадисін келтірсе болады: «Бірде біз пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отырған кезде, киімдері аппақ, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның үстінен сапар іздері байқалмады, бірақ арамызда оны ешкім танымады. Ол пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына тізесін оның тізесіне тигізіп, қолдарын өз сандарына қойып отырды. Сосын: «Әй, Мұхаммед, маған Ислам туралы хабар бер!» - деді. (Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: «Бұл – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, ал Мұхаммед**

Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намаз оқуың, зекет беруің, Рамазан айында ораза тұтуың және шамаң келсе (Қағбаға) қажылық жасауың». Соған (әлгі кісі): «Рас айттың!» - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таңқалдық. Кейін ол: «Маған Иман туралы хабар бер!» - деді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): «Ол – Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ахырет Күніне иман келтіруің және тағдырға: жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің», - деп жауап берді. (Әлгі адам қайтадан): «Рас айттың!» - деді. Содан соң, ол: «Маған Ихсан туралы хабарла!» - деді. Соған (Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын)) былай жауап берді: ««(Ихсан дегеніміз – бұл) Аллаһқа, Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал егер Оны көрмесең, онда Ол сені көріп тұрғанын (біліп құлшылық етуің)». Кейін (әлгі адам): «Маған Қиямет туралы хабарла!» - деді. (Бұл сұраққа пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын)): «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деп жауап қатты. Сонда (әлгі адам): «Онда маған оның белгілерін атап бер», - деді. (Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын)) былай деді: «Күң (құл әйел) өзінің ханшайымын туатынын; жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің». Содан соң, ол кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) менен: «Әй, `Умар, сен сұрақ қойған кім екенін білесің бе?» - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол: «Бұл – діндеріңді үйрету үшін келген Жәбрейіл», - деді» (Муслим 1, 8) [180].

[180] Хадистен алынатын пайдалар:

- 1) Дін үш деңгейден тұрады: Ислам, Иман және Ихсан. Әр деңгей алдыңғысынан жоғарырақ. Әр деңгейдің өз тіректері бар.
- 2) Сауал-жауап тәсілімен үйрету, сабақ беру. Бұл өте нәтижелі әдіс болып табылады. Өйткені сұрақ қойылған кезде шәкірттің көңілі ояу боп, жауабын күтіп тұрады. Сол сәтте қабылданған жауап, оқушының жүрегінде берік орнығады.
- 3) Егер біреуден ол туралы білімі жоқ нәрсе туралы сұралса, ол: “Аллаһ жақсырақ біледі”, - деп жауап беру керек. Себебі, Аллаһтың діні туралы ең жақсы білетін пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) білмеген нәрсесіне жауап бермеген. Сахабалар да сауалдың жауабын білмейтін болса: “Аллаһ және Оның елшісі жақсырақ біледі!” - дейтін еді.

Бір күні имам Мәликке біреу келіп 40 сұрақ қояды. Ол болса олардың алтауына ғана жауап беріп, қалғандарына: “Мен білмеймін”, - деп айтады. Сонда сұрақ қойған кісі: “Мен осындай да, сондай жерден келдім, ұзақ жол жүрдім, тер төктім, ал сіз: «Мен білмеймін!», - деп жауап беріп жатсыз ба?!”. Сонда имам оған: “Көлігіңе мін де, келген жеріңе қайт! Ауылыңа жеткен соң: «Мәликтен сұрадым, ал ол: “Білмеймін”, - деп жауап берді», - деп айт”.

Сондықтан, егер адам білмеген мәселесі жайлы білмейтінін айтса, ол айыпталатын, ұялатын бір нәрсе емес.

4) Білім ізденуші өз ұстазыне қатысты әдепті ұстану керек. Періштелердің мырзасы болған Жәбрейілдің өзі Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тап-таза киімдермен келіп, алдына жақын отырып, қолдарын сандарының үстіне қойды да, қысқа да, нұсқа оған қоса маңызды сұрақтар қойды. Бұл – ғалымдармен бірге болған кезде сақталатын әдептерден.

5) Қияметтің белгілері бар.

### Үшінші негіз – пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану

**Ол – Мухаммад ибн `Абдуллаһ ибн `Абдул-Мутталиб ибн Һашим. Һашим Құрайш (тайпасынан шыққан). Ал Құрайш (тайпасы) арабтарға жатады. Арабтар – Исма`ил ибн Ибраһим әл-Халилдің ұрпақтары. Оған әрі біздің пайғамбарымызға ең абзал игіліктер мен сәлемдер болсын! Ол (Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) алпыс үш жыл өмір сүрді: пайғамбарлықтан алдын қырық жыл, ал пайғамбар болған соң жиырма үш жыл. «Иқра ...!» («Оқы...!») арқылы пайғамбар (наби) болды, ал «Муддассир» («Оранушы») арқылы елші (расул) болды. Мекке қаласында туылған, Мәдина қаласына қоныс аударған [181].**

[181] Бұдан бұрын біз құлдың өз Раббысын және дінін тануы жөнінде әңгіме қозғаған едік. Ал енді пайғамбарымызды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану жайлы айтар болсақ, оның бірнеше бөлімі бар:

1) Оның шыққан тегін білу. Өз тегімен ол ең ардақты адам болып табылады. Ол – араб елінің ең ұлы руы құрайыштан, ал оның ішіндегі ең ұлы әулет Һашимнен тарады. Ол – `Абдул-мутталибтың баласы Абдуллаһтың баласы.

2) Оның өмір сүру мерзімін, қайда туылғанын, қайда һижра жасағанын (қоныс аударғанын) танып білу. Автор айтып өткендей: *“Ол алпыс үш жыл өмір сүрді. Мекке қаласында туылған, Мәдина қаласына қоныс аударған”*. Ол Мекке қаласында туылып, онда елу үш жыл өмір сүрді. Сосын Мәдина қаласына һижра жасап, ол жерде он жыл тұрды. Һижра жыл санағы бойынша 2-ші жылы, раби` әл-әууәл айында (632 ж.) Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болады.

3) Оның пайғамбарлық кезеңін білу. Ол жиырма үш жыл өз елшілігін атқарды, ал алғашқы уахиін (Аллаһтан түскен хабарын) қырық жасында қабылдады.

4) Не арқылы пайғамбар (нәби), ал не арқылы елші (расул) болғанын білу. Аллаһтың мына аяттары түскен кезде ол пайғамбар (нәби) болды: **«Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратты. Оқы! Сенің Раббың аса Ардақты. Ол қаламмен үйретті. Ол адамды білмейтін нәрсесіне үйретті»** (Ғаләқ сүресі, 1-5-аяттар). Ал Аллаһтың мына сөздері арқылы ол елші (расул) болды: **«Әй, оранушы! Тұр да, ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазарт! Пұттарды тәрк ет! Көбірек қайтарып алу үшін мейірім жасама! Раббың үшін сабыр ет!»** (Муддәссир сүресі, 1-7-аяттар). Содан кейін



Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Раббысының әмірін орындап, адамдарды Оған шақыра бастайды.

Пайғамбар (нәби) мен елшінің (расул) айырмашылығы келесідей:

*Нәби* – халқы ұстанып жүрген одан бұрын жіберілген расулдың (елші) шарифатын жалғастырып, оны жаңартып, адамдар ұмытқан үкімдерді еске салып, адасқандардың өзгерпелерін түзететін, әрі Аллаһтан уахи қабылдайтын адам.

*Расул* – халқына жаңа шарифат әкелетін, Аллаһтан уахи мен кітап қабылдайтын, әрі да`уат (шақыру) етуге міндетті болған адам.

5) Не нәрсемен және не үшін жіберілгенін білу. Ол Аллаһты жалғыздаумен (таухид), әрі бұйырылғанды орындау және қайтарылғанды тастауды қамтыған заң үкімдерімен (шарифат) жіберілген. Ол әлемдер үшін мейірім, рахмет ретінде жіберіліп, адамдарды серік қосушылық (ширк), имансыздық (куфр) және надандық (жәһл) қараңғылығынан бірқұдайшылық (таухид), иман және білім (`илм) нұрына шығарды. Тек осы арқылы адамдар Аллаһтың разылығына, кешіріміне және Оның ашуы мен азабынан құтылуға қол жеткізе алады.

**Аллаһ Тағала оны ширктен (Аллаһқа серік қосудан) сақтандыру үшін және таухидке шақыру үшін жіберді. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:**

**«Әй, оранушы! Тұр да, ескерт [182]! Раббыңды ұлықта [183]! Киіміңді тазарт [184]! Пұттарды тәрк ет [185]! Көбірек қайтарып алу үшін мейірім жасама! Раббың үшін сабыр ет!»** (Муддәссир сүресі, 1-7-аяттар).

**«Тұр да, ескерт!» сөздерінің мағынасы: ширктен сақтандырып, таухидке шақыру. «Раббыңды ұлықта!», яғни Оны жалғыздау (таухид) арқылы ұлықтау [186].**

**«Киіміңді тазарт!», яғни амалдарыңды ширктен тазарт. «Пұттарды тәрк ет!», яғни пұттарды қалдыр, олардан және оларға құлшылық ететіндерден аулақ бол!**

**[182] Ескертудің үш түрі бар:**

- 1) *И`лам* – жәй ғана хабар жеткізу;
- 2) *Инзәр* – бір нәрсемен қорқыту арқылы хабар жеткізу. Бұл ескертуден кейін адамның өзгеруге, жазадан құтылуға уақыты мен мүмкіншілігі бар;
- 3) *Иш`ар* – бір нәрсемен қорқыту арқылы хабар жеткізу. Бұл ескертуден кейін жазаның келуі тым жақын.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Ал егер олар бет бұрса, онда: “Сендерді `Ад және Сәмуд қауымымен болған азабына ұқсас азаппен ескертемін (инзәр етемін)”, - деп айт»** (Фуссиләт сүресі, 13-аят).

**[183] Егер Құран Кәрімді мұқият зерттесек, онда Аллаһты ұлықтаудың бес нәрседе көрініс табатынын білеміз:**

- 1) Аллаһты рубубиясында (яғни жаратуында, иелік етуінде, басқаруында) ұлықтау. Құл Аллаһтың Өз істерінде: жаратуда, ризық беруде, өлтіру мен тірілтуде және т.б. рубубия мағыналарында бәрінен де ұлы деп берік сену керек.
- 2) Аллаһты улюһиясында (яғни, құлшылыққа лайықты болуында) ұлықтау. Егер құлшылық Аллаһтан өзге біреуге арналса, Аллаһ – Ол жалған тәңірлерден ұлық және пәк.
- 3) Аллаһты есімдері мен сипаттарында ұлықтау. Яғни, есім мен сипат иелерінің ең ұлысы – Аллаһ деп берік сену. Ең көркем, ең әдемі, ең кемел есімдер, ең жоғары сипаттар Аллаһқа ғана тән! Аллаһ Тағала: «**Әрі көктер мен жердегі жоғары сипат Оған тән. Ол өте үстем хикмет Иесі**», - деді (Рум сүресі, 27-аят). Тағы да Аллаһ былай айтты: «**Аллаһ ең жоғары сипаттарға лайықты**» (Нахл сүресі, 60-аят). Тағы да Ол: «**Оған ешкім тең келмейді**», - деді (Ихлас сүресі, 4-аят). Сондай-ақ, Аллаһ: «**Сен онымен аттас біреуді білесің бе?**» - деп айтты (Мәриям сүресі, 65-аят).
- 4) Аллаһты жазған тағдыры мен болмыстағы бұйрықтарында ұлықтау. Яғни, Оның бізге тағдыр етіп жазғаны ұлы және кемел даналығына, хикметіне сай деп берік сену.
- 5) Аллаһты шаригаты мен діни бұйрықтарында ұлықтау. Яғни, Аллаһтың әмірлері мен тыйымдары, құлдардың өздерінше заң еткендерінен аса ұлы, әрі тым артық. Аллаһтың үкімінде еш кемшілік жоқ.

**[184] «Киіміңді тазарт»** сөздерінің мағынасы: амалдарыңды Аллаһқа серік қосу атаулыдан тазарт. Амалдарды Аллаһ Тағала «киім» деп атады. Бұны біз басқа аяттан да байқай аламыз: «**Ал ең жақсысы – ол тақуалық киімі**» (А`раф сүресі, 26-аят). Бұл жерде Аллаһ тақуалықты киім деп атады.

Бірақ кейбір ғалымдар аяттағы «**киім**» сөзін кәдімгі адамның үстіне киіп жүрген зат деп тәпсірледі. Сонда, «**киіміңді тазарт**» аятының мағынасы былай болады: «киіміңді нәжістерден тазарт». Алайда көптеген Құран зерттеуші ғалымдар (мухаққиқун) аятқа тәфсир бергенде, оның алдындағы және одан кейінгі аяттарға қарап мағынасын түсіндіретін еді. Сол жолмен барсақ, онда біз талдап жатқан аяттың «амалдарыңды ширктен тазарт» деген мағынасы – ең дұрыс тәфсир болып есептеледі.

**[185] Пұттардың екі түрі болады:**

- 1) Сонәм (көпше түрі «аснәм») – бұл белгілі сурет кейіпіндегі Аллаһтан өзге құлшылық етілетін нәрсе. Мысалы: жын суретіндегі, жұлдыз суретіндегі, адам суретіндегі, күн суретіндегі, ағаш суретіндегі және т.б. суретіндегі пұттар.
- 2) Уәсән (көпше түрі «әусән») – бұл белгілі суреті болуы да, болмауы да мүмкін Аллаһтан өзге құлшылық етілетін нәрсе. Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «**Әй, Аллаһым! Қабірімді құлшылық етілетін пұт (уәсән) қылма!**» (Ахмад «Муснәд» 12/314. Шейх әл-Әлбәни хадистің сенімділігін растаған. Қараңыз: «Тәхзир әс-сәжид мин иттихаз әл-қубур мәсәжид» 24). Пұттардың бұл түрі, түсінгеніміздей, «сонәмды» да қамтып алады.

Сонымен, әрбір сонәм – ол уәсән, бірақ әрбір уәсән – сонәм емес. Бұл ережені ғалымдар Аллаһтың мына сөздерінен шығарды: «**Сендер Аллаһтан басқа тек пұттарға (әусән) құлшылық етесіңдер**» (Анкәбут сүресі, 17-аят). Бұл аятта Аллаһ, Өзінен басқа құлшылық етілетін нәрсенің барлығын «уәсән» деп шектеді. Ал басқа аятта Ибраһим өз елінен: «**Не нәрсеге құлшылық етесіңдер?**» (Шу`ара сүресі, 70-аят) - деп сұрағанда, олар: «**Біз**

пұттарға (аснәм) құлшылық етеміз», - деп жауап берді (Шу`ара сүресі, 72-аят). Демек, «уәсән» барлық «сонәмды» да қамтып алады.

[186] Бұл аяттарда Ұлы да, Құдыретті Раббымыз бірінші ширктен ескертіп, одан қайтаруды, сосын ғана таухидке шақыруды әмір етеді. Аллаһтың осы ретпен бұйрықтар беруі ғалымдардың *“тазарту – тәрбиелеуден бұрын”* деген қағидасына дәлел болып табылады.

**Осылай ол он жыл бойы таухидке шақырған [187]. Он жылдан соң ол аспанға көтерілді [188].**

[187] Мұхаммед пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды Исламға шақыра бастаған кезде қырық жаста еді. Он жыл өткен соң, оны Аллаһ жетінші аспанға көтерді де, онда мұсылман үметіне күніне бес рет намаз оқуды парыз етті. Осы жерде мынадай сұрақ туындайды: пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы он жылдың ішінде адамдарды не нәрсеге шақырды? Ораза мен зекет кейінірек һижраның екінші жылы парыз етіп жүктелді. Кейін қажылық та міндет болды. Бұл тыйымдарға да қатысты, өйткені көп уақыт бойы өсімқорлық, зинақорлық, ұрлық, тіпті адам өлтіру сияқты үлкен күнәларға тыйым салынбаған еді. Ал шарап ішуге келер болсақ, ол тек он үшінші жылдан кейін ғана харам етілді. Ал ендеше, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бен сахабалар осынша уақыт бойы не істеді?! Жауабы біреу ғана: пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осынша уақыт бойы тек *“Ла иләһә иллә-Ллаһ”* («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ») куәлігінің мағынасын түсіндіріп, осы куәлікке сәйкес қалайша өмір сүру керек екенін насихаттап, оларды Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырды. Танымал хадистің бірінде, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Му`азды Йеменге адамдарды Исламға шақыру үшін жіберген кезде, өзі бұрын неден бастаған болса, сол нәрседен бастап Аллаһқа шақыруды бұйырып былай деді: *«Сен Кітап иелеріне барасың. Оларды ең бірінші кезекте шақыратын нәрсең – “лә иләһә иллә-Лләһ” болсын. Егер олар саған осында бағынса, онда Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазды орындаумен міндеттегенін білдір. Егер олар саған бұл мәселеде бағынса, онда Аллаһ байларды олардың кедейлеріне зекет беруімен міндеттегенін айт»* (әл-Бухари 3/225, Муслим 19).

Ибн әл-Қайим осы хадисті келтіріп былай дейді: *“Таухид – пайғамбарлар дағуатының (шақыруының) кілті болып табылады!”* (Қараңыз: “Мәдарижу-ссаликин” 3/443).

Исламның барлық үкімдері маңызды, алайда алдымен аса маңызды және ең басты нәрседен бастау керек. Көп нәрселер бірте-бірте парыз етіліп, бірте-бірте харам етілді ғой. Құранның өзі де тұтас күйінде бірден түскен жоқ, керісінше Мұхаммедтің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық уақытында жиырма үш жыл бойы түсірілген.

Ал біздің уақытта араб елдерінде оқып келген көптеген студенттер туралы айтар болсақ, олар пайғамбарлар мен олардың мирасқорлары – ғалымдар сияқты ең маңызды нәрседен бастаудың орнына, екінші кезекті мәселелермен айналысып, уақытын құр босқа жоғалтып жүр. Өкінішке орай, жұртты таухидке оқып-үйретудің орнына, олар бірден тыйымдар мен қайтарылған нәрселерді түзеуге кіріседі, содан осының себебімен халықты өзінен алыстатып, дағуатының басында-ақ өз сабақтарына тыйым салынуы мен осының салдарынан туындаған

қиыншылықтарға жолығады. Біз мұндай уағыздаушылардан былай сұрайық: “Қайсысы маңыздырақ: Аллаһ сол үшін бүкіл нәрсені жаратқан, әрі Өзінің бүкіл пайғамбарларын жіберген таухидтен бастау ма, әлде пайда мен зиян мәселелерін ескермей, адамдардың әдетіне еніп, сіңіп кеткен амалдар мен қайтарылған нәрселерді түзетуден бастау ма?” Барлық пайғамбарлар өз дағуатын (шақыруын) таухидтен бастап, ширк пен ырымшылыққа шалдыққан ауру жүректерді емдеген, содан кейін ғана олар қалған күнәларды түсіндіріп, салиқалы істерді көрсете бастаған. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Сенен бұрын қандай пайғамбар жіберсек, оған: “Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ. Ендеше Маған ғана құлшылық қылыңдар”, - деп қана уахи етіп жібердік»** (Әнбия сүресі, 25-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай дейді: **«Расында, әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар да, тағуттардан аулақ болыңдар!» - дейтін елшілер жібердік»** (Нәхл сүресі, 36-аят).

Біреулер пайғамбармыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таухидке 10 жыл бойы шақырды дейді, алайда бұл дұрыс емес, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық келгеннен бастап, дүниеден өткенге дейін таухидке шақырды. Намаз парыз болғанға дейін тек таухидке шақырса, намаз, зекет, ораза, қажылық парыз болған кезде, таухидпен қатар Исламның осы рүкіндеріне (тіректеріне) де шақырған. Тіпті пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің ең соңғы сөзінде де таухидке шақырып дүниеден өтті. Бұған дәлел – Ибн Исхақтың мына жеткізгені: «Салих ибн Қайсан маған әз-Зуһридың Убәйдуллаһ ибн Абдаллаһтың сөзінен естігенін жеткізген. Оған Айша анамыз былай депті: *«Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қара плащы бар еді, ол (ең соңғы) қатты ауырған кезде плащымен бүркеніп, бетін жауып, анда-санда ашып жататын. Сөйтіп жатып: «Өз пайғамбарларының қабірлерін табынатын орындарына айналдырған халықтарды қарғыс атсын!» - деді. Онысы өз халқын одан аулақ болуға шақырғаны еді», - деді* (Бухари 425).

[188] Бұл оқиға мұсылмандар арасында «Миғраж түні» деп аталып кетті. Бір күні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ка`баның жанындағы Хижрда ұйықтап жатқанда, оған біреу келіп, мойнынан бастап ішінің төмен жағына дейін кесіп шықты. Сосын ол пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегін суырып, оны даналық пен иманға толтырды. Содан соң ол қашырдан төмен, бірақ есектен биіктеу Бурақ есімді бір жануарды келтірді. Аллаһ елшісі мен Жәбрейіл періште (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол жануарға отырып Иерусалимге аттанды. Ол жерге жеткен соң, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл пайғамбарлармен және елшілермен бірге намаз оқды. Әрі сол намазда біздің пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға имам болды, ал олар артынан ұйып тұрды. Бұл Мұхаммед пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артықшылығына, жоғары орын алатынына және ең ұлы имам (имам а`зам) екеніне нұсқайды. Одан кейін Жәбрейіл оны бірінші, төменгі аспанға көтереді де, аспан қақпаларын ашуды талап етеді. Одан: *“Бұл кім?”* - деп сұрады. Ол: *“Бұл – Жәбрейіл”,* - дейді. Одан: *«Ал сенімен бірге кім келді?»* - деп сұрады. Сонда ол: *“Бұл - Мұхаммед”,* - деп жауап берді. Одан: *“Оған жіберілген бе еді?”* - деп сұрады. Жәбрейіл: *“Иә”,* - деді. Сонда: *“Қош келінті! Ол нендей жақсы қонақ!”* - деп айтылды.



Бірінші аспанның есіктері ашылған кезде пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Адам атаны көрді. Жәбрейіл: *“Бұл – сенің әкең Адам, оған сәлем бер!”* - деп айтты. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ал Адам ата сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі ұл, ізгі пайғамбар қош келінті!»* - деді. Адам атаның оң жағында бақытқа жеткен ұрпақтары тұрды, ал сол жағында бақытсыз болатын ұрпақтары тұрды. Ол оңға бұрылса қуанып күледі, сол жағына қарағанда жылайды екен.

Сосын Аллаһ елшісі мен Жәбрейіл (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екінші аспанға көтерілді. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Йәхия мен `Исаны (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Олар тірі кезінде бір-біріне бөле болып келген еді. *“Бұл – Йәхия мен `Иса, оларға сәлем бер!”* - деді. Сол кезде Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға сәлем берді, ал олар сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі бауыр, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деп айтты.

Сосын олар үшінші аспанға көтерілді. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Юсуфты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбрейіл: *“Бұл - Юсуф, оған сәлем бер!”* - деп айтты. Сол кезде Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ол болса сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі бауыр, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деді.

Сосын Аллаһ елшісі мен Жәбрейіл (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) төртінші аспанға көтеріледі. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Идристі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбрейіл: *“Бұл - Идрис, оған сәлем бер!”* - деп айтты. Сол кезде Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ол болса сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі бауыр, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деді.

Сосын Мұхаммед пайғамбар мен Жәбрейіл періште (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бесінші аспанға көтерілді. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мұсаның бауыры болған `Имран ұлы Һарунды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбрейіл: *“Бұл - Һарун, оған сәлем бер!”* - деді. Сондай пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ал ол сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі бауыр, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деді.

Сосын олар алтыншы аспанға көтерілді. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мұсаны (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбрейіл: *“Бұл - Мұса, оған сәлем бер!”* - деді. Сондай пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ал ол сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі бауыр, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан кете бергені сол, Мұса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жылып жіберді. Сонда одан: *«Сені не жылатты?»* - деп сұралғанда, ол былай жауап берді: *«Менің жылауымның себебі – Жәннатқа менің үмметімнен емес, менен кейін жіберілгеннің үмметінен адамдар көбірек кіреді»*. Бірақ Мұса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мұхаммед пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көре алмай, қызғанып жылаған жоқ еді, оны үмметінің көптеген жақсылықтардан мақрұм қалғаны қайғыртты.

Сосын Мұхаммед пайғамбар мен Жәбрейіл періште (ол екеуіне Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетінші аспанға көтерілді. Жәбрейіл аспан қақпаларын ашуды талап етті... Ол жақта пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Рахманның сүйіктісі (халил)

болған Ибраһимді (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Жәбрейіл: *“Бұл – сенің жең Ибраһим, оған сәлем бер!”* - деді. Сондай пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем берді, ол болса сәлеміне жауап беріп: *«Ізгі ұл, ізгі пайғамбар қош келді!»* - деді. Ибраһим (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «Бәйтул-ма`мурға» сүйеніп отырды. Ол – аспандағы құбыла. Ол үйге күн сайын жетпіс мың періште кіріп, құлшылық етіп, намаз оқып шығады да, екінші рет Қиямет Күніне дейін қайтып келмейді. Ертесіне тағы да жетпіс мың қайтып оралмайтын періштелер кіреді. Расында, олардың санын Аллаһтан өзге ешкім білмейді. Жәбрейіл пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге барлық пайғамбарларды, оған құрмет ретінде, әрі оның артықшылығын көрсету үшін аралап шықты.

Содан кейін Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Раббысына көтерілді. Ол Жаратушысымен тікелей, еш дәнекерсіз сөйлесті. Сол уақытта Аллаһ оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне тәулік ішінде елу рет намаз оқуды бұйырды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған разы болып, Раббысының әміріне бойұсынып түсе берді. Мұсаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанынан өтіп бара жатқанда, Мұса: *«Аллаһ үмметіңе неше намаз парыз етті?»* - деп сұрады. Ол: *«Тәулік ішінде елу уақыт намаз оқуды бұйырды»*, - деп жауап қатты. Сонда Мұса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Шын мәнінде, сенің үмметің бұны орындауға шамасы жетпейді! Өйткені сенен бұрын мен адамдарды сынаған едім, әрі Исраил ұрпақтарына бір нәрсе істетуге көп күш салған едім. Раббыңа қайта орал да, үмметіңе міндеттелгенді жеңілдетсін деп тіле»*.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Мен қайттым да, сонда Ол маған бұл парызды оннан бір бөлігіне жеңілдетті»*. Осылайша, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Раббысына намаздар тәулік ішінде бес уақытқа дейін азаймайынша қайтып бара берді. Сол кезде бір үндеуші: *«Парызымды бекіттім, әрі құлдарыма жеңілдеттім»*, - деп айтты (Бухари 3887, Мұслим 162).

Сол түні пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәннатқа кіргізілді. Онда оған інжу-маржан күмбездері, әтірге сіңген топырақ көрсетілді. Содан соң пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеге таң атпай тұрып оралды да, фәжр (таң) намазын оқыды.

**Һижра дегеніміз – бұл ширк (көпқұдайшылық) елінен, Ислам еліне қоныс аудару. Ширк елінен, Ислам еліне көшу осы үмметке парыз, әрі ол Қиямет Күніне дейін жалғасады.**

**Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері: «Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?» - дейді. Олар: «Біз жерде әлсіз болған едік», - деп жауап береді. (Періштелер): «Һижра жасайтын болсаңдар, Аллаһтың жері кең емес пе еді?» - деп айтады. Міне бұлардың орны Тозақ. Ол нендей жаман орын. Бірақ бұл шамасы келмеген, әрі еш айла таба алмаған ерлер, әйелдер мен балаларға**

қатысты емес. Осындайларды Аллаһ кешіруі мүмкін. Өйткені, Аллаһ өте Кешірімді, Жарылқаушы!» (Ниса сүресі, 97-99-аяттар).

Тағы да Аллаһ былай деді: «Әй, менің иман келтірген құлдарым! Расында, менің жерім кең, сондықтан Маған ғана құлшылық етіңдер!» (Анкәбут сүресі, 56-аят).

Имам әл-Бағауи былай айтқан: «Бұл аят Һижра жасамаған Меккеліктерге қатысты түскен. Аллаһ оларды иман атауымен үндеді».

Һижраның дәлелін Сүннеттен келтірер болсақ, онда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Тәубе үзілмейінше, Һижра да үзілмейді. Ал тәубе, күн батыс жақтан шықпайынша үзілмейді», - деді [189] (Ахмад 99/4, Әбу Дәуд 2479. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 7436).

[189] Һижра сөзінің тілдік мағынасы: тастау, қалдыру. Ал шарифаттағы анықтамасы: Аллаһ разы болмайтын және жақсы көрмейтін істерді тастап, Аллаһ разы болатын және жақсы көретін істерге көшу.

Һижраның (қалдыру, тастау) үш түрі бар:

1) Қоныс аудару. Яғни, күнәләр мен бұзақылық кең көлемде етек жайған мекеннен немесе кәпір елінен көшіп кету.

2) Тыйым салынған істі қалдыру. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Мұсылман – бұл басқалар оның тілі мен қолынан аман қалғандар. Ал муһажир (яғни, Һижра жасаушы) – бұл Аллаһтың тыйым салғанын тастаған адам**» (Бухари 6484, Муслим 41).

3) Күнәһар адамға бойкот жариялау. Егер адам күнәсін ашық жасап жүрсе, әрі ешқандай насихат пен кеңестерге көңіл аудармаса, онда егер пайда мен өзгеріске үміт болса, оны қалдыру керек. Сонда адамдардың, онымен қарым-қатынас үзгенін көрген соң, ол тәубесіне келіп, дұрысына бет бұрады.

Кәпірлер елінен Ислам еліне қоныс аудару – Һижра болып табылады. Ал оның заңдастырылу, парыз етілу себебі неде? Адам өз дінін жәрия ұстанып, дін талаптарын ашық орындау қажет, ақиқат куәлігін беру керек. Аллаһтың жалғыздығы әрі, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігі туралы куәлік ету басқаларға бұны хабарлауды меңзейді. Ол сөзбен де, амалмен де жүзеге асады. Аллаһқа ғана, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсетіп кеткендей ғана құлшылық ету куәлікті басқаларға хабарлауға жатады. Сондықтан, егер мұсылманда өз дінін ашық ұстануға мүмкіншілігі болмаса, ол Һижра жасауға міндетті. Себебі, дінді жасырмай, жариялап ұстанып жүру міндетті істерден. Ал оған шамасы келмейтін адамға, сол жерді қалдырып, басқа жерге қоныс аударуы парыз.

«Ислам жері» (дәрул-Исләм) және «кәпірлердің жері» (дәрул-куфр, дәрул-харб) анықтамалары түсінігінде ғалымдар бірнеше пікірге бөлінеді.

Дегенмен, ең күшті және дәлелдерге негізделген, көптеген ғалымдардың пікірі болып табылатыны – ол жерді мекен еткен адам Исламды ашық ұстанып жүре алса, сол жер «Ислам жері» (дәрул-Исләм) болып табылады. Бұған Құран мен Сүннет дәлел болады.

Аллаһ Тағала Өз пайғамбары Мұсаға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Мен саған кәпірлердің жерін көрсетемін»**, - дейді (әл-Ағраф 7/145).

Аллаһ ол жерді дәл сол кезде мекендеген адамдардың себебінен солай атайды. Ал кейіннен Аллаһ ол жерді қасиетті деп атайды.

Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жорықтың алдында әскер басшысына насихат жасай отырып: *«Әуелі оларды (көпқұдайшылдарды) Исламға шақыр, егер олар қабылдаса, тиіспе, бейбітшілік бер. Кейіннен оларды өз жерлерінен мұхаджирлердің жерлеріне қоныс аударуға шақыр. Егер де олар мұны жасаса, мұхаджирлер пайдаланатын барлық құқыққа ие болады»* – деді (Муслим 1731).

Бұл хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мединаны – мұхаджирлердің жері деп атады!

Ал Исламды ашық ұстануға қойылатын талаптарға келер болсақ, бұл талаптарға дәлел Әнәстан (оған Аллаһ разы болсын) келетін хадис болып табылады. Бұл хадисте Әнас (оған Аллаһ разы болсын): *“Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізбен бірге адамдарға қарсы жорыққа шыққан кезде, оларға таң атқанша шабуылдамай, күтетін. Егер азан даусын естісе, оларға тиіспейтін, ал егер азан даусын естімесе, шабуылдайтын”*, – деді (Бухари 610).

Аталмыш хадис, жерді анықтаудың да басты дәлелі болып табылады. Хафиз Ибн ‘Абдул-Барр былай деп жазды: *“Мен кез-келген елді мекеннің Ислам жері немесе кәпірлердің жері екендігін ажырату үшін Азан міндетті екендігіне байланысты ғұламалар арасындағы келіспеушілікті білмеймін”* (Қараңыз: “әл-Истизкар” 4/18 және “ат-Тамхид” 3/61).

Осындай пікірді әл-Мәзири, әз-Зурқани секілді және т.б. имамдар айтқан (Қараңыз: «Шарх әз-Зурқани» 1/147).

Бірақ Шейх Ибн ‘Усәймин қазіргі кезде кейбір кәпір елдерде де азан шақыруға рұқсат етіледі, алайда соған қарамастан ол елдер мұсылмандық болып табылмайды дейді. Дегенмен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінен бастап азан – Исламдық жерді кәпірлердің жерінен ажырататын талап болып табылған. Сондықтан ғалымдар осы талапты негізгі талап ретінде қалдыра отырып, егер де бір жерде басым көпшілік мұсылмандар болса, Исламды ашық ұстанып жүруге мүмкіндік болса, бұл жер – Исламдық жер болып табылады деген. (Қараңыз: Ибн ‘Усайминнің “Шарх Сәләсәтул-усул” 97 кітабы).

Сондықтан бір жердегі Исламның рәсімдерінің ашық ұстанылуы – жерді анықтаудың ажырамас шарты болып табылады.

Сонымен бірге ол жер мұсылмандарға тиісті болу керек, себебі кей ғұламалар пікірі бойынша бір жерде мұсылмандардың оған иелік етпей, жай ғана өмір сүруі ол жерді Исламдық жер қырмайды. Оған дәлел ретінде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хайбар және т.б. иудейлердің жерін басып алған кезінде ол жерлерде иудейлердің өмір сүргеніне қарамастан аталмыш жерлерде мұсылмандар билік жүргізгеніне байланысты Исламдық жер болып табылғанын келтіреді.

Дегенмен шафиилердің имамы әр-Рамли мұсылмандар Ислам бойынша өмір сүретін жер, кәпірлерге тиісті болғанына қарамастан, Исламдық жер болып табылады деп есептейді. Одан «Андалусияның христиан адам басшы болып табылатын Аргун қаласында тұратын мұсылмандардың жағдайлары қандай? Бірақ оларға қысым көрсетпейді, олардың мешіті бар, олар Рамазанда ораза ұстайды, садақа береді, ережеге сай худуд (жазалау) жасайды» – деп сұрайды.



Сұраққа имам былай жауап қатады: “Олар өз діндерін ашық ұстанып жүре алуларына байланысты тұрып жатқан қалаларынан *хижра* жасаулары парыз емес! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Худайбия бітімшарты кезінде Усманды Меккеге өз дінін ашық ұстанып жүре алатын болғандығы үшін де жіберген жоқ па?! Одан өзге, ол жер тұрғындарына тұрғылықты мекендерінен *хижра* жасауға рұқсат болмады, және олар сол мекенде өмір сүре жүріп өзгелерге Исламды уағыздайды, осылайша Дәрул Ислам болады. Ал егер де олар ол мекендерінен *хижра* жасап кетер болса, тұрғылықты жерлері Дәрул куфр болып қала береді” (Қараңыз: “Фәтәуа әр-Рамли” 4/52).

Осылайша, жерді анықтауда ол жердің кімге тиістілігі міндетті шарт болып есептелетіндігіне байланысты ғалымдар арасында әртүрлі пікір бар. Алайда, жер мұсылмандарға тиесілі болу керек деген ғалымдар пікірі күштірек болып келеді, себебі олай болмаған жағдайда Исламды ашық ұстанып жүре алуы – оларға рұқсат беретін немесе бермейтін жердің қожайынына байланысты болып қалады. Имам Әбу Бәкр әл-Исма’или өзінің мухаддис имамдар ақидасы туралы белгілі жолдауында: “Хадис білгірлерінің му’тазалиттерден айырмасы – хадис білгірлері Исламдық жер деп намазға ашық шақырылатын және намаз ашық оқылатын, мұсылмандар орныққан және қауіпсіз тіршілік ететін жерді айтады”, - дейді. (Қараңыз: “И’тиқаду аиммати аһлил-хадис” 26).

Имам әс-Сархаси: “Исламдық жер дегеніміз – мұсылмандарға тиесілі екендігін көрсететін белгісі бар елді мекен не жер атауы, ал оның белгісі болып (жердің мұсылмандарға тиесілі екендігін көрсететін белгісі) ол жерде мұсылмандар қауіпсіз және бейбіт өмір сүруі болып табылады”, - деп айтқан (Қараңыз: “Шарх әс-Сияр” 3/81).

Қоныс аудару мекені жағынан екі түрге бөлінеді:

1) Жалпы (амма) – бұл Қияметке дейін болатын қандай да бір ширк елінен, кәпірлердің елінен, қандай да бір Ислам еліне қоныс аудару. Бұл күн батыстан шыққанға дейін жалғаса береді. Егер мұсылманда өз дінін ашық ұстануға, Ислам рәсімдерін ашық ұстануға мүмкіншілік болмаса, ол *хижра* жасауы міндетті.

2) Нақты (хосса) – бұл Меккеден Мәдинаға қоныс аудару. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден, ол әлі ширк елі болған кезде, Мәдинаға, яғни Ислам еліне қоныс аударды. Бұл нақты сол уақытқа қатысты *хижра* болып табылады. Сол үшін сахих хадисте: «(Мекке) ашылуынан кейін *хижра* жоқ», - делінген (Бухари 3899, Муслим 1864).

Ал енді *хижраны* үкімі жағынан қарастырсақ, ол екі түрге бөлінеді:

1) Парыз болған *хижра*: егер мұсылман өз дінін ашық ұстана алмаса, Аллаһтың бұйрықтарын орындай алмаса, онда ол бұлардың барлығын жасауға шамасы келетін жерге қоныс аударуға міндетті болады. Міне соның дәлелі ретінде автор келесі аяттарды келтірді: «Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?» - дейді. Олар: «Біз жерде әлсіз болған едік», - деп жауап береді» (Ниса сүресі, 97-99-аяттар). Олардың айтпақшы болғаны: “Біздің дін ұстануға мүмкіншілігіміз болмады. Діндерімізді жариялай алмаған едік”. «(Періштелер): «**хижра жасайтын болсаңдар, Аллаһтың жері кең емес пе еді?**» - деп айтады. Міне, бұлардың орны Тозақ. Ол нендей жаман орын» (Ниса сүресі, 97-99-аяттар). Оларға азап болады деген хабардан, біз *хижраның* парыз екенін көреміз.

2) Мустахаб (қалаулы) болған *хижра*: егер мұсылман адам кәпірлердің елінде өмір сүрсе, сонда да дінін жариялауға, Аллаһтың әмірлерін ашық орындауға шамасы жетсе, онда

мұсылмандар еліне қоныс аудару міндетті емес, бірақ мустахаб болып саналады. Айта кететін тағы да бір маңызды мәселе: һижра жасамаған адам үлкен күнә істесе де, діннен шығаратын имансыздық жасаған болып есептелмейді. Өйткені, Аллаһ Тағала, автор келтірген аятта һижраны қалдырған адамдарғы иман есімімен атады: **«Әй, менің иман келтірген құлдарым! Расында, менің жерім кең, сондықтан Маған ғана құлшылық етіңдер!»** (Анкәбут сүресі, 56-аят). Осы аяттан кейін, автор (оған Аллаһтың мейірімі болсын) ғалымның түсінігін келтіреді. Имам әл-Бағауидің айтуынша, бұл аятта Меккеден һижра жасау керек болғанда, оны жасамай қойған адамдар туралы баяндалған.

**Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Медина қаласында орнығып болған соң, оған Исламның басқа да заңдары бұйырылды: ораза, зекет, қажылық, азан, жиһад, жақсылыққа бұйыру мен жамандықтан қайтару және т.б. Осыларды орындап ол он жыл өмір сүрді де, кейін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болды [190]. Алайда, оның діні қалды!**

**Бұл дін: қандай жақсылық болса, соның барлығына бағыттаған, ал қандай жамандық болса, солардың бүкілінен қайтарған, сақтандырған [191]. Ол бағыттаған жақсылық – бұл таухид және Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық нәрсе. Ол қайтарған жамандық – бұл ширк және Аллаһ жек көретін барлық нәрсе. Аллаһ оны бүкіл адамзатқа жіберді. Жындар мен адамдарға оған бағынуды парыз қылды.**

**Бұған дәлел ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсе болады: «"Әй, адамдар! Негізінде, мен барлықтарың үшін Аллаһтың елшісімін!" - деп айт»** (А`раф сүресі, 158-аят).

**Аллаһ онымен дінін толықтырды. Бұған дәлел:**

**«Бүгін діндеріңді толықтырдым, нығметімді тәмәмдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым»** (Мәйда сүресі, 3-аят) [192].

[190] Аллаһ Тағала Өз пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы дінін толық етіп, мүміндерге нығметін тәмәмдағанда, оны Өзіне алып кетіп, пайғамбарларға, шыншылдарға, шаһидтерге және ізгілерге қосты.

Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денсаулығы сафар айының соңында, раби` әл-әууәл айының басында нашарлай бастады. Әрі күндердің бір күнінде ол басын байлап алып, адамдарға шықты да, мінберге көтерілді. Сосын пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), әуелі Ухуд соғысында дін үшін жан тапсырған сахабалары үшін Аллаһтан кешірім тілеп, дұға етті. Кейін былай деді: **«Расында, Аллаһ бір құлына осы дүние мен Өзінің қасындағысы арасында таңдау жасауды ұсынды. Сонда құл Оның қасындағысын таңдады»**. Әбу Бәкр бұл сөздердің мағынасын түсініп жылап жіберді. Сонда пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: **«Әй Әбу Бәкр, жылама!»** - деді де, сосын былай қосты: **«Расында, адамдар ішінде маған ең көп жақсылық жасаған – бұл Әбу Бәкр. Ол менің жолдасым еді, әрі мен үшін өз дүниесін аямады. Шын**

мәнінде, егер мен Раббымнан басқа халил («хулля» - сүйіспеншіліктің ең жоғары деңгейі) таңдағанымда еді, онда Әбу Бәкрды таңдар едім. Алайда, ол менің Исламдағы бауырым, сүйіктім болып табылсын».

Ол Әбу Бәкрге адамдармен намаздарын өткізсін деп бұйырды. Ал дүйсенбі күні, раби` әл-әууәлдың 11-ші не 12-ші күні Аллаһ оны Өзіне алып кетті. Ал өлімі жақындаған сәттерде пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолдарын су құйылған ыдысқа салып, беттерін сүртіп: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ (Лә илләһа илләһ-лаһ)! Расында, өлімнің қиындығы бар!» - деп айтатын. Сосын ол назарын көкке салды да: «Аллаһым, Өзіңе жақындардың қатарынан!» - деп қайтыс болды (Бухари).

Адамдар арасында толқу басталды. Бұл Әбу Бәкр келіп, мінберге мініп, алдымен Аллаһты мақтап және Оған шүкір етіп, сосын былай сөз сөйлегенге дейін жалғаса берді: “Одан кейін: Кімде-кім Мұхаммедке құлшылық етіп жүрген болса, расында оның қайтыс болғанын білсін. Ал кім Аллаһқа құлшылық етіп жүрсе, онда Ол ешқашан өлмейді, Ол – мәңгі тірі болушы”. Содан соң Әбу Бәкр мына аяттарды оқыды:

«Мұхаммед – тек елші ғана. Одан бұрын да елшілер болған. Сонда егер ол өлсе, я өлтірілсе сендер артқа қашасыздар ма? Артқа қашқан адам, Аллаһқа ештеңемен зиян келтіре алмайды. Ал шүкір етушілерге Аллаһ сый береді» (Әли` Имран сүресі, 144-аят).

«Расында, сен де өлесің, оларда өледі» (Зумәр сүресі, 30-аят).

Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанын түсінген жұрт еңіреп жылай бастады. Сосын оған құрмет ретінде киімдерін шешпей, оны жуып, үш ақ матаға орады. Кейін адамдар имамсыз оған жаназа намазын оқыды. Ал сәрсенбіге қараған түні ол жерленді.

Сүйікті пайғамбарымызға Раббымыздың ең абзал игіліктері мен ең кемел сәлемдері болсын!

**[191]** Әбу Зарр былай деді: “Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аспанда қанаттарын қағып ұшып жүретін құсты да, ол туралы білім қалдырып кетпей, жіберіп алмады” (Ахмадтың «Муснәді» 3/163).

Бір күні көпқұдайшылардың бірі Сәлман әл-Фәрси деген сахабаға келіп: “Сендердің пайғамбарларың әжетханаға қалай отыру керегін де айтып кеткен бе еді?!” - деп мазақ етіп сұрайды. Сонда Сәлман: “Иә! Ол үлкен және кіші дәретке отырған адамға Құбылага қарауды, үштен кем тас қолданып тазалануды, оң қолмен тазалануды, әрі тезек және сүйекпен тазалануды тыйым салды”, - деп жауап берді (Муслим 118).

**[192]** «Бүгін діндеріңді толықтырдым, нығметімді тәмәмдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым» (Мәида сүресі, 3-аят) – бұл аят жұма күні, өзінің қоштасу қажылығында, пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Арафат тауында тұрған кезде түскен. Осыдан кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аз ғана өмір сүрді, кейін қайтыс болды. Ол үмметін ап-ашық, түні күн сияқты жолда қалдырды.

Бұл аятта осы дініміздің кемел екеніне, оның пенделердің барлық игіліктерін қамтып алғанына Аллаһтың Өзі куәлік етеді. Ол кез-келген уақыт пен мекенге жарамды. Оны ұстанған кісі басқа шарифатқа мұқтаж болмайды. Қияметке дейін қандай бір мәселе туындамасын, оның шешімі міндетті түрде Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген осы шарифатта табылады. Ислам дінінде ешқандай кемшілік жоқ. Керісінше кемшіліктер мен айыптардың барлығы өзіміздің себебімен болып жатады. Ең негізгі проблема білімдеріміздің аздығында, ізденулеріміздің әлсіздігенде, сондай-ақ

шындықтан бет бұрып көңіл-қалауларына еріп кететінімізде екен. Алайда, діннің өзі барлық пайдалар мен жақсылықтарды өзіне жинап алған. Бізден тек оны үйреніп, сол үйренгенімізге сай амал ету ғана талап етіледі.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Не нәрседе талассаңдар да, оны Аллаһқа және елшіге қайтарыңдар»** (Ниса сүресі, 59-аят).

Мәймун ибн Миһран осы аят туралы былай дейді: *“Құранға қайтару – бұл Аллаһқа жүгіну, ал Сүннетке қайтару – бұл елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүгіну”* (Қараңыз: “әл-Ибәнә” 1/74).

Тағы да Аллаһ: **«Не нәрседе талассаңдар да, оның үкімі Аллаһта»**, - деп айтты (Шура сүресі, 10-аят).

Бұл аятта, Аллаһқа сенбейтін, дінде кемшілік бар деп жала жабатын түрлі атеисттерге қарсы жауап бар. Олардың ойы бойынша шарифат адам баласының мүддесін сақтай алмаған, қажеттерін толық өтей алмады. Кейбір надан адамдарға шарифаттың бір үкімін айтып отсаң, олар: *“Бұл пайғамбардың кезі ғой. Бұрынғы замандар ғой ол. Ал қазір уақыт та, адамдардың ахуалдары да өзгерді. Ал шарифаттың үкімдері баяғыда өмір сүрген кісілерге арналған еді”*, - дейді. Шын мәнінде, бұл Аллаһқа деген күпірліктің көрінісі. Ондай ақымақтар Аллаһтың: **«Бүгін діндеріңді толықтырдым»**, - деген сөздерін теріске шығарып жатыр. Ал бірақ, Аллаһ бұл дінді Қиямет Күніне дейін толық етті. Бұл шарифат әрбіз кезеңге, әрбір жерге, адамдардың әрбір тобына жарамды. Тура сол сияқты, бұл аятта Аллаһтың Кітабынан да, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінен де ешбір дәлелі жоқ істерді дінге енгізетін адамдарға қарсы жауап бар. Олар өздері жақсы деп санаған істерді шарифатқа енгізді де, олар арқылы Аллаһқа құлшылық ете бастады. Алайда, ол туралы Раббымыз еш дәлел түсірмеген.

Аллаһтың елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім біздің бұл ісімізге онда жоқ нәрсені енгізсе, онысы кері қайтарылады»**, - деді (Бухари 2696, Муслим 17/718).

Бид`аттардың кез-келгені кері қайтарылады да, қабыл етілмейді. Сондай-ақ, ол жақсы және жаман деп бөлінбейді. Өйткені Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа бір хадисінде былай айтқан: **«Жаңалықтардан аулақ болыңдар! Расында, әрбір жаңалық – бұл бид`а, ал әрбір бид`а – бұл адасу»** (Әбу Дәуд 4607, Тирмизи 2676, Ибн Мәжәһ 42. Хадистің сенімділігін шейх әл-Әлбәни растаған. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 2549). Хадистен көргеніміздей, дінге енгізілген жаңалықтың барлығы жаман және қабылдауға лайықсыз. Оның жақсысы болу мүмкін емес. Ибн `Умар былай деген: *“Әрбір бид`а (дінге еңгізілген жаңалық) – бұл адасу, тіпті адамдар оны жақсы деп есептесе де”* (әд-Дәримиді 1/39. Шейх әл-Әлбәни иснадын сенімді деген).

Сондықтан, кімде-кім Құран мен Сүннетте дәлелі жоқ құлшылықтарды дінге енгізетін болса, ол бұл діннің толық емес, кемел емес деп жала жабушы болып саналады. Ол өзінше дінді толықтырғысы келеді. Одан бұрын Аллаһтың оны кемел етіп қойғанын мойындамайды. Расында, пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманында дін болмаған нәрсе, одан кейін де ешқашан дін болмайды. Бұл – әлгі екі топқа қысқаша жауап. Бірінші топ: Аллаһдың діні кез-келген заманға жарамайды дейтіндер. Екінші топ: Аллаһтың Кітабында да, елшісінің Сүннетінде де негізі жоқ істерді шарифатқа енгізетіндер. **«Бүгін діндеріңді толықтырдым, нығметімді тәмәдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым»** (Мәида сүресі, 3-аят), - деген аятта Аллаһ оларға қарсы жауап береді.



**(Мұхаммед пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) қайтыс болғанына дәлел Аллаһтың мына сөздері: «Расында, сен де өлесің, олар да өледі. Сосын Қиямет Рүні сендер Раббыларыңның алдында тартысасыңдар» (Зумәр сүресі, 30-31-аяттар) [193].**

[193] Аллаһ Тағала былай деді: **«Әрбір жан өлімнің дәмін татады»** (Әли `Имран сүресі, 175-аят). Аллаһтың осы жалпы сөздеріне елшілер мен пайғамбарлар да кіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед те (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болып, жалған дүниеден хақиқи дүниеге көшті. Бұған қасиетті мәтіндерде де (Құран мен Сүннет), мұсылмандардың бір ауызды келісінде де дәлел бар.

Аллаһ Тағала: **«Расында, сен де өлесің, олар да өледі»**, - деді (Зумәр сүресі, 30-аят). Бұл – Аллаһтың пайғамбарына берген, болашақта өлетіні туралы хабары.

Сол сияқты, бүкіл мұсылмандар пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанына бірауыздан келіскен. Тек қана кейбір адасқандар: “Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлген жоқ” деп пайымдайды. Әрине, бұл сөз жалған, әрі кері қайтарылған болып табылады. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалар арасында дүниеден озып, жуылып, кебінделіп, жерленгені бәрімізге мәлім. Ал бұлай тірі адаммен жасау дұрыс болатын ба еді?!

Өлім – Аллаһтың болмыстағы заңы. Мұхаммедтен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұрын да елшілер өлген емес пе еді? Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) да олар сияқты адам болған, ол да Аллаһтың табиғаттағы заңдарына бағынышты. Бұл мәседе әһлюс-сунна уәл-жәма`а бір ауыздан келіскен (ижма`). Тек пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлшылық етіп, одан қиын жағдайларда дұға тілеп жүрген адасқан ағымдар ғана ижма`қа қарсы шығып: “Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлі де тірі”, - деп айтады.

**Адамдар өлген соң қайта тіріледі [194]. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:**

**«Сендерді одан жараттық, әрі оған қайтарамыз. Сосын тағы да бір рет шығарамыз»** (Таһа сүресі, 55-аят).

**«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендер оған қайтарыласыңдар да, кейін қайта шығарыласыңдар»** (Нух сүресі, 17-18-аяттар) [195].

**Тірілуден кейін, адамдар есептеледі де, амалдары үшін сый-жазасын алады. Бұған дәлел ретінде Аллаһтың келесі сөздерін келтірсе болады: «Аспандар мен жердегі барлық нәрсе Аллаһтікі. (Бұл) жамандық еткендерге істегені үшін жазалау үшін, ал жақсылық еткендерге одан да артығымен қайтару үшін»** (Нәжм сүресі, 31-аят) [196].

[194] Автор түсіндіргендей, адамдар өлген соң қайта тіріледі, сосын Аллаһ оларды амалдары

үшін есепке алады. Өйткені, Ол адамзатқа осы қорқынышты Күнге дайындалып, қажет болған істерді атқарсын деп елшілер жіберді. Ал Қиямет туралы Аллаһ, адамның жүрегі Раббысынан пана тілейтіндей және сол күннен қорқып қалатындай хабарлар жеткізді.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Егер имансыздық танытсаңдар, сәбилердің шаштарына ақ түсіретін Күннен қалай құтыласыңдар? Сол кезде аспан қақ жарылады да, Оның уәдесі орындалады»** (Музәммил сүресі, 17-18-аяттар).

Осыдан, Қиямет Күніне иман келтірудің қажеттілігін аңғарамыз.

**[195]** **«Сендерді одан жараттық»,** яғни сендерді жерден жараттық, өйткені Адам ата топырақтан жаратылған. **«Әрі оған қайтарамыз»,** яғни қайтыс болған соң, жерленгендеріңде. **«Сосын тағы да бір рет шығарамыз»,** яғни қайта тірілту арқылы қабірлеріңнен шығарамыз.

**«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді»** аяты да, одан алдыңғы аятқа толығымен саяды. Осымен мағыналас аяттар Құранда өте көп кездеседі. Адамдар Қияметке иман келтірсін деп, әрі сенімдері мен сол Күнге дайындығы артсын деп Аллаһ жиі Ахырет Күні туралы қайталап отырады.

Аллаһ бізді сондай адамдардың қатарынан етіп, Қияметте бақыттылардан етуін нәсіп етсін!

**[196]** Адамдар қайта тірілген соң, олардан есеп алынады. Олар істегендері үшін не сый алады, не жазаға тартылады.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Кімде-кім кішкентай құмырсқаның салмағындай жақсылық жасаса, оны көреді. Ал кім кішкентай құмырсқаның салмағындай жамандық жасайтын болса, оны да көреді»** (Зәлзәла сүресі, 7-8-аяттар).

Тағы да Аллаһ былай айтқан: **«Қиямет Күні туралық таразысын орнатамыз. Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Егер бір ұрық түйірінің салмағындай болса да әкелеміз. Есеп көруде жеткіліктіміз»** (Әнбия сүресі, 47-аят).

Тағы да Ол былай деді: **«Кім бір жақсылықпен келсе, оған сондайдың он есе сыйы беріледі. Ал кім бір жамандық істесе, сондай ғана жаза алады. Әрі олар зұлымдыққа ұшыратылмайды»** (Ән`ам сүресі, 160-аят).

Адам, Аллаһтың мейірімімен, жасаған әрбір жақсылығы үшін он есе немесе жеті жүз есе, немесе одан да көбірек сый алады. Ал жаман істерге келер болсақ, ол үшін адам сонымен тең жаза алады. Бұл Аллаһтың мейірімі мен әділдігі!

**Кімде-кім қайта тірілуді теріске шығарса (өтірік десе), кәфир (дінсіз) болады. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері:**

**«Кәпірлер: “Қайта тірілмейміз”, - деп пайымдайды. (Оларға) айт: “Раббыммен ант етемін! Сендер әлбетте тірілесіңдер, кейін істегендерің жайлы хабар аласыңдар. Бұл Аллаһқа оңай!”»** (Тағабун сүресі, 7-аят) **[197]**.

**[197]** Демек, Қиямет Күні қайта түрілуге иман келтірмейтін адамдар – имансыз (кәфир) болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар: “Тек біздің дүние өміріміз ғана бар. Әрі біз тірілмейміз”, - дейді. Бірақ егер сен оларды Раббысының алдында тоқтатып**

қойылғанын көрсең еді. Ол былай айтады: “Бұл шындық емес пе?!”. Олар: “Әрине, Раббымызбен ант етеміз!” - дейді. Сонда Ол: “Сенбегендерің үшін азап татыңдар!” - деп айтады» (Ән`ам сүресі, 29-30-аяттар).

Тағы да Аллаһ былай деген: «Ол Күні теріске шығарушыларға өкініш! Сый-жаза Күнін теріске шығарушыларға. Ал оны тек әрбір шектен шығушы және күнәһар теріске шығарады. Оған Біздің аяттарымыз оқылған кезде: “Бұрынғылардың ертегілері”, - деп айтады. Жоқ! Олардың жүректерін өздері тапқан нәрселері тоты басып бүркеді. Расында, олар сол Күні Раббыларынан перделенеді. Кейін олар әлбетте Тозаққа кіреді. Сосын оларға: “Міне, теріске шығарғандарың - осы”, - делінеді» (Мутаффифин сүресі, 10-17-аяттар).

Аллаһ Тағала: «Олар Сағатты теріске шығарады. Біз Сағатты теріске шығаратындарға От әзірледік», - деді (Фурқан сүресі, 11-аят).

Тағы да Ол: «Біздің аяттарымызға және Бізбен жолығуға сенбейтіндер, Менің мейірімнен күдер үзді, әрі соларға ұлы азап болады», - деп айтқан (Анкәбут сүресі, 23-аят).

Қайта тірілудің мүмкін екендігін растайтын дәлелдер:

1) Ешқандай адам өзінің әлі жоқ болғанынан кейін пайда болып, ештеңеден жаратылғанын теріске шығармайды. Онда оны жарытып, жоқтан бар еткен Аллаһ, оны қайта тірілте алмай ма?!

Бұл туралы Аллаһ былай деп айтқан: «Ол жаратылысты бастап, сосын оны қайтарады. Бұл оған оңай» (Рум сүресі, 27-аят).

Тағы да Аллаһ былай айтты: «Әуел бастағыдай қайта жаратамыз. Бұл Бізге бір міндет. Шынында Біз (оны) орындаймыз» (Әнбия сүресі, 104-аят).

2) Аспан мен жердің жаратылуы өте ұлы іс еді. Өйткені, оның көлемі үлкен, ал құрылысы сондай керемет. Бірақ көк пен жерді жаратқан Аллаһ, адамды жарата алатыны аздай, оны қайта тірілтуге де күші жетеді.

Аллаһ Тағала былай деді: «Аспандар мен жердің жаратылуы адамдардың жаратылуынан үлкенірек нәрсе, бірақ адамдардың көбісі бұны білмейді» (Ғафир сүресі, 57-аят).

Тағы да Ол былай айтты: «Аспандар мен жерді жаратып, оларды жаратудан шаршамаған Аллаһтың, өліктерді қайта тірілтуге күші жететінін олар көрмей ме? Иә, солай! Расында, Оның әр нәрсеге күші жетеді!» (Ахқаф сүресі, 33-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ былай деген: «Аспандар мен жерді жаратқанның, сол сияқты нәрселерді жаратуға шамасы жетпей ме? Әрине (жетеді)! Өйткені, Ол – Жаратушы, Білімді. Егер Ол бір нәрсені қаласа, оған: “Бола!” - дейді, сонда ол нәрсе бола қалады» (Иәсин сүресі, 81-82-аяттар).

3) Көру қабылетіне ие болған кез-келген адам жердің өлі, шөп өспеген кездеріне куә болған. Бірақ сосын оған жаңбыр жауғанда, жер қозғалысқа келіп, үстінде өсімдіктер өсіп, тіріліп кетеді. Өлі болғаннан кейін жерді тірілткен Аллаһ, өлген адамдарды қайта тірілте алмай ма?!

Аллаһ былай айтты: «Оның белгілерінен – сенің, жерді тып-тыныш (яғни, құрғақ) күйінде көруің. Ал Біз оған су ағызған соң, қозғалысқа келіп, өсіп-өнеді» (Фуссиләт сүресі, 39-аят).

4) Өліктерді қайта тірілуіне тарихта шынымен де орын алған уақиғалар куәлік етеді. Олардың бесеуін Аллаһ «Бақара» сүресінде баяндайды. Солардың бірі: «Немесе түбімен қираған бір кенттің жанымен өткен адамды білмейсің бе? Ол: “Аллаһ мұны өлгеннен кейін қалайша қайта тірілтеді?!” - деді. Сонда Аллаһ оны жүз жылға өлтіріп, кейін тірілтті: “Қанша (өлі күйде) болдың?” - деді. Ол: “Бір күн немесе күннің бір бөлігі болдым”, - деді. (Аллаһ): “Олай емес, сен жүз жыл (өлі күйде) болдың, енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені адамдарға үлгі болу үшін осылай еттік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайтып құрастырып, оның үстіне ет қаптаймыз”, - деді. Бұл оған көрсетілген кезде ол: “Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білдім”, - деп айтты» (Бақара сүресі, 259-аят).

5) Өліктердің қайта тірілуі Аллаһтың даналығына сай. Егер олай болмағанда, онда адамзаттың жаратылуы бекер болатын еді. Әрі адам баласы мен хайуандардың арасында еш айырмашылық болмас еді.

Аллаһ Тағала былай деді: «Біз сендерді босқа жараттық, әрі Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?» (Муминун сүресі, 115-116-аяттар).

Тағы да Ол: «Имансыздар әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. Оларға былай де: “Жоқ, Раббыммен ант етемін. Сөзсіз, өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің түсіндіріледі. Бұл Аллаһ үшін оңай”», - деп айтты (Тағабун сүресі, 7-аят).

**Аллаһ бүкіл елшілерді қуандырушы, ескертуші етіп жіберді. Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел:**

**«Елшілерден кейін адамдарда ешқандай сылтау болмас үшін (Біз оларды) қуандырушы, ескертуші еттік» (Ниса сүресі, 165-аят) [198].**

**Олардың ең алғашқысы – Нұх, ал ең соңғысы, әрі пайғамбарлардың мөрі – Мұхаммед (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Нұхтың ең алғашқы елші екеніне дәлел ретінде Аллаһтың осы сөздерін келтірсе болады:**

**«Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік» (Ниса сүресі, 165-аят) [199].**

**Нұхтан бастап, Мұхаммедке (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дейін елшілерді Аллаһ әрбір үмметке Оған ғана құлшылық етіп, тағутқа табынудан қайтару үшін жіберген еді.**

**Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері: «Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер де, тағуттан аулақ болыңдар», - деп елші жібердік» (Нахл сүресі, 36-аят) [200].**

[198] Елшілерге сену – иманның алты тіректерінің бірі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Иман – бұл Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне иман келтіруің, әрі тағдырға: жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің» (Бухари 50, Муслим 9, 10).



Сонымен, елшілерге сену иман тіректерінің бірі болып табылады. Елшілердің барлығына, біріншісінен бастап, ең соңғысына дейін иман келтіру міндетті. Кімде-кім елшілердің біреуін жасынға айналдырса, барлығын жоққа шығарғанмен тең. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, Аллаһ пен Оның елшілеріне иман келтірмегендер Аллаһ пен Оның елшілері арасын бөлгісі келеді. Олар: “Біз кейбіреулеріне сенеміз де, басқаларына сенбейміз”, - дейді де, осы екі арада жол таппақшы. Олар – шынайы имансыздар. Біз имансыздарға қорлайтын азап әзірледік»** (Ниса сүресі, 150-151-аяттар). Елшілердің барлығына бірдей иман келтіру керек, мейлі оларды Аллаһ Кітабында атасын, мейлі атамасын. Пайғамбарлар мен елшілер көп, сол үшін хадисте олардың саны: **«жүз жиырма төрт мың, солардың ішінде елшілер үш жүз он бес»** болғаны айтылады (Ахмад «Муснәд» 22287, Табәрани 8/139, Ибн Хиббән «Мауәрид әз-Зәм'ан» 2085. Ибн Кәсирдің айтуынша, бұл хадис имам Муслимнің шарттары бойынша сенімді болып табылады. Ал Хәйсәми хадистің жеткізушілері сенімді екенін айтқан).

**[199]** Нұх (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – елшілердің ең әуелгісі. Бұған Аллаһтың: **«одан кейінгі пайғамбарларға»**, - деген сөздері дәлел. Аллаһ Тағала оны ізгілерді шектен тыс ұлықтап жүрген елге жіберді. Бірақ бұдан бұрын, Адам атадан кейін он ғасыр бойы адамдардың барлығы таухид (бірқұдайшылық) дінінде болған еді. Нұх елінің заманында ізгі кісілер өмір сүретін. Олар қайтыс болған соң, халық қатты қайғырады. Бұл мүмкіншілікті қолданып шайтан оларға келеді де: **“Әлгі ұлы кісілердің суретін салыңдар. Оларды бейнелеп қойыңдар! Сосын сол суреттерді жиналатын жерлеріңе іліп қойыңдар. Сонда оны көріп қалған адам, сол ізгі бабаларыңның иманын еске алады да, құлшылығыңда ынта қосады”, - деп азғырады. Олар шайтанға құлақ асып, бейнелерді салады. Өз отырыстарыңда іліп қояды. Бірақ бастапқыда олар суреттердің өзіне құлшылық етпейді, себебі ол уақытта таухидке шақырып, ширктен сақтандыратын ғалымдар әлі тірі еді.**

Ал ғалымдар өліп кеткенде, әрі бірінші ұрпақ қайтқанда, олардың орнына келесі ұрпақ келеді. Оларға шайтан жақындап: **“Расында, сендердің ата-бабаларың бұл суреттерді бекерге қоймаған. Оларға құлшылық ету үшін ілінген бұл бейнелер. Ол арқылы аталарың жаңбыр тілеген”, - деп суреттерге ғибадат етуді көркем етіп береді. Содан кейін, адамдар Аллаһтан өзге сол бейнелерге, мүсіндерге құлшылық ете бастайды. Осылай, жер бетінде ең бірінші ширк пайда болады. Сол кезде Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбары – Нұхты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның халқына жіберіп, оларды Аллаһқа шақыруды, аталары Адам ұстанған таухид дініне қайтаруды бұйырады. Алайда, олар мойынсұнбай, менменсінеді: **«Олар: “Тәңірлеріңді тастамаңдар! Уәд, Суа`, Яғус, Я уқ және Нәсрды әсте қалдырмаңдар”, - деді»** (Нух сүресі, 23-аят). Ибн `Аббас: **“Бұл – ізгі кісілердің есімдері. Адамдар оларды бейнелеп, отырыстарыңда қойып қоятын. Солай іс оларға құлшылық етіп кетпейінше жалғасты”, - деген.****

Жер бетіндегі ең алғашқы ширк – осы. Ал оның себебі суреттер. Сол үшін пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Шын мәнінде, Қиямет Күні Аллаһтың алдында ең қатты азапқа салынатындар – бейнелеушілер (суретшілер)»** (Бухари 5950, Муслим 2109).

Тағы да пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, мына суреттерді салушылар (бейнелерді жасаушылар) Қиямет Күні азапталады. Оларға “Жаратқандарыңды тірілтіңдер”, - делінеді»** (Бухари 5951, Муслим 2108).

Ал елшілердің соңғысы – ол Мұхаммед (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Аллаһ Тағала былай деді: «**Мұхаммед сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңғысы**» (Ахзәб сүресі, 40-аят). Ал пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Мен – пайғамбарлардың соңымын. Менен кейін пайғамбар болмайды**», - деген (Әбу Дәуд 4252, Тирмизи 2219). Сондықтан, кімде-кім Мұхаммедтен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін өзін пайғамбар деп мәлімдесе – имансызға айналады. Сол сияқты, оны қолдап, оны растаған адам да діннен шығады. Хадистердің бірінде Қиямет Күніне дейін әлі отыз шақты адам өздерін пайғамбар деп мәлімдеп шығатыны хабарланған (Бухари 3609, Муслим 2923).

**[200]** Аллаһ адамдардың әрбір үмметіне дәлел (хужжа) жеткізу үшін елшілер жіберді. Әйтпесе, олар: “Бізге ешқандай қуандырушы және ескертуші келмеген”, - дейтін еді. Тағы да өйткені Аллаһ: «**Біз елші жібермейінше (ешкімді) азаптамаймыз**», - деп айтты (Исра сүресі, 15-аят).

Аллаһ әрбір халыққа елшілер жіберді, Өзі айтқандай: «**Негізінде, ескертушісі болмаған бірде-бір халық жоқ**» (Фатыр сүресі, 24-аят). Алайда, бізге елшілердің шақыруы не еді, соны біліп алу міндетті. Олардың: әуелгісінен бастап, соңғысына дейін шақыруы – таухид (бір Аллаһқа құлшылық ету) болған! Бұған дәлел: «**Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер де, тағуттан аулақ болыңдар**», - деп елші жібердік» (Нахл сүресі, 36-аят). Аллаһтан басқа құлшылық етілетін барлық нәрсе тағут деп аталады. Сондықтан, Аллаһтың: «**тағуттан аулақ болыңдар**», - деген сөздерінің мағынасы мынадай: пұттарға (әусән, аснәм), қабірлерге, кесенелерге құлшылық етуден аулақ болыңдар. Олардың барлығы тағут деп саналады. Қасиетті аятта елшілердің барлығының да `уаты (шақыруы) таухидке негізделгеніне дәлел бар. Аллаһ Тағала былай деді: «**Сенен бұрын қандай елші жіберсек те, оған: “Менен басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ, Маған құлшылық етіңдер”**», - деп уахи ететін едік» (Әнбия сүресі, 25-аят).

Тағы да Ол былай айтты: «**Ол бұйрығымен періштелерді Өзі қалаған бір құлына рухпен (уахи) түсіреді: “Менен басқа құлшылыққа лайықты тәңір жоқ екенін, және Менен қорықсын деп ескертіндер”**» (Нахл сүресі, 2-аят).

Демек, елшілердің да `уаты таухид болған. Олар Аллаһты құлшылықта жалғыздауға, Оған серік қосудан аулақ болуға шықырған. Ал таухидтен кейін ғана халәл және харам сияқты басқа үкімдер түсіріле бастады. Шарифат үкімдері: халәл және харам, құлшылықтар, бұйрықтар мен тыйымдар Аллаһтың қалауынша жаңа елші келген сайын өзгеріп тұрды. Алайда, негіз болған таухид ешқашан өзгермеген. Әрқашан ол пайғамбарлар (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қозғаған басты тақырып болған еді. Аллаһ Тағала: «**Сендердің әрқайсына шарифат пен жол (минһаж) орнаттық**», - деді (Мәйда сүресі, 48-аят).

**Аллаһ барлық құлдарына Өзіне иман келтіріп, тағутқа күпірлік етулерін парыз етті.**

**Ибн әл-Қайим былай айтқан: “Тағут – бұл адамның шектен шығуына себеп болатын ма`буд (оған басқалар құлшылық етілетін нысан), мәтбу`**

(оның артынан басқалар ілесетін нәрсе) немесе муту` (оған басқалар бағынатын біреу)” [201].

Тағуттар көп, бірақ олардың бастылары бесеу [202]:

- Ібіліс (оны Аллаһ лағынет етсін) [203];
- Өзіне құлшылық етілгенге разы болатын [204];
- Өзіне құлшылық етуге шақырған [205];
- Ғоибты (жасырын, көмес) білемін деп мәлімдеген [206];
- Аллаһ түсірмегенімен үкім еткен [207].

Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері: «Дінде зорлық жоқ. Туралық пен адасу анық ажыратылды. Сонда кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе, ол үзілмейтін мықты бір тұтқадан ұстап алды. Аллаһ – Естуші, Білуші» (Бақара сүресі, 256-аят) [208].

Міне осы «Лә иләһа илләл-лоһ»-тың мағынасы [209].

Хадисте былай айтылған: «Істің негізі – Ислам, тірегі – намаз, ал оның шыңы – Аллаһ жолында күресу» [210].

**Аллаһ жақсырақ біледі!**

**Мұхаммедке, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!**

[201] «Тағут» сөзі «шектен шығу, шекарадан асу» деген мағына береді. Сондықтан, жағасынан тасып жатқан өзен туралы арабтар: «того (шекарадан асты) ал-ма у (су)», - дейді.

Ал шариғатта «тағут» сөзіне ең жақсы анықтама берген – ол Ибн әл-Қайим (оған Аллаһтың мейірімі жаусын). Ол, автор келтіргендей, былай деді: “Тағут – бұл адамның шектен шығуына себеп болатын ма`буд (оған басқалар құлшылық етілетін нысан), мәтбу` (оның артынан басқалар ілесетін нәрсе) немесе муту` (оған басқалар бағынатын біреу)”. Шариғат белгілі бір шекараларды орнатып қойғаны бәрімізге мәлім. Егер адам шариғат орнатқан шекаралардан бір нәрсе арқылы асса, онда сол нәрсе тағут болып саналады. Имам Ибн әл-Қайим: “адамның шектен шығуына себеп болатын ма`буд (оған басқалар құлшылық етілетін нысан)”, - деді. Мысалы: адам Аллаһтан басқа біреуге құлшылық етсе, сол құлшылық нысаны тағут болады. Алайда, оның тағут болуы немен байланысты? Жауап: егер құлшылық объектісі құлшылық етіліп жатқанына разы болса, сонда ғана тағутқа айналады. Ал егер ол бұған қарсы болса, ол тағут деп аталмайды. Өйткені, ол істен бас тартты, өзін одан аулақ етті.

Аллаһ Тағала былай деді: «Сендер де, құлшылық етіп жүрген нәрселерің де, өздерін соған кіретін Тозақтың отыны боласыңдар. Егер де олар (шынайы) тәңір болғанда, ол жаққа кірмейтін еді. Бірақ барлығы сол жерде мәңгі қалады» (Әнбия сүресі, 98-99-аяттар). Осы аят түскенде мушриктер (көпқұдайшылар) қуанып кетеді. Олар: “Сондай болса, онда біз де, біздің тәңірлеріміз `Иса да, `Узәйр да – барлығымыз бірге Тозақта болады екенбіз ғой. Бұл неңдей керемет”, - деп, аяттың мағынасын өз көңіл-қалауларына сай бұрмалады. Бірақ Аллаһ артынша мына аяттарды түсіріп, имансыздардың үмітін үзді: «Ал оларға Біз алдын-ала ең жақсысын белгілегендер, одан алыстатылады. Олар оның еш

дауысын да естімейді. Олар онда жандары қалағандарын алып, мәңгі қалады» (Әнбия сүресі, 101-102-аяттар). Бұл аят өзіне құлшылық етілгенге разы болмаған кісі сөгіске лайық емес екенін дәлелдейді.

Аллаһ Тағала `Иса пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жайлы былай дейді: «Аллаһ: “Әй, Мәриям ұлы `Иса! Сен адамдарға: «Мені және анамды Аллаһтан өзге екі тәңір етіп алыңдар», - деп айтқан ба едің?”, - дейді. Ол былай айтады: “Сен пәксің! Оған құқығым болмаған нәрсені мен қалайша айта аламын? Егер солай айтқан болсам, онда оны білетін едің. Сен менің жанымдағыны білесің, ал мен Сенің Жаныңдағыны білмеймін. Расында, Сен – көместерді Білушісің! Мен Өзің әмір еткен нәрсеңнен басқа оларға ештеңе айтпадым: «Менің де, сендердің де Раббыларың – Аллаһқа құлшылық етіңдер!» Араларында болғанымда, мен оларға куә едім. Ал Сен мені алып кеткенінде, оларға Өзің бақылаушы болдың. Сен – әр нәрсеге Куәсің!”» (Мәида сүресі, 116-117-аяттар).

Сондықтан, `Иса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағут болып табылмайды. Өйткені, адамдар оған құлшылық еткенімен, ол оған разы болмады.

Тура сол сияқты, егер біреудің артынан шарифаттың шекарасынан асып адамдар ілессе, немесе шектен шығып біреуге жұрт бағынса, ал олар бұған разы болмаса, олар тағут деп саналмайды.

**[202]** Яғни, жоғарыдағы «тағут» сөзінің анықтамасына келетіндер көп. Алайда олардың ең негізгілері және көсемдері бесеу.

**[203]** Неге Ібіліс (оған Аллаһтың лағынеті болсын) тағуттардың негізгісі болып табылады? Өйткені, Ибн әл-Қайимнің анықтамасына сүйенсек, ол үш пункт бойынша тағут атауына саяды. Біріншіден, оған адамдар құлшылық етеді, ал өзі бұған разы. Екіншіден, оның артынан адамдар шарифат шекараларын бұзып ереді. Үшіншіден, ол Аллаһтың әмірлеріне құлық аспауды бұйырғанда, адамдар оған бағынады.

Ал енді оның өз сыбайластарымен Тозаққа кіргенде айтатын уағызына назар аударыңызшы: «Іс біткен уақытта шайтан: “Расында, Аллаһтың уәдесі хақ болды. Ал мен сендерге уәде еттім де, оны орындаған жоқпын. Менің сендерге қатысты дәлелім (билігім) де болған жоқ. Мен сендерді тек шақырдым, ал сендер маған жауап бердіңдер. Сондықтан, мені сөкпеңдер, өздеріңді ғана сөгіңдер. Мен сендерге көмектесе алмаймын, әрі сендер маған көмектесе алмайсыңдар. Сондай-ақ, сендердің мені бұрын серік қосқандарыңнан бас тартамын”, - деп айтады» (Ибраһим сүресі, 22-аят). Аллаһ Тағала былай деді: «Әй, адам ұрпақтары! Мен сендерге: “Шайтанға құлшылық етпеңдер, ол – сендердің анық жауларың”, - деп өсиет етпеген бе едім?» (Йәсин сүресі, 60-аят).

**[204]** Яғни, егер ол өзіне құлшылық етілгенге разы болса, ол тағуттардың негізгілеріне жатады. Ол тірі болсын, өлі болсын, егер бұған разы болған күйде өлсе тағут болып есептеледі.

**[205]** Яғни, егер ол жұртшылықты өзіне құлшылық етуге шықырса, ол – тағут. Адамдар оның шақыруына жауап береді ме, жоқ па – маңызды емес, бәрі-бір де ол сол санатқа жатады.



[206] Ғоибтың екі түрі болады:

- 1) Нақ осы шаққа қатысты нәрсе;
- 2) Болашаққа қатысты нәрсе;

Бірінші түрі кейбір адамдарға жасырын болса, басқаларына белгілі болуы мүмкін. Ал екінші түрін Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Кімде-кім сол ғоибтан білімі бар екенін мәлімдесе, имансыз (кәфир) болып, діннен шығады. Аллаһ Тағала былай айтқан: **«"Аллаһтан басқа, аспандар мен жердегі көместі (ғоиб) ешкім білмейді. Олар қашан тірілетінін де сезбейді", - деп айт»** (Нәмл сүресі, 65-аят).

Осыдан кейін, ғоибты білемін деп біреу мәлімдесе, Аллаһ пен Оның елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтірікке санаған болып табылады. Біз ондай адамдардан: «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі көместі білмесе, сендердің оны білетіндерің қалайша мүмкін болады? Сендер елшіден де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артықсыңдар ма сонда?», - деп сұраймыз. Егер олар: «Иә, артықпыз!» - десе, олар бұл сөздерімен діннен шығады. Ал егер: «Жоқ! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізден артық», - деп жауап берсе, біз оларға былай айтамыз: «Онда қалайша одан ғоиб жасырылды да, сендерден жасырын болмады?!».

Аллаһ Тағала былай деді: **«Ол – көместі Білуші. Ол көместі ешкімге ашпайды. Тек Өзі разы болған, алды-артынан қорғаушы қойылған елшіге (ғана ғоибты ашады)»** (Жын сүресі, 26-27-аяттар).

[207] Аллаһтың түсірмегенімен үкім етуді екі бөліп қарастыру қажет:

- 1) Егер адам, ол рұқсат етіледі деп есептей отырып немесе ол Аллаһтың үкіміне ұқсас, я болмаса онымен тең деп сеніп, немесе тіптен оны Аллаһтың заңынан жоғары деп санап, Аллаһтың түсірмегенімен үкім етсе, ол тағут болады және діннен шығады.
- 2) Егер адам көңіл-қалауларына беріліп, шәһуатынан жеңіліп, мал-дүниеге қызығып, Аллаһтың түсірмегенімен үкім етсе, бірақ жүрегінде күнәһар екенін мойындаса, әрі Аллаһтың заңы абзалырақ деп анық сенсе, сондай-ақ Аллаһтың түсіргенімен үкім ету міндетті деп есептесе, онда оның ісі кіші күпірлік болып саналады. Оның бұл ісі діннен шығармайды.

Осы жерде шейх Ибн `Усәйминнің, Һиджраның 1420 жылы 22 раби' әл-аууәлда, өзінің қайтыс болуынан бір жыл бұрын дерлік берген фәтуасын келтіргеніміз жөн болар. Ол былай деді: *"... Ал егер Аллаһтың түсірмегенімен үкім ету және шешім шығару туралы айтар болсақ, олар, Құранда айтылғандай, үш түрлі болады: имансыздық (куфр), зұлымдық (зулм) және бұзақылық (фисқ).*

*Егер адам өзінің көңіл-қалауларына еріп, Аллаһтың түсірмегенімен шешім шығарып жатса және сонымен бірге ақиқат Аллаһ Тағаланың үкімдерінде екенін біліп-мойындаса, ол кәпір емес, тек зұлымдық пен бұзақылықтың арасында қалады.*

*Ал егер ол шатасқандығы себепті жалпыға бірдей заңдарды енгізсе және осыда игілік көрсе, ол тағы да кәпір емес, өйткені көп әмірлерге надандық тән, әрі олардың шариги білімдер өте аз. Олар ғалымдар деп есептейтін, ал шынында шаригат үкімдерін білмейтін адамдармен араласады. Міне сондықтан да олар Шаригатқа қайшы келеді.*

*Егер ол шаригатты білсе, алайда оған қайшы келетін заңдарды енгізсе және оларды адамдар оған сәйкес өмір сүретін конституцияға айналдырса, сөйте тұра өзінің зұлымдық жасап жатқанына*

және ақиқат Құран мен Сүннет бізге алып келген нәрседі екеніне анық сенсе, біз ондай адамды имансыз деп санай алмаймыз.

Біз имансыз деп Аллаһтың түсірмеген заңдарымен өмір сүру адамдар үшін абзалырақ деп санайтын немесе адамдар ойлап тапқан заңдарды Аллаһтың заңдарына теңестіретін адамды ғана айта аламыз. Бұл адам – имансыз (кәфир), өйткені ол Аллаһ Тағаланың «**Аллаһ үкім етушілердің ең жоғарғысы емес пе?**» (Тин сүресі, 8-аят) және «**Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздей ме? Анық сенген ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім?**» (Мәйда сүресі, 50-аят) деген сөздерін жоққа шығарады» («әт-Тахрир фи мәсаләти-ттәкфир»).

Бұл фәтуаның аудио нұсқасын мына сілтеме арқылы өтіп, тыңдай аласыздар: <http://www.sulaymani.net/vbfail/fato.ra>.

**[208]** «**Дінде зорлық жоқ**», яғни ешкімді дінге мәжбүрлеп кіргізуге болмайды. Өйткені, Исламға кіру үшін адамның өзінің қалау және жүрегіндегі сенімі болу керек. Ал жүрекке әмір жүрмейді. Өйткені, жүректермен тек Аллаһ басқарады. Біз біреуді зорлап Исламға кіргізе алмаймыз, себебі біз адамдардың жүректеріне иелік етпейміз. Алайда, біз Исламға шақырамыз, оған ұмтылдырамыз. Бірақ, тура жолға салу Аллаһтың ғана қолында. Ешкімді Исламға, Иманға мәжбүрлеуге болмайды.

«**Туралық пен адасу анық ажыратылды**», яғни ақиқат пен жалған ажыратылып қойды. Сондықтан, ақылы бар ой жүгіртетін болса, Исламға ешкімнің мәжбүрлеуі мен зорлығысыз-ақ келеді. Өйткені, дінімізде ұнамсыз ештеңе жоқ. Әмір етілген нәрсенің барлығы өзімізге пайда болса, тыйым салынғандардың барлығы өзімізге зиян. «**Сонда кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе**». Аллаһқа иман келтірген соң, міндетті түрде тағутқа күпірлік таныту керек. Ал кім Аллаһқа иман келтіріп, тағутқа күпірлік етпесе, иманды болып саналмайды. Егер адам намаз оқыса, ораза тұтса, зекет берсе, қажылыққа барса, басқа да құлшылықтарды жасаса, бірақ ширк пен мушриктерден аулақ болмаса, әрі оларға күпірлік танытпаса, мұсылман болып есептелмейді. Иман тек тағутқа күпірлік етумен ғана дұрыс болады.

**[209]** «Лә иләһа илләл-лаһ» екі бөліктен тұрады: нәфий (теріске шығару) және исбәт (бекіту). Тура сол сияқты бұл аятта, Аллаһ бізді тағутты теріске шығару мен Аллаһқа иман келтіруді бекітуге шақырып жатыр.

**[210]** Бұл хадисті имам әт-Тирмизи 2616, имам Ибн Мәжәһ 2973, имам ән-Нәсәи «Кубра» кітабында 11330 келтірген. Ал шейх әл-Әлбәни хадисті сахих деп атады. Қараңыз: «Сахих әл-Жәми`» 5136.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1) «Үш негіз және оның дәлелдеріне шарх», шейх Мухаммад ибн Солих әл-`Усәймин;
- 2) «Үш негіз және оның дәлелдеріне шарх», шейх Солих ибн Фәузан әл-Фәузан;
- 3) «Үш негіз және оның дәлелдеріне шарх», шейх Солих ибн `Абдул-`Азиз әли Шейх;
- 4) «Үш негіз және оның дәлелдеріне шарх» («Тәйсир әл-усул»), шейх `Абдул Мухсин әл-Қасим;
- 5) «Қырық хадистеріне шарх», шейх Мухаммад ибн Солих әл-`Усәймин;
- 6) «Таухид кітабына шарх» («Қоулұл-муфид»), шейх Мухаммад ибн Солих әл-`Усәймин;
- 7) «Құран Тәфсирі» («Тәйсир әл-Кәрим әр-Рахмән»), шейх `Абдур-Рахмән ибн Нәсир әс-Са`дий;
- 8) «Төрт қағидаға шарх», шейх Солих ибн Фәузан әл-Фәузан;

9) «Күдіктерді сейілтуге шарх» («Шарх кәшф әш-шубуһат»), шейх Солих ибн Фәузан әл-Фәузан;

10) «Ғалымдар және олардың Исламдағы орны» және т.б. мақалалар, <http://www.toislam.ws>, <http://www.salaf-forum.ru> сайттары.

**Ұлы да, Құдыретті Аллаһ Тағала бізге осы кітаптан пайда алуымызды нәсіп етсін!  
Тура жолмен жүруді жеңілдетсін! Бізді шынайы білім ізденушілердің қатарынан  
қылсын! Алған білімдерімізге амал етуге көмектессін!**

**Әй Аллаһ, бізді таухид иелерінен қыла гөр! Бізді таухид туын көтерген, оны  
қорғайтын бірқұдайшылардан ете гөр! Әй Раббым, менің ата-аналарымның,  
жанұямның, басқа барлық мұсылмандардың күнәлары мен қателіктерін  
кешіргейсің!**

**Әй Мейірімді Аллаһ, менің бұл еңбегімде жіберген қателіктерімді кешіріп,  
адалдық танытанын құлдарың арқылы түзегейсің!**

**Әй Аллаһ, келешектегі істерімізді алдыңғысынан да хайырлы ете гөр!  
Әмин!**

**Пайғамбарымызға, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі  
болсын! Әрі соңғы шақыруымыз – әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтаулар мен  
мадақтар болсын!**